



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
КеАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Министерство образования и науки Республики Казахстан
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің
30 жылдығына арналған



«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН:
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН»

республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

ЖИНАҒЫ

МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции

«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ»

посвященной 30-летию независимости
Республики Казахстан

14 желтоқсан 2021 ж.
Семей



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ
ҚАЗАҚСТАН

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті»КеАҚ**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
НАО «Университет имени Шакарима города Семей»**

**Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ**

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

**Республиканской научно-практической конференции
«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ»,
посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан**

14 желтоқсан 2021 ж.
Семей

УДК 94(574)
ББК 63.3(5Каз)
Т29

Главный редактор:

Ердембеков Б.А. – председатель правления – ректор, доктор филологических наук, профессор

Редакционная коллегия:

Молдабаева Ж.К. – директор департамента науки;

Евламбиева Е.П. – руководитель отдела по управлению научной деятельностью;

Семейская З.Т. – специалист отдела по управлению научной деятельностью;

Газизова Н.С. – заведующий кафедрой истории и права;

Абенова Г.А. – к.и.н., старший преподаватель кафедры истории и права;

Ахметова Р.Д. – к.и.н., старший преподаватель кафедры истории и права;

Тохметова Г.М. – к.п.н., доцент кафедры истории и права;

Мамаева Г.Е. – специалист научного центра исторических исследований имени М. Козыбаева.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция (Семей 2021 жылы, 14 желтоқсан): баяндамалар жинағы. «НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ», посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан. Респ.научно-прак.конф. (Семей, 14 декабря 2021 года): сборник докладов/гл. редактор Б.А. Ердембеков. – Семей: Университет имени Шакарима города Семей, 2021. – 296 стр. Казахский, русский, английский.

ISBN 978-601-313-121-4

В сборник включены доклады, представленные на пленарном и секционных заседаниях конференции, посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан. Рассматриваются вопросы государственно-правового и социально-экономического развития Республики Казахстан на современном этапе. Излагается история духовной модернизации и историко-культурного наследия Казахстана. Показаны достижения, приоритеты и инициативы Республики Казахстан.

Издание предназначено для общественных и политических деятелей, ученых, научных сотрудников, преподавателей высших учебных заведений и колледжей, докторантов и магистрантов, учителей средних общеобразовательных школ Республики Казахстан.

© Университет имени Шакарима города Семей, 2021

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Бауыржан Амангелдіұлы Ердембеков

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
профессор, филология ғылымдарының докторы, басқарма төрағасы – ректор

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТӘҢІР СЫЙЫ

Барша мұраттың асқары, бақыттың бастауы болған Ұлы мереке – Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл.

Бұл күн – ата-бабалардың арманы ақиқатқа айналып, азаттыққа қол жеткен аса қасиетті күн.

Бұл күн – жас ұрпаққа Егемен елдің ұланы атануына жол ашылған қастерлі күн.

Бұл күн – мемлекеттік тілді жаңғыртып, ата дінді қайтарған, ұлттық тарихты түгендеген күн!

Азаттық тарихының деректеріне жүгінсек, XV ғасырда Әз Жәнібек пен Керей хандардың бастауымен алғаш рет Шу сағасында бой көтерген Қазақ хандығынан кешегі «Желтоқсан» оқиғасына дейінгі аралықта сан ғасырдың шерменді шежіресі жатыр.

Шынын айту керек, дәл бүгінгі ұрпаққа, қазақ халқына тәуелсіздік көктен түскендей оңай келген сияқты көрінеді. Кеңес одағы тарап, басқа республикалар сияқты Қазақстан да жекеленіп, шаңырақ құрып шыға берді.

1991 жылғы Тәуелсіз ел болдық. Сол кезде көзі қарақты зиялы қауым қатты тебіренді. Кезінде аталары шекара асқан, Қытай, Түркия, Моңғолия т.б. шет елдегі қандастарымыздың, қуаныштан етегі жасқа толып еңіреді.

Бодандық бұғауынан құтылған күні-ақ бауырлас Түркі мемлекеті ақжарма тілегін айтып құттықтауын жеткізді.

Тәуелсіздік алғанымыз туралы сөз қозғағанда, бодандық туралы ұғымның да қылтия қалатыны заңды. Біз Ресейдің қол астында 300 жылдай бодан болдық.

Қазаққа тәуелсіздік 1991 жылы жайдан-жай келе қалмады.

Әрісін айтпағанда ХҮ ғасырдан басталған қазақтың қаймана тарихы талай сұрапылдан өтіп, біздерге жетті. Қақыраған қалмақтың соққысынан өз ішінде алауыз болған қайран жұрт, ақ табанға ұшырап, тоз-тоз болды. Алайда, рухы сынбаған ел Абылайдың ақ туының астына жиылды. Кейіннен, «Қара қытай темір нокта, сары орыс – қайыс нокта» деген аталар сөзі, айнымай келіп, «қайыс ноктаға» мойынсұнуға тағдыр көндірді. «Қайыс нокта» ұлтты өлтірмеді де, өсірмеді де. ХІХ ғасырдағы жаппай отарлау, 1920 жылдардағы коллективтендіру, 1932 жылғы аштық, 1937 жылғы репрессия, екінші дүниежүзілік соғыс, 1950-60 жылдардағы қуғын-сүргін қазақ деген халықты жер бетінен жойып жібермесе де, титықтатып, тұралатып, мәңгірттендіріп жіберді.

Есесіне жайлауында «қойын құрттап, сорпасын ұрттап» мамыражай күй кешкен қаймана қазақтың тағдырына Алла аяушылық жасап, арыстай ерлерді берген ғой. Сонау Күлтегін мен Тоныкөктен басталатын, айдарлы ұлдар қазақ деген ұлтты аман алып қалды. Арыға бармай-ақ Үш жүздің басын біріктірген Абылай, қасқайып жауға шапқан Қабанбайлар, елдің рухани құты Махамбет пен Абайлар қазақты ел етемін деп егеске түсті... Алаш азаматтарының басы кесілді.

Араға жарты ғасыр салып, жасып қалған қазақтың жігерін, рухын 1986 жылғы желтоқсан ызғары оятты. Бүгінгі шалқып-тасып, көк тудың астында ән ұран айтқан алаңсыз ұрпақ, яғни біздер, желтоқсанда шашынан сүйреліп, жалаңаш мұзға отырғызылған қазақтың қайсар қыздарына, жағы сынса да, сағы сынбай қарулы әскерге жалаң қолымен айбат көрсеткен өр қазақ жігіттеріне қарыздармыз!!!

Тәуелсіздік үшін сан ғасырлық күрестің соңғы қаны Алматының асфальтінде төгілді. Біз сол төгілген қан мен көз жастың өтеуіне келген Тәуелсіздік деген ұғымды қастерлеуіміз керек, ағайын!

Жиырмасыншы ғасыр парағының жабылуына 10 жыл қалғанда біздің ел өз Тәуелсіздігін жариялады. Тәуелсіз елдің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Егемендік туралы



Декларацияға қол қойды. Тәуелсіздік – Жұбан ақын айтпақшы «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқына Алланың жасаған сыйы, басымызға қондырған бағы.

Тарихтың бұралаң жолына көзсалсаңыз, елімізді сырттан жау алмаған екен. Санасында сәлсаңылауы бар адам ұғады, жоңғар-қалмақ та, орыс та, қытай менхиуа да емес, қазақтың жауы ішінен шықты. Ол жау – алауыздық, бақталастық, күншілдік пен міншілдік, жалқаулық, оған бүгінгі күнгіөрішіп тұрған жемқорлықты қосыңыз. Ащы да болса айтайық, біздің ел осылардан арылмай, тәуелсіздікті баянды қылуы екіталай болады.

Өткен тарихтан сабақ алуымыз керек. Біз арғы тарихты сөз еткенде, біржақты, ата-бабаларымыздың батыр болғанын мақтан тұтамыз. «Жарты әлем жапырақ жамылып жүргенде, біздің сақ, ғұн бабаларымыз алтыннан сауыт киді», – деген, немесе, мың сан қолға жеке-дара шапқан Алпамыс пен Қобыландының ерлігіне тамсанып, ертегілер елінде елітіп, масайрап, жүре беруге болмайтынын бүгінде уақыт көрсетті.

...Әрине, мұндай пафостар айтылуы керек, патриоттық үшін, жастардың жігері жануы үшін. Бірақ біз алауыздықтың салдарынан ақтабанға ұшырағанымызды, бақталастықтың салдарынан шығыста Алтайды, Барнауылды, Шәуешек пен Іле алқабын, оңтүстікте Тәшкенді, солтүстікте Орынбор, Омбы, Томбы, Сарытау, Жаманқала т.б. жерлерді жатқа бергенімізді ұмытпауымыз керек.

Қазақ даласы қанша ғасыр соғыс даласына айналды. Өркениет тоқтап қалды, қалалар қирады. Тараздың қалдығынан басқа қала қалмады. Қираған қалаларымыздың орнына көрші патша үкіметі камал салды.

1918 жылы, яғни 12 желтоқсанда, сағат 15.00-де Алаш автономиясы құрылған еді. Бұл тәуелсіздікке, егемендікке жетуге жасалған батыл қадам болатын.

Алаштың арыстары басын оққа байлап, «Оян қазақ» деп аттандағанда, әбден бодандықтың қамытын киіп, болбыр тартып қалғанымызда ащы шындық. Басқасын былай қойғанда 1937 жылғы репрессияда қазақтың көзі ашық оқығандарының өзі бірін бірі оққа байлап, арызданып, қызыл қасаптың алдына апарып бергеніне қалай ғана қамықпаймыз... 1986 жылы бір қазақ бір қазақты қуып жүріп құрықтады. Қыздарын мұзға отырғызып, ерін соттап, атты... Міне, біз болашақта осы қасіретті болдырмауымыз керек.

«Анау қырда татар тұр, басқалармен қатар тұр, мына ойда қазақ тұр, қастарында азап тұр», – деп жырлаған Сұлтанмахмұт жырға қосқан татар халқы тәуелсіздікке қол жеткізе алмай қармануда. Олай болса, құр айғайға басып, «Мен қазақпын» деп аттандамай-ақ, өркениеттің өріне білім мен ғылымның күшімен шығуымыз қажет.

30 жыл. Қазақ елінің тұңғыш президенті Елбасы – Н.Назарбаевтың басшылығымен осынау аз уақыттың ішінде ғасырға татырлық қадамдар жасалды. Бабаларымыз бізге мұра еткен кең байтақ жеріміздің шекарасы шегенделді. Тағдырдың тауқыметін арқалап шекара асқан қандастарымыз елге оралды. Іргеміздегі алып аждаһа Семей полигоны жабылды. Төл теңгеміз қолға тиді. 1995 жылы қазақты күллі әлемге танытқан Абайдың 150 жылдық мерейтойы рухымызды асқақтатты. Болашақ бағдарламасымен еліміздің жастары шет мемлекеттерде ең үздік оқу орындарында білім алды. Тәуелсіздік жылдары ғасырға жуық тарихы бар қара шаңыраққа Шәкәрім бабамыздың есімі берілді.

Семей өңірінің рухани ордасына айналған Шәкәрім университеті «Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен кемел тұлғаны қалыптастыру» миссиясын орындауда нақты қадамдарымен тәуелсіз елдің жас мамандарын дайындап келеді. Мыңнан астам ұстаздар мен қызметкерлер жыл сайын қазақ еліне 2 мыңға жуық білікті де, білімді мамандарға қанат қақтырып отыр.

ӘОЖ: 008

Мұхтарбек Қарпықұлы Каримов

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
профессор, тарих ғылымдарының кандидаты

АЛАШ МҰРАТЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІ

XX ғасырдың басындағы, жаңа сипатқа ие болып, бой көрсеткен қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының өзіндік ерекшеліктері болды. Біріншіден, бұл қозғалыстың тууы қазақ жері толықтай Ресей отарына айналған, бұлқынуға мүмкіндік бермейтін империялық әкімшілік-территориялық басқару жүйесі енгізілген «бейбіт» кезеңге сәйкес келді. Екіншіден, ұлт-азаттық қозғалысының басына, туған халқының ертеңгі болашағына алаңдаулы қазақ оқығандары келді. Үшіншіден, қазақ

оқығандары жалпы қарулы күрестен бас тартпаса да, алдарына қойған қазақ халқының өмірлік мәселелерін шешуде саяси күреске де үлкен маңыз берді.

1917 жылы ақпанда болған буржуазиялық-демократиялық революция, шын мәнінде Ресейді мекендеген халықтарға кең демократиялық бостандықтар мен құқықтар әкелген ерекше оқиға болды. Бұл бір жағынан елдегі әлеуметтік және отарлық езгіде болған халықтардың қоғамдық-саяси, ұлттық санасын оятты, ұлт-азаттық күресті жаңа сатыға көтерді. Міне осындай, жүз жылда бір болатындай дейтіндей қолайлы сәтті Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш платформасындағы қайраткерлер де уақытында пайдаланып қалуға ұмтылды. Осы және одан кейінгі қадамдарының өзі-ақ, олардың үлкен саяси деңгейлерін көрсететіні анық. Нәтижесінде, XX ғасырдың басындағы аса күрделі кезеңде дүниеге келген Алаш қозғалысы трансформацияланып, ол 1917 жылы қазақ халқын тәуелсіздік жолындағы күреске бастаған саяси ұйым – Алаш партиясына айналды.

Алаш қайраткерлерінің, олар құрған Алаш партиясының басты ұстанымы, түпкі мақсаты, яғни негізгі мұраты – қайткен күнде де Қазақ елін дербес, егемен ел жасау болды. Бірақ, бұған сол кездегі қалыптасқан жағдайда оған мүмкіндік болмады. Сондықтан да, алаш қайраткерлері еріксізден, федеративті мемлекет болуға тиіс деп есептелген Ресейдің құрамында болады деген Алаш автономиясын жариялаумен және оның үкіметі – Алашорданы құрумен ғана шектелді. Бұл сөз жоқ, сол кездегі қалыптасқан жағдайды таразының басына теңдей салудан шыққан, дұрыс ой түйін еді.

Алашорда үкіметі, Ресей көлемінде және Қазақ жеріндегі қалыптасқан саяси жағдайға, басталып кеткен азаматтық қарама-қарсылыққа, сонымен бірге өлкенің негізгі тұрғындары қазақтардың сан салалы қоғамдық өмірдегі алатын салмағына байланысты, өздері автономиясын жариялап, соның құрамына кіруі тиіс деген аумақта шын мәніндегі, толық қанды биліктің иесі бола алған жоқ. Десек те, алаш қайраткерлерінің Алаш автономиясын жариялап, Алашорда үкіметін құрып, елді басқару бағытындағы нақты талпыныстарының өзі-ақ, олардың шынайы тәуелсіздікке жеткен ұзақ жолдағы ерекше батыл қадамы болды. Осы арқылы да олар, айдай әлемге қазақ халқының сөнбеген рухын, тәуелсіздікке деген ұмтылысын көрсете білді. Егерде сол кездерде Әлихан Бөкейхановтардың қолына егемен елдің нақты билігі тисе, ол Қазақ елін ешкімнен кем басқармас еді.

Алаш қайраткерлерінің қазақ халқының этникалық территориясын бір шаңырақтың астына жинақтап, автономия түріндегі мемлекеттілікті болса да құру идеясы мен талпыныстары ізсіз кеткен жоқ. Ол өзінің көрінісін 1920 жылы Қазақ АКСР-інің құрылуынан тапты. Ал осы құрылымның 1936 жылы одақтас республикаға айналуы, сол жылы қабылданған КСРО Конституциясындағы одақтас республикалардың тәуелсіздік алуға болатын статустарының болуы және оның 1977 қабылданған «кемелденген социализм» Конституциясында қайталануы, 1991 жылы елімізді заңды түрде тәуелсіздіктің даңғыл жолына алып шықты. Халқымыздың аспаннан сұрағанының бейбіт жолмен, қан төгіссіз жерден табылуы, тәуелсіздіктің бізге «Құдайдың сыйы» болғанын есте көрсетпейді.

Егемендік қазақ халқына оңай келген жоқ. Тәуелсіздік жолындағы халқымыздың ұлт-азаттық күресі бір сәтте толастаған емес. Сонау Сырым Датұлынан басталатын азаттық жолындағы ұлы күрестің соңғы нүктесін, ішінде Семейде құрбан болған Қайрат Рысқұлбеков бар кешегі «Желтоқсаншылар» қойды. 1986 жылғы желтоқсандағы Алматы оқиғасы КСРО-дағы қордаланған қайшылықтардың бетін ашқан, тоталитарлық жүйенің құлауын, империялық дейтіндей мемлекеттің ыдырауын жылдамдатқан негіз болды. Біз мұны еш уақытта естен шығармаймыз.

Міне содан бері, 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігіміз жарияланып, егемен ел болғанымызға табандай 30 жыл болды. Кешегі 1991 жылы туған балардың өздер кәзірі отызға толып, өз істерімен ел іргесін нығайтып жүрген атпал азаматтарға айналды. Отыз жыл тарих көзімен алғанда көп уақыт болмаса да, осы уақыт ішінде біздер небір күрделі кезеңдерден өтіп, әлем қауымдастығына өзімізді даму мүмкіндігі мол, өміршең ел ретінде көрсете білдік. Осы жылдардың ішінде нарық қатынастарына, әртүрлі меншікке негізделген көп укладты экономиканы қалыптастырдық. Қоғамдық өмірдің ірге тасы болып табылатын демократияландыру үрдісін іске асырдық, негізгі демократиялық институттарды қалыптастырдық. Өзара түсіністікке негізделген сыртқы саясатты іске асырудамыз. Көрші елдермен мемлекеттік шекарамызды да айқындауымыз, осы жылдардағы елеулі шаралардың бірі болды.

Кешегі Алаш қайраткерлері армандап кеткен тәуелсіз ел болудың бүгіндері іске асуының біздер куәсіміз. Алаштың басты мұраты – тәуелсіздік бүгіндері іске асқан шындық!

Калимаш Капсамаровна Бегалинова
НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби»,
профессор, доктор философских наук,
г. Алматы, kalima910@mail.ru

«МӘНГІЛІК ЕЛ» И «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – ФИЛОСОФИЯ НОВОГО КАЗАХСТАНА

Современный этап развития нашей страны характеризуется Третьей модернизацией Казахстана, созданием новой модели экономического роста, которая обеспечит глобальную конкурентоспособность страны. Модернизация экономики неразрывно связана с модернизацией сознания, когда каждый гражданин Казахстана, должен понимать необходимость изменений для перехода на качественно новый уровень развития своей страны. Казахское общество должно обладать духовным и идейным стержнем для успешной реализации намеченных целей, этому способствует программа «Рухани жаңғыру» которая раскрывает механизмы модернизации общественного сознания и основывается на преемственности духовно-культурных традиций. Знание истории своего народа способствует более масштабному восприятию и способности к переосмыслению конкурентоспособность, прагматизм, сохранение национальной идентичности, культ знания, эволюционное развитие и открытость сознания

Выработка и изучение проблем общеказахстанской идеи и идеологии, позже идеи «Мәңгілік Ел» и «Туган жер» имеют приоритетное значение для Казахстана, поскольку они являлись и являются основным сущностным фундаментом консолидации этносов республики в единый народ. Национальная идея выступает и как важнейший фактор для формирования национальной идентичности и духовности Казахстана, ставшей особенно значимой в условиях глобализации и интеграции мирового сообщества на основе информатизации и цифровизации. Следует заметить, что этническая идентичность является смыслообразующим понятием, поскольку оно связано с самоопределением личности в социальном пространстве и формируется в результате когнитивно-эмоционального процесса среди множества представленных этносов. Специфическим наполнением, дополнением этнической идентичности выступает идея «Мәңгілік Ел». Выдвигая эту идею в августе 2014 года Президент страны Н.А. Назарбаев отмечал: «Моя мечта и мысли о том, чтобы Казахстан существовал вечно. Поэтому я предложил идею «Мәңгілік Ел». Мы делаем все, чтобы стать таковой. Мы – многонациональная страна. Так сложилось исторически. Наша задача – сохранить единство общества. Единство Казахстана – это единство нашего многонационального народа... Не будь глубоки корни у старого дуба, не устоять ему в бурю» [1].

Говоря о глобализирующемся мире, не следует забывать и то, что современный мир – это мир конфликтов, противостояний и противоречий, в которых национальное до сих пор играет главную роль. Очень трудно предвидеть, как глобальное будет воздействовать на всю структуру национального, равно как и наоборот. Однако, это взаимоотношение имеет огромное значение как для развития всей страны, так и для определения её национальной идеи. Исторический процесс только тогда будет прогрессивным, только тогда будет движением вперёд, когда таково сознание человека, когда человек психологически подготовлен и настроен на постоянное движение и изменение. В Стратегиях Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Казахстан – 2030», «Казахстан – 2050», во многих ежегодных Посланиях подчёркивается, что казахскому народу присущи замечательные психологические черты, такие как толерантность, гостеприимство, но в то же время речь идёт о том, что казахский народ утратил целый ряд качеств, которые были порождены кочевым образом жизни. Речь прежде всего идёт о мобильности народа, о способности его быстро ориентироваться в конкретных обстоятельствах, быстро принимать правильные решения. Для кочевника это было само собой разумеющимся, иначе он не смог бы выжить в условиях суровой природы, жестокой действительности. Но обстоятельства сложились таким образом, что данные качества оказались невостребованными в условиях оседлой цивилизации. И поэтому они были утрачены. Новые обстоятельства, новые исторические цели и задачи, которые сам человек ставит перед собой, заставляют сегодня переоценить сложившиеся сегодня менталитет и психологию человека. И опять-таки это должно пройти через сознание самого человека. Роль политического лидера заключается в том, что он лучше других фиксирует изменяющиеся обстоятельства, лучше других понимает новые цели и задачи. И эти изменения делает достоянием масс, достоянием каждого человека. К сожалению, наша действительность такова, что народ имеет сегодня мало достойных

политических лидеров, что затрудняет процесс изменения политического, нравственного, правового сознания народа. Не случайно, одним из приоритетов социального развития в Стратегии «Казахстан-2050» Президент страны Н.А. Назарбаев называет формирование профессионального правительства, требующего, чтобы политическими лидерами были люди, имеющие юридическое, политическое и подобное им гуманитарное образование. Ещё китайский мудрец Конфуций подчёркивал строгое соблюдение закона ли – нормы, правила, по которым живёт общество и согласно которому оно может быть счастливым. Возможно, и нашему Казахстану стоит задуматься над этим учением древнекитайского мудреца.

Казахстан, проводя национальную политику, вырабатывая собственную национальную идею, открыт глобальному миру. А значит у нас так же, как и во всех других государствах постсоветского пространства, идет процесс трансформации экономической, политической и этносоциальной структуры общества. Если для других обществ глобализация обернулась состоянием фрустрации, неуверенности и страха перед лицом будущего, то для молодого Казахстана – глобализация представляет собой новую возможность для самоутверждения в плюралистичном и многополярном мире. Можно говорить и о том, что Казахстан – это уменьшенная модель современного глобального общества. Здесь представлены множество этносов, наций и национальностей, движущихся навстречу друг другу, проводящих политику диалога культур и основанных на принципах национального равенства. Немалое значение имеет признание этнокультурного многообразия, национальной неповторимости и своеобразия. Все это в будущем позволит Казахстану прочнее войти в мировое пространство и проводить эффективную национальную политику уже не на региональном, а на глобальном уровне. Казахская национальная идея основана не на унификации национальных ценностей, а на концепции мультикультурализма, т.е. признания равноценности разных культур, их достижений и вклада в глобальную сокровищницу. Как справедливо подчёркивал русский философ И. Ильин, «живя в государстве, люди объединяются не просто территорией или общим подчинением, они объединяются в совместном волевом напряжении и волевом действии». И подобное совместное волевое напряжение и действие возможно на основе единой идеи – идеи национальной, единой системы ценностей.

Особенную остроту и значимость вопрос формирования национальной идеи для нашей республики приобрел в конце XX столетия после обретения независимости. И это не случайно, поскольку в тех условиях необходима была цементирующая общество национальная идея, чтоб заполнить возникший духовный, идеологический вакуум. И эта идея должна была сообразовываться с экономическими, политическими, духовно-культурными, социальными, этнонациональными, конфессиональными и иными реалиями. И в научно-исследовательской литературе стали разворачиваться дискуссии по предмету и содержанию национальной идеи, о её необходимости. Некоторые обществоведы отрицали необходимость создания общеказахстанской национальной идеи, утверждая, что она принесёт народу только вред, вызовет такие негативные проявления, как национализм, шовинизм. Да и такому многонациональному и поликонфессиональному государству, как Казахстан, не нужна такая идея, утверждают они. Подобные утверждения перекрывали те, что обосновывали необходимость создания национальной идеи и предпринимали попытки дать её определение. Подобных определений было много. В качестве основных идей некоторые брали и наднациональные – социальную справедливость, поддержание порядка, соблюдение прав человека, патриотизм и т.д. Но они были далеки от истины. Наиболее содержательным с нашей точки зрения определением является следующее: «общенациональная идея представляет собой комплекс ориентаций, ценностей и идеалов мировоззренческого характера, направленных на консолидацию народа Казахстана, устойчивое социально-экономическое развитие общества, укрепление безопасности и независимости государства» [2]. Национальная идея своими корнями восходит к истокам национальной истории, духовной культуры, игнорировать которые мы не можем. Она отражает бытие народа и своё проявление находит в различных формах культуры народа – мифологии, религии, философии, истории, науке, искусстве, языке и т.д.

Как утверждают многие исследователи, с чем нельзя не согласиться, национальная идея должна выступать системообразующим фактором консолидации и интеграции казахстанского общества, формирования адекватного уровня национальной идентичности граждан страны, духовным фундаментом подъёма общественного сознания и культуры, основой устойчивого поступательного социально-экономического развития Казахстана в условиях расширяющейся глобализации. Как отмечает А.Н. Нысанбаев, «казахстанское общество, рассмотренное автономно, в отрыве от государства, не может до сих пор предложить и разработать общенациональную идею, которая стала бы основой гражданской национальной идентичности» [3]. Как видим, роль субъекта

национального строительства должно взять на себя государство. Регулироваться межэтнические отношения должны на основе Конституции и Законов РК, связанных с национальной сферой. При этом, государство должно руководствоваться принципами компромисса и толерантности в отношениях между различными этносами Казахстана, чтоб предотвращать, не допускать между ними конфронтации в различной форме. Казахская национальная идея находит отражение в Конституции Республики Казахстан, «Стратегии-2050», а также в трудах и выступлениях Президента страны Н.А. Назарбаева где эти аспекты всесторонне раскрыты. Её основной смысл можно передать следующими словами: народ и государство общими усилиями должны стремиться к достижению процветания страны, экономического роста, межэтнического единства, высокого уровня развития политики, науки и культуры, и создать наиболее благоприятные условия для жизнедеятельности.

Представители всех этносов и этнических групп в Казахстане демонстрируют в отношениях друг с другом принципы толерантности, понимания, гуманизма. Особенно дружественные связи сложились с русским населением страны. В целом, отношения между этносами носит уравновешанный, спокойный характер. Государственным языком, согласно Конституции страны, выступает казахский язык, а в государственных структурах, органах местного самоуправления разрешается официально использовать русский язык наравне с казахским. «Помогая государственному языку, нельзя принижать значение русского языка...»; «...Русский язык имеет международное значение, расширяет информационное поле. Он необходим и сейчас, и в будущем»; «...Я знаю, что несколько акимов заявили о переводе делопроизводства на госязык. Такие меры нельзя воспринимать однозначно. Если делопроизводство переходит на госязык, это значит, что все документы будут составляться и на государственном, и на русском языках. Если на собраниях доклад ведется на казахском языке и в зале присутствуют люди, не владеющие госязыком, должен быть синхронный перевод. Никто не должен быть ущемлен по языковому признаку», – подчеркивает в своих многочисленных выступлениях Президент Казахстана Н.А. Назарбаев [4].

Среди казахстанцев усиливается тенденция к обращению культурно-духовного богатства автохтонного этноса, изучению языка этого этноса. Сегодня Казахстан стоит на рубеже нового этапа социально-экономической модернизации и политической демократизации. Осуществляемая в стране стратегия сохранения и укрепления гражданского мира, межэтнического и межконфессионального согласия направлена на обеспечение социальной базы развития демократии. Выступая с Посланием народу Казахстана «Казахстан на пороге нового рывка вперёд в своём развитии», Президент отметил: «Мы сохраняем и развиваем многовековые традиции, язык и культуру казахского народа, обеспечивая при этом межнациональное и межкультурное согласие, прогресс единого народа Казахстана». Данный принцип последовательно реализуется в рамках политического курса в сфере межэтнических, межконфессиональных отношений, объявленного Президентом Казахстана в декабре 1991 года, по созданию в республике «высокоразвитой полиэтнической цивилизации, в которой возродится казахская нация, в которой будут свободно чувствовать себя все входящие в неё нации и народности». Эта мировоззренческая установка является тем основанием, которое определяет политические, культурные и духовно-нравственные приоритеты и ценностные ориентации казахстанского общества. На каждом конкретном этапе она обогащается, дополняется, уточняется, но сущностное содержание её остаётся одним – в полиэтническом, поликонфессиональном Казахстане каждый человек независимо от его этнической, религиозной, расовой и иной принадлежности должен чувствовать себя свободным, защищённым и уверенным в своём будущем. Казахская модель межэтнического и межконфессионального согласия доказала свою жизнеспособность и эффективность. С самого начала государство сделало выбор в пользу формирования гражданской, а не этнической общности, совмещения интересов народов, проживающих в Казахстане, открывающем для всех этносов возможность участия в государственном строительстве.

В своей программной статье «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», опубликованной в газете «Егемен Қазақстан» (ноябрь, 2017) Президент Казахстана Н.А. Назарбаев поднимает вопрос о сохранении национальной идентичности, под которым понимается, прежде всего, совершенствование национальной самосознания. "У него есть две стороны. Во-первых, необходимо расширить границы национальной самосознания; во-вторых, сохраняя национальную сущность, изменить некоторые его проявления", – отметил глава государства. «Национальные традиции, наш язык и музыка, литература, обычаи, – одним словом, национальный дух должен навсегда остаться с нами. Мудрость Абая, просвещённость Ауэзова, стихи Жамбыла, кюи Курмангазы, сказания предков, дошедшие до нас через века, – это только одна часть нашей духовной культуры», – пишет глава государства. Следует отметить, что «первое: без сохранения национального кода и национальной культуры не

будет никакого возрождения. Второе: чтобы развиваться и вырваться вперёд, необходимо отречься от регрессивных, отсталых проявлений прошлого, которые мешают развитию нации»[1].

Современная национальная идея Казахстана должна базироваться и на единстве народа, и на конкурентоспособной экономике, и основанием иметь духовно-культурные факторы. Важно отметить и то, что глобализация – не угроза национальному самосознанию, а возможность нового витка в развитии многонациональной и полиэтничной страны. Не подчинение одного народа другим, не утрата самобытности и традиций, не забвение своих корней, почвы и истории, но разрушение преград и барьеров, мешающих свободному единению людей – таким образом можно выразить взаимоотношение «национальное-глобальное» в условиях казахстанской действительности. Более того, глобализация может стать важным фактором в освобождении национального сознания от пут негативного традиционного, т.е. всего отжившего, устаревшего, стереотипного, того, что мешает свободно взглянуть на себя и свое место в современном мире, увидеть и оценить открывающиеся возможности и перспективы. Это вовсе не означает забвение традиций, напротив, это их обновление и осовременивание.

Литература

1. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания: методическое пособие по информационно-разъяснительной работе / Взгляд в будущее. – URL:<https://shygysdaryn.kz/files/blogs/1509358687437.pdf> (дата обращения – 17.11. 2021 г.)
2. Интервью Президента РК Агентству «Хабар»: «Размышления у подножия Улытау» (24 августа 2014 года)/ Интервью. URL:<https://pravo.zakon.kz/4648972-intervju> (дата обращения – 22.11. 2021 г.)
3. Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа./ под ред. А.Н. Нысанбаева. – Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006. – 412 с.
4. Борбасов С.М. Идеологические аспекты обеспечения политической модернизации в Республике Казахстан // С.М. Борбасов. Конституционно-правовые проблемы обеспечения ускоренной экономической, социальной и политической модернизации Казахстана: Сборник материалов круглого стола, посвящённого 10-летию Конституции Республики Казахстан. – Алматы: ОФПИ «Интерлигал» в Казахстане, 2005. – 226 с.

ӘОЖ 94(574) «19-20»: 63.091

Серғазы Тұрлыбекұлы Дүйсембаев

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
профессор, ветеринария ғылымдарының докторы

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Қазақстандағы аграрлық қатынастар мәселесі, ауыл шаруашылығы саласының нарықтық қатынастарға көшуге байланысты оның жаңа мазмұны мен құрылымы, ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі қарастырылған. Отыз жылдан астам уақытта еліміздің тәуелсіздігі мен қатар жүргізіліп келе жатқан саяси және экономикалық реформалардың маңыздылығы мен қолданбалылығына тоқталар көз жетті. Қазақстанның халық шаруашылығының ең негізгі маңызды саласы – ауыл шаруашылығы болып табылады. Оның маңыздылығы – ең алдымен халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету. Ауыл шаруашылығы дамуының деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауыл шаруашылығына қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар. Оған қоса, ел халқының жартысына жуығының әлеуметтік жағдайы ауыл аймақтарымен тығыз байланыста. Ауыл шаруашылығы ұлттық экономикамыздың негізін құрайды. Бүгінде Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет жағдайына қол жеткізгенде тарихымыздағы осы олқылықтың орнын толтыруға жағдай жасалуда. Өтпелі кезеңнің зардабы ауыл шаруашылығына және бүкіл аграрлық секторға қолайсыз болды, сондықтан да аграрлық саланың тұрақты және тиімді даму бағыттарын анықтау қажеттігі туындады. Тәуелсіздік жылдары осы сала бойынша, қол жеткізген ең үлкен жетістік ретінде агроөнеркәсіптік кешеннің дамуының тұрақты арнаға түскендігін айтуға болады. Қазіргі таңда Агроөнеркәсіптік кешендегі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын экономиканың маңызды секторының бірі

болып табылады. Қазақстан Республикасының АӨК одан әрі даму перспективасы бар: өткізу нарықтары, егістіктер, суармалы егіншілікті дамыту перспективасы бар, май, ет секторларының экспорттық позициялары күшеюде, ал астық пен ұн бойынша Қазақстан аса қысқа мерзімде әлемдегі ең ірі экспорттаушы елдердің қатарына кірді. Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа және Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі мүмкіндіктер ашады және сонымен бірге ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да бәсекеге қабілеттілікке жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты АӨК-ні мемлекеттік реттеудің рөлі аса маңызды.

Қазақстан республикасының АӨК-ін дамыту Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауында берілген менеджменттің заманауи құралдарын және мемлекеттік сектордағы корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу қажеттігі туралы тапсырмасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 28-тармағында, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 9 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасында, Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауында және 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ауылшаруашылығын дамытудың негізгі көздері көрсетілген 1, 2, 3, 4, 5.

Соңғы құжатта Қазақстан республикасының АӨК-ін дамытудың басты мақсаты: Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін АӨК-дегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімін 5 жыл ішінде 2017 жылмен салыстырғанда кемінде 2,5 есе ұлғайту.

Еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 1 адамға 2015 жылғы 1,2 млн. теңгеден 2021 жылға қарай 3,7 млн. теңгеге дейін, сондай-ақ өңделген өнім экспортын 2015 жылғы 945,1 млн. АҚШ долларынан 2021 жылы 2 400 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайту жолымен АӨК саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Осы қойылған мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылды: азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету; АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру және АӨК субъектілеріне салық салудың оңтайлы режимдерін қамтамасыз ету; жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру; су ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру; өткізу нарықтарының қолжетімділігін және экспортты дамытуды қамтамасыз ету; аграрлық ғылымды, технологиялар трансфертін және АӨК субъектілері құзыретінің деңгейін дамытуды қамтамасыз ету; АӨК-дегі өндірісті техникалық жарақтау және қарқындалу деңгейін арттыру; мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру және АӨК-ге цифрлық технологияларды енгізуді қамтамасыз ету; ауылдық жерлерде тұратын халықтың өмір сүру жағдайына қанағаттануы деңгейін арттыру.

Бұл үлкен мәселелерді түпкілікті, жан-жақты шешуге бағытталған бағдарлама болды, өйткені, ҚР-ның азық-түлік қауіпсіздігі еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және мықты мемлекетті қалыптастырудың, оның ұзақ мерзімді табысты дамуы мен экономикалық өсімінің басты шарттарының бірі болып табылады. ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі отырысында Президент азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің ең маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылатынын атап өтті.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі ҚР Заңына сәйкес азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өлшем-шарттары мыналар болып табылады: азық-түлік тауарларының физикалық қолжетімділігі; азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігі; тамақ өнімдері қауіпсіздігінің кепілдігі.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ірі қара мал басының саны 2017 жылмен салыстырғанда 0,7 млн-ға, жылқы 0,4 млн-ға, қой 0,09 млн-ға, шошқа 0,7 мыңға, түйе 21 мыңға, құс 5,0 млн-ға ұлғайған. Мал шаруашылығы өнімдері өндірісінде жеке қосалқы шаруашылықтардың үлесі артты. Шаруашылықтардағы жануарларды сою немесе мал мен құстың барлық түрлерін союға өткізу шаруашылықтардың барлық санаттары бойынша жоғарылады. 2021 жылдың қорытындылары бойынша тұтыну құрылымындағы сиыр еті 3,7%-ды, шошқа еті, жылқы еті, қой еті үлесінің проценті артты. Барлық түрдегі сүт өндірісі, сүтті өңдеу өнімдерін тұтыну құрылымындағы импорттың үлесі ұлғайды. Жұмыртқаның ішкі өндірісі ішкі нарық қажеттілігін толық өтейді. Соңғы бес жыл ішінде отандық АШТӨ-дегі ауыл шаруашылығы жануарларының орташа өнімділігі артты, бірақ дамыған елдер деңгейінен әлі де болса, төмен күйінде қалып отыр. Мысалы, елдегі орташа сүт сауылымы бір

сауын сиырға 2200 кг құрады, ал Канадада бұл көрсеткіш 4 есеге жоғары, 2016 жылы 2324 кг, 2017 жылы 2337 кг құрады

Қазіргі уақытта бір шартты мал басына 14 центнер азықтық бірлік өндіріледі, бұл зоотехникалық нормалардан 2 есеге төмен. 2015 жылы құрамажем өндірісі кәсіпорындардың жиынтық қуаттылығы 2,5 млн. тонна кезінде 1,2 млн. тоннаны құрады.

Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері мен құстың асыл тұқымды басының үлесі айтарлықтай ұлғайған.

Бүгінде Қазақстанда негізгі балық ресурстары табиғи су айдындарынан ауланады. Балық өсіруді 120-дан астам балық өсіру шаруашылығы, оның ішінде: 80 көлдік-тауарлық балық өсіру шаруашылығы, 19 тоғандық, тұйықталған сумен қамтамасыз ету қондырғылары бар 15 индустриялық балық өсіру шаруашылығы, 3 бассейндік және 4 шарбақты балық өсіру шаруашылығы жүзеге асырады. Жаңа ауланған, салқындатылған және мұздатылған балықтың ішкі нарығы 70 мың тонна деңгейінде бағаланады. Ішкі тұтынуғағы импорттың үлесі 75 %-ды құрайды. Балық өңдеу жөніндегі кәсіпорындардың қуаты жылына 87 мың тоннаны құрайды.

Азық-түлік тауарларының өндіріс көлемінің орташа жылдық өсу қарқыны тұтастай алғанда тұрғындардың тұтынуы мен кірісі өсімінің қарқынына жете алмауда, нәтижесінде нарықтағы бос тауаша импорт есебінен толтырылып, оның ішкі тұтынуғағы үлесі қомақты күйінде қалып отыр.

Тағам өнімдері өндірісінің жалпы шығарылымы 2021 жылы жоғарылады. Ауыл шаруашылығы шикізатының өңделген және тамақ өнеркәсібі өнімдері бойынша экспорт көлемі ұлғайды, импорт көлемі біршама төмендеді, жоғары технологиялы өндіріс бойынша импортың жоғары үлесі сақталуда. Орташа есеппен бес жылда мал шаруашылығы өнімдерінің өңделген өнімдері бойынша импортың анағұрлым жоғары үлесі ірімшік пен сүзбе, шұжық өнімдері, ет және ет-өсімдік консервілері және сары майға тиесілі. Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өңделген өнімдері бойынша импортың анағұрлым жоғары үлесі қант бойынша байқалады.

Жеміс пен көкөніс консервілерінің импорты 98,7 мың тоннаны немесе ішкі тұтынуғағы 84 %-ын құрады. Ішкі тұтынуғағы май-тоң май өнімдері импортының үлесі 30-40 %-ға жетеді. Жарма мен ұн өндірісі ішкі тұтынуғағы толығымен қамтамасыз етеді.

Жүргізілген талдау тамақ өнімдерінің ішкі нарығында, оның ішінде отандық кәсіпорындарда дәстүрлі түрде шығарылатын сары май мен өсімдік майы, ірімшік пен сүзбе, шұжық өнімдері мен қант, жеміс-көкөніс және ет консервілері сияқты азық-түлік тауарларының түрлері бойынша айтарлықтай дәрежеде импорт тауарларының бар екендігін көрсетіп отыр

Енді бірер сөз, тағам қауіпсіздігі жөнінде, Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің стратегиялық жоспарында – 2030 жылға дейін Қазақстан экономикасының, оның ішінде АӨК-нің қамтамасыз ету, сапалы және қауіпсіз тамақ өнімдерін өндіру, халыққа физикалық және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету көрсетілген.

Әлемдегі елдер мен экономикалардың алуан түрлілігін ескере отырып, ФАО тамақ өнімдерін сатып алуды қамтамасыз етудің экономикалық мүмкіндігі бойынша жекелеген елдердің азық-түлік тәуелсіздігі деңгейін өлшейді. Бұл көрсеткіш елден шығатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортының жалпы көлеміндегі азық-түлік импортының үлесімен өлшенеді. Азық-түліктің физикалық қолжетімділігі – ел халқының салауатты өмір салтын жүргізуге арналған органикалық тағамға физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға және тиісті мөлшерде азық-түлікке қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етумен айқындалады.

Халықаралық қоғамдастық ФАО шеңберінде де, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының құзыреттерінде де тамақ қауіпсіздігі мәселелерін шешеді. Тамақ қауіпсіздігі жүйесі "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі жөніндегі Пекин декларациясында" баяндалған. Пекин декларациясына сәйкес елдер үшін ұсынылатын тамақ қауіпсіздігі жүйесінің элементтері: өндірістен тұтынуға дейін бүкіл тізбекті қамтитын, жалпыға ортақ заңнамалық жүйе шеңберінде тәуелсіз және сенуге лайық қоғамдық денсаулық сақтау органдары ретінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы құзыретті органдардың болуы; тамақ өнімдерін өндіруден бастап тұтынуға дейінгі бүкіл тізбектің тәуекелдері мен сыни бақылау нүктелерін талдауға негізделген транспарентті нормативтік-құқықтық құжаттардың болуы; тамақ қауіпсіздігі жөніндегі заңнаманы барабар және тиімді сақтауды қамтамасыз ету; адам мен етті және сүтті малдың ауруларын эпидемиологиялық қадағалау жүйелерімен өзара байланысты, тамақпен қатысты аурулардың таралуы мен пайда болуы туралы жедел және дұрыс ақпарат алуды қамтамасыз ететін тамақ өнімдері мен тамақтану рационын және тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету жүйесіндегі тәуекел факторларын мониторингтеу бағдарламасының болуы; сапасыз тамақ өнімдерін қадағалау және алып қою рәсімдері мен жүйелерінің болуы.

Осы өлшем-шарттарға сәйкес Қазақстанда ауыл шаруашылығы өндірісінің және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеудің әртүрлі өнімдерін өндіру мен тұтыну бір-бірінен ерекшеленеді, сондықтан азық-түлік қауіпсіздігінің әрбір сатысы бойынша қауіпсіздік ережелері сақталуы қажет.

Бұдан басқа, жүргізіліп жатқан реформалар, кредит беру және субсидиялау жүйелерінің өзгеруі, мемлекеттік қолдаудың жаңа тетіктерінің берілуі, экспорттық өткізу нарықтары және ауыл шаруашылығын жүргізудің әлеуетті, тиімді бағыттары туралы нақты ақпарат беру қажет. Мұның бәрі АӨК-ні дамыту бағдарламасын іске асыру шеңберінде ақпараттық сүйемелдеудің барлық ресурстарын, оның ішінде телеарналарды, баспа БАҚ-ты, интернет-ресурстарды және әлеуметтік желілерді қамти отырып, толық ауқымды түсіндіруге арналған және имидждік контент құрылатындығын білдіреді.

Ауыл шаруашылығын тиімді жүргізуге көшу, генетикалық-түрлендірілген организмдерді, улы химикаттарды, минералды тыңайтқыштарды, антибиотиктерді және жануарлардың өнімділігін ынталандырғыштарды кеңінен пайдалану қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына ғана емес, жалпы қоғамдағы экономикалық және әлеуметтік жағдайға кері әсерін тигізеді. Қоршаған ортаның, жануарлардың биоәлеуетін тиімді пайдалану органикалық ауыл шаруашылығын дамытуға ықпал етеді, халықтың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл – жаңа бағыт, ауылшаруашылығын жүргізудің тиімді жолы, органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру Қазақстан АӨК-сінің бренді болуға тиісті.

Органикалық өнімдер өндірісінің дамуы үшін келесі шаралар қажет деп есептейміз, органикалық өнімдер өндірісін сертификаттайтын өз жүйесін енгізу қажет; өнім сапасын айқындау жөніндегі мамандандырылған зертханалар ашу; органикалық өнімдер жайлы ақпараттарды жиі берілуі және АӨК-сіндегі қалдықтарды азайту мен қайта өңдеу деңгейін жоғарылату.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Болашаққа бағдарланған даму бағыттары» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 ж., 14 желтоқсан.
2. Қазақстан Үкіметінің 2017 жылғы, 29 қарашадағы, № 790 қаулысы.
3. Қазақстан Үкіметінің 2016 жылғы, 29 қыркүйектегі, № 546 қаулысы
4. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2018 жыл, 10 қаңтар.
5. Қазақстан Республикасының АӨК – ін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Үкіметінің 2018 жылы, 12 шілдедегі № 423 қаулысы).

УДК 94(574) «19»:930.2

Альбина Советовна Жанбосинова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
доктор исторических наук

К ВОПРОСУ МЕТОДОЛОГИИ И ИСТОРИОГРАФИИ ИСТОРИИ РЕПРЕССИЙ В КАЗАХСТАНЕ

Одной из острых проблем в исследовании истории советского общества являются вопросы методологии, архивная революция 90-х годов прошлого столетия, низвержение коммунистической идеологии образовали нишу и спровоцировали анархо-популистское отношение к прошлому. 20 лет назад Казахстан вступил на новую ступень развития, с целью формирования независимого гражданского и правового государства. Наследие предыдущих времен обусловило сложность и противоречивость становления казахстанского общества. Репрессивные коммуникации когда-то сформировали поведенческое клише советского индивида, которое препятствовало образованию нового гражданского самосознания, что в свою очередь детерминирует потребность осмысления нашей истории, особенно ее трагических страниц. За последние 20-25 лет одной из самых злободневных и изучаемых тем стала проблема политических репрессий, это свидетельствует не только о необходимости научного осмысления драматических исторических событий, но и для того чтобы они не повторились в будущем.

Историческая наука Казахстана проходит трудный процесс переосмысления исходных теоретических установок и находится в поиске новых концепций и методологических парадигм. Специфичность исторического познания потребовали от историков постсоветского пространства аккумулировать лучшие достижения исторической мысли, обратиться к традиционным историческим школам. Следует отметить, что в методологическом плане мы так и не отошли от традиционной периодизации и не предложили новые принципы хронологизации, историческая колея с присущей ей оценкой и интерпретацией источников, заложенная в советский период до сих пор присутствует в разработках отдельных казахстанских исследователей. А ведь еще М.К. Козыбаев отмечал необходимость проведения глубоких источниковедческих исследований и разработку новых методологических инструментариев.

Проблеме репрессий посвящено значительное количество исследований, особое значение имеют труды региональных авторов, позволяющих увидеть специфические черты репрессивной политики характерные для той или иной области. Вместе с тем анализ такого рода исследований позволяет обнаружить новые научные ориентиры и увидеть вопросительные методологические ниши. Новейший этап развития исторической науки выносит комплекс метафизических проблем, связанных с периодизацией массовых репрессий, с категорийным аппаратом (понятия «большой террор», «политические репрессии», «сталинские репрессии», «репрессивные коммуникации», «репрессивное сознание» и пр.).

Политический сценарий, характерный для всех постсоветских государств, включающий восстановление исторической правды, написание национальной истории, заполнение белых пятен истории наша историческая наука уже прошла. Следует считать пройденным этап разоблачительных статей с популистской направленностью и излишней эмоциональностью, для них была характерна расплывчатость теоретико-методологических подходов к истории создания и деятельности общего механизма репрессивной политики. Громогласность заявлений и обличительный пафос содержания статей были направлены на низвержение с пьедестала советской идеологии, а не на поиск истины. В рамках процесса реабилитации усилия авторов были направлены на объяснение следствия, а не выявления сути причин репрессивных акций. Содержание публикаций, сводилось к биографичному описанию, восхвалению заслуг репрессированного.

Аксиома «Историю пишет победитель» отражает конъюнктурность исторической науки, а суверенизация обусловила всеохватывающую коррекцию исторического наследия, с одной стороны мы возвращаем историческую правду, а с другой вычеркиваем имеющуюся событийность. А где критерии «исторической правды», как мы определяем ее и что берем за основу? Нарративные источники могут стать предпосылкой появления тенденциозных публикаций и спровоцировать неразрешимую историческую дискуссию. Назрела острая необходимость прочтения истории новейшим методологическим инструментарием, в частности проблема репрессий отошла от прежних идеологических штампов, но в тоже время не избежала некоторых национальных перекосов.

экономикалық жағдайдың төмен болуы, жұмыссыздық, мектепке дейінгі балаларға арналған орындардың жабылуына және т.б. мекен-жайлардың жойылуына байланысты ауыл адамдары талай жыл мекендеген орындарын тастап, қалаға бет алған. Әсіресе, осындай келеңсіз жағдай жастар арасында басым.

1990 жылдардағы көші-қон дәрежесінің осыншалық, сандық сипат алуы кейінгі жылдардағы қала экономикасының тұралап қалуына себепкер болды. Жаңа экономикалық саясатқа енуде мұндай дағдарыстың республиканың барлық жеріне тән екендігі белгілі, алайда оның Семей өңіріндегі сипаты барынша күрделі жағдайда екендігі өкінішті-ақ.

«Семей облысындағы әлеуметтік даму мәселелерінің, экологиялық жағдайдың күрделілігі», - деді Н.Назарбаев, кеңес және шаруашылық органдарының ұйымдастырушылық жұмысының едәуір күшейтілуін, оларға ұдайы назар аударылып отыру қажеттігін атаған. Ол осы сапарында ядролық құрылғыларды сынауға арналған полигонда болып, бірқатар селолық аудандар мен Семей қаласындағы сауда, тұрмыстық қызмет кәсіпорындарымен және денсаулық сақтау органдарымен, тұрғын үй құрылыстарымен танысты, жергілікті халықпен сұхбаттасты [8].

Ойластырылмаған экономикалық саясаттың және «ғасырлар жобаларын» жүзеге асырудың салдарынан шын мәнінде Қазақстанның бүкіл территориясын қамтыған елеулі экологиялық апаттар орын алды. Әскери ведомстволардың қызметі зор зардаптарға әкеліп соқты. Сұның өзі Семей полигонының проблемасына, Арал теңізінің, Возрождение аралындағы биополигонның, Батыс және Орталық Қазақстандағы полигондардың қасіретіне айналды.

Семей өңірі өзінің экономикалық және әлеуметтік дамуы жағынан Қазақстанның бірқатар облыстарына қарағанда едәуір артта қалып келеді. Өнеркәсіп өндірісінің өсу қарқыны баяулай бастағаны байқалған. Ауыл шаруашылығы өнімдерін, халық тұтынатын тауарлар өндірісін ұлғайту мен жұртшылыққа ақылы қызмет көрсету көлемін өсірудің қолда бар резервтері нашар пайдаланылған. Құрылыс ұйымдарының қуаттарын арттырудағы артта қалушылық өндіргіш күштерінің дамуын тежеген. Әлеуметтік мәдени саланың материалдық-техникалық базасын дамыту, әсіресе тұрғын үй құрылысы жұртшылық қажетінен артта қалып отыр. Бірқатар аудандарда және облыс орталығында экологиялық жағдай күннен күнге нашарлай түскен..

1990 жылы облыстық атқару комитеті хатшысы А.С.Еременко жасаған баяндамада да біраз жайлардың басы ашылды: «біздің экономикамыздың қазіргі жағдайының ды күрделі екендігін мойындауға тиіспіз», – деді баяндаушы – «тұтыну рыногы тұрғындар сұранысын қанағаттандыра алмай, проблемалар өте баяу шешіліп отыр. Жұмыс жақсы да, тиімдірек істелуде. Бірақ тұтыну рыногында тауар жетіспейді. Адамдардың тұрмыс дәрежесі төмен» [9]. Міне, басты себебі. Ең алдымен шаруашылықты жүргізудің ескі әдістері мен тәсілдері және интенсификацияны, ғылыми-техникалық прогресті қабылдамау экономиканың даму қарқынын тежеп, өндіргіш күштердің жалпы тоқыраушылдығын туғызды.

Семей газ аппаратурасы зауыты облыстағы іргелі кәсіпорындардың бірінен саналады. Кезінде ол өз өнімін бүкіл Кеңестер Одағының түпкір-түпкіріне жөнелтіп, халықтық сұранысын қанағаттандырып келген. 1985 жылы еңбек ұжымы үшін ең табысты жыл болыпты. Осы мерзімде 305 мың дана газ плитасы шығарылған екен. Мұндай жоғары еңбек өнімділігі кәсіпорын өмірінде бұрын-сонды болып көрмеген. Бұл жылы мұнда 1300 жұмысшы еңбек еткен.

Өкінішке орай, одан кейінгі 1986-1987 жылдар еңбек ұжымына айтарлықтай қуаныш әкеле қоймады. Бұл кезде бұрынғы терең тамырлы өзара экономикалық байланыстардың шайқалып тұрған жайсыз жылдары еді [10]. Одақ кезінде бүкіл халық шаруашылығы тек жоспарлы түрде ғана дамытылып келгені баршаға аян. Ал жаңағы Семейден шығарылатын газ қондырғыларына қажетті материалдарды Бакудегі зауыттардың бірінен алатын. Одақтың өз ішінен бүлініп, ыдырауы экономикалық байланыстардың әлсіреуіне әкеп соқты, яғни, қоғамда болып жатқан саяси оқиғалар тізбегі. 1991 жылы газ аппаратурасы зауыты бұрынғыдай болмаса да шикізатқа байланысты шама келгенше өнім шығарумен болды. Енді мұнда 1300 жұмысшыдан небәрі 460 адам қалды. Бұл зауыт Кеңес үкіметі тұсында Одақтағы газ плитасын жасаумен айналысатын 6 кәсіпорындардың бірі болатын. Соның ең үлкені Белоруссиядағы Брест қаласында орналасқан. Ал қалған төртеуі Ресейде. Осы 6 кәсіпорын арасында өнім өндіру жағынан Семейдің зауыты Белоруссиядан кейінгі екінші орынды алған.

Осынау қоғамдық дағдарыс жылдары рухани серпіліске қадам беруші семейлік қаламгер М.Р.Сұлтанбековтың қаламынан құнды шығармалар жарық көреді. Абайды, М.Әуезовты, туған өңірді өзге бір тұстарынан танытар оның шығармалары мұраға толы. Қаламгер 1960-жылдары жоғары оқу орындарында оқытушылық қызмет атқара жүріп, 1971 жылы «Абай мәселелерінен» кандидаттық диссертация жазды. Драматургтық талантын да шыңдауға біраз еңбек сіңірді [11].

Өтпелі кезеңде халықтың рухани өмірін сақтап қалуда Семей облыстық партия мұрағаты қызметі де зор еді. Осы жылдары құрылғанына 70-жылдай уақыт ішінде бірнеше қоғамдық бақылау қарамағында болған мұрағат негізі 1920 жылы 29 наурызда Семей губерниясында қаралып, өлкенің құнды мұраларын сақтау мақсатында құрылған болатын. Мұрағатта әр тарихи кезеңдердегі өлке, қала тарихы, Батыс-Сібір жағырапия қоғамы мүлкі, білім, ғылым, денсаулық сақтау, экономика салаларын кеңестік дәуірде, одан кейінгі кезеңді қамтитын мәліметтік деректерге толы. Мұнда М.О.Әуезовтың, Кеңес Одағының Батыры Г.С. Титовтың баяндамаларының ұнтаспалары, Семей ядролық полигонының бейнекөріністері де сақталған.

Семей облысының білім беру ісіндегі қайта құру жүйесінде атқарған істері оның шаруашылық ұйым мәселелерін шешуге бағытталған бірқатар шараларға арқау болды. Бұл «мектеп-балабақша», «мектеп-кәсіптік бағдар беру-өндірісі», жоғары оқу орындарында ғылыми-өндірістік бірлестік құру істерімен іске енеді. Дегенмен, Семей өңірі орта және жоғары мектеп жөніндегі реформаны іске асыруда түпкілікті қол жеткізе алмады. Мұның бір ғана дәлелі, мәселен еңбек және демалыс лагерлері құрылысының жоспарлы 83-нің орнына 38 ғана салынады. Педагогикалық маман орналастыру ісі де қарқынды болмады. Сондай-ақ, соңғы жылдары оқу мекемелері басшыларының 46 пайызы өзгеріп, 100 ұстаз тұрғын үй сұранысымен мұқтаждық көрді. Балалар үйі, балалар бақшасының жағдайы да осындай қалде еді [12].

Ресми газеттермен қатар 80-90 жылдары «Бірлесу», «Айна», «Сөз» секілді басылымдар шыға бастады. Мұндай басылымдар түрлі дәрежеде қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерді көтерді. 3 қалалық кеңес депутаты құраған «Азаматтық қоғам» газеті де бірқатар антикоммунистік, антикеңестік мәселелер айтып, біраз мәселелерді қозғайды.

Семей өңіріндегі 90-жылдардағы жалпы дағдарыс нышандарының көрініс беруі әртүрлі сипатта болды. Қала бірқалыпты экономикалық ауыртпашылықты басынан кешіре отырып, жаңа өтпелі кезеңге аяқ басты. Түбегейлі өзгерістерге көп үміт қойылып, бұқаралық белсенділік өсті. Тұралаған экономиканың қуатты серпеліс күші ретінде ғылыми-техникалық прогресс негізіне жаппай жаңа шаралар жоспарлары белгіленіп, жоғары тиімді шаруашылық бағдарламалары қабылданды. Алайда, істен гөрі даурықпа сөзі көп, іскерліктен гөрі ыждағаттылығы аз 80-шы жылдардың екінші жартысында экономикалық түбірлі қайта құруды ұйымдастыру мүмкін болмай қалды. Қабылданған шешімдердің көбі орындалмайтын арман бейнесінде елестеді. Мұндай жағдай Семей өңірінің әлеуметтік-экономикалық тіршілігіндегі қордаланған проблемаларды шешу негұрлым кейінгі тарихи кезеңге ығыстырылып тасталғандығын аңғартты. Өйткені, Семей өңірінің экономикалық даму бағыты экстенсивтік сипатта жүрді, мұның мәні күрделі қаржыны, энергетикалық күшті, өндіріс алаңдарын үстемелеу арқылы өндірілетін өнімді көбейту болып, ал өндіріс тиімділігін арттыру бағыты мүлдем ескерілмеді. Сондықтан жұмыс істеп тұрған өндіріс орындарының экономикалық өсуінде «дағдарыстық белгілердің» қордалана бастағандығын өнеркәсіпті дамытудың экстенсивті методологиясының қалыптасуымен түсіндіруге болады. Өкінішке орай, Кеңес елі нарықтық механизмдер тетігін іске қосып, қоғамдық меншік көзқарасынан арылып, еңбекшілердің өз еңбегінің түпкілікті нәтижелеріне деген қызығушылығын арттыру арқылы еңбек өнімділігін көтеру, оның жаңа биік сатысына шығу мүмкіндігіне қызығушылық білдірмеді. Өйткені, мұндай экономикалық саясат бүкіл қоғамның негізін, партияның жетекшілік күдіретін шайқалтады деп қорықты.

Әдебиеттер

1. ШҚО ЖТҚО. 710-қ., 4-т., 967-іс., – 15-20 п.
2. Народное хозяйство Казахстана. 1987. – № 1., – с.5-7.
3. Чирков М. Ертістің Семей өңірі: дамудың жаңа кезеңдері//Социалистік Қазақстан, 14 сәуір 1989 ж.
4. ШҚО ЖТҚО /п/. 103-қ., 72-т., 21-іс., 9-п.
5. Семей таңы. 24 желтоқсан 1991 ж.
6. Коэффициенты рождаемости и естественного прироста населения. Статистический ежегодник Казахстана за 1990 г. Алматы: Казинформцентр, 1991. – 443 с. (12).
7. ШҚО ЖТҚО. 710-қ., 4-т., 967-іс., 1п.
8. Назарбаев Н.Ә. Ортақ үйіміздегі татулық пен келісім үшін //Семей таңы, 4-сәуір 1995 ж.
9. Экономикалық сала-шешуші сала // Семей таңы, 4 мамыр 1990 ж.
10. Ізденіс іспен бекітілсе (Семей газ аппаратуралары зауытының бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы // Семей таңы, 16 мамыр 1995 ж.
11. Сұлтанбеков М. Великие таланты М.Ауезова. Семипалатинск. 1993. – 45 с.
12. ҚР ПМ. 708-қ., 1363-т., 77-іс., 5-6 п.

Қ.М. Болысова, А.М. Даулетова
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
kuralai_2702@mail.ru, dauletovaa_01@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ – ЕЛ ТІРЕГІ

Тәуелсіздік – кез-келген мемлекеттің басты байлығы. Түрлі халықтар төңкерістер, соғыстар, ұлт-азаттық соғыстар арқылы тәуелсіздікке әр түрлі жолмен жетеді. Қазақстан үшін 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы халықтың егемендікке, өзін-өзі билеуге ұмтылуының бастауы болды. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады. Биыл біз басты мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күнін, «Қазақстан Республикасы» деп аталатын егеменді мемлекеттің құрылғанына 30 жыл толуын атап өтудеміз.

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекет болғанына тура 30 жыл болды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы – сан ғасырлық мемлекеттіміздің тарихындағы айтулы оқиға. Тәуелсіздіктің бүкіл кезеңінде Қазақстан елеулі жетістіктермен және күрделі сын-қатерлерді еңсерумен ерекшеленген ұзақ жолдан өтті. Еліміз тұрақты мемлекеттік институттары мен қуатты бәсекеге қабілетті экономикасы бар кемел демократиялық мемлекет ретінде қалыптасты. Қазақстан әлемдік сауда-экономикалық жүйеге толықтай интеграцияланып, өзін сенімді серіктес ретінде көрсетті. Енді мерейлі жылда елімізде ауқымды реформалар басталып, экономика, әлеуметтік сала және т.б. жаңғыртылуда. Тіпті бүгінгідей, әлемдік проблема пандемияға қарамастан, мемлекет отандық бизнеске қолдау көрсетуде.

Елбасы Н. Назарбаев «Осыдан үш онжылдық бұрын біз саналы түрде дүниетанымымыз бен болмысымыздың негізі ретінде еркіндік пен тәуелсіздікті таңдадық. Ал, адамзат тарихының ауқымында мұндай кезең көзді ашып-жұмғанша тең болса, күштердің кемелдену мен өркендеу дәуіріне аяқ басқан Тәуелсіз Қазақстан үшін бұл ұлы белес және бағындырылған жаңа биіктік» [1.5], – десе, ал «Тәуелсіздік тағылымы» атты мақаласында өз ойларымен бөлісе отыра: «Отыз жыл бойы менің барлық ойым, уайымым мен үмітім халықты бақытсыздықтар мен қол сұғушылықтардан, адасушылықтар мен абыржулардан қорғау үшін байланысты болды. Осы жылдар ішінде еліміз әлемнің озық 40 мемлекетінің қатарына қосылды. Әлемдік ғылым мен мәдениеттің озық жетістіктерін меңгерген жаңа ұрпақ тәрбиеленді. Жаңа астана салынды. Мен мұны ең маңызды жетістік және ең үлкен бақыт деп білемін» [2.3], – дейді. Болашақ саясаттанушы ретінде ой жүгіртсем, мен қазақстандықтардың басым көпшілігінің қолдауымен биліктің жоғары лауазымына ресми түрде келген мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде стратегиялық бағытты сәтті жүзеге асырып, елді тиімді басқаруда деп ойлаймын. Бұл ретте Қазақстан Президенті барша қазақстандықтардың қасиетті борышы – біздің жетістіктерімізден асып түсетін болашақ ұрпақ үшін тәуелсіздікті сақтау екенін қадап айтады. «Біздің мақсатымыз – тиімді мемлекет және әділ қоғам. Бұл стратегиялық вектор өзгеріссіз қалады. Біздің алдымызда халықтың әл-ауқатын одан әрі жақсарту, қасиетті Тәуелсіздігімізді нығайту жөніндегі ауқымды міндеттер тұр» [3.2], – деді Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік күні қарсаңында Қазақстан халқына арнаған Жолдауында.

Тарихы бай, тамыры терең ел Қазақстан үшін тәуелсіздіктен асқан құндылық жоқ. Бұл ең қымбат қазына, ең құпия мүлік. Сондықтан біз ата-бабамыз аңсаған Тәуелсіздікті бағалаймыз. Егемендік – әр ұлтта бола бермейтін баға жетпес игілік.

Бүгінде Қазақстан – 18,8 миллионға жуық халқы бар көпұлтты, экономикалық әлеуеті серпінді дамып келе жатқан, кәсіби мемлекет болуға ұмтылған мемлекет. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ), сондай-ақ Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымының (ШЫҰ), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының толыққанды мүшесі болды. Тәуелсіз мемлекеттер достығының (ТМД), Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО), Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) және сол сияқты басқа да ұйымдардың мүшесі болды. Әрине, елімізде жүргізіліп жатқан реформаларға қарамастан, ел тәуелсіздігін нығайту жолында шешуді қажет ететін инфрақұрылымдық, жерді игеру, қуаттылық өнімділігі, орталық, облыс және өңірлер арасындағы теңгерімсіздік сияқты бірқатар міндеттер әлі де бар. Бірақ, соған қарамастан тәуелсіздік алған 30 жылға жуық уақыт ішінде Қазақстан көптеген нәтижелерге қол жеткізді. Екі жаңарту жүргізілді. Бірінші модернизация жаңа мемлекеттің қалыптасу, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту, саяси және

экономикалық жүйенің даму кезеңін қамтиды. Екінші жаңғыру «2030 бағдарламасы» қабылдау және жаңа астана құру туралы стратегиялық шешім қабылдау кезеңін қамтиды. Біз қазір бес басым міндетті қамтитын үшінші жаңғыртуды бастан өткеріп жатырмыз: технологиялық жаңғырту; кәсіпкерлік ортаны күрт жақсарту және кеңейту; макроэкономикалық тұрақтылық; адами капиталдың сапасын арттыру; институционалдық қайта құру, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күрес [4].

Кез-келген ел сияқты Тәуелсіз Қазақстан да халқының өмір сүру деңгейінің жоғары болуына, заманауи технологияларға негізделген гүлденген экономикаға, сыртқы саясатта тең құқылы қарым-қатынас орнатуға ұмтылады. Сондықтан, тәуелсіздік – барша азаматтардың бірлескен күшімен қорғалып, нығайтылуы тиіс нәзік нәрсе екенін есте ұстаған жөн. Енді Қазақстанның алдында болашақтың және жалпы елдің экономикасын жедел құру міндеті тұр. Ал оның негізіне жаңа технологиялар, интеллект, жоғары еңбек өнімділігі, жасампаздық бастама және сөзсіз болашақ ұрпақтың саналы үлесі тұрады.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саясибағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат.– 2013.–№1.– 5-8 бб.
2. Н. Назарбаев. Тәуелсіздік тағылымы. – URL: <https://elbasy.kz/kk/news/2021-12/kazakstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasy-nursultan-nazarbaevtyyn-tuelsizdik> (пайдаланылу мерзімі – 11.12.2021 ж.)
3. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігіжәне жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> (пайдаланылу мерзімі– 01.11.2021 ж.)
4. Харченко С. Казахстан от суверенитета к мировой конкурентоспособности. – М.: 2010. – 592с.

ӘОЖ: 34. 4414

Н.С. Газизова, А.Т. Бобабаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРУДЫҢ ҚЫЛМЫСЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Отбасы-қоғамның негізгі бірлігі. Елімізде отбасының рөлі – организмдегі жасушаның әрбір клеткасы ретінде саналады. Қазіргі таңда кең ауқымды алып жатқан тақырыптардың бірі – тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі. Себебі, бүгінгі қоғам арасында кездесетін күнделікті өмірдің қалыпты жағдайына айналып бара жатқан құбылыстардың бірі. Бұл құбылысты қалыпты орнынан жылжытып, шешу мәселесі күнен күнге өзектілігін жоймайды. Қазіргі уақытта бұқаралық ақпараттар, баспасөздер, денсаулық сақтау, теледидар, әлеуметтік қоғамының деректеріне сүйенсек Қазақстан Республикасында тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсеткіші белсенді артуда.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл отбасындағы зорлық-зомбылықтың зиянды салдарын болдырмауға, алдын алуға және азайтуға бағытталған құқық қорғау органдары, басқа да уәкілетті органдар, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар қабылдайтын шаралар кешенін жүзеге асыру аясында елімізге ратификацияланған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» және БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенция, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы профилактикасы туралы Заңы, Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы, Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қаулысы, Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы және өзге де нормативтік құқықтық актілер. Атап айтқанда, тәжірибеде отбасылық қарым-қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері бойынша консультациялар мен әңгімелесуді енгізудің, отбасы саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік жарнама, отбасы мүшелерінің азаматтық құқықтары үйдегі зорлық-зомбылық пен қатыгездікке жол бермеу мәселесі қоғамның назарын белсенді тартудың мәнін көріп отырмыз.

Құқықтық тұрғыда зорлық-зомбылық мағынасы кең көлемді алады. Зорлық-зомбылық – жеке тұлғаға қол сұқпаушылық, (тәндік және рухани мағынада) туралы азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Тәжірибеде зорлық-зомбылықтың бірінші түрі: физикалық зорлық-зомбылығы – дене күшін қолданып, денені ауыртып, денсаулыққа қасақана зиян келтіру. Екіншісі, психологиялық зорлық-зомбылық – адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту. Үшіншісі, жыныстық зорлық-зомбылық – адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы іс-әрекеттер. Төртіншісі, экономикалық зорлық-зомбылық – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру, бұл дене саулығының және психикалық денсаулығының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың Қазақстанда таралуын және оның салдарын әлеуметтік зерттеулердің жеткіліксіздігі. Осындай зерттеулер ЭЫДҰ елдерінің практикасында табысты іске асырылуда. Бұл жерде Ұлттық экономика министрлігінің рөлі маңызды болады. Зерттеу мен кешенді талдауды қамтамасыз етпейінше, Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында қойылған барлық тұрмыстық зорлық-зомбылық түрлеріне мүлдем төзбеушілік қағидаттарында отбасылық саясатты іске асыру жөніндегі міндеттерге қол жеткізу қиын.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет» деген болатын [1]. Ата-аналар мен балалар арасындағы зорлық – зомбылық пен жанжалдардың алдын алудың негізгі бағыттары мыналар болуы мүмкін: біріншіден, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, бұл балалардың жасына байланысты психологиялық ерекшеліктерін, олардың эмоционалдық жағдайын ескеруге мүмкіндік береді. Екіншіден, отбасын ұжымдық негізде ұйымдастыру, белгілі бір қызметтік міндеттерді орындау. Үшіншіден, балалардың ішкі әлеміне және хоббиіне қызығушылық таныту. Бұл ретте тұрмыстағы зорлық – зомбылықтың балаға қатысты жүргізілуіменен күресу үшін алдыменен құқықтық сауаттылық деңгей көрсеткішін отбасы арасында кеңінен насихаттау ашық жүргізілуі тиіс.

Тұрмыстық зорлық – зомбылықтың алдын алуда елімізде ҚР ӘҚБтК өзгерістер енгізілді, бұл: ӘҚБтК (73-бабы) – ескерту жасауға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. ӘҚБтК (73-1-бабы) толықтырылды: ескерту жасауға немесе 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға санкциясымен және 1-1 нормамен толықтырылды, ал бір жыл ішінде қайталаған кезде-ескертусіз 20 тәулікке дейін қамауға алу. ӘҚБтК (73-бабы) қамауға алу мерзімі 3 тәуліктен 5 тәулікке дейін ұзартылды. ӘҚБтК (73-2-бабы) толықтырылды: ескерту жасауға немесе 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады және бір жыл ішінде қайталанса 15 тәулік қайталап ұстау көзделген [2]. Сондай-ақ, ҚР ҚК 110-бабына елеулі өзгерістер енгізілді. Ол жеке меншіктен жеке-қоғамдық жазықтыққа ауыстырылды [3].

Соңғы сандық мәліметтерге жүгінсек, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары балалар болуда. Қазақстан өзін Балалар құқықтары туралы Конвенцияға қосылған әлеуметтік дамыған және құқықтық мемлекет ретінде көрсетеді. Бала құқықтары туралы конвенциясына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Балалардың құқықтарын қорғау» комитеті құрылды, оның негізгі міндеті балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады. Алайда атқарылған жұмыстардың барлығына қарамастан, Қазақстан әлі де барлық балалардың өмір сүру құқығын қамтамасыз ете алмайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардап шешуші позициясы балаға көрсетілетін қысым зорлық-зомбылықтың төрт түрінен айқын жүзеге асырылады. Олар физикалық, психологиялық, жыныстық және экономикалық зорлық-зомбылық арқылы көрініс табады. Сондай-ақ, балаларға қатысты бұқаралық ақпарат қорларында отбасында буллинг және педофилдық зорлық-зомбылық таралғаны жиі кездесіп жатыр. Сандық деректерге жүгінсек балалардың 25,3 пайызы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың куәгері болған. Зерттеу бойынша әсіресе 2 және 14 жастағы әрбір екінші бала отбасылық зорлық-қорлаудың құрбаны болған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Балалардың құқықтарын қорғау» комитетінің 2015 жылдың басындағы мәліметтері бойынша 32 362 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар болды. Оның ішінде 21 350 бала қорғаншылықта, қамқоршылықта және 1 820 бала патронаттық тәрбиеде, 9 192 бала 188

балалар үйінде қазақстандықтардың отбасында тәрбиеленуде. Балалар үйіндегі 7395 (80,4%) бала 7 мен 18 жас аралығындағы балалар, сәйкесінше балалардың тек 19,6% (1797 адам) 6 жасқа дейінгі балалар [4]. Бүгінгі таңда аталған сандардағы өзгерістердің болмауы, яғни азаймауы ойландырады.

Осы бағыттаға зерттеу жұмыстарын жүргізген әлуметтанушылар М. Страус, Р. Джеллз [5] мен С. Стейнметц [6] балаларға қолданылатын зорлық факторының негізгі себептері ата-ананың ішімдікке, уытқұмарлық дәрілерге, нашақорлыққа және толық емес отбасында, өгей әке немесе анамен тұру кезінде жиі кездеседі дей келе оларды бірнеше категорияға бөледі. Алайда бұл мәселенің түп тамыры ата-анасының алған тәрбиесінен қалыптасады. Әсіресе, бұқаралық ақпараттар дерегінде ата-аналар баланың тәрбиесін тым қатал ұстауы кең етек жаюда. Доминант рөліндегі ата-ананың балаға қолданатын зорлық-зомбылықтың көрінісін жиі тәрбиелік мақсат ретінде сипаттайды. Мысалы: сабағынан үлгерімі төмен немесе аса белсенділік танытпайтын баланы физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық арқылы тәрбиелеуді жөн санайды. ЮНИСЕФ және Еуропалық одақтың көрсеткішіне сүйенсек, елімізде ер адамдардың 75% және балалардың құқықтарын қорғайтын мамандардың 46% зорлық-зомбылықтың бір түрі отбасындағы физикалық күш қолдануды қолдайды [4]. Балаларға қарай қолданылатын зорлық-қатыгездікке құқықтық сала жағынан елімізде заңмен қорғалады. Балаларға қатысты қатыгездікке жол бермеу халықаралық және еліміздіе Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңмен қорғалады.

Басты мақсат тұрғындардың сана-сезімін өзгертудің жана жолдарын іздестіру, осы проблемаға деген көзқарасты өзгерту болып табылады. Жалпы айтқанда, құзыретті құрылымдардың өзара келісілген іс-қимылын қамтамасыз етудің, тұрмыстық сипаттағы зорлық-зомбылықты тоқтату және оның алдын алу тетіктерін жетілдіруге бағытталған тиімді құқықтық және тәжірибелік шаралар қабылдаудың маңызды. Бұл жұмыстың сәтті жүруіне мемлекет пен азаматтық қоғам институттарының бірлескен күш-жігерінің жұмылдырылуы, соның ішінде отбасындағы зорлық-зомбылық проблемаларын нақты шешумен айналысатын үкіметтік емес ұйымдардың іс-қимылдарының ықпалы күшті болуы керек.

Әдебиеттер

1. Сындрлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019>.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі (16.01.2020 жылғы өзгертулерімен). // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235/history>.
3. Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (04.09.2021 ж. өзгертулерімен) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226/history>.
4. Балаларға зорлық-зомбылық көрсетуді анықтау және олардың нысандары. // <http://womenrights.kz/kk/nasilie/nasilie-nad-detmi/>.
5. Straus M.A. Measuring intrafamily conflict and violence: The conflict tactics (CT) scales. // Physical violence in American families, 2017. P29-48. // https://scholar.google.ru/citations?view_op=view_citation&hl=ru&user=Uj4uJ80AAAAJ&citation_for_view=Uj4uJ80AAAAJ:u5HHmVD_uO8C
6. Straus, M. A., & Gelles, R. J. (1990). Physical violence in American families: Risk factors and adaptations to violence in 8,145 families. New Brunswick, NJ: Transaction Publishers // https://scholar.google.ru/citations?view_op=view_citation&hl=ru&user=Uj4uJ80AAAAJ&citation_for_view=Uj4uJ80AAAAJ:u5HHmVD_uO8C.

2 СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ

СЕКЦИЯ 2: ДУХОВНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСТАНА

ӘОЖ: 9.93/94.930.85

Б.А. Таңсықбаева

«Логистика және көлік академиясы» АҚ, Алматы қ. tansykbayeva_bakhyt@mail.ru

ТАРИХТЫҢ ТАРЛАНБОЗЫ

Қазақстан Тәуелсіздігін жариялаған алғашқы кезеңінде көптеген сынақтар тұрды. Мемлекеттің дамуына үлкен әсер ететін зиялы қауым екені сөзсіз. Қоғамды алға тартушы да, әлем аренасында даңқын аспандататын да ұлы тұлғалар, олар ашқан жаңалықтар мен қосқан үлестер. «...Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы? Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», деп Абай атамыз айтпақшы, келер ұрпақ үлесіне мол мұра қалдырған азаматтары бар халықтың бірі – қазақ халқы. Тарих қойнауына сүңгісек талай қаймағы бұзылмаған деректер мен ақпараттардың барлығына куә болып жатамыз. Қазақ тарихына қатысты деректердің тамыры тереңде. Бірі бізге беймәлім иероглифтермен, ал енді бірі өзге тілде жазылған халқымыздың тарихына қатысты мәліметтерді зерттеу келер ұрпақтың үлесіне тиер. Ғылым мен техниканың даму мүмкіндіктері ол мәселенің де оң шешімге ие боларынан үміт күттіреді. Қолда бар деректердің өзіне қолжетімділік – кез келгенге бұйыра бермейтін олжа. Бұл әсіресе, ХХ ғасыр ғалымдарының қолына киген кісенмен бірдей еді. Маман тапшылығымен қатар архив, кітапханалардағы сирек кездесетін қолжазбаларды, кітаптарды пайдалану мүмкіндігі де аз болды. Соған қарамастан, ұлтының өткен тарихын тамшыдан дарияға айналдырған қазақтың ел намысын жыртып, қорғауға жанын салған азаматтары аз болған жоқ.

Тарих ғылымының дамуына барлық жағдайды жасауға күш салған Елбасы ғалымдардың қазақ тарихына қатысты шындықтың айқындалып, тарихи сананың қалыптасуына қолайлы жағдай туғызды. Алғашқы жылдары бастан кешкен экономикалық қиындықтарға қарамай Тұңғыш Президенттің қолдауымен «31-мамыр Қуғын-сүргінге ұшырағандарды еске алу күні» деп жарияланды. Тарих тағылымдарына арналған «Тарихи зерде» жылын өткізді. Осы бір жылдың өзінде тарихтың көмескіленген тұстары айқындалып, көп жұмыстар істелді. Н. Назарбаевтың өзі де тікелей тарих мәселелерін көтерген қомақты еңбектердің авторы бола отырып, тарихи ақпараттық деректерді көсемсөздік дәстүрмен жазудың шынайы үлгісін көрсеткенін шығармалардан байқау қиын емес.

Тәуелсіздік – тәтті ұғым екенін сезінген егемендік алған алғашқы жылдарда еліміз тарихына қайта үңіліп, бос қалған кеңістікті, түрлі себептерге байланысты бұрмаланған фактілерді қайта қарау, ізім-қайым жоғалған зерттеу еңбектерін, тарихи тұлғаларды тарих сахнасына қайта оралту сияқты кезек күттірмес көп істің басы-қасында жүру, зерделеу тарихшылардың үлесіне тиген болатын. Ал бұл іске білек сыбана кірісіп, ел тарихының жоғын іздеп, барын түгендеуге басшылық еткен сол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Тарих институтын басқарып отырған академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев болатын.

1987 жылы «ақтандақ» термині алғаш рет қолданысқа енгізіліп, гуманитарлық ғылымдардың зерттеу еңбектерінде кеңінен қолданыла бастаған. Тарих ақтандақтары тамырды жайлаған дерт сияқты кезең-кезеңге бойлап кете барды. Алғаш ғылымда терминді қолданысқа түсірген де М.Қозыбаев екендігінде сөз жоқ. Осы жылдары ғалымның «Тарихтың ащы сабағы» деген мақаласы жарық көріп, жеке басқа табыну, тоқырау заманындағы волонтаризм мен жеке адамдардың пікіріне жол берушілікке, рухани құлдырауға әкелген себептерге, мәдени революцияның басты мәселелеріне тоқтала отырып, қарапайым қауымға түсінікті де шешен тілмен санамызға құя білді. Қазақ тарихының ақтандақтарына кірген үлкен тақырыптарға келсек оларды төмендегідей топтастыруға болады: шығу тек, шежіре, жоғар басқыншылығына қарсы күрес, қазақтың көне мәдениеті мен мұрасы, Ресей империясының құрамына өту тарихы т.б. Әрине, әлі де болса сол империяның құрамында отырған ұлттың бұндай саяси мәселесіндегі ащы шындығын жайып салу – елін, жерін ерекше сүйген ұлтжанды «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген азаматқа ғана тән екені даусыз.

Алғашқылардың бірі болып қазақ зиялы қауымының тарихы туралы ойды қозғанған да М. Қозыбаев еді. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда жарыққа шыққан «Ақтаңдақтар ақиқаты», «Тарих сабақтастығы» атты мақалаларында ертеден тілдік қолданыста болса да Кеңес Одағы кезінде историзмге айналған «алаш» сөзіне жан бітіріп, «Алаш – қазақ халқы деген ұғым. Алаш – еліміздің ежелгі атауы» деп түсінік береді [1].

Алаш сөзінің қолданыстан шығып қала жаздауының басты себебі – өткен ғасырдың басында қазақ даласында құрылған қазақ зиялы қауымының басын біріктірген алғашқы «Алаш» саяси партиясының атауына байланысты екені сөзсіз. Тіпті ғалым «Алаш» қозғалысына баға бере отырып, «оянған Азия халықтарының ішінде қазақ халқы да бар» деп алғаш объективті пікір айтқан.

Манаш Қозыбаев сонымен қатар «қазақтар сауатсыз, мәдениеті мен жазуы-сызуы болмаған қараңғы халық» деп, өткен ғасырдағы жүргізілген түрлі санақтарды алға тарта отырып, санамызға сіңірмекші болған пікірдің қамалын да бұзушылардың алдыңғы легінде екенін байқау ғалым мақалаларын оқи отырып көз жеткіздік. Бұл турасында ғалымның өз мақаласына жүгінейік: «Қазақ мәдениетінің тарихына жаттанды стереотиптер, догматтық тұжырымдар орасан кеселін тигізді. Осы уақытқа дейін «халқымыз қараңғы еді, мәдениеті төмен еді, сорлы еді» деген тұжырым қалыптасып келді. Ал, олай болса тақыр жерде Шоқан, Ыбырай, Абай, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Шашубай, Жамбыл т.б. қалай пайда болды? Ал, А.С. Пушкинді қызықтырған қазақ эпостары қай халықтың тақиясына тар келеді?» дей келе көшпелілер өркениетінің этикасы туралы терең талдау жасайды, тарихи фактілерді алға тарта отырып, оқырманға ой тастайды, шешім қабылдатады [2].

Қазақ даласын қамтыған ұлт-азаттық қозғалыстар туралы мәселелерді зерттеуді күн тәртібіне шығарды. Кеңесары Қасымов, Жанқожа Нұрмұхамбетов, Әбдіғафар Жанбосынов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстарға объективті тарихи шындық негізінде жаңаша тұжырымдар жасалады. «Алаш» қозғалысы мерн Алаш-Орда автономиясы туралы деректермен көпшілік қауым таныса бастады. 1991-1992 жылдары қазақ даласындағы отызыншы жылдардағы ашаршылық туралы, жаппай репрессия құрбанына ілінгендер, ауыл шаруашылығын коллективтендіру сияқты мәселелерге қатысты материалдар жинастырылып, қазақ тарихындағы «қара тесіктей» үңірейген олқылықтың себептерін ашу, саяси репрессия құрбандарын ақтау сияқты күрделі істерді арнайы Парламентте құрылған комиссияның жұмысына да басшылық жасады.

Осындай тарих бетіндегі ақтаңдақтарды анықтап, деректерге сүйене отырып зерттеулер жүргізу ісі тәуелсіздік алған алғашқы жылдардың басында жүргізілді. Соның негізінде халқымен қайта қауышқан қазақтың талай зиялы қауымы, ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері қайта оралды. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты көптеген ұлылар ақталып, бұл фәниден өздері кетсе де артында қалған ұрпақтары үшін аттары ақталып, еңбектері елге оралды. Бұның бәрі тарихи фактіге негізделген цифрларға жүгіне отырып түрлі методологиялық тәсілдердің негізінде дәлелденіп отырғаны сөзсіз, ал ондай фактілерді іздеу, табу, салыстыру уақыт пен еңбекті талап етеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалымның «Ұлан» газетінің тілшісіне берген сұқбатынан үзінді келтіре кетейік: « ...– Рас, өзіңіз айтқандай, халықтың «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» деп босып, азып-тозып тұрған шағында ұлы террор келді. 1937-1938 жылдары қазақстанда 103 мың адам репрессияға ұшырады. Соның 23 мыңы атылды» деген деректерді алға тартады [3].

Отандық тарихтың көшін ілгерілетуге, қайта жаңғыруына өзіндік үлес қосқан ғалым еңбектері талай зерттеулерге негіз болатыны, тарих керуенінің даңғыл жолға түсуіне себепкер болары даусыз.

Тәуелсіздік туы желбіреген заманда қазақ тарихындағы ақтаңдақтардың орны толып, келелі проблемалары зерттеу нысанына айналуына мұрындық болған ғалым ағаның тарихымыздағы мынадай ақтаңдақтардың мәселесін ашып, жүзеге асырғанын атап кеткен жөн:

- қазақ шежіресі қолға алынып тарихи жанр деңгейіне ілінді;
- қазақ халқы өз еркімен Ресей империясының құрамына амалсыздан кіргенін дәлелденді;
- қазақ этносының қалыптасу жолын зерттеу күн тәртібіне шықты;
- қазақ даласында өмір сүрген мемлекеттік құрылымдар тарихы зерттеле бастады;
- ұлт-азаттық қозғалыстарды зерттеу бірізденді;
- «Алаш» қозғалысы терең зерттеу нысанына айналды;
- саяси репрессияның құрбаны болғандар ақталды;
- қуғын-сүргінге ұшыраған, ауып келген халықтар тарихы жазылды.

М. Қозыбаев қазақ тарихының әр кезеңін үңіле зерттеп, көп еңбектенудің нәтижесінде 800-ден аса ғылыми мақалалар жазып, 30-дан аса монграфияның авторы болды. Үш жүздің басын біріктіріп, жоңғарға қарсы қазақ күшін бір жұдырықтай түйіліп, жеңістерге жұмылдыр хан бабамыз Абылайдың тарихтағы орны туралы, Кеңесары көтерілісі, «Алаш» қозғалысы туралы да алғаш тарих

ғылымында сүрлеу салған да Манаш Қозыбаев еді. Әрине, тоталитарлы мелекетте бұндай тақырыптарды зерттеудің қаншалықты қауіпті екенін де білді, алайда өзі сүйген халқы мен тарихтың алдында басын қатерге де тікті. Тәуелсіздік туы желбіреген күндер туып, туған жердің топырағында тарихтың шындық дәні жайқалып өсті. Ғалымның ғылыми мектебі қалыптасты. Жас ғалымдардың ғылыми еңбектеріне бағыт-бағдар беріп, жөн сілтегендерді қоспағанда жеке басшылығымен қорғалған диссертациялардың саны сексеннен асқан көрінеді. Ғылымдағы ізін жалғар шәкірттері бүгінде қоғам өмірінде саналы еңбек етіп, ұстаз ісін жалғастыруда. Ғалым үнемі өз шәкірттеріне үлкен талап қоя отырып, олардың әмбебап, яғни тарихтың әр кезеңін зерттеп, ой қосудың, бір тақырып аясында қалып қоймауына кеңес беретін көрінеді [4].

Кеңес дәуіріндегі қазақтың басынан кешкен қасіреттердің басын аша отырып, нақты сандарды келтіре келе, қаншалықты ауыр күй кешкенін ғалым былай жеткізеді: «Біздің қазақ халқының тарихы көздің жасымен, жүректің қанымен жазылған тарих. Үстіміздегі бір ғасырдың өзінде біздің халық бірнеше нәубетті бастан кешті. Тек қана Жетісу өңірінде 400 мыңға жуық адам Қытай шекарасынан өтіп, атамекенінен аңырап күй кешті. Ал 1921-1922 жылы 2 миллион 300 мың адам аштыққа ұшырады. 1929 жылы байлар, тәркіленді. Біздің зерттеуіміз көрсетіп отырғандай, эскалация жасалып, үстемеленіп тәркіленген. Олардың 83 пайызы сауатты кісілер болған. Көбісі таптық идеологиялық принциппен қудаланған. Қарап отырсақ, бай деп ұсталғандардың бәрі дерлік елге сөзі өтімді, ұйымдастыру қабілеті бар, беделді кісілер болғанын анық көреміз. 1931-1932 жылдары біздің қазақ сахарасын аштық жайлады. Қолдан жасалған аштық болды ол. Сол ашаршылық жылдары 1 миллион 750 мың қазақ қырылып қалды. Осы жылдары 1 миллион 100 мың қазақ ата-бабасы туып-өскен жерін тастап, тамақ іздеп, өлместің амалымен жер ауып кетті. Олардың 600 мыңы шекарадан өтіп, басқа мемлекеттерге барып күнелтті» [5].

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында еселі еңбек етіп, Отандық тарихты тарихи шындық негізде қайта қарауға үлкен үлес қосқан, қазақ тарихына қатысты ақтаңдақтарды ғылыми негізде дәлелдеп, артына өшпес мұра қалдырып, тарихтың тарланбозы атанған Манаш Қабашұлының еңбектері туралы жазылар жыр да, зерттеулер де болашақтың еншісіне берілері хақ. Жас ұрпақтың бойына ұлт мүддесі, ұлтжандылық сияқты рухани байлықты қалыптастыруда тарих ғылымының алар орны да үлесі де мол екені бәрімізге мәлім. Ұлттық тарихымыздың бұрмалануына жан тәнімен қарсы тұрған Манаш ағамыздың бұл қасиетін бұл өз сөзімен айтсақ:

Жауға шаптым ту байлап,
Жорықта жазып жарамды.
Келемін сермеп семсердей,
Ұшқыр өткір қаламды
Жауға келем дес бермей,
Қызғыштай қорғап анамды.
Күндердің бір күнінде,
Айналайын, Отаным,
Есіңе ал МАНАШ балаңды! деп жазған екен.

Отандық тарихтың ауыр жүгін арқалаған азаматтың рухани мұрасы алдыңғы толқын ағалардың естелігімен ғана шектелмесіне күмәнсіз сенеміз.

Манаш Қабашұлы Қозыбаев – Отан-анасын қандай да болмасын руханият майданында қоғауды өмірінің өзекті мақсаты етіп қоя білген, ұлылардың ізін басқан ел азаматы. Ғалым ағамыз екі тілде еркін сөйлеп, көсемсөздің шебері болғанына еңбектері куә. Қазақ – өте талантты халық, сөз өнерін меңгерген халық, Манаш ағамыздың тағы бір ерекше қыры өлең ұйқасына шеберлігінде еді. Сондықтан мен айтар едім, ағайдың еңбектерін зерделеу, зерттеу екі үлкен ғылымның, тарих және филология ғылымдарының үлесіне тиері сөзсіз.

Тәуелсіздік ұғымын қастерлей білген, дамуына қарумен емес қаламмен күш салған азаматын халқы да ұмытпайтынына сенімдіміз, өйткені дана халқымыз «Ер – есімі ел есінде!» деп тегін айтпаса керек!

Әдебиеттер

1. Ә. Пірманов, А. Қапаева (құрастырушылар). Академик Манаш Қозыбаев. Мерейтойлық жинақ. – Алматы: Атамұра, 2001. – 240 б.
2. И. Козыбаев. Манаш Козыбаев – человек в истории. – Алматы: Ғылым, 2006. – 232 с.
3. Б. Исаев. Тарихтың ту ұстаушысы. «Ұлан» газ, № 1(17) 1998 ж.
4. М. Қозыбаев. Жұлдызым менің. – Алматы: «Арыс», 2001. – 240 б.
5. М. Қозыбаев. Монолог об Отчизне//Журнал «АМАНАТ», 2002. – № 1. – С.241-243.

Ж.М. Кожаква

НАО «Университет им.Шакарима г.Семей», Kozhakova.73@mail.ru

ЗНАЧЕНИЕ ИСТОРИИ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА И АЛАШ

В ходе гражданской войны и предшествовавших событий 1917 г. стало очевидным, что жузы утратили свою роль основного фактора социально-политической сегментации казахского общества. на политическое размежевание помимо идеологии, воздействия основных политических сил России, интересов разных социальных слоев, влияли различия в политических позициях между представителями регионов

Лидеры Алаш Октябрьский большевистский переворот восприняли негативно. А. Байтурсынов позднее писал, что февральская первая революция была правильно понята и с радостью встречена казахами потому, что, во-первых, она освободила их от гнета и насилий царского правительства, а во-вторых, подкрепила у них надежду осуществить свою заветную мечту – управлять самостоятельно. То, что вторая революция показалась казахам непонятной, объясняется просто: у казахов нет капитализма и классовой дифференциации, даже собственность у них не так разграничена, как у других народов.

В годы первой мировой войны национально-освободительное движение казахов оформляется в три течения, сформировавших политические партии. Вокруг газеты "Казак" группируется наиболее значительная часть патриотически настроенной интеллигенции, выступающей за автономию Казахстана и проведение в крае прогрессивных реформ демократического толка. Эта группа позже оформилась в партию "Алаш".

Духовенство и часть клерикально настроенных интеллигенции южных областей Казахстана, входивших в состав Туркестанского генерал-губернаторства, образовали партии "Шура-и ислами" и "Шура-улема". Этой же ориентации в 1914-1916 гг. придерживалась и группа входивший позже в партию "Уш жуз", лидер которой Кольбай Тогусов издавал в Ташкенте газету "Алаш".

Следующее течение, более слабое, чем два предыдущих, было порождено революционными группировками. Организационно оно оформилось только осенью 1917г. после образования Казахской социалистической партии – "Уш жуз".

Представители различных партий и групп заняли различную позицию во время восстания 1916 г. Редакция журнала "Айкап", а также сгруппировавшая вокруг журнала группа выступила против мобилизации казахов, за призывы к сопротивлению журнал был закрыт.

Более умеренную позицию заняла редакция газеты "Казак". Хотя Миржакып Дулат и объявил Указ от 25 июня 1916 г. "кровавым", однако Алихан Букейханов и Ахмет Байтурсын, сознавая, что любое сопротивление приведет к огромным человеческим жертвам, были вынуждены 11 августа опубликовать обращение к казахскому народу [1]. В нем говорилось, что только отправка людей на тыловые работы может спасти семьи мобилизованных и их хозяйства от полного разорения и уничтожения карателями.(газета Казак)

В то же время Бахытжан Каратай пытался отговорить правительство от мобилизации и отозвать из Казахстана карательные войска. Руководители восстания осуждались им, как авантюристы, не понимающие политической обстановки и обрекшие казахов на поражение несвоевременными и неподготовленными выступлениями.

Казахстан в период Февральской революции была встречена в Казахстане с восторгом. Временное правительство вместо прежних структур власти начало создавать областные и уездные комиссариаты. Комиссаром Торгайской области стал Алихан Букейхан, Семиреченской – Мухамеджан Тынышпаев. Уральской – Халел Досмухамедулы, Костанайского уезда – Ахмед Биримжанулы. 6 марта 1917 г. всем участникам восстания 1916 г. была объявлена амнистия.

Весной 1917 г. во всех казахских областях стали проходить съезды, на которых обсуждалась дальнейшая судьба Казахстана. Уже в марте проявляются зачатки формирования движения Алаш " в политическую партию. После длительной подготовки в июле на съезде в Оренбурге было принято решение об образовании партии, выработке программы и выдвижении кандидатов в Учредительное собрание, 5 октября партия получила название "Алаш" – имя легендарного прародителя казахов.

Партия "Алаш" предполагала устройство общественно-политической жизни в соответствии с европейскими демократическими политическими ценностями. В то же время доминировавшая в

культурной элите западническая культурно-цивилизационная ориентация не означала разрыва с тюркским и исламским миром.

Партию Алаш возглавили лидеры национально-освободительного движения – Алихан Букейхан, Ахмет Байтурсун, Мыржакып Дулатулы, Халел и Жаханша Досмухамедулы, Мухамеджан Тынышпаев, Елдос Омаров, Абдулхамит Жуждыбай, Магжан Жумабай. Программа партии, принятая на съезде в декабре 1917 г., включала в себя требования автономии Казахстана, всеобщего избирательного права, свободы слова, печати, союзов, неприкосновенности личности, изменения аграрной политики в пользу казахов.

Региональная конференция в Ташкенте в августе 1917 г. выработала более радикальный проект автономии казахов и предложила сделать общенациональным органом газету "Бірлік туы", редактором которой был Мустафа Шокай.

Алашевцы такими же последовательными были и в вопросах демократизации государственного устройства. В своей программе они выступали за наиболее передовую тогда парламентскую форму правления и демократический характер выборов, обеспечивающий участие в выборах "всех без различия происхождения", а также неприкосновенность личности, свободу слова, печати и союзов.

Хотя ряд представителей культурной элиты был назначен Временным правительством России на ответственные посты, в том числе областными комиссарами вместо прежних губернаторов, это не привело к послушному следованию правительственной политике. В этот период расхождения А. Букейхановым с кадетами возрастает.

Во-первых, политическое настроение в 1917 г. характеризовалось стремлением казахской нации к автономии, в общественном сознании политические идеалы свободы и самоопределения занимали ведущее место.

Во-вторых, на проходивших с марта по апрель 1917 г. областных казахских съездах выдвигались различные политические требования, которые показали независимость казахских национальных демократов от политического влияния кадетов: Тургайский и Уральский съезды высказывались за федеративную демократическую республику и отвергли ориентацию кадетов на установление конституционной монархии.

В-третьих, на Первом Всеказахском съезде, проходившем в г. Оренбурге с 21 по 28 июля 1917 г. произошло организационное оформление партии "Алаш". На этом же съезде были приняты решения по 14 вопросам, в том числе таким ключевым, как форма государственного устройства России (парламентская федеративная республика), автономия казахских областей, землеустройство казахского населения, отношение к религии, вопрос о положении казахской женщины, подготовка выборов в Учредительное собрание.

Культурная элита стала в тот момент лидером нации в деле агрегации интересов, их согласования посредством дискуссий и установления между ними иерархии приоритетов. Задача облегчалась накопленным политическим опытом предшествующего десятилетия. Сама постановка вопросов раскрывает способность культурной элиты того времени быть открытой демократическим взглядам Европы и России, реагировать на назревшие острые социальные, политические, культурные, экономические и аграрные проблемы [3]. Либерально-демократические взгляды были соединены с необходимостью их приложения к конкретным условиям и специфике Казахстана. Была поставлена задача сближения и консолидации интересов различных групп казахского общества, разъяснение смысла предпринимаемых предложений и действий путем пропаганды и агитации.

Проект программы партии "Алаш", опубликованный перед выборами в Учредительное собрание России, ставил в качестве первоочередных задач всеобщее избирательное право, пропорциональное национальное представительство, демократическую Российскую федеративную республику с президентом и законодательной Думой, равенство автономий, входящих в состав России, демократические свободы, отделение церкви от государства, равноправие языков и др. В ноябре 1917 г. на выборах в Учредительное собрание партия "Алаш" получила большинство голосов и 43 депутатских места. По количеству голосов, полученных на выборах в Учредительное собрание (262404 голоса), "Алаш" занимала 8 место среди полусотни партий, существовавших в России накануне Октябрьской революции [5]. На Втором общеказахском съезде в декабре 1917 г. был сформирован Всеказахский временный народный совет "Алаш-Орда" (фактически, правительство автономии казахских земель "Алаш"), задачей которого была подготовка провозглашения автономии "Алаш" с последующим утверждением ее конституции Всероссийским Учредительным собранием.

На Западе Казахстана действовало Западное отделение "Алаш-Орды", на Севере и Востоке – наряду с партией "Алаш" действовала партия "Уш жуз", на Юге – одни и те же казахские деятели входили и в "Алаш" и в "Шура-и-Ислами".

Сторонники радикального подхода к назревшим социальным проблемам, в том числе решению земельного вопроса, вопроса о бесправии женщин, продолжая линию журнала "Айкап", связывали национальную самостоятельность с удовлетворением интересов малоимущих и неимущих слоев.

Присоединение к большевизму было закономерным следствием размежевания и поляризации между основными политическими силами в ходе гражданской войны: логика жесткого военно-политического противостояния приводила к альянсу и поглощению слабых политических групп и партий сильными и мощными партиями и движениями. Лица, не разделявшие воззрения "Алаш-Орды" неизбежно восприняли главные идеи, формы публичной деятельности, способы организации, символы и лозунги большевистской партии, поскольку действовал механизм имитирования.

Казахская культурная элита уже в 1917 году четко осознавала коренное различие своих национальных интересов от интересов и взглядов либералов России, оказалась способной адекватно выражать и отстаивать интересы своего народа. Лидеры подлинной казахской элиты стремились достичь независимости казахов законным, конституционным путем, посредством политической борьбы. Они были принципиально против насилия и кровопролития. Отвергая насилие, алашевцы выступали против диктатуры одного класса над другими, были несогласны с большевиками по вопросу о классово-репрессивной природе государства как орудия классового угнетения. В этом смысле алашевцы солидаризовались с социалистами-демократами России, считавшими, что в демократическом обществе возможна гармонизация интересов различных классов в рамках правового государства.

Литература

1. Букейханов А. Киргизы// Формы национального движения в современных государствах (Под ред. А.И. Костелянского). Спб, 1910. С.599.
2. Сафаров Г. Колониальная революция (Опыт Туркестана). – Алматы, 1996. С.88.
3. К.Нурпейсов. "Они боролись за независимость Казахстана...: Казахстанская правда.12 августа 1997 г. – С.5.
4. Григорьев В.К. Противостояние (Большевики и непролетарские партии в Казахстане 1917-1920 гг.). – Алма-Ата, 1989. С. 114-115.
5. Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М., 1994. С.100, 117.).

УДК: 379.85

А.К. Бялова

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, dos.73ss@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Туризм Қазақстанда нарықтық қатынастарды қалыптастыруда көптеген аспектілердің жетекшісі болып табылады. Халықаралық және отандық тәжірибе көрсеткендей, туризм қысқа мерзім ішінде экономиканың ең табысты саласына айналуы мүмкін. Туризмнің маңызы жылдан-жылға өсуде, оның халықаралық байланыста және валюталық түсім көз ретінде маңызы артуда. Елдердің шикізат көзі азаяды, ал туристік индустрия қалпына келетін ресурстармен жұмыс істейді [1]. Туризмнің басқа да салаларға тигізетін әсері мол, оның 32 салаға жанама ықпалы бар (турфирмалар, көлік түрлері, мейрамхана кешендері, демалыс үйлері, санаториялар, ұлттық парктер, тамақтану сферасы, және т.б.). Бұл дегеніміз – әлемдік өндірісте әр 9 адамның жұмыс орны деуге болады.

Туризм индустриясының мемлекеттік бюджетке түсіретін валюталық түсімі орта және шағын бизнеске көмегі, тауар мен қызмет көрсету нарығы арқылы аймақтардың экономикасының дамуына ықпалы өте зор. Сонымен қатар, туризмнің қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық дамуы келесі көрсеткіштермен сипатталады. Ішкі және халықаралық туризмнің жалпы шығыны әлемдік ұлттық ішкі өнімнің 12%-ін құрайды, жыл сайын 1,5млрд. ішкі және халықаралық саяхаттау тіркелді.

Әлемдік экономикада туризмнің рөлі күннен күнге өсуде. Жоғарғы табысты, ірі және динамикалық сала болып отыр, ол өз кезегінде тек мұнай өндіру мен өңдеу саласынан ғана табыстылық деңгейінен артта қалады [2,4].

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес 5 кластер анықталды. Даму кластерлері Астана, Алматы, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстанда орналасады.

Шығыс Қазақстан экологиялық туризм орталығы, Алматы – тау туризмі, сонымен қатар Астана және Алматы іскерлік туризмнің көзі болып табылады Оңтүстік Қазақстанның территориясы мәдени туризмнің даму орталығы, Шығыс Қазақстан – мәдени және «жағажай» туризмнің орыны. Курорттық аймақты құру кезінде капиталдық шығындардың 3 элементі ескеріледі:

- сыртқы магистралдық инфрақұрылым;
- ішкі инженерлік және туристік инфрақұрылым;
- коммерциялық объектілер.

2019 жылы елде 1 994 туристік ұйым жұмыс істеді, оларға 641,3 мың адам қызмет көрсетті. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,7%-ға артық (2018 жылы 630,6 мың адам) және 2017 жылғы көрсеткіштен 32,1%-ға артық (485,6 мың адам). Туристік қызметтің құрылымында ішкі туризм 31,5 %-ды, келу туризмі – 4,7%-ды, шығу туризмі – 63,8%-ды құрады.

2020 жылдың қаңтар-қыркүйегінде елімізде 1 705 туристік ұйым жұмыс істеді, олар 424,7 мың адамға қызмет көрсетті. Бұл 2019 жылдың тиісті кезеңінің көрсеткішінен 16,3%-ға төмен. Көрсетілетін туристік қызмет құрылымында ішкі туризм 44,4%-ды, келу туризмі – 2,3%-ды, шығу туризмі – 53,3%-ды құрады. Егер осы көрсеткіштерді 2019 жылдың қаңтар-қыркүйегінің деректерімен салыстырсақ, онда туристерге қызмет көрсетудің жалпы құрылымында шығу туризмі үлесінің 8%-ға және келу туризмі 2,3%-ға дейін азайғаны, ішкі туризмнің 10,3%-ға артқаны байқалады [3-4].

Дүниежүзілік экономикалық форумның нәтижесі бойынша Әлем елдерінің рейтингінде бәсекеге қабілеттік индексі бойынша 2019 жылы туризм және сапарлар (Travel and Tourism Competitiveness Index 2019).

Туризмді дамытудың негізгі экономикалық көрсеткіштерінің өзгерісін талдай келе, қазақстандық туризмнің әлеуеті толық іске асырылмай отыр деген қорытындыға келуге болады, өйткені туристік саланы дамыту көліктік-логистикалық жүйенің қажетті инфрақұрылымын қамтитын, оның ішінде туристік көрсетілетін қызметтерге қазақстандық және шетелдік азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кең мүмкіндікті қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы (автомобильдік, авиациялық, теміржол) арқылы өткізу пункттерін реконструкциялауды ескере отырып, қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті туристік кешенді құруға тікелей байланысты. Туристік кешенді құру бюджетке салықтық түсімдер, шетелдік валюта ағыны, жұмыс орындары санының өсуі есебінен еліміздің экономикасының дамуына да едәуір үлес қосады, сондай-ақ мәдени және табиғи мұраның сақталуына және оңтайлы пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етеді.

Туризмді мемлекеттік қолдау саланы орнықты дамытудың қажетті шарты болып табылады. Халықаралық тәжірибе мемлекеттің туристік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасауға, жеке инвесторларды тартуға, туристік индустрия субъектілерінің қызметі үшін қолайлы экономикалық жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға бағытталған белсенді саясаты туристік саланың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алуына мүмкіндік беретіндігін көрсетіп отыр. Сондай-ақ, әлемдік тәжірибе туризмді белсенді дамытатын елдер өз азаматтарын сапалы туристік көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ете отырып, біршама бюджеттік қаражатты ұлттық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға жұмсайтынын айғақтап отыр.

Республикада туризмді жеделдетіп дамытуға қиындық келтіретін негізгі себептерге мыналар жатады:

- туризм орындарындағы инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, туристік объектілерге жетудің қиындығы, туристер демалатын жерлердегі қызмет көрсету деңгейінің жоғары болмауы, жол бойы инфрақұрылымы объектілерінің сервис сапасының және санының жеткіліксіздігі;

- туризм саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі – оның ішінде білімнің академиялық сипаты, білім бағдарламаларының еңбек нарығының талаптарынан, өндірістердің қажеттіліктерінен, жұмыс берушілердің күтуінен біршама алшақтығы және т.б.;

– орналастыру орындарын айқындаудың, сондай-ақ орналастыру орындарының белгілі бір түріне қолданылатын стандарттардың болмауы, заңнамада жұмыскерлер мен жұмыс берушілерге қатысты қолданылатын әлеуметтік туризмді реттеу қағидаларының болмауы (туристік сертификаттар жүйесінің болмауы), туристік саланы салықтық ынталандыру шараларының болмауы бөлігінде туризм индустриясы мен қонақ үй бизнесін нормативтік реттеудің жеткіліксіз деңгейі;

– туристік бизнесті дамыту үшін ықтимал кедергілер, оның ішінде әкімшілік кедергілердің болуы бұдан әрі жетілдіруді талап ететін, мемлекеттік қолдау құралдарының болуы [4,5].

– Қазақстанда 400-ден астам туристік фирмалар қызмет етеді, 80 елдің туристік фирмаларымен келісім жасаған. Туризмнің дамыған аймақтары – Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстары, сондай-ақ Алматы және Астана қалалары. Осы облыстардың және қалалардың туристік фирмалары қызмет көрсетудің 88%-ін құрайды. Қазақстаннан туристердің мейлінше көп баратын елдері: Ресей, Қытай, Германия, Корея, Польша, Турция, БАЭ. Ал біздің елге келетін туристердің елдері: Ресей, Қытай, Германия, Пакистан, Польша және Турция.

Қазақстанда туризмді дамытудың маңызды алғы шарттарының қатарына күзетілетін табиғи объектілер және аң шаруашылықтары жатады. Бүгінгі таңда Республикамызда 7 мемлекеттік қорық бар, әрине, олар КСРО кезінде құрылған болатын.

Қазіргі таңда Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей сияқты көрші мемлекеттер Қазақстанды туристік көрсеткіштер бойынша артта қалдыруда. Қырғызстан мен Өзбекстанның артықшылықтары туризм бұл елдерде басымды мемлекеттік саясат болып табылады. Бюджеттен тікелей субсидиялар, өкілетті органдардың жоғары мәртебесі, салық салудағы жеңілдіктер. Сонымен қатар туризмді дамытудың басты жолы – жарнама.

Туристер үшін Қазақстанда 700 саяхат бағыттары ұсынылады. Сонымен қатар, 32876 орны бар әр түрлі категориядағы 372 қонақ үйлер жұмыс істейді. Алматыда 4950 орны бар 25 қонақ үй бар. Туристік қызметтердің баламалы рыногын көрші елдер ұсынып отыр, мұндағы Қазақстан Республикасындағы келесі факторлар нәтижесінде ұтылып отыр :

Біріншіден, шетел азаматтары үшін визаның қымбаттылығы және келу визаларын тіркеу процедурасы.

Екіншіден, турфирмалардан алынатын жоғары салық қойылымдары.

Үшіншіден, кедендік процедуралардың күрделілігі.

Төртіншіден, теңізге шығатын жолдың жоқтығы және елдің туризм объектісінің территориялық алшақтығы.

Бесіншіден, Үкімет басындағылардың экономикалық дағдарысты себеп қылып ақша қаражаттарын туризмге салмауы. Шетел азаматтары үшін виза мәселесін жеңілдету мақсатында Қазақстан Республикасының Шетел іс Министрлігі, туризм және спорт агенттігі, Ішкі Істер Министрлігі бірігіп, виза процедурасын жеңілдету бойынша эксперимент жүргізу туралы шешім қабылдады.

Тұтынушылардың қажеттіліктерін білу ең маңызды мәселе екені бәріне түсінікті. Осының мақсатында туристік фирмалар маркетингтік зерттеулер жүргізеді. Маркетингтік зерттеулердің негізгі бағыттары болып рыноктың сыйымдылығы мен конъюктурасы, тұтынушылары, бәсекелестер, жабдықтаушылар, делдалдар, өнім табылады. Туристік кәсіпорын маркетингі көптеген факторлар әсеріне байланысты (экономикалық, табиғи, әлеуметтік – мәдени және т.б.). Кәсіпорын маркетингі практикасындағы факторлар мен оларды қолданудағы күрделі өзгерістерді қарастыру керек. Мысалға, қазіргі кезде көптеген елдер бос уақытын спорт пен демалысқа кетіруге тырысады, туристік фирма іс-әрекетіне бейімделуге және туризм сферасындағы т.б. даму беталысын көрсету міндеті болып табылатын туристік маркетингті дамыту үшін жаңа перспективаларға жол ашады. Мысалы, Қазақстан Республикасында негізінен спорт, жүзу, аң аулау саласына бағытталған. Ғылым мен техниканың дамуы туристік қызметтің массалық өндірісінің құралдарын жетілдіруге мүмкіндік береді. Туризм индустриясындағы туристік маркетингке компьютерлік техниканы енгізу керек.

Туристік аймақтың тартымдылығын анықтайтын факторларға келесілерді жатқызуға болады:

- 1) аймақтың қолайлығы;
- 2) табиғаты және климаты;
- 3) келушілерге тұрғылықты халықтың қатынасы;
- 4) аймақтың инфрақұрылымы;
- 5) бөлшек сауда жағдайы;
- 6) баға деңгейі;
- 7) спорттық және білім беру мүмкіншіліктері;

8) мәдени және әлеуметтік сипаттар.

Қазақстан туризм саласына SWOT талдау жүргізетін болсақ, МЖМ алаңы – яғни, Қазақстан матрицада көрсетілген мықты жақтарын қолданып, туып отырған мүмкіндіктерді жіберіп алмауы тиіс. ҚР туристік ел ретіндегі басқа елдерге қарағандағы бәсекелестік артықшылығы геосаяси жағынан өте ыңғайлы жерде орналасуы, туристік рекреациялық зоналардың, ландшафтардың, флора мен фаунаның алуан түрлігі, саяси тұрақтылығы, ілгері экономикалық дамуы, территориясында тарихи ескерткіштердің мол болуы және Ұлы Жібек Жолының бойымен орналасуы болып табылады. Аталып кеткен мықты жақтар Қазақстанда туризм саласының үлкен потенциалы бар екеніне көзімізді жеткізеді және соның әсерінен еліміздің алдында бірқатар мүмкіндіктер туғызады. Олар SWOT матрицасында келтірілген. Енді біздің мақсатымыз аталған мықты жақтарды пайдаланып, туып отырған мүмкіндіктерді жүзеге асыруға қол жеткізетін стратегия бойынша туризм саласын дамытамыз. Сонымен қатар, туристік саланы мүлдем артқа қарай шегіндіріп тастай алатын бірқатар қауіптер де төніп тұр. Олар қатарына экология нашарлауы, саяси тұрақсыздық, экономикалық тұрақсыздық жатады. Аталған қауіптердің алдын алу үшін біз өзіміздің мықты жақтарымызды қолданып, олардың мүлдем көзін жоятын стратегия бойынша қызметті жүзеге асыру қажет. Бұл жағдай SWOT матрицасының МЖҚ алаңында туып отыр.

МЫҚТЫ ЖАҚТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР – МЖМ МЫҚТЫ ЖАҚТАР МЕН ҚАУІПТЕР – МЖҚ.

Әлсіз жақтар

1. Әлсіз инфрақұрылым;
2. Қазақстан жөнінде потенциалды туристерде ақпараттың аздығы;
3. Көрсетілетін қызметтердің сәйкес деңгейде болмауы;
4. Туризм саласында Қазақстан мамандарының тәжірибесінің аздығы.

Қазақстан өзінің туристік өнімімен халықаралық нарыққа шыққанына көп уақыт болған жоқ.

Сол себептен, қазақстандық туристік өнімі өмір сүру шеңберінде енгізу кезеңінде тұр. Бұл кезеңде маркетинг шараларын өте белсенді түрде қолдану керек, дәлірек айтсақ, туристік өнімі жайлы әлуетті туристерді ақпараттандыру деңгейін көтеру керек, яғни Қазақстан туризм үшін өте қолайлы жер деген ойды тұтынушылар санасында жайғастырып, туристік өнімнің имиджін құруымыз қажет. Ішкі туризмнің тұтынушылары болып табылатын республикамыздың азаматтарының да қазақстандық туристік өнім жайлы ақпараттану деңгейі жоғары емес. Қазіргі таңда алыс шетелге шығуға мүмкіндігі жоқ, бірақ көршілес елдерге туристік сапармен баруға жағдайлары келетін халық үлесі елеулі болып отыр. Осы тұтынушылардың өзіміздің туристік өнімізге қызығушылықтарын арттырып, тартып алуымызға қазіргі таңда өте қолайлы жағдай туып отыр. Көршілес мемлекеттерде саяси жағдайдың тұрақсыздығы біздің ішкі туризм көрсеткіштеріне оң әсерін тигізе алады. Сондықтан, қазіргі уақытта туристік ел ішінде белсенді түрде дәріптеуіміз қажет болады. Сонымен қатар шетелдік партнерлар ақпарат көзі болуы мүмкін. Олар бәсекелестер жіберген туристік көлемі қандай екенін және олар қандай қаладан келгендігі, қандай қосымша қызметтермен пайдаланғандағы жайлы ақпарат беруі мүмкін.

Бәсекелестер туралы ақпарат жиналып, талданып есеп түрінде туристік фирма басшылығына беріледі. Өйткені, туристік фирмалардың мақсаты бәсекелестерге қарағанда жақсырақ жұмыс жасау болып табылады, олар бәсекелестерінің кемшіліктерін табу арқылы өзінің жұмысында оларды болдырмауға тырысуы қажет. Бәсекелестерге қатысты тур фирмалардың белгілі бір стратегия, бағалық саясат және маркетинг кешенінің бір құралы қолданылады.

Қазақстан Республикасындағы туристік кәсіпорынның маркетингтік іс-әрекетін талдау. Қазіргі уақыт немесе кеңейтілген маркетинг категориясында кәсіпорынның сыртқы ортамен өзара әрекет ету жүйесі ретінде қарастыра отырып, осы ортада кәсіпорынның тұрақты жағдайын қолдауға бағытталған зерттеу процесіне негізделі отырып, кәсіпорындарда маркетинг жүйесінің қалыптасуы сипаты зерттеледі.

Рыноктың қатынастарға өту кезіндегі маркетингті ұйымдастыру процесіне сыртқы ортаның өзгерістері, соның ішінде заң шығару базасының жетілдірілуі айтарлықтай ықпал етеді. Сыртқы ортаның қалыптасқан факторлары жағдайын талдау отандық кәсіпорындарда маркетинг жүйесін ұйымдастыруды қаржыландырудың жетімсіздігін объективті анықтайды. Бұл осы іскерлікте тәжірибе тапшылығымен қатар нарық шарттарында білікті жұмысты қамтамасыз ету үшін қажет маркетинг жүйесінің ресурстың әлуетті элементтерінің барлық түрлерінің (кадрлық, қаржылық, техникалық, әдістемелік және т. б.) жеткіліксіздігіне әкеледі [5].

Әрбір туристік фирмаға қандай елге саяхаттарды ұйымдастыру, қандай түрімен және қызметтердің қандай түрімен туристік пакетті толықтыру керектігін өзі шешуге тура келеді.

Стратегиялық шешімдер қабылдағанда туристік фирмаларға рыноктың қажеттіліктері мен түріне сүйенеді. Тұтынушылардың қажеттіліктерін білу ең маңызды мәселе екенін бәріне түсінікті. Осының мақсатында туристік фирмалар маркетингтік зерттеулер жүргізеді. Маркетингтік зерттеулердің негізгі бағыттары болып нарықтың сыйымдылығы мен конъюнктурасы, тұтынушылары, бәсекелестер, жабдықтаушылар, делдалдар, өнім табылады. Туристік кәсіпорын маркетингі көптеген факторлар әсеріне байланысты (экономикалық, табиғи, элеуметтік – мәдени және т.б.). Кәсіпорын маркетингі практикасындағы факторлар мен оларды қоладанудағы күрделі өзгерістерді қарастыру керек. Мысалға, қазіргі кезде көптеген елдер бос уақытын спорт пен демалысқа кетіруге тырысады, туристік фирма іс-әрекетіне бейімделуге және туризм сферасындағы т.б. даму беталысын көрстеу міндеті болып табылатын туристік маркетингі дамыту үшін жаңа перспективаларға жол ашады. Мысалы, Қазақстан Республикасында негізінен спорт, жүзу, аң аулау саласына бағытталған. Ғылым мен техниканың дамуы туристік қызметтің массалық өндірісінің құралдарын жетілдіруге мүмкіндік береді. Туризм индустриясындағы туристік маркетингке компьютерлік техниканы енгізу керек. Туристік фирмалардың қызметін жетілдіру үшін туристік фирмаларға тек қана маркетингпен айналысатын бөлімдер ашу қажет. Бұл маркетингтік бөлімдердің қызметтері келесідей болуы тиіс:

1. Бәсекелестерді зерттеу;
2. Агенттік торапшен жұмыс істеу;
3. Арнайы көрмелер мен кездесулерге қатысу;
4. Презентацияларды ұйымдастыру;
5. Ұйымдарға демеушілік көмек көрсету;
6. Оперативті маркетинг;
7. Жарнамалық әрекет.

Бәсекелестерді зерттеу мақсатында маркетингтік бөлімнің қызметкерлері тұрақты негізде БАҚ-мониторинг, өзінің агенттерінен және кәсіби көрмелерде ақпарат, бәсекелестердің қызметімен байланысты мәліметтер жинауы қажет. Бәсекелестердің каталогтары, және ондағы тарифтер зерттелуі тиіс. Бұл каталогтардан олардың тарифтері қандай, олар қандай отельдер ұсынады, туристік пакет қандай қызметтерден тұратынын білуі тиіс.

Әдебиеттер

1. ҚР Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Егемен Қазақстан, – 01 қыркүйек 2021 жыл.
2. Портер М. Конкуренция. – М.:Издательский дом «Вильямс», 2018.
3. Всемирный экономический форум: Рейтинг глобальной конкурентоспособности стран мира, 2019 г.
4. Информационно-аналитический журнал «Рынок и конкуренция» за 2019, 2020 гг.(Казахстан).
5. Материалы Агентства РК по защите конкуренции (Антимонопольное агентство)М.Б.Бисенғазиев, А.Ш.Хамитов – «Кәсіпкерлік негіздері», Орал, 2018.

ӘОЖ: 32: 93/99 (1)

Қ.А. Шолпанқұлова

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, karlugash-21.10.80@mail.ru

БАТЫС ПЕН ШЫҒЫСТЫ БАЙЛАНЫСТЫРУДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ РӨЛІ

«Ұлы Жібек Жолы» – Жерорта теңізінен Қытайға дейін Евразияны көктей өтіп жатқан керуен жолдарының тоғысқан тоқсан торабы, ол сонау ежелгі дәуірдегі орта ғасырдағы осы аймақтардың сауда және мәдени байланыстарының тұсауын кескен аса маңызды қатынас жолы. Жалпы адамзат тарихы бойынша Шығыс пен Батыс халықтарының арасында қалыптасқан бейбіт қарым – қатынас сырын жан-жақты зерттеп білу қазіргі таңдағы мәдениетті өркендетуде маңызы зор. Осы тұрғыдан алғанда Жібек жолын көктей өтетін елдердің ғылыми және мәдени топтарының өзара пікір алысуына, мемлекеттер арасында мәмілеге келу байланыстарын орнатуға әсер ететін өзекті мәселе.

Бүгінгі күні осы жол бойындағы жатқан халықтардың өзара пікір алысуды қайта жаңғырту қажет екендігін ұғынуына, өзара түсінісудің, қатынасының және өркениетті бірлесе байытудың қолдағы тарихи мән маңызы бар мүмкіндіктерін пайдалануына септігін тигізу.

Жібек Жолы б.з.д III ғасырда сауда магистралі ретінде пайда болып, XVI ғасырға дейін қызмет етті. Жібек Жолының бойында орналасқан көне қалалар бірталай соғыс, өрт, аштық, апат-ойрандардың куәсі болды.

Ұлы Жібек Жолы арқылы тек сауда жүйесі дамып қана қоймай, Шығыс пен Батыс өркениеті тоғысып, мәдениет және дипломатиялық қарым-қатынас орнады. VI-VII ғасырларда Қытайдан бастау алған керуен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан даласын кесіп өтетін. Отырар, Тараз, Сайрам (Испиджаб), Түркістан (Яссы), Суяб, Баласағұн т.с.с көне қалалар тек сауда ғана емес, мәдениет және ғылым орталықтары болды.

Жібек жолы арқылы тауарлармен қатар ортағасырлық өнер: сәулет, мәдениет, әуен мен би өнері, көркем қойылымдар да жан-жаққа таралған. Иран, соғды, түрік бишілері мен әртістері Қытай хореографиялық мәдениетіне зор үлес қосқан. Ұлы Жібек жолы бойымен дін өкілдері де өз уағыздарын шет елдерге таратқан. Бүкіл Орта Азия мен Шығыс Түркістан арқылы Үндістаннан, Қытай, Корей, Жапон халықтарына будда, ал Сирия, Иран, Арабия елдеріне христиан діндері енген [1].

Еуропа мен Азияны, Шығыс пен Батысты ұштастырған бұл жол түрлі мәдениеттің дамуына ықпал етіп, алыс-жақын елдердің өзара қарым-қатынас жасауына өте қолайлы еді. Қазақ даласында өмір сүрген сол замандағы отырықшы қала тұрғындары мен көшпелі тайпалар адамзат мәдениетінің дамуына әсерін тигізген. Халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсарып, білім деңгейлері көтерілді. Саусағынан өнер тамған қолөнер шеберлері өздерінің таңғажайып туындыларын дүниеге әкелді.

Ұлы Жібек жолы туралы айтқанда оның Қазақстан жері үшін аса маңызды болғанын есте ұстау керек. Өйткені қалыптасқан таптауырын бойынша еуразиялық Дала аймағы «варвар» көшпелілерден басқа мәдени үрдістерді басынан өткізбеген. Бірақ шын мәнісінде бұл жерде көшпелі түрік тайпалары мен отырықшы халықтар ежелден қалыптастырған төл мәдениет өркендеген болатын. Тарихшылар оның үстіне этникалық жағынан алғанда көшпелілер де, отырықшы тұрғындар да туыстас немесе біркелкі этникалық-саяси қауымға бірлескен тайпалар еді дейді. «Отырықшылар (жатақтар) мен көшпелілердің өз мәдениеттерінің бір-біріне өзара әсер етуі мен байытып отыруы дүние жүзілік өркениеттің қызыл арқауы – күретамыры болды. Қазақстан мен Орта Азия халықтарының бір-біріне осылайша кірігуі, сондай-ақ олардың жерінде тұратын халықтардың дәстүр-салтының үйлесімділігі өркениеттік көп жетістіктердің бастауы болды. Мәселен, біздің дәуірімізге дейінгі VI-III ғасырларда бұл жерлерді көшпелі және жартылай сақтар мекендеді, ал көптеген қорғандардағы қабірлерден, оның ішінде Бесшатыр, Есік, Түгіскен қабірлерінің табылған қазбалар бойынша олардың мәдениеті жоғары болғаны баршаға мәлім. Сол кездің өзінде-ақ сақтардың Қытаймен, Үндімен, Таяу және Орта Шығыспен байланысы болған. Бұған сақ шонжарларының қабірлерінен табылған қытай айналары, Орта Азия мен Ираннан әкелінген аса көркем безендірілген шетелдік бұйымдар да куә бола алады. Қам кесектен (өңделмеген кірпіштен) салынған Түгіскендегі сәулетті де берік үй-там (мазар) құрылысы оған шетелдік шеберлер қатыстырылған болуы керек деген ойға келтіреді. Біздің дәуірімізге дейінгі II және I мыңжылдықтың орта шенінде үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері өмір сүріп, Жібек жолы жұмыс істеп тұрған кезде мұнда римдік әйнектер мен теңгелер (монеталар), қытай жібегі мен айналары, сырлы ыдыстар, еуропалық қарсы ілгектер (фибула) мен Сасанид Иранынан әр түрлі мөр-тастар жеткізіліп тұрған.

Ұлы Жібек жолы мәдениетінен шығатын бір қорытынды аграрлық өркениеттегі қала мен оның маңайындағы жер өңдеушілер мен бақташылардың арақатынасындағы көптүрліліктің жасампаздық сипатымен байланысты. Кезінде А. Тойнби атап өткендей, кез келген мәдени құрылымда шығармашыл немесе басқарушы элита, ішкі және сыртқы пролетариат бар. Ұлы Жібек жолы мәдениетінің элитасына отырықшы империялардағы билеуші топтармен қатар, Іле, Шу, Талас және Сырдария алқаптарында қала орталықтары, дихандардың алғашқы тектері орналасқан елді мекендердегі көшпелі-отырықшылардың тұлғалары да жатты. Солардың көпшілігі туралы деректер қазір Тянь-Шань тауы етегінен, Арыс өзені мен Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы алқаптардан ашылып отыр. Бұл жерде Ислам Ренессансы өкілдерімен қатар, қолдары алтын зергерлер мен құмырашыларды, әскербасыларды, діни қайраткерлерді айтсақ та жеткілікті.

Ұлы Жібек жолы осы кезде жанданып, Орталық Азия қалаларындағы жоғары мәдениеттің өркендеуінде маңызды рөл атқарады. «Жетісуда ол талай қалалардың орталық негізі қалануына мұрындық болып, Қазақстанның оңтүстігінде тікелей осы жолдың ұзына-бойында тұрған немесе онымен сауда сораптарымен байланысып жатқан қалалардың тез өсіп, өркендеуіне септігін тигізді. Бұл жерде осындай қалалардың қаулап өсуінің өзі К. Маркстің керуен жолы Шығыс қалаларының гүлденуінде айрықша рөл атқарды деген ойын одан әрі айқындай түседі».

Ұлы Жібек жолы мәдениетінің бастапқы кезеңінде, I мыңжылдықтың алғашқы жартысында, Орталық Азияда оншақты қалалардың ғана аттары аталса, Тан империясы мен Ислам Ренессансы уақытында, VIII-XII ғасырларда бұл өңірде болған саяхатшылар жүздеген мәдениет орталықтары туралы дерек береді, мысалы Сюань Цзян Жетісудың өзінде осындай ондаған қалалар бар екені жөнінде хабарлайды. Марко Поло, Ұлы Жібек жолы әрекет етіп тұрғанда Орталық Азияда болған сирек саяхатшының бірі, моңғолдар шапқыншылығынан кейін бұл жердегі қалалық мәдениет титықтатып, күйдіруге жеткізгенімен, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Ұлы Жібек жолынан керуен арылған жоқ дейді.

Жібек жолы II-V ғасырларда, егер Шығыстан бастасақ Чаньниден басталып, Ланчжоу ауданындағы Хуанхэ өткеліне беттейді, одан әрі Нан-Шаньның солтүстік сілемдерін қуалай Ұлы Қытай қорғанының батыс беткейіне және «Яшмо қақпалары заставасына» жетеді. Ол жерде жалғыз жол Такла-Макан шөлін солтүстігі мен оңтүстігінен орап өтіп, үшке айрылады. Солтүстік тармағы Хами, Турфан, Бесбалық, Шихо алқаптары арқылы Іле өзені бойына жетеді, ортаңғы жол тармағы Чаочаннан Қарашәрге, Ақсуға және Ыстық көлдің оңтүстік жағалауына жетеді, оңтүстіктегі тармағы Дунхан, Хотон, Яркент арқылы Бактрияға, Үнді мен, Жерорта теңізіне жетіп, «Оңтүстік жолы» аталады. «Солтүстік жолы» Қашқардан Ферғанаға, ал одан әрі Самарқан, Бұхара, Мерв арқылы Хамадан Сирияға жетеді [2].

Қытайдан Батысқа Ферғананың үстінен өтіп баратын бұрынғы қысқа да қолайлы жолға қарағанда Жетісу мен оңтүстік Қазақстан арқылы өтетін жаңа жол VI-VII ғасырларда барынша жандана түсті.

Біріншіден, Жетісуда Орта Азия арқылы өтетін сауда жолдарын қадағалап отыратын түрік қағандары отырды. Екіншіден, Ферғанадан өтетін жол VII ғасырдағы өзара қырқысулар салдарынан қауіпті жолға айналды. Үшіншіден, түріктің ауқатты қағандары мен олардың жанпеліндегілер теңіздің арғы бетінен әкелінетін тауарларға құштар ірі тұтынушыларға айналды. Сөйтіп бұл жол бас жолға айналды да VIII-XIV ғасырлардағы елшілер мен сауда керуендері негізінен осы жолмен ғана өтіп жүрді. Алайда Жібек жолының бұл бағыты да толық өзгеріссіз қала алмады. Жүздеген жылдар көлемінде оның анау, не мынау бөлігі, не жекелеген тармақтары жанданып, жоғарырақ мәнге ие болды. Ал кейбіреулері, керісінше, мәнін жойып, жоғалып кетті де олардың бойындағы қалалар мен сауда бекеттері құлдырай бастады. Сөйтіп, VI-VIII ғасырларда негізгі жол сорабы Сирия – Иран – Орта Азия – Оңтүстік Қазақстан – Талас алқабы – ШУ алқабы – Ыстықкөл қазан-шұңқыры-Шығыс Түркістан арқылы таратылды. Бұл жолдың тармақталған бір бұтағы, дәлірек айтқанда тағы бір жол Византиядан Дербент арқылы шығып, Каспий жағалауын – Маңғыстауды – Арал жағалауын – Оңтүстік Қазақстанды кесіп өтіп, жоғары аталған негізгі жолға келіп қосылды [3].

Батыс Түркі қағанаты Византиямен сауда-дипломатиялық одақ келісім жасасқан кезде бұл жол олардың қарсыласы Сасанидтік Иранды айналып өтті. Дегенмен IX-XII ғасырларда Орта Азия, Орта және Таяу Шығыс, Кіші Азия арқылы Сирияға, Египет пен Византияға баратын жолға қарағанда бұл жол тиімсіздеу пайдаланылды.

Жібек жолы шеңберіне ену қарсаңында Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу қандай жағдайда еді дегенге келсек: Бұл жерде көшпелі түрік тайпалары мен отырықшы халықтар ежелден қалыптастырған төл мәдениет өркендеген болатын. Оның үстіне этникалық жағынан алғанда көшпенділер де, отырықшы тұрғындар да туыстас немесе біркелкі этникалық саяси қауымға бірлескен тайпалар еді. Отырықшылар (жатақтар) мен көшпенділердің өз мәдениеттерінің бір-біріне өзара әсер етуі мен байытып отыруы дүниежүзілік өркениеттің қызыл арқау-күретамыры болды. Қазақстан мен Орта Азия халықтарының бір-біріне осылайша кірігуі, сондай-ақ олардың жерінде тұратын халықтардың дәстүр-салтының үйлесімділігі өркениеттік көп жетістіктердің бастауы болды. Мәселен, біздің дәуірімізге дейінгі VI-III ғасырларда бұл жерлерді көшпелі және жартылай сақтар мекендеді, ал көптеген қорғандарды қабірлерден, оның ішінде Бесшатыр, Есік, Түгіскен, Үйгәрәк қабірлерінен табылған қазбалар бойынша олардың мәдениеті жоғары болғаны баршаға мәлім. Сол кездің өзінде-ақ сақтардың Қытаймен, Үндімен, Таяу және Орта Шығыспен байланысы болған. Бұған сақ шонжарларының қабірлерінен табылған қытай айналары, Орта Азия мен Иранның әкелінен аса көркем безендірілген шетелдік бұйымдарда куә бола алады [4].

VI ғасырдың екінші жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан Кореядан Қара теңізге дейінгі ұлан – ғайыр алқапты алып жатқан ірі көшпелілер мемлекеті – Түрік қағанаты құрамына кірді. Жібек жолы осы кезде жанданып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы феодалдық мәдениеттің өркендеуінде маңызды роль атқарды. Жетісуда ол талай қалалардың орталық негізгі қалануына мұрындық болып, Қазақстанның оңтүстігінде тікелей осы жолдың ұзынна-бойында тұрған

немесе онымен сауда сораптарымен байланысып жатқан қалалардың тез өсіп, өркендеуіне септігін тигізді.

Өзара талас-тартыстар мен жортауыл-жорықтар, сондай-ақ Қытайда теңіз жолдарының игерілуі бұл жердегі қалалық мәдениетті титықтатып, күйдіруге жеткізгенге дейін, яғни ХІҮ ғасырға дейін Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін Жібек Жолынан кереуен арылған жоқ.

Батыстан Шығысқа қарай қозғалсақ, Жібек жолының қазақстандық бөлігінің сыр-сипаты, міне, мынадай еді. Жол Шаштан /Ташкенттен/ Турбат асуы арқылы Испиджабқа өтетін. Бұған дейін айтқанымыздай, Қытай сапарнамасында Испиджаб «Ақ өзендегі қала» аталды, ал ХІ ғасырда Махмуд Қашғаридің түсініктемесі бойынша «Испиджаб деп аталған Ақ қаланың (Ал-медина ал Байда) шын атауы-Сайрам». Оны Сарьям деп те атайды. Ежелгі қаланың осы атауы күні бүгінге дейін сақталып келеді. Шымкент іргесіндегі орта ғасырлық ірі қаланың қалдықтары қалған қалашық та /поселка/ осылай аталады. Оның орнында бұрын Жібек жолындағы ірі орталықтардың бірі болған. Түрлі елдердің саудагерлері осы жерге тоқтайтын, өйткені бұл қалада Бұхара, Самарқанд көпестерінің сауда құрылыстары /базарлар/ мен керуен – сарайлары болды, ал Испиджаб көпестері Мерв Балх, Бұхара мен Хорезм көпестерімен бірге Бағдаттағы Харб ибн Абдаллақ ал Балх рабадында өздерінің сауда-саттық орындарын ұстады. Испиджабтан сыртқа құлдар мен ақ маталар, қару-жарақ, қылыштар, мыс пен темір сатылатын.

Әдебиеттер

1. Зуев Ю.А. Китайские сведения о Суябе /Известия АН Каз.ССР.Серия истории, археологии и этнографии. Вып.3, 1960 г. – С.87-89.
2. Лубо – Лесниченко Е.И. Великий Шелковый путь. – С.372-373.
3. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. Соч. Т.П.4.2М 1963 г. – С.31
4. Байпақов К.М. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта ғасырдағы қалалық мәдениеті.-Алматы: 1986, – 9-92 б.
5. Горячев В.Д. Город золотого верблюда. – Фрунзе,1988 – С.62-68.
6. Байпақов К.М. Ерте Орта ғасырдағы Отырар қаласының кейбір тарихи этнографиялық мәселелері. 1985. – 68-65 б.

УДК: 72(574)

Н.А. Абуов, И.А. Костяной

КГУ «Школа-лицей «Дарын», г. Петропавловск, eskalibur_vtz@mail.ru

РАЗВИТИЕ АРХИТЕКТУРЫ ПЕТРОПАВЛОВСКА В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД

Города и их инфраструктура, архитектурный облик играют определяющую роль в истории мировой цивилизации, выступают базовой характеристикой любой цивилизации наряду с государством и культурой. Проблема изучения архитектуры городов является одной из наиболее сложных и актуальных в системе гуманитарных знаний. Объекты культурного и исторического наследия выступают важным активом современных городов, придавая им индивидуальность, определяя их лицо. Памятники градостроительства и архитектуры – это архитектурные ансамбли и комплексы, исторические центры, кварталы, площади, улицы, остатки древней планировки и застройки городов и других населенных пунктов; сооружения гражданской, жилой, промышленной, военной, культовой архитектуры, народного зодчества, а также связанные с ними произведения монументального, декоративно-прикладного и садово-паркового искусства, природные ландшафты.

В условиях развития суверенного Казахстана на первый план выдвигаются задачи национального возрождения его культуры, в том числе архитектуры. Происходящий в республике рост исторического сознания, поднимает значение и роль необходимости изучения культурного наследия прошлого. История Петропавловска запечатлена в различных архитектурных памятниках, которые представляют собой некую летопись, отличающуюся определенным уровнем сохранности. В современном понимании памятник архитектуры это своего рода основа для культуры того или иного народа, а не редкость в историческом понимании этого понятия. Каждый представитель своего народа не просто должен, а обязан знать свою историю.

В 1824 году Петропавловск стал окружным городом Омской области, а с 1 января 1839 года стал заштатным городом Ишимского уезда Тобольской губернии [1]. Активизация экономической жизни в середине XIX века способствовала количественному и качественному росту города. Все эти явления нашли заметное отражение в градостроительстве и архитектуре. В 1854 году Тобольским губернским правлением был определен городской архитектор. Первый генеральный план Петропавловска был разработан в 1858 году, однако он требовал значительной корректировки, и в 1861 году был утвержден новый линейный план застройки Петропавловска. По этому плану город располагался, в основном, в нагорной части и застраивался первоначально в южном и восточном направлении, предусматривалась застройка главной улицы города (ул. Пушкина) и нескольких параллельных ей.

В результате осуществления новых планов все больше исчезали следы оборонительного сооружения, и город приобретал градостроительные черты, свойственные большинству соседних городов. При этом выработывалась система размещения различных хозяйственных строений в зависимости от экономических условий. Наряду с типами зданий, известными ранее, в городе стали строить новые сооружения – провинциальные усадьбы богатых купцов.

Самоутверждение купечества, разночинцев и интеллигенции, начинающих играть ведущую роль в жизни общества «происходило под знаком подражания архитектурным сооружениям, в которых протекала жизнь сильных мира сего (царским дворцам и особнякам аристократии). Подражание уникальным дворцовым и общественным зданиям превратилось в массовое явление» [2]. Особенностью купеческих домов стало строительство своеобразных комплексов кирпичных строений включающих: жилой дом хозяина, конторские и складские помещения, конюшню.

Я считаю, что огромную роль в градостроительстве Петропавловска сыграло купечество и торговое население. В качестве примера можно привести несколько зданий, построенных купцами XIX века, расположенных по улице Конституции – усадьба купца Казанцева, магазин В.И. Черемисинова, дом купца Стрелова, дом Аркеля.

Усадьба купца Казанцева – здание второй половины XIX века, расположена по улице Конституции Казахстана, 4. Усадьба была построена на Вознесенском проспекте купцом первой гильдии Г.И. Казанцевым и использовалось под жилье. Рядом находился двухэтажный магазин, стоящий на углу улиц Пушкина и Вознесенского проспекта. Между двумя зданиями находились трехстворчатые ворота, служившие проездом во внутренний двор. К зданию примыкают двухэтажные лабазы. Дом представляет собой двухэтажное кирпичное здание. По фасадам проходит профилированный пояс, пилястры, оконные проемы обрамлены декоративными наличниками.

Магазин В.И. Черемисинова построен в 1895 год, расположен по улице Конституции Казахстана, 10. Здание построено в 1895 году. До 1917 года в здании был размещен мануфактурный магазин купца Черемисинова В.И. – председателя городской управы. Черемисинову В.И. дом достался по наследству от его дяди купца С.И. Хлебникова.

Торговое здание в плане прямоугольной формы и большими оконными проемами. Фасад украшен пилястрами, завершенными капителями, парапетными элементами, выложенными из кирпича и оштукатуренными. Особый интерес представляет купольное завершение крыши в центральной части здания, которое совершенно не отражено во внутреннем интерьере, и применено, видимо, только в декоративных целях. Потолок выполнен в виде цилиндрических сводов, опирающихся на металлические балки [3].

В этих зданиях было стремление придать максимальную выразительность, что привело к преобразению городской застройки, заполнению пространства разными стилями – эклектизму. В итоге же это вызвало необходимость приведения застроек XIX века к единому стилю, которое выразилось в оформлении фасада и интерьера.

Если перейти непосредственно к будущему зданию историко-краеведческого музея Северо-Казахстанской области, то это архитектурный памятник XIX века принадлежавший коммерсантам Стрелову и Аркелю.

Дом купца Стрелова построен в 1891 году, расположен по улице Конституции Казахстана, 44. Данное здание – двухэтажное, в плане имеет Г-образную форму. Сложено из обожженного кирпича, с толщиной наружных стен – 710 мм. Сооружено на кирпичном фундаменте. Конструкции перекрытий и кровли – деревянные. Покрытие кровли – кровельное железо. Фасад здания украшен декоративными элементами кирпичной кладки. Связь между этажами осуществляется с помощью двух внутренних лестниц. Общая площадь – 417,12 кв.м.

Архитектурный облик данного здания свойственен распространенному в конце XIX – начале XX века стилевому течению – «эkleктика». Здание представляет интерес как экскурсионный объект города Петропавловска.

Здание складов купца Стрелова построены в конце XIX века, расположено по улице Жамбыла Жабаева, 145. Оно служило подсобными и складскими помещениями и входило в своеобразную усадьбу купца Стрелова. Здание одноэтажное, в плане прямоугольное; выполнено из кирпича, фундамент кирпичный. Конструкции перекрытия и кровли – деревянные. Покрытие кровли – кровельное железо. Очень необычен фасад здания по улице Жамбыла Жабаева. Присутствуют элементы стиля «модерн» в сочетании с деталями русской архитектуры. Между двумя зданиями существует въезд во двор строений купца Стрелова, представляющий из себя арочные ворота, укрепленные на кирпичные столбы шестигранной формы. Общая площадь здания 192,12 кв.м.

В настоящее время в здании находятся научно-исследовательский отдел археологии Северо-Казахстанского областного музея археологии и этнографии, его фондохранилище, административные помещения и кафе.

Здание являет собой образец исторической планировки провинциального купеческого города, характерной для XIX – начала XX века, выразившейся в плановой комплексной застройке кирпичных построек торгового назначения и является архитектурным наследием города [3].

Дом Аркеля построен в 1891 год. Здание расположено по улице Конституции Казахстана, 48 (угол улицы Парковой). Верхний этаж занимала гостиница «Центральная», в нижнем этаже располагался магазин готового платья. Данное здание – двухэтажное, в плане имеет Г-образную форму. Сооружено на кирпичном фундаменте. Конструкции перекрытий и кровли – деревянные. Покрытие кровли – кровельное железо. Фасад здания украшен декоративными элементами кирпичной кладки. По первому этажу оконные проемы завершает «лучковая» форма кладки. По второму этажу оконные проемы украшены архитектурными элементами. Здание имеет два выносных балкона, с ажурными коваными решетками, расположенных на главном фасаде. Общая площадь – 793,94 кв.м. Архитектурный облик данного здания свойственен распространенному в конце XIX – начале XX века стилевому течению – «эkleктика» и представляет собой образец исторической планировки провинциального купеческого города, характерной для XIX – начала XX века, является архитектурным наследием города [3].

По моему мнению, весь XIX век строительство в городе Петропавловске шло под влиянием торгово-купеческого населения, а также отражало рост инфраструктуры, которая была необходима для мощно развивающегося города. В итоге в городе были построены жилые дома купцов, чиновников и мещан, производственные предприятия, мельницы и склады, торговые дома, церкви и многое другое, без чего нельзя представить город XIX века. Если рассматривать памятники архитектуры Петропавловска, то они относятся к различным архитектурным стилям, т.к. сооружались в разное время и по разному назначению. Многочисленные объекты имеют привлекательную художественно-декоративную отделку: купеческая усадьба Светлинского, усадьба купца заводчика Зенкова, дома Аркеля, Стрелова, Дмитриева и др.

Петропавловск богат памятниками истории, культуры, архитектуры. Наличие музеев, театров, парков, храмов, мечетей, богатая россыпь архитектурных памятников XVIII-XIX веков позволяет утверждать о высоком культурно-историческом потенциале вышеназванных объектов. Изучение архитектурного наследия г. Петропавловска важная составляющая в сохранении этих памятников в надлежащем виде, усилению их историко-культурного потенциала. Архитектурное наследие Петропавловска включает в себя огромный массив памятников второй пол. XIX – нач. XX вв. Этот период для провинции определяется временем преобладания архитектурной эkleктики с её неизменным пристрастием к историческим стилям ушедших эпох. Сегодня памятники с эkleктическими характеристиками фасадов и интерьеров наряду со зданиями в стилях барокко и классицизма, модерна и неоклассицизма рассматриваются как ценное историко-художественное наследие. Движение от классицизма к эkleктике в архитектуре Петропавловска имело свою динамику и особенности. Для Северо-Казахстанской области памятники архитектуры являются важной составляющей культурного наследия народа. Поэтому изучение памятников архитектуры позволяет выполнять важные социальные функции, служат целям развития науки, образования и культуры, формирования чувства патриотизма, идейно-нравственного и эстетического воспитания, становятся связующей нитью между поколениями.

Литература

1. Ибраев С.И. К вопросу об уточнении даты рождения Петропавловска: от закладки крепости св. Петра до статуса города // Актуальные проблемы высшей школы в третьем тысячелетии. Материалы международной научно-практической конференции. – Петропавловск: 2002. – Т.2 – 235-237 с.
2. Кириченко Е.И. Русская архитектура 1890-1910 гг. – Москва: 1982. – 68 с.
3. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Северо-Казахстанская область. – Алматы: Аруна, 2007. – 496 с.

ӘОЖ: 37.013.88

Н.А. Турекулова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, aika040187@mail.ru

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕЛГЕН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім алу талаптары жеке болып қана қоймайтын, сонымен бірге белгілі ерекшеліктері бар балалардың топтары бар. Ерекше білім алу талаптары, оларды оқыту үдерісі барысында балалардың мүмкіндіктері жалпы әлеуметтік талаптарға, білім берудегі табыстылық ережелеріне және қоғамда қалыптасқан тәртіп пен қарым-қатынас ережелеріне сәйкес келмеу қиындықтары туындаған кезде пайда болады. Баланың білім алуға бұл ерекше қажеттіліктері мектептен қосымша немесе ерекше материалдарды, бағдарламаларды немесе қызметтерді ұсынуды талап етеді.

Шетелдік арнайы педагогикада мүмкіндіктері шектеулі балаларды қалыпты мектеп жағдайында бірге оқытуды ұйымдастырудың ұзақ уақыт бойғы және жан-жақты тәжірибесі бар. Біздің елімізде арнайы білім беру, көбіне, жалпы білім беру жүйесінен мейлінше оқшауланған, арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының жүйесі ретінде қарастырылып келді. Бірыңғай ұйымдастыру жағдайындағы бірге оқыту негізінде оларды бір-біріне жақындастыруға қадам басу «біріктіре оқыту» деген атқа ие болды [2].

Шынайы кіріктіру ерекше қажеттіліктері бар әр балаға жалпыға білім беру мектептерінде және бала бақшаларында тиімді жағдай жасауды білдіреді, оқушыны, барлық қажетті жабдықтары, ал ең бастысы – жоғары кәсіби мамандары бар, арнайы білім беру мекемесінен, оған бейімделмеген жалпыға білім беру мектептері мен бала бақшаларына қарапайым ауыстырудың баланың мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне сәйкес келетін кіріктіруге ешқандай қатысы жоқ [3]. Н.Н. Малофеевтің ойынша, «жасанды кіріктіру кемсітушіліктің жасырын түрі болып табылады. Егер баланы, оның ерекше білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жағдайы жоқ, жалпы білім беру жүйесіне жіберсе, оның сапалы білім алу құқығы, шындығында, бұзылады. Бұл кезде баланың жағдайы жақсарудың орнына одан да нашарлай түседі» [3].

Психологиялық-педагогикалық қолдау баланы білім беру-тәрбиелеу үдерістері жағдайында дамытуды қамтамасыз ететін көмек пен қолдаудың ерекше бір түрі болып табылады және әрбір баланың мүмкіндігі мен қажеттілігіне сәйкес оны табысты оқыту мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай тудыратын мамандардың ұйымдық қызметінің тұтас жүйесін білдіреді. Ғылым таным саласы ретінде арнайы педагогика денесінде және психикасында кемістігі бар балаларды және оларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесімен шұғылданады.

Осы ұсынымдар мектепке дейінгі және мектеп жасындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру арқылы тең қолжетімді білім беру қызметтерін ұсыну бойынша жағдайлар жасау мақсатында әзірленген.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі міндеттері:

- балалардың дамуындағы кемшіліктерді ерте (анықталған сәттен) түзетуді ұйымдастыру;
- балаға және оның отбасына даму, оқу, әлеуметтену міндеттерін шешуге көмектесу (ықпал ету);
- білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын психологиялық қамтамасыз ету;
- педагогтардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениет) дамыту;

- баланы түзету-дамыту, тәрбиелеу жұмыстары мен оқыту нәтижелілігінің мониторингі (психологиялық-педагогикалық мониторинг).

Психологиялық-педагогикалық қолдау білім берудің әртүрлі деңгейінде жүзеге асырылады:

- мектепке дейінгі білім – дамуындағы кемшіліктерді ерте диагностикалау және түзету, мектепке дайындығын қамтамасыз ету;

- бастауыш мектеп – мектепте оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін қамтамасыз ету, оқуға деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оқуға деген ынтасын дамыту, өздігінен жұмыс істеу мен өзін-өзі ұйымдастыра білуді дамыту, «оқи білу» мен ықыласын қалыптастыруды қолдау, әрбір баланың жеке ерекшеліктері мен әлеуетін ескре отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары:

- бала дамуындағы қандай да бір проблемаларды шешудің кешенді, пәнаралық тәсілі;
- білім беру үдерісіндегі баланың дамуына қолдау көрсетудің үздіксіздігі;
- қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету;
- қолдау қызметін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау (болжау);
- даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау шараларына ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымдарын белсенді түрде тарту.

Психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру:

Даму мүмкіндігі шектеулі баланы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (бұдан кейін – ПМПК) ұсынысы мен қорытындысының нәтижесінде ұйымдастырылады және білім беру ұйымдарының ішінде штаттық мамандармен (арнайы педагогпен, психологпен, логопед мұғаліммен, әлеуметтік педагогпен, ЕДШ маманымен және т.б.), сондай-ақ білім беру ұйымдарынан тыс арнайы білім беру ұйымдарының (психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, оңалту орталығы, түзету және инклюзивті білім беру кабинеті) мамандарымен, сондай-ақ келісім шарт негізінде қызмет жасайтын арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының педагогтарымен іске асырылады.

Білім беру ұйымның ішіндегі мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды психологиялық-педагогикалық консилиум (бұдан кейін – педконсилиум) іске асырады.

Білім беру ұйымдарынан тыс жердегі (ПМПК ұсыныстарына сәйкес) мүмкіншіліктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды арнайы педагог (үйлестіруші қызметін атқарушы) ұйымдастырады және бақылайды.

Баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары:

- 1) баланың психологиялық және дене даму ерекшеліктерін кешенді түрде тексеру, нақты психологиялық-педагогикалық түзету шараларына қажеттілігін анықтау;

- 2) баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін жеке түзете дамыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;

- 3) жеке, шағын топпен, топпен өтетін түзете дамыту жұмысын жүргізу;

- 4) кеңес беру және оқу-ағарту жұмысы;

- 5) ғылыми-әдістемелік қызмет (семинар-практикумдерді, жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу; жұмыс тәжірибесін баяндама, сөз сөйлеу түрінде жинақтау; әдістемелік ұсынымдар әзірлеу);

- б) психологиялық-педагогикалық мониторингті жүзеге асыру.

Жеке түзете дамыту бағдарламаларын (ЖДБ) әзірлеу жұмысы психологиялық-педагогикалық консилиумның барлық мүшелері немесе қолдаудың сыртқы тобымен жүзеге асырылады.

Білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында денсаулыққа қолайлы педагогикалық-күзету тәртібін қарастыру қажет (дамуында проблемалары бар балалардың мүмкіндігінен жоғары талаптарды қоймай, баланың қажеттілігін және келешек өмірін есепке ала отырып оқыту керек, сондай-ақ қойылатын талапты да аса төмендетпеу қажет).

Психологиялық-педагогикалық қолдау тобының әрбір мүшесі кәсіби этиканы сақтауға, балаға немесе оның жанұясына зиян тигізетін жағдайда, психологиялық-педагогикалық тексеру, кеңес беру жұмысы немесе қызметтің басқа да түрінің нәтижесінде алынған мәліметтерді жарияламауға міндетті.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған психологиялық-педагогикалық қолдау жағдайлары

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі талаптары:

1) білім беру ұйымында балалардың толыққанды жеке тұлға болып дамуын қамтамасыз етуге және жалпы білім беру және арнайы білім беру бағдарламаларын толық меңгеруге мүмкіндік беретін бейімдеу және түзете дамыту ортасын құру;

2) мүмкіншіліктері шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыруды қамтамасыз етуге және оқу-әдістемемен және материалдық-техникалық жабдықтауға қойылатын нормативтік талаптарға сәйкес даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға қажетті және олар үшін қолжетімді материалдық-техникалық жағдайларды жасау (арнайы құралдар, құрылғылар, көмекші және техникалық құралдар, қазіргі заманғы көрнекі дидактикалық материалдар);

3) балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жұмысын жүргізетін дефектолог мұғалім, педагог-психолог, логопед мұғалім және басқа да мамандардың кабинеттерін түзете дамыту құралдарымен, оқыту құралдарымен (соның ішінде техникалық), арнайы оқу-әдістемелік және дидактикалық әдебиеттермен жабдықтау;

4) білім беру ұйымының кітапханасын арнайы білім беру және түзете дамыту бағдарламаларымен, арнайы әдістемелік және оқу әдебиеттерімен қамту.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімділігі психологиялық, педагогикалық, медициналық диагностиканың және жалпы көрсеткіштердің мәліметтері бойынша анықталады:

1) білім беру ұйымында болған бала мен ананың жағымды әсері;

2) баланың сенімділігі (позитивті, тең Мен тұжырымдамасын қалыптастыру үрдісі);

Кочевая цивилизация казахов породила самобытную культуру, передаваемую в изустной форме акынами из поколения в поколение. Особенность номадической культуры казахов в том, что их мышление развивалось в вербально дискурсивных, т.е. изустно-рассудительных формах, особенно широко распространенных в словесном искусстве. Как отмечает О.А. Сегизбаев, «культура, передававшаяся из уст в уста, от поколения к поколению, имела колоссальное значение для кочевых народов. Вербальные формы культуры казахского народа – мифы, айтысы, эпос, сказки, пословицы, поговорки, фразеологизмы – представляют собой особое историческое явление, а в благодарной памяти народной акыны, жырау, мастера риторики – шешены занимают важное место. Они передавали из поколения в поколения способ мироощущения и ценностные ориентации, накопленный исторический опыт» [4]. Празднество по поводу рождения сына.

Поскольку жизнь и благополучие зависели от выносливости, силы, ловкости и смекалки, особое внимание в степи уделялось привитию детям этих качеств с самого раннего детства. Поэтому многие казахские обряды так или иначе связаны с рождением, детством, юношеством и совершеннолетием молодого человека. Например, на шильдехане – празднестве по поводу рождения сына, состоятельные люди делали щедрые угощения с приглашением жителей не только своего, но и соседних аулов, устраивали состязания певцов, джигитовку на конях.

Ребенка нередко нарекали именем почитаемого в ауле человека. Бывали и случаи, когда давали ребенку первое попавшееся, ничем ни приметное, порой даже весьма непристойное имя, для того, чтобы рос он не на виду здоровым и крепким.

Казах вел свою родословную по мужской линии. Он считал своим немере – внуком только того, кто рождался от сына. Тот ребенок, который рождался от дочери, не мог считаться внуком, и потому назывался жиеном – племянником, а его ребенка (племянника) называли жиеншаром – отпрыском племянника (жиена). Так считалось по неписанному закону степей, где дочерей могли отдавать в жены только людям из других родов и аулов, и потому их дети не могли рассчитывать на положение прямых потомков главы семейного рода. Было даже такое выражение – жиенел болмас, что в переводе означает – племянника не считай своим!

Только теперь, в наше время в городе, стали на европейский лад называть детей, родившихся и от дочерей, внуками. А того, кому суждено родиться от немере (прямого внука) называли шобере, что значит правнук, а рожденного от правнука называли – шошпеком – праправнуком, что означает

крохотный, маленький. Сына же этого шошпека (праправнука) было принято называть немене, означает непонятный, а его потомство туажатом – рожденный быть чужим.

Как особые этапы на пути к совершеннолетию в казахской семье отмечали такие события, бесікке салу, через несколько дней, после рождения ребенка родители устраивают праздник укладывания новорожденного в колыбель. Родственники со стороны матери ребенка или многодетная мать дарят родителям деревянную колыбель. Это символизирует желание видеть многодетной семью сегодняшнего малыша. Ритуал укладывания ребенка в колыбель поручается женщине подарившей колыбель. Помахивая зажженной веткой, женщина изгоняет злых духов и, очищает от запахов колыбель. После этого она стелет маленькие подушки и одеяла. Укладывает ребенка в колыбель и пеленает его. Гости пришедшие на праздник бросают шашу: сладости, деньги, кольца и при этом произносят добрые пожелания.

Тусаукесу – первые шаги ребенка, чтобы он умел ходить и быстро бегать. В этот день, показавшему обычаю, в юрту, где малыш сделал свой первый шаг, было принято звать самого старого и уважаемого человека в ауле, чтобы он разрезал ножом специальные веревки, опутывающие ножки ребенка.

Атка отырғызу – это посадка на лошадь с передачей в руки не только плетки, но и копыя, чтобы наследник умел ездить верхом, метал копыя лучше всех, далеко и точно.

Затем следовал обряд обрезания. В этот день родители 5-7-летнего сына зовут в юрту почтенного муллу. И тот совершает обряд обрезания, после чего щедро вознаграждается родителями ребенка. Затем они по обычаю, должны сделать той – праздник. Созывается много гостей, родственников из соседних аулов, те в свою очередь делают подарки ребенку и его родителям.

Национальная свадьба.

Перед свадьбой юноша просит согласия у любимой девушки стать его женой не сам, а через жену старшего брата.

Подобная традиция не случайна, так как на протяжении многих веков строгие законы степей не допускали открытых встреч жениха и невесты. Очень часто бывало так, что невеста даже и не знала своего суженого, зато их родители были в дружбе.

В назначенный день сваты жениха являются в дом девушки с подарками и сладостями. Родители и родственники парня везут кольцо, два платка и два отреза на платье. В доме невесты режут барана и готовят из него сорпу. Одна из родственниц жениха надевает на безымянный палец невесты кольцо. После этого устраиваются смотрины будущей невесты, с гостей берут за это выкуп.

Назначается день последнего предсвадебного этапа, после которого никакая из сторон не имеет права расстроить помолвку. В этот день, вечером в комнату, где сидят гости, вводят невесту в сопровождении снохи, которая просит выкуп за смотрины. Сноха жениха надевает на невесту кольцо, ожерелье и серьги.

Это начало обручения. Певец под аккомпанемент саза или домбры поет обрядовые песни "той бастар". Начинают танцевать лишь родственники жениха. Аксакалы аула благословляют молодых и назначают точный день свадьбы. В ночь перед свадьбой у невесты собираются подружки. Девичьи посиделки длятся до утра.

Наутро родственники жениха подъезжают к дому невесты, но она в то время находится в соседнем доме. Для соседей накрывают столы во дворе. После угощения родственники жениха и невесты танцуют, пока не будет готово главное угощение – бесбармак. Затем невесту вводят во двор дома под пение. Впереди шествия – один из родственников невесты. Родной брат невесты обвязывает пояс сестры платком, чтобы она была верной и послушной женой своему мужу и учливой невесткой его родителям.

Невесту увозят после того, как она попрощается со своими родителями. После входа молодых в дом, тамада приглашает гостей к столу. А невеста в это время находится в специально предназначенной для нее комнате вместе со снохой, где должна находиться до самой брачной ночи (в наше время невеста сидит рядом с женихом).

Утром невесту с прикрытым лицом выводят в главную комнату, где собираются родственники и соседи жениха. Приподнимают края платка и открывают лицо новобрачной. Она встает и склоняет голову в знак уважения. Все поют "Бет ашар". Снохи выводят ее под руки во двор, где ее с песнями встречает жених с друзьями. Тем и заканчивается свадьба, но это отнюдь не главный обычай празднования, каждая свадьба имеет свои специфические особенности, которые зависят от условий той или иной местности.

Свадебные трапезы, символизирующие традиционное брачное право казахов:

- наличие ритуального блюда «құйрық-бауыр» (строго чередующиеся кусочки отварной печени и курдючного жира), вкушение которого завершало официальное сватовство и, по обычному праву, было «вещественным доказательством» сватовства, имело юридическое значение;
- изоляция жениха от родственников невесты до приглашения его в юрту родителей невесты и вкушения там ритуального блюда «төс» (баранья грудинка). На всех этапах свадебных торжеств «төс» предназначалась жениху, она оставалась его «долей» и в дальнейшем. Ее вручение жениху означало признание за ним его нового социального и возрастного статуса [1].

На всех этапах свадебного церемониала пища входила в обрядовые действия, закрепляющие обязательства брачующихся сторон, служила одним из способов символизации связей между брачующимися сторонами.

Народные праздники и игры.

Игры и праздники во все времена имели огромное общественное значение. Возникновение их относится к далекой древности, в своем развитии они прошли ряд последовательно сменявшихся форм, соответствовавшим общественным отношениям и хозяйственной деятельности народа. Игры и развлечения выполняли всегда и общественные функции, такие как воспитательные, военно-спортивные, ритуальные, зрелищно-эстетические, коммуникативные и др.

Широкую и универсальную функцию выполняли военно-спортивные игры, связанные как с военным бытом (войны, набеги, столкновения), так и с хозяйственной деятельностью общества. Такими играми были сайыс, аударыспак, жамбы ату, алтын кабак, скачки, курес и др.

Часть игр и развлечений несли ритуальную и обрядовую функцию, входящих в систему поминальных и погребальных церемоний, а также брачных. Многие из них в последствии утратили свою первоначальную суть, развиваясь и перерождаясь. Примером может служить аламан байга, кокпар.

Народные торжества (мейрам, той, ас) и игры посвящались знаменательным событиям и носили общественный характер. Самым большим праздником, по сведениям исследователей считались поминки с конскими скачками. Известно, что поминки (ас), устраиваемые в честь старейшего в роде, собирали множество людей, было до 15 тысяч человек, независимо от сословной принадлежности. О них говорили в степи несколько лет, слагали песни.

Торжество продолжалось от 3 до 7 дней, в зависимости от материального положения организаторов. При этом ежедневно проводились какие-нибудь игры, состязания, и заключительный день завершался грандиозной скачкой, которая и составляла славу поминок.

Среди семейно-родовых торжеств не менее значительным было проведение свадеб. Торжество начиналось общим угощением. Здесь можно услышать свадебные песни и айтысы известных акынов, увидеть и участвовать в играх и шуточных развлечениях. Во время свадебного тоя только в программу развлечений входило множество игр, где главным увеселением служили скачки (байга) с призами, часто очень значительными.

Такой же торжественный характер носило и событие, связанное с рождением сына, которое часто выходило за рамки чисто семейной радости. Ими были торжество, посвященное рождению младенца (шилдехан), торжество, совершаемое по поводу укладывания ребенка в колыбель (бесык той), торжество, отмечаемое на сороковой день рождения ребенка (қырқынан шығару), торжество, связанное с мусульманским обрядом обрезания мальчиков в возрасте от трех до десяти лет (сүндет той). Каждый из праздников имел свою предысторию. Например, проведение шилдехана связывали с поверьем, “согласно которому в три первые ночи духи могут похитить новорожденного, подменить его уродом. Шумное веселье молодежи должно было отпугнуть их”. Одним из самых крупных праздников народов Средней Азии и Казахстана считался Наурыз (Жаңа жыл), празднуемый в день весеннего равноденствия, 22 марта. Истоки и ритуалы Наурыза, в том числе следы почитания природы, восходят к зороастрийскому Новому году, стереть и уничтожить которые ислам так и не смог на протяжении веков. По поверьям, в этот день народ избавлялся от зимних тягот, радовался за благополучную сохранность богатства – скота. К Наурызу каждая семья заранее готовила ритуальное блюдо (наурыздық), состоящее из семи традиционных продуктов. Отведав их, казахи надеялись питаться ими в течение всего года. Празднование Наурыза продолжалось три дня, и все аульчане поздравляли друг друга, желая счастья и благополучия. Как правило, Наурыз начинался айтысом между девушкой и джигитом, олицетворявшим символическую борьбу зимы и весны, и заканчивался народными играми, состязаниями, в которых активное участие принимали взрослые и молодежь, дети и женщины.

С празднованием весны связан другой общественный праздник, пользовавшийся особой популярностью в кочевом быте народа – день перекочевки рода или целого аула с зимовок на летовки ранней весной и поздней осенью, когда возвращались к прежней зимней стоянке обратно. Эту процессию возглавляла самая красивая девушка, которой вручалось знамя. За ней следовали остальные люди, вереница вьючного скота с имуществом и юртами. На новой стоянке устраивали пиршество до самой поздней ночи, сменяя одни игры другими.

Как и во всех странах, где был распространен ислам, принято было отмечать два ежегодных религиозных праздника – разговения или окончания поста – ураза айт и через 70 дней – жертвоприношения – курбанайт. Обычны денежные и другие подношения в виде “хаир”, “садака” мечетям, святым лицам и местам. А в дни курбанайт на жертвоприношения приносился лучший скот. У казахов, вопреки от других народов, превалировала обрядовая сторона по сравнению с религиозной.

В силу кочевого уклада жизни казахов наибольшее распространение получили конные состязания и всевозможные игры на лошадях. Почитание к лошади и любовь к конным играм стали традицией, сохранившейся до наших дней. Аламан байга – скачка на длинные и сверхдлинные дистанции (25, 50, 100 км), является одним из древних и популярных состязаний. Зарождение ее связано с кочевым бытом, необходимостью подготовки лошадей к длинным переходам, особенно в военное время. Аламан байга является первым и основным видом программы крупных народных празднеств, особенно поминок (ас). Состязания проводились в степи по прямой, изобилующей естественными преградами, без ограничения количества лошадей, их породы. По мере приближения наездников к финишу выкрикивали родовые кличи (уран), по которым зритель узнавал победителей скачки.

Байга проводилась на всех праздниках и была доступной для всех. Она устраивалась на ровной местности по прямой, с поворотом или по замкнутому кругу. Соревнования проводились на следующие дистанции: от 1,2 до 2 км для лошадей не моложе трех лет, от 2,4 до 4,8 км для лошадей до четырех лет, от 5 до 8 км для лошадей в возрасте до пяти лет и старше (собственно байга).

Среди игр интеллектуальных любимой был тогыз кумалак – настольная игра. Для нее использовали четырехугольную деревянную доску, имеющую 18 продолговатых лунок (отау). В промежутке между рядами вырезаны еще две большие лунки круглой формы (казан). Каждый игрок (их два) имеет по 81 шарик, а в лунки кладут по 9. Ходы делаются поочередно. Выигравшим считается тот, кто забирал из лунок противника больше шаров. Игра была настолько популярной, что могли обходиться без доски. Для этого участники выкапывали необходимые лунки прямо на земле и проводили партии. Игра называется тогыз кумалак (девяткою) потому, что в основу 81 (9x9) и 162 (2x9x9) положено число 9, считавшееся у древних монголов и тюрков священным числом. Одним из древнейших развлечением казахов была охота, в особенности, охота с ловчими птицами, служившая подспорьем в скотоводческом хозяйстве.

Культура содержит ценности: созданные отдельными группами, нормы, правила которым они следуют в жизни. Культура пронизывает жизненный путь человека. Культура неотделима от человека – субъекта культуры. Сам человек формирует себя в процессе своей деятельности как культурно-историческое существо. Культура существует в постоянном взаимодействии своего внешнего материализованного выражения с самим человеком. Это взаимодействие состоит в том, что человек усваивает созданную ранее культуру, создавая новое, опредмечивая свои знания и ценности; умения и способности, свою человеческую сущность.

Культура выполняет многогранную социальную роль. Использование достижений культуры в интересах народа и будущих поколений зависит от многих факторов: политических, социально-экономических. Социальная роль культуры повышает эффективность производства, социальный прогресс.

Казахская народность, прошедшая долгий период формирования, в процессе которого принимало участие множество племен и народов, занимает важное место в истории Евразии и является одним из древнейших этносов. Она является преемницей культурного наследия всех народов, принявших участие в ее становлении, поэтому казахский народ – один из богатейших народов в культурном плане.

Литература

1. Шаханова Н. Ж. Мир традиционной культуры казахов: этнограф. очерки», 1998. – 184 с.
2. Масанов А.Н. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. Алматы: «Социнвест» – Москва: «Горизонт», 1995. – 320 с.

3. Кишибеков Д. Кочевое общество. – Алма-Ата: Атамұра, 1984г., – 381 с
4. Сегизбаев, Ораз Амангельдиевич. Казахская философия XV – начала XX века : Учеб. пособие для студентов вузов / О.А. Сегизбаев; М-во образования Респ. Казахстан. Алмат. гос. ун-т им. Абая. – Алматы : Ғылым, 1996. – 472 с.

ӘОЖ: 37.013.88

С.Б. Жамбусынов, Ж.Ж. Айгуреева

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, aika040187@mail.ru

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДА АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазақстан қоғамының қазіргі заманғы даму кезеңінде ғылымның және білім берудің дамуы әлеуметтік-экономикалық жүйенің бәсекелі маманды даярлау жағдайында алдыңғы қатарлы мемлекеттің қатарына енді. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім берудің дамуының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес прогрессивті технология-ларды және оқыту жүйелерін жасау және енгізу жоғары білім берудің даму шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады [1].

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы.

Ең біріншіден, мұғалім қарапайым компьютерлік сауаттылықтан хабардар болуы тиіс. Оның ішіне компьютермен жұмыс жасай білу, компьютердің нақты бағдарламаларын білу, Интернет-технологияларды меңгеру т.с.с.

Қазіргі ақпараттық әдебиеттерде ақпараттандыру білім жүйесін әдіснамалық және практикалық талдауларды, сондай-ақ оқытудың және тәрбиенің психологиялық-педагогика-лық міндеттерін шешуге бағытталған қазіргі ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз ететін үрдіс есебінде қарастырылады.

Қолайлы режимде жұмыс істейтін мұғалімнің өзі бәрібір белгілі уақытта немесе оқу уақытының бір бөлігінде әрбір оқушыны көруі мүмкін емес, әрбір оқушының оқытуының және дамуының жеке қарқынын қамтамасыз ету жағдайы болмайды. Бұл жерде компьютер мұғалімге де, оқушыға да маңызды көмек көрсете алады және көрсетуі қажет.

Сондықтанда, болашақ мұғалім іс-әрекетінде ақпараттық технологияны қолданудың нақты пәндердегі орнын, психологиялық, педагогикалық, эргономикалық талаптарын білу-мен қатар, кәсіби іс-әрекетінің ерекшеліктеріне жататын кәсіби дағдыларды нақтылау қажет:

- іс-құжаттарын даярлаудың, мәліметтер (педагогикалық тәжірибелер)
- қорын жасап өңдеудің және дидактикалық тірек – құралдар жасауға қажет саймандық бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;
- пәнге арнайы құрылған бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс істеу дағдысы;
- жергілікті және Интернет желісінде жұмыс жасау дағдысы;
- мультимедиялық және ақпараттық технологиялардың қызмет етуінен хабардар болып, кәсіби қажеттілік шеңберінде қолдану дағдысы.

Демек, оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талап-тарды қайта қарап, жетілдіріп, жүйелеуді талап етеді.

Студенттердің жалпы оқу біліктілігіне жататын оқу-компьютерлік біліктіліктерін «клавиатурамен жұмыс, программа тізу, принтермен жұмыс істей білу, дайын программаларды қолдана білу, текстік, графикалық редакторлармен жұмыс істей білу» жүйелі түрде қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмес талабына айналуға. Адамдарды әртүрлі әлеуметтік ортада өмір сүруге дайындау үшін білім беру ісіндегі шығармашылық бастауды (креативтілікті) арттыру (дамыта білім беруді қамтамасыз ету), қазіргі білім беру жүйесіндегі академиялық жұртшылық білім беру жүйесін дамытудың маңызды және перспективалық, ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде қашықтықтан оқыту әдістерін кеңінен енгізу керек екенін мойындап отыр [3].

Білім беруді ақпараттандыру процесі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды.

Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуальды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Бұл процесс мына бағыттар бойынша жетілдіріледі:

- білім беру жүйесінің басқару механизміндегі ғылыми-педагогикалық ақпараттар мен ақпараттық-әдістемелік материалдарды автоматтандыру арқылы оның қолданылу аясын жетілдіру және басқару ісіне коммуникациялық желілерді қолдану;

- ақпараттық қоғам жағдайында жеке тұлғаның даму бағыттарының міндеттерін негізге ала отырып, оқытудың мазмұнын, әдістері мен оны ұйымдастыру формаларын таңдау мен оның методологиясын жетілдіру;

- үйренушінің интеллектуальдық қабілетін дамытуға, өздігінен білім алуға, түрлі ақпараттарды өздігінен өңдеу сияқты әрекеттерге бағытталған оқытудың әдістемелік жүйесін ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы құру;

- үйренушінің білім деңгейін бағалау мен бақылау әдістерін талдау бағытында компьютерлік тестілеуді құру мен оны қолдану.

Білім беруді ақпараттандыру процесі жағдайында жеке тұлғаның интеллектуальдық, қоғамдық, экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық сияқты іс-әрекеттерін түрлі салаларға қолдану арқылы құзырлықтарын қалыптастыру негізгі талаптардың біріне айналады.

Жаңа технологиялар – болашақ педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютер мүмкіндіктері психология мен дидактика тұрғысынан талданып, керек кезінде педагогикалық талаптарға сай қолданылуы керек. Сыртқы эффектін қуып кетпей, оқыту программасының тек сыртқы емес, ішкі тиімділігіне көп көңіл бөлген дұрыс. Компьютердің сызбалық мүмкіндігін молдығы дәрістік экспериментті бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелер мен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады [2].

Әдебиеттерде «ақпараттық құзырлық», «компьютерлік құзырлық» терминдері жиі кездеседі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның жеделдетіп дамуына байланысты «ақпараттық-коммуникациялық құзырлық» деген терминді қолдану тиімді. Ақпараттық-коммуникациялық құзырлық – бұл адамдардың кез келген проблема мен міндеттерді компьютермен, ақпараттық құрылғылармен және телекоммуникациямен шешу қабілеті.

Ақпараттық қоғам жағдайында педагог мамандардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастыру көрсеткіштері төмендегідей:

- білім беру жүйесінің әлемдік ақпараттық кеңістікке саналы түрде енуін қамтамасыз ету;
- ақпараттардың шексіз көлемі мен осы ақпараттарды аналитикалық түрде өңдеуді қамтамасыз етуге даярлау;

- ақпараттық ортада жеке тұлғаның шығармашылық сапасын дамыту мен қалыптастыру және өзіндік ақпараттық ортаны құру дағдыларын қалыптастыру;

- ақпараттық ортада коммуникативтік мәдениетті қалыптастыру;

- ақпараттық ортада өзара байланыс қызметтерін қалыптастыру;

- ақпараттық ортада ақпаратты алу, таңдау, сақтау, қабылдау, түрлендіру, жіберу және бір-бірімен сабақтастыру мәдениеттерін қалыптастыру;

- интерактивтік телекоммуникациялық технологияларды (Интернет, қашықтықтан оқыту және т.б.) қолдануға даярлау;
- ақпараттық-білімдік ортаны модельдеу мен жобалау қабілетін қалыптастыру және осы дағдыны өзіндік кәсіби қызметтеріне қолдануға даярлау.

Мұғалімнің білімі оқыту мен тәрбиелеудің тұлғалық-бағдарлық мәселелері, оқушы деңгейіндегі ғылыми жобаларды жасақтап, оны жүзеге асыру әдістері, оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталған жаңа педагогикалық технологияларды таңдау тәсілдері, мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған теориялық-методологиялық және әдістемелік проблемалар, психологиялық-педагогикалық мәселелер курстың негізгі бөлімдері ретінде қарастырылуы керек.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру оқытушының зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Қандай сабақтың болмасын қызықты өтуі оқытушының үнемі іздену, ұтымды әдіс – тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты [4].

Барлық қоғамдық, өндірістік, және ғылыми қызметтің аясында ақпараттандырудың қазіргі кездегі жағдайы жаңа ақпараттық технологияны қолданумен байланысты.

Біздің зерттеуімізде келесілер анықталды:

- заман талабына сай жоғары студенттердің ақпараттық технологиялармен қарулану қажеттілігі негізделді;
- оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша контент-талдау жасалды;
- жасалған талдау негізінде пәндердің өзара байланысы (интеграциясы) анықталды, оның ақпараттық технологиялар арқылы оқытудағы мазмұны мен маңызы ашылды;
- ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесі ұсынылды
- ақпараттық технология негізінде болашақ мамандарды оқытудың нәтижесінің өлшемдер жүйесі жасалды;
- ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттарын анықтау және енгізу біліктілік сипаттамасы, сонымен қатар іс-әрекеттің білімін, білігін және дағдысын қалыптастыру;
- ақпараттық технологиялар арқылы оқыту бойынша білім, білік және дағдылардың қазіргі жағдайын зерттеу бойынша жасалған ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесі қажет екендігін көрсетті.

Өткізілген айқындаушы эксперимент барысында студенттерді ақпараттық технологиялар арқылы оқыту деңгейлерінің жеткіліксіз екендігін анықтадық. Соған орай ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесі енгізілді. Енгізу және пайдалану процесі теориялық және практикалық оқытудың өзара байланысында жүзеге асады;

– экспериментті жұмыста математикалық статистика әдістерін қолдана отырып, біз болашақ мамандарды ақпараттық технологиялар оқытудағы болып жатқан өзгерістерді анықтадық. Өзіміз көріп отырғандай, жоғары нәтиже біздің жасаған ақпараттық технологиялар арқылы оқытудың педагогикалық шарттар жүйесін қолданғаннан кейін ғана қол жеткіздік. Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері жасалған технологиядан кейін ғана оқушылардың ақпараттық технологиялар арқылы оқыту барысында білімдерінің, біліктерінің және дағдыларының айтарлықтай жоғарлағанын көрсетті.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер болашақ мамандарды ақпараттық құралдар көмегімен даярлау жүйесінде қолдануға болады.

Бұл мәселе келешекте оқытуда жаңа әдістерді және формаларды іздестіруде, ақпараттық технологиялар арқылы оқытуда, жоғары оқу орнында болашақ мамандарды ақпараттық құралдар көмегімен оқытуда әр қилы пәндік сала мазмұнының интеграциясында өз жалғасын табуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Сыдықов Б.Д. Болашақ мұғалімдерді ақпараттық-компьютерлік және математикалық модельдеу негізінде кәсіби дайындау жүйесі, автореф. – Түркістан: 2008. – 17 б.

А.Б. Жандарова, А.Ю. Филонова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент

РУХАНИ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА БОЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ата – бабаларымыз балаға болашағым деп қараған, игі де зор үміт артқан, ата-ананың, халқының арманын ұрпағына аманат еткен. Сол аманатқа біз салауат ету, тәуба жасап, шүкіршілік ету әрбір тұлғаның халқы алдындағы міндеті. Қазақ халқының даналығы, тәрбие тағылымы – тамыры тереңде жатқан асыл қазына. Халық тағылымы – ескірмей, заман ағымымен өзгеріп, өсіп-өніп отырады. Әрине, оны өшіретін де өсіретін де – тіршілік иесі Адамзат. Сенімді, сергек санаға сапалы да саналы ой ұялататын, ар-ұятыңның аражігін айқындайтын игі істерді шашпай-төкпей көненің көзіндей сақтап, келер келешекке, ұрпақ бойына күре қан тамырындай білім нәрін тарататын да сіздер мен біздер. Өз ұлтын қадірлеп – қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» – деген. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылы тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі [1].

Қазір білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие үдерісінің өзегі болып отыр.

Жеке тұлғаның ең маңызды белгелері–оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы, яғни оның өзіне тән мінез-құлғындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы. Жеке тұлға – қоғамның белсенді, саналы, мүшесі. Өмірге өзіндік белгілі бір көзқарастары, қарым – қатынастары бар, жеке моральдық талаптары, өзіндік психологиялық қасиеттері бар қоғамдық сананы алып жүретін адам. Ғалымдар жеке тұлғаның дамуына және қалыптастыруына әсер ететін негізгі факторларға тұқым қуалаушылық, әлеуметтік орта, тәрбиені жатқызады. Тұқым қуалаушылық – ұрпақтың ата-анасынан берілетін биологиялық ұқсастығы. Әлеуметтік орта – жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік қарым-қатынас [2].

Ұлттық тәрбие беру – ұрпақ санасына ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан өз ұлтымыздың жауқарларын сіңіру болып табылады. Біздің дана халқымыз қай кезеңде де ұрпақ тәрбиесіне ұлт болашағы деп қарап үлкен көңіл бөлген. Жақандану үрдісіне еркін енген осы заманда зек ұлттық тәрбие алған ұрпақ қана дені сау, білімді, ұлтжанды еңбекқор, болып өсетінін түсінетін уақыт әлдеқашан жетті. Сондықтан, мына біздер әсіресе ұстаздар қауымы ұлттық тәрбие ел болашағы деп қарауымыз шарт. Олай болса, біздің ұлт болып қалыптасып, ұлт ретінде сақталып қалуымыз үшін біздің халқымыздың жоғын жоқтап, мүддесін қолдайтын ұрпақ тәрбиелеуіміз басты міндеттердің бірі болып отыр. Рухани-адамгершілік құндылық – адамның ішкі жан-дүние қасиетінің өлшемі адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өмір сүруге талпынысы, өмірді дұрыс сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып, өзін-өзі бағалап, сол арқылы дүниені, әлемді тануы.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» – деп әлемнің екінші ұстазы атанған ойшыл, ғұлама – ғалым Әбу – Насыр әл-Фараби бабамыз айтқандай, ежелден ұрпақ тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген. Себебі, жасөспірім – болашақ иесі. Болашақтың жарқын болуы үшін, ұрпақтың дұрыс қалыптасуы шарт. Тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік пен қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, елін, жерін, Отанын және халқын шынайы сүйюі секілді ең асыл қасиеттерді қаны мен жанына сіңіруде, отбасы мен білім беру ұйымдарында атқарылатын жұмыстардың ұйымдастырылуының маңызы зор.

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан [3].

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарыда қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Әрбір ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге (халық педагогикасына) байланысты дамып, қалыптасқан. Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен сол ұлттың салт-дәстүрлерінен құралады. Әдебиет көркем шығармалар арқылы сан үйренуден бастап, шығарма кейіпкерлерінің тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін үлгі ретінде әсерлі баяндап, содан соң көркемдеп көрсетіп үйрету арқылы жеке тұлғаның адамдық қасиеттерін қалыптастырып, кісілік сана сапасын арттырады. Ал ұлттық салт – дәстүрлер игі әдеттердің әдеп-ғұрыпқа (әдепті іс-әрекетке) айналып, одан әдеп (ұлттық мәдени көрніс), әдептен дәстүр (мәдени үрдістің ұлттық дәрежедегі көрнісі) дәстүрден салт (дәстүрдің ұлттық санаға сіңіп, сөзсіз қолданыста болуы) қалыптасқанын көрсетіп жеке тұлғаның ұлттық мәдени қасиеттерін қалыптастырады. Мысалы, қазақ халқының меймандостық дәстүрі әуелі игі әдет болған, одан көп қолданысқа әдет-ғұрыпқа айналған, әдет-ғұрып ұлттық қолданыста әдепке (ұлттық мәдени көрніске) айналып, ол ұлт өкілдерінің сөзсіз орындауында дәстүр деп аталады, ал дәстүр ұлттық заңдылыққа айналып, ол ұлт өкілдерінің сөзсіз орындауында дәстүр деп аталады, ал дәстүр ұлттық заңдылыққа айналып, ол салт болады. Салттың ұлттық санадағы көрнісі салт-сана деп аталады. Қазақ халқының аса бай ұлттық әдебиеті, қайырымды, әдепті салт-дәстүрлері оның этностық (ұлттық) ерекшеліктерін көрсетеді де, ол жеке тұлғалардың ұлттық қасиеттерін қалыптастырады.

Оқушылар бойына ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдарымыздың еңбектеріне тоқталып, сараптап өтсек.

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу – міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса ондай тұлға ұлт алдында “мәңгірт”, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік-мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. “Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек” – деген екен.

Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектеп ішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ораға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ [4].

Оқушыларда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін ең алдымен мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас дұрыс жолға қойылуы тиіс. Сондықтан баланың сөздік қорын көбейтіп, мейлінше молайту, дұрыс, анық сөйлеу мәнеріне тәрбиелеуіміз қажет. Бала тәрбиесінде ата-ана мен басқа да отбасы мүшелерінің тигізетін әсері орасан зор. Қазақ атамыз айтқандай: «Күс ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген сөзі бекер айтылмаған. Балаға мектептегі берілген тәрбие жеткіліксіз болады. Балаға берілетін тәрбие негізінен отбасында қалыптасады. Сондықтан алдымен мұғалім мен ата-ана арасындағы байланысты дұрыс жолға қою керек. Ата-аналардың басым бөлігінде педагогикалық, психологиялық білім болмағандықтан ата-аналарға баламен қарым-қатынас жөнінде педагогикалық та, психологиялық та көмек берілуі керек-ақ.

Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіне үлкен көңіл бөлген. Қызын инабатты, ұлын намысшыл етіп өсіруді көкसेген атам қазақ тәртіп бұзар тентегін тез тыйып, ақылмен жөнге сала білген. «Ел боламын десең тағылымыңды, бесігінді түзе» деп ұлы жазушы М. Әуезов айтқандай немересін жөргектен тәрбиеге байлап, ғибратты сөзді, бесік жырын құлағына сіңіріп, қызықты ертегілер, өнегелі

әңгімелермен адамшылық қасиеттерге баулитын ата – әжелеріміздің бүгінгі ұрпақ болашағы үшін орны ерекше. Иә, оқытып тәрбиелеген ұрпағымыз ұлағатты болсын!

Қазақстан Республикасы этномәдени білім беру тұжырымдамасының мазмұнында: «Бізге қажетті – жаны да, қаны да қазақы халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына ана сүтімен бірге сіңірген, егеменді елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу» – деп көрсеткендей, еліміздің елдігі мен бірлігін сақтайтын, Отаны, халқы алдындағы парызын жауапкершілікпен өтейтін, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұр.

Әрине, жаңалыққа жаны құмар жандар – ата-баба, қазақ халқының кестенің бізімен кестеленген, зерделі зерделенген тәрбие тағылымын уақыт талабымен үндестіре жаңғыртып, жаңалықты жалпы жамағатқа жаршыдай жариялайды. Сол көне көз даналардың өнегесі өрен өсиетті сөздері ептілікпен жұмсақ сөзбен айтылатынына, айшықты бейнеленетініне таңғаласың!

Қазақта «Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт» демекші ойыма тоқығаным: халқыңның адал азаматы болсаң, қанатыңды қарлығаштай қағасың, қиялың ғаламға шарықтайды, білім-біліктілігіңнің көкжиегі кеңіп, өз еліңе шапағатың күн нұрындай төгіледі. Бүгінгің болашағын ғана болбыр болжамайсың, шолақ шолмайсың, келер келешекті де ойлайсың.

Қазақ халқының мұраты: еркін халық болу! Өзгелермен терезесі тең мемлекет болу! Ел болашағы – білімді ұрпақта. Ғылым мен техника аршындап алға басқан, қарыштап қадам басқан ХХІ ғасырда бүкіл әлемді шарпып келе жатқан жаһандану процесі, ғылым мен білімді игерудегі бәсекелестіктер және дүние өзгерістері бізді де толғандырады. Болашақта тек білімді ел ғана қандай да болмасын бәсекелестікке төтеп бере алып, өзін-өзі сақтап қалатыны сөзсіз.

Халықтың рухының асқақатауын, кемелдене бастағандығын оның барынша қоғамдағы рухани құндылықтарға мән беріп, маңыз беріп соларды жетілдірі, өркендету жолына түскенінен және адамаралық қатынастағы терең адамгершілік принциптерді көкке көтере бастағанын, аңғаруға болады. Нағыз қазақи рухтың сипатын рухани жетілуімізден, адамгершілік принциптерін сонау балабақшадан бастап халқымыздың діліне енгізе берудің тәсілдерін, іздеуіміз керек. Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі. Сонымен қатар келер ұрпақтың болашағы үшін толыққанды жетілген тұлға болып қалыптасуының маңызы өте зор. Жастардың бойында ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, ар-ождан, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар және адами қасиеттерге тәрбиелеу алдыңғы қатар ұрпақтың елшісінде деген ойға жетелейді.

Әдебиеттер

1. С. Пірәлиев, «Ұлттық тәрбие және жаһандану» «Егемен Қазақстан» газеті К.С. Ныязбекова «Ұлттық тәрбие», 2013 ж.
2. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, жыл. http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/ (15.12.2012ж).
3. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті // Қазақстан орта мектебі, 2005 – №. – 7-9 бет.
4. Нұрмұхамбетова, Т.Р. Тәжірибелік психология: Оқулық / Т.Р. Нұрмұхамбетова; М. Әуезов атындағы ОҚМУ. – Шымкент: Нұрлы бейне. – 2006 – I бөлім. – 188 с
5. Детская практическая психология: Учебник для студ. вузов, обучающихся по педагогическим спец.; Рекомендовано МО РФ / Т.Д. Марцинковская [и др.]; под ред. Т.Д. Марцинковской. – М. : Гардарики, 2007. – 253 с

ӘОЖ: 37.563.87

Қ.С. Сихымбаев, А.Б. Байсеитова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., aika040187@mail.ru

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталды: Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды

алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адаса бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» [1].

Рухани жаңғыру – адам баласының ішкі жан дүниесінің тазалағы, жақсылықтар мен игі істер жасауға ұмтылуы. Рухани жаңғыру-табысты ел болуымыздың кепілі. Ұлттық болмысымызды сақтап қалу,білімге баулу, бәсекеге қабілеттілікті арттыру осы бір бағытта қарастырылған. Елбасымыз рухани жаңғыру жолында бірнеше принциптерді ұсынған болатын. Сол принциптерді оқып шығып, ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай,жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол осы рухани жаңғыру деген ой түйдім.

Рухани жаңғыру – жарқын болашаққа бастар жол. Барлық әлем біздің көз алдымызда өзгеруде. Жаңа кезең, жаңғырудың үшінші толқыны басталды. Әр ұлттың, әр елдің ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан салт-дәстүрі, асыл ойлары мен бітім-болмысын сақтап қалу бүгінгі күні үлкен мәселеге айналып отыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында осыған қатысты маңызды бағдарламалар қамтылған. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан айырылып қалмау, жастарды тәрбиелеп, олардың бойындағы патриоттық рухты ояту басты шарт болып отыр. Елбасы мақаласындағы «өмір сүре білу үшін өзгере білу керек, өзгере білмеген халықтар, тарихтың шаң-тозаңында қалады» деген сөзіне басты назар аударғанымыз жөн. Бұның барлығы еліміздің жаңаша өзгеруіне серпін беретін леп. Бұл бағдарлама тек бүгінгі өмір жолына шолу жасаған мақала емес, онда Қазақстанның болашағы жарқын болуы үшін нақты жоспар көрсетілген. Қазақстан әлем үшін бейбітшіліктің белгісі болып саналады. Рухани жаңғыру біздің дамуымыздың ең басты тұғырларының бірі десек артық емес.

Жаһандық дәуірде, ең бастысы, қабілетті жаңа ұрпақты қалыптастыру өте маңызды. Сол үшін басты құрал – білім болып табылады. Қазір білектің күшімен емес, білімнің күшімен бақ сынасатын заман. ХХІ ғасыр – ілім мен білімнің ғасыры. Саналы ұрпақты тәрбиелеу – Елбасымыздың басты талабы. Тағы бір нәрсе ол мыңдаған жылғы тарихымызды, салт-дәстүрімізді ұмытпай, болашақта өскелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек.

Тәуелсіз еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі азамат, ол бүгінгі бүлдіршіндер. Бала білім мен тәрбиенің негізін балабақшадан алады, сондықтан жүргізілетін жұмыс жоспарымыз мемлекеттік стандартқа сай дұрыс болса, Қазақстанның болашағына сенімді боламыз. Мектеп жасына дейінгі балалар түсінгенін, қабылдағанын, естігенін, көргенін ой-қимылын тіл арқылы жеткізеді. Сондықтан баланың өз ана тілінде дамуы, сөйлеуі, ойлауы басты мәселе. Адам ағзасының тіршілік ету үшін ауа мен тамақ қаншалықты қажет болса, санасының жетілуіне өз ана тілі мен тарихы соншалықты қажет. Әр ұлттың тұтастығы, тәуелсіздігі, мемлекеттің өркендеуі үшін де ана тілі қажет екені белгілі.

Ұлттық тарихымыздың рухани жаңғыруы туралы еліміздің әрбір азаматы санасын жаңғыртып отырса, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдап, бірнеше тілді меңгеріп отырсақ, біз ешнәрседен ұмытылмайтын ұрпақ тәрбиелеп шығаратын едік. Қазіргі таңда өзім басқарып отырған 70-тен астам бүлдіршіні бар «Шолпан» балабақшасының болашағы жарқын. Алар асуы алда. Рухани жаңғыру аясында жылдық жоспар түзіліп, сол жоспар бойынша әр түрлі іс-шаралар, ертеңгіліктер мен ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, семинар кеңестер жүйелі түрде ұйымдастырылып тұрады. Сапалы білім мен өнегелі тәрбиені әрбір бүлдіршінің бойына сіңіру мекеме қызметкерлерінің басты мақсаты. Бүгінге нақты бағдарлама жасай отырып, болашаққа ұмтылу, жетістікке жету жолында қызмет етіп келе жатқан балабақша қызметкерлерінің жаңа педогогикалық технологияны меңгеруге деген талпыныстары нәтижесінде зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік және басқа да қабілеттерінің қалыптасуы нәтижесінде оқу-тәрбие үрдісі алға жылжиды. Тәрбиешінің иновациялық іс-әрекетін қалыптастыру – нақты міндет. Жаңа педогогикалық әдіс-тәсілді меңгерген әрбір тәрбиеші баланың жан-жақты дамуына игі әсер етеді. Бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру балабақшадан басталатынын ескерсек, балабақша үшін келер күннің игілігіндегі атқаратын жұмыстары көп екендігінде дау жоқ.

Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру 2025 жылға дейін әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Менің ойымша Елбасымыздың бұл Жолдауы, еліміздің ертеңі, ұлт болашағы бүлдіршіндерімізге балабақша жасынан санасына сіңіру деп қабылдап, балабақшада бүлдіршіндер арасында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілімізді құрметте» деген қағидасын ұстанып түрлі іс-шаралар өткізілуде. Ұлттық мәдениетіміз деп

болашақ ұрпақ бүлдіршіндеріміз тәртіпке бағынған құл болмас дегендей мәдениетке тіл мен білімді сауатты болса, біз Елбасымыздың қадап айтқан қатаң қағидаларын қолданып отырсақ, рухани жаңғыруымыз жаңғырық болып қалмас еді деп ойлаймын. Қазір бәсекелестік рухани жаңғыру үшін маңызы зор, мына бәсекелестік заманда қазір балабақшамызда заман талабына сай оқу тәрбие жұмыстарын атқарып келеміз. Біздің әрқайысымыздың басты тілегіміз бүлдіршіндеріміздің бақытты балалық шағы, лайықты білім алуы және сүйікті Отанымыздың толыққанды азаматына айналуы. Тек қана, білімді және тәрбиелі ұрпақ Қазақстан халқының мақтанышы болмақ. Үш тілде білім алып, білімге сенген заманда қапы қалып жүрмелік деп Абылай хан айтқандай тек қана бүлдіршіндерімізді алға деп тәрбиелейік!

Олай болса, Сократ заманынан негіз алған «құндылық» мәселесі ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылым ретінде дараланып келеді. Мәселен, әл-Фараби өз заманында “Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан ғана таба алады. Жеке жан иесі адамдар бірлестігінің арқасында жетіліп, өз қабілетін шындай түседі. Осыдан келіп олардың өмір сүру мәні қалыптасады”. Ғұлама адам өмірі сан астарлы құндылықтармен тығыз байланысты екенін көрсеткен. Өйткені құндылық – адам өмірінің бағыт – бағдарын айқындайтын рухани күш. Енді осы “құндылық” ұғымының қалыптасуына тоқталатын болсақ, қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық деген ұғымды білдіреді. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттілігін, керектігін білуге болады. Мәселен, есептегіш машинаның құндылығы адамның оны дұрыс пайдалана білуіне байланысты (Қ.Жарықбаев). Орысша – қазақша аударма сөздікте: “құндылық” – құнды зат, мәнділік, ғылымда құндылық қазына, байлық деген ұғымдарды көрсетеді. Қазақ совет энциклопедиясында: “құндылық” – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық – социологиялық ұғым. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңыздылығын анықтайды – деп көрсетілген. Әрі қарай құндылық ұғымын тұңғыш анықтаманы философтар (Лотце, Коген) берді. Құндылық екі компоненттен тұрады: пәндік және саналық. Пәндік құндылық – оған заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, ғылыми ақиқаттың теориялық маңызы және практикалық пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылыққа қоғамдық ой, баға беру, мақсат, оған жетудің жолдары, түрлі нормалар жатады. Пәндік және субъективтік құндылықты философтар адамның дүниеге қатынасының екі жағы объектісі, әрі субъектісі ретінде қарастырады. Пәндік құндылық – баға берудің объектісі. Субъективтік құндылық – олардың өлшемі мен әдісі:

Философиялық сөздікте: “Ценности” – специфическое социальное определение объектов окружающего мира, выявляющие их положительное или отрицательное значение для «человека и общества благо, добро и зло прекрасное и безобразное». Внешние ценности выступают как свойства предмета или явления однако они присущи ему не от природы, не просто силу внутренней структуры, объекта самого себя, а потому что он вовлечен в сферу общественного бытия человека и стал носителем определенных социальных отношений” делінсе, психологиялық сөздікте: “құндылық” түсінігі қоғам үшін әлеуметтік – тарихи маңызы бар, “жеке адам” өмірінің болмысын анықтайтын құбылыс. Басқа жағынан психологияда құндылық-қоғамдағы моральдық қарым-қатынас. Осы айтылғандарға сүйене отырып біз, құндылық біріншіден – жеке адамның адамгершілік қасиеті, оның абыройы, әділділігі, бақыты болса, екіншіден – моральдық сана, норма, мүдде, принцип, мұрат пен мақсат – деп білеміз. Өйткені, қай кезде де адам өмір сүретін ортада қызмет етіп, іс-әрекет жасаса, өз қажеттілігін өтеу үшін алдына мүдде мен мақсат қойып мұратына жетуге ұмтылыс жасайды. Ал, мұратқа жету де білім, ақыл – ой, шеберлік, ұстамдылық пен шыдамдылық, яғни рухани құндылық негіздері ерекше орын алады.

Білімділік сапа – зердені байытып, ойлауды белгілі бір дәрежеге көтеру үшін керек, Сократ «Менің білетінім еш нәрсені де білмейтіндігім» – дегені адамның әлі де ғалам құпиясынан бейхабар екенін көрсетеді. Қазіргі ақпарат ағыны заманында адам баласы күнде естіген, көрген білгендерін қорытуға, соған білімдері арқылы үлес қосуға мәжбүр болып отыр. Сондықтан алған білімді жинақтаудағы сандық нәтижеден гөрі, оның сапалық жағына көп мән берілсе, адам өмірде өз пайдасын тигізері сөзсіз. Сонда ғана білімділік негізі руханилықтың баспалдағы бола алады.

Адам құндылығының имандылық сапасы – болашаққа деген үміт, адамды, табиғатпен бүкіл әлемді жан – тәнімен сүйе білуді қолдайтын сенім. Сонау орта ғасырда өмір сүрген әйгілі ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің заманында қайта – қайта «нәпсінді тізгінде, жаның мен діліңді тазарт» – деген өсиеттерінің түпкі тамырында, имандылық жатыр. Ол «өмірді қызық көру үшін сүрмеу керек, нағыз жетілген адамша өмір сүру керек, яғни өмірде жіберген қателерді жөндеп, күнәға батпай өмір сүруге

тырысу қажет», – дейді. Қателесу бұл адам білместігінің кесірі. Бірақ сол қатені өзінің іс-қимылында барынша «жоюға» тырысып қатесін түзету, әр адамның өз қолында екенін көбі біле бермейді, күнделікті тіршілікте «заман өзгеріп, өмір өз дегенін істеп, басқаларда мен сияқты жүр ғой» деген дәлелдер басымырақ болып жатқан кездер әлі де көп. Осыдан келіп, «өзің білме – білгеннің тілін алма» деген кереғар ұғым пайда болып отыр.

Рухани жаңғыруда Қазақстан елі үшін латын әліпбиіне көшудің маңызы зор. 2050 жылға дейін барлық кітаптарды латын әліпбиіне ауыстыру жоспарлануда. Бұл да біз үшін үлкен жетістік болар еді. 30 дамыған озық мемлекеттер қатарына ену үшін ең алдымен біздің рухани тәрбиеміз мығым болуы керек. Ойлап қарасам, мемлекет бұл қатып қалған дүние емес, мемлекет біздің ұлт болып сақталып қалуымыз. Жер бетінде өзінің территориясы, мемлекеті жоқ ұлттар қаншама. Осыдан-ақ, бәрі ата-бабаларымыздың арқасында деп білемін. Білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап, бізге аманат еткен мемлекетімізді сақтап, қуатты елге айналдырсақ болғаны. Ал тіл жоқ жерде ұлт жоқ екенін ескерсек, осы рухани жаңғыру мақаласында айтылған латын әліпбиіне көшу тілімізді заман талабына сай форматтап, өміршең етудің бірден бір жолы. Уақыт бір орында тұрмайды. Заман талабына сай күнде жаңаруды талап ететін мына қоғамда жаңарудың маңызы жоғары. Қанша жерден алып мемлекет болып тұрсақ та тамырымызда бүлкілдеп соққан салт-дәстүрімізбен, ұлттық болмысымызды жоғалтпай жаңғырумен бірге ұштастыру тәуелсіз еліміздің басты мақсаты.

Еліміздің өркендеуі, алға қарай қадам басуы, дамыған елдердің қатарында болуы жастарға байланысты. Жаңа заман мәселесі жас ұрпаққа рухани патриоттық тәрбие беру. Ой – санасы дамыған, рухани бай адамды бала кезден бастап тәрбиелеу керек. Ел аузында «ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал ол ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Яғни, туғаннан баланың бойына ұлттық намыс, тектілік, рухани патриоттық құнды қасиеттерді сіңіру басты рөл атқарады. Бала өз ойын анық жеткізе білу, технологияны еркін меңгеру, қазақ тілінде еркін сөйлеу, уақыттың кез-келген сынағына дайын болып, бәсекеге қабілетті болуы керектігіне ерекше тоқталуымыз керек.

Біз жаңа заман ағымына бейімделуге қабілеттілігімізді көрсете отырып, тәуелсіз мемлекетіміздің дамуы мен түбегейлі жаңғыруына жол бастаймыз. Елбасымыздың ұсынып отырған бағыт-бағдарларына ере отырып мақсатқа жету жолында үздік нәтижеге жетеміз. Қазақ елі міндетті түрде Мәңгілік елге айналатынына сенімім мол. Әр азамат өзінің рухани дүниесін байытып, ғылым, білім қуып, еңбектенгенде біздің еліміздің болашағы зор болады деген ойдамын.

Әдебиеттер

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Қасымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.
2. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, жыл. http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/ (15.12.2012ж).
3. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004. – 206 б.
4. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбиенің өзекті мәселелері. /Қазақстан мектебі 1996, – № 12№ – 34 б.
5. Крамшенко В. Патриоттық және адамгершілік тәрбиесі / Бастауыш мектеп. 1994№ – № 8,9-10 б.

ӘОЖ: 37.013.88

А.С.Исабаева

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., aika040187@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазақстан Республикасы қоғамдық-саяси құрылымының өзгеруі, қоғамды БҰҰ халықаралық құқықтық құжаттарына сәйкес демократияландыруға бағытталған іс-шараларды өткізу мемлекет пен қоғамның мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген, оның ішінде балаларды оқытуға деген жаңа позициясының, қатынасының қалыптасуына ықпал етті.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я

болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп көрсетті [1].

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» инклюзивті білім беруді дамытудың алғышарттары жасалынды [2]. Елімізде бәсекеге қабілетті білім беруді жоғарылату үшін сапалы білім беру арқылы адам капиталын дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, ІТ-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы. Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Адамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру ұлт жетістігінің факторы болып табылады, сондықтан әр қазақстандықта заманауи технологиялар кезеңінде және жаңа мамандықтардың талаптарына қажет функционалдық, ІТ сауаттылық, ағылшын тілін білу, адамгершілігі мол тұлға сынды қасиеттер мен құзыреті болуы керек», – деп көрсетілген [3].

Мүмкіндігі шектеулі адамдар тұрмыстық қызмет көрсету, тағам өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыс істей алады», – деп мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетіп, олардың оқып-білім алуына, еңбек етуіне мүмкіндік туғызу керек екендігіне баса назар аударды [4].

Қазіргі таңда Қазақстанда жеке тұлғаның мүдделерінің қоғам мүдделерінен басымдық принципі әр адамның құқығы мен еркіндігін сақтауға кепіл беру арқылы көрсетілген. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген қатынас әлеуметтік оңалту идеясына негізделеді, ол мүмкіндігі шектеулі тұлғаның барынша дербестік пен қоғамдағы тәуелсіздікке жетуін көздейді. Мақалада Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру ерекшеліктерін анықтау мақсатында даму мүмкіндігі шектеулі балаларды балалармен бірге оқыту мәселесі бойынша әлеуметтік сауалнаманың, эксперименттік зерттеу нәтижелері келтіріледі.

Білім алу құқығы – бұл кез-келген адамның құқығы. Ал балаларға білім беру – бұл оларды әлеуметтендірудің, қоғам өміріне толыққанды қатысуының негізгі және ажырамас шарты. Дәл осы себепті Қазақстанда 2011-2020 жылдарда білім беруді дамыту бағдарламасы аясында мүмкіндігі шектеулі балалар шын мәнінде басқалармен бірдей толыққанды оқуға және білім алуға мүмкіндік алуы үшін инклюзивті білім беруді біртіндеп дамыту қарастырылған. Әлеуметтік бейімдеу – Қазақстандағы инклюзивті білім берудің басым бағыттарының бірі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында [5] барлық адамдардың сапалы білім алуға тең құқылығына, әрбір адамның интеллектуалдық дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып тұрғындардың барлық деңгейлеріне білім алудың қолжетімділігіне кепілдік берілген. 2011-2020 жылдарда білім беруді дамыту Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес инклюзивті білім беруге жағдай жасайтын мектептер үлесі жалпы саннан 70%-ға дейін артатын болады.

Мүгедек балаларға арналған «кедергісіз жету» жасалған мектептер саны 20%-ды құрайды. Инклюзивті білім беруге қамтылған балалар пайызы даму мүмкіндігі шектеулі (ДМШ) балалардың жалпы санының 50%-ын құрайды. 2012-2018 жж. Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқығын қамтамасыз ету және өмір сапасын жақсарту бойынша ұзақ мерзімдік перспективалық әрекет етудің Ұлттық жоспары, 2015-2020 жж. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесін ары қарай дамыту бойынша шаралар кешені бекітілді (ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы, 19 желтоқсан 2014 ж. № 534) [6].

Әзірге білім беру жүйесі мүгедек балалардың қажеттіліктеріне нашар бейімделген, қоғам мүгедектерді социумның тең құқылы мүшесі ретінде қабылдауға дайын емес, барлығы да: балалар да, педагогтар мен ата-аналар да дайын емес. Мүгедек балалардың толыққанды білім беру қызметіне қол жеткізудің шектеулі болуы да мәселе болып табылады. Мұның салдары – балалар мен олардың отбасының материалдық қиындықтар мен ары қарай дамуы үшін беталысының болмауын сезінуімен тереңдейтін әлеуметтік оқшаулануы.

Әлемдік мектеп тәжірибесінде инклюзия даму бұзылыстары бар балаларды кәдімгі жалпы білім беретін мектепте құрдастарымен бірге оқыту ретінде қарастырылады. Халықаралық тәжірибеде (ЮНЕСКО) «интеграцияланған оқыту» (integration) термині «инклюзивті білім беру» терминіне алмастырылды. Ерекше даму қажеттіліктері бар балаларды тұрғылықты мекен-жайы бойынша жалпы мектеп білім беруге ендіру бұл қазақстандық заманауи білім беру үшін жаңа қатынас, Оның артықшылықтары: мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды үшін арнайы оқыту жағдайын жасау; аталған мектептің барлық білім алушыларының білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін икемді бейімді білім беру ортасын құру; ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды жалпы мектепте арнайы педагогтардың: логопед, дефектолог, психологтардың қажетті психологиялық-педагогикалық қолдауын ұсына отырып оқыту; ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқушылар, педагогикалық және ата-аналар ұжымының қабылдауына даярлық және барлық балалар үшін ыңғайлы, барынша даму деңгейіне жетуге ықпал ететін оқыту жағдайын жасау, сонымен қатар, баланы әлеуметтік оңалту және оны қоғамда интеграциялау; қоғамда (сынып, топ, мектеп) толеранттылық, яғни шыдамдылық, өзара құрмет дағдыларын қалыптастыру. Біздің еліміздегі инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы тек орта білім жүйесінде ғана емес, сонымен қатар, мектепке дейінгі, кәсіби және қосымша білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістердің болуын талап етеді.

Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі ретте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті мектеп мұғалімдері ауадай қажет. Бұл мәселенің маңыздылығы сонша, бұл туралы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда ашық та айқын анықталған. Аталған құжатта: «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек», – деп көрсетілген.

Мұнан басқа, ересектер өз балаларының «ерекше» балалармен қатынас жасауы олардың интеллектуалдық дамуына теріс әсер етеді деп мазасызданады. Сол себепті педагогтардың алдында ата-аналарды «ерекше» балаларды «кәдімгі» балалармен теңдей қабылдауға деген дайындығын қалыптастыру міндеті тұр. Француз моралисті и эссеист Жозеф Жубер баланы оқыту керек емес, үлгі көрсету қажет деп дұрыс көрсетті. Шын мәнінде, мінез-құлық, барлық адамдарды психофизикалық ерекшеліктеріне, ұлты мен ұлысына қарамастан құрметтеу тәжірибесін игеруде ата-аналардың жеке басының үлгісі ерекше маңызға ие. Осыған байланысты, ата-аналармен инклюзивті білім беру және оның мәні идеологиясын түсіндіру, оларға өз балаларында барлық адамдармен ешқандай ерекшелігіне қарамастан қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру бойынша мақсатты түрде жұмыстарды жүргізу қажет. Бұл мәселені шешудің Қазақстан Республикасында мүмкін болатын нұсқаларының бірі:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үдерісіне тартуға;
- мүгедек балаларды қазіргі қоғамға бейімдеуге;
- мүгедек балалардың өздерін қазіргі қоғамда сенімді сезінуіне белсенді мінез-құлықтық көзқарасын қалыптастыруға;
- өз кемістіктерін артықшылыққа айналдыра білуге;
- қазіргі қоғамның мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қатынасын өзгертуге бағытталған инклюзивті білім беруді дамыту болып табылады. Инклюзивті саясат – бұл құқықтық саясат, оның аясында ата-аналардың мектепті таңдауға құқығы болуы керек.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді ендіру жолында әлі де шешімін таппаған мәселелер мен кедергілер сол күйінше қалуда:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға деген дұрыс емес қатынас
- арнайы дайындалған педагогикалық құрамның болмауы
- оқу мекемелерінің материалдық-техникалық және әдістемелік жарақтандырылуының өте төмен деңгейі
- физикалық қол жетімділік кедергісі
- мемлекеттік стандарттың қатаң талаптары.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың кең нұсқалы жүйесін ендіру балалардың жалпы ағынына зият дамуында түрлі тежелулері бар балаларды қосуға мүмкіндік береді. Бастапқы кезеңде мемлекеттің басты міндеті ғылыми-педагогикалық қауымдастықтар мен жалпы қоғам арасында ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Инклюзивті білім берудің гуманистік тұғырының бастауы ұлттық фольклорымыздың барлық жанрынан табылады. Бірақ, түйінді, парасатты ойлар синтезделген мақалдар мен мәтелдерді, эпостар мен ертегі-аңыздарды талдай отырып, инклюзивті білім беру жүйесінің қалыптасуы мен теориялық және практикалық негіздерінің сенімді тұғыры ретінде қаланатынын түсінеміз. Халық даналығында «Жақсының алдында жазыларсың, жаманның алдында тарыларсың» дегеніндей, жақсылықтың жолы жайылғанда, кез келген мүгедек бала өзінің қалыпты баладан айырмашылығын ұмытып, жүрегінің нұрлы қазынаға айналуына өзіне мүмкіндік сыйлайды.

Кейбір адамдар үшін инклюзивті білім беру жүйесі қарапайым балаларға білім беру сапасының төмендеуіне байланысты алаңдаушылық тудырады. Дегенмен, сарапшылар білім беру процесіне қатысушылардың бәрін қанағаттандыратын жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталғанын түсіндіреді және түсіндіреді. Болашақта Қазақстанның білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді іске асыру бағдарламасын жүзеге асыруды дұрыс ұйымдастыру арқылы жоғарыда көрсетілген процестің барлық қатысушыларына оң нәтижелер береді. Кейбір адамдар үшін инклюзивті білім беру жүйесі қалыпты балаларға білім беру сапасының төмендеуінің мүмкін болуына байланысты алаңдаушылық тудырады. Дегенмен, сарапшылар инклюзия білім беру үдерісіне қатысушылардың бәрін қанағаттандыратын жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталғанын түсіндіреді және тыныштандырады.

Болашақта Қазақстанның білім беру жүйесіне инклюзивті білім беруді ендіру бойынша бағдарламасын жүзеге асыруды дұрыс ұйымдастыру арқылы жоғарыда көрсетілген үдерістің барлық қатысушыларына оң нәтижелер береді.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан газеті – Алматы, 2017. – № 10(78). – Б. 1-2.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2010 жылғы 7 желтоқсан. №1118 // www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <http://edu.gov.kz>
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ, 17 қаңтар 2014ж.
5. Статъя «Инклюзивное образование: реальный опыт, проблемы, перспективы» авторы: зам. директора по УВР Кузгибекова Г.М., учитель начальных классов Кулешова Т.В. СОШ № 51 г. Караганды. – 31с.

ӘОЖ: 37.013.88

Ғ.А. Омарова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., aika040187@mail.ru

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТІЛГІ БР БАЛАЛАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ

Еліміздегі білім беруді реформалау жағдайында туындап жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді түсінетін жана тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтерді дайындау қажеттілігін жоғары оқу орындары да дер кезінде түсініп, туындаған мәселені шешуге жан-жақты кірісіп жатқаны белгілі.

Инклюзивті білім беру саласындағы тәжірибе мен зерттеулерді жинақтап талдау, қоғамның мүгедек балаларды қалыпты дамып жатқан қатарластарымен бірге оқытуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу орындарының өздеріне де маңызды орын беріледі, себебі олардың оқытудың жаңа үлгісіне дайындығы табыс өлшемдерінің бірі болып табылады.

Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі ретте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті мектеп мұғалімдері ауадай қажет. Бұл мәселенің маңыздылығы сонша, бұл туралы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда ашық та айқын анықталған. «Дүниежүзілік мүгедектік туралы баяндамада» инклюзивті

білім беруді дамытуда жалпы білім беретін педагогтің арнайы даярлығы шешуші мәнге ие екендігі айтылған [1]. Аталған құжатта: «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек», – деп көрсетілген.

Біздің еліміздегі білім беру саясатының өзекті мәселелеріне: кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту мен жетілдіру, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның маңыздылығын арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу тағы басқа мәселелер енеді [2].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «...ерекше білім беру қажеттіліктері (мұқтаждықтар) – дене бітімінде және ақыл-есінде кемістігі бар балаларды қоса алғанда, білім алуға қандай да бір себептермен тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болатын балалардың қажеттіліктері», – делінсе, «инклюзивті білім беру – білім беру бағдарламаларына сәйкес басқа да санаттардағы білім алушылардың тең қолжетімділігін көздейтін даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарды бірге оқыту мен тәрбиелеу, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдау», – деп көрсетілген болатын. Дамуында ерекшелігі бар балалардың білім алу бағдарламасының тиімділігі адамның жасы мен денсаулығындағы қиындықтардың бастапқы нүктесін анықтаудан басталады.

Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жүзеге асырылуда [2].

Бүгінге дейін орта білім беру ұйымдарындағы балалардың 32%-ы инклюзивті оқытумен қамтылған. Бұл мекемелерде арнайы жағдайлар жасалып, мүмкіндігі шектеулі 25 985 бала (28%) дені сау қатарластарымен тең дәрежеде білім алуға. 2019 жылға дейін мектептердің 70%-ы инклюзивті білім беруге лайықталынуы көзделіп отыр.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсетуге арналған нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау барысында олардың инклюзивті білім беруді дамытудың негізін қалаған құқықтық реформалар болып табылатыны анықталды. Дүние жүзіне белгілі арнайы мекемелерде әлемге танымал инклюзивті білім беру формалары қолданылып келеді.

Қазақстан Республикасы қоғамдық-саяси құрылымының өзгеруі, қоғамды БҰҰ халықаралық құқықтық құжаттарына сәйкес демократияландыруға бағытталған іс-шараларды өткізу мемлекет пен қоғамның мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға деген, оның ішінде балаларды оқытуға деген жаңа позициясының, қатынасының қалыптасуына ықпал етті.

Қазақстанның білім беру жүйесіне ендігі ретте тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, әлеуметтену ерекшеліктерін есепке ала отырып, дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға да білім беріп, тәрбиелейтін жоғары білікті мектеп мұғалімдері ауадай қажет. Бұл мәселенің маңыздылығы сонша, бұл туралы халықаралық және отандық құқықтық құжаттарда ашық та айқын анықталған. «Дүние жүзілік мүгедектік туралы баяндамада» инклюзивті білім беруді дамытуда жалпы білім беретін педагогтің арнайы даярлығы шешуші мәнге ие екендігі айтылған [3]. Аталған құжатта: «Мемлекеттік жалпы мектеп мұғалімдерінің арнайы оқытылуы олардың сенімділігін нығайтып, мүгедек балаларды оқыту дағдыларын жақсартуы мүмкін. Инклюзия қағидалары мұғалімдерді дайындау бағдарламаларына ендірілуі және мұғалімдерге инклюзивті білім беру саласында кәсіби білім мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін басқа да бастамалармен қосылуы керек», – деп көрсетілген.

Мұнан басқа, ересектер өз балаларының «ерекше» балалармен қатынас жасауы олардың интеллектуалдық дамуына теріс әсер етеді деп мазасызданады. Сол себепті педагогтардың алдында ата-аналарды «ерекше» балаларды «кәдімгі» балалармен теңдей қабылдауға деген дайындығын қалыптастыру міндеті тұр. Француз моралисті и эссеист Жозеф Жубер баланы оқыту керек емес, үлгі көрсету қажет деп дұрыс көрсетті. Шын мәнінде, мінез-құлық, барлық адамдарды психофизикалық ерекшеліктеріне, ұлты мен ұлысына қарамастан құрметтеу тәжірибесін игеруде ата-аналардың жеке басының үлгісі ерекше маңызға ие. Осыған байланысты, ата-аналармен инклюзивті білім беру және оның мәні идеологиясын түсіндіру, оларға өз балаларында барлық адамдармен

ешқандай ерекшелігіне қарамастан қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру бойынша мақсатты түрде жұмыстарды жүргізу қажет. Ата-аналарды қайта тәрбиелеу мүмкін емес, бірақ бірге оқытуға деген қатынасына ықпал жасау, ынтымақтасқан және арнайы ұйымдастырылған жұмыстар нәтижесінде олардың іс-әрекетін түзетуге толықтай болады. Ата-аналарды инклюзивті білім беруге дайындауды кеңес беру түрінде мақсатты жүргізуге болады, оның барысында мұның мәні түсіндіріліп, барлық жағымды сәттері ашылады, ата-аналардың алдағы тұрған бірлескен тәрбиелеу мен оқыту алдындағы қорқынышы жойылады. Әсіресе бұл мәселе белгілі бір физикалық ерекшеліктері бар адамдарды өзіміздің әлеуметтік ортамызға тарту бойынша қызметтерде өзекті болып көрінеді. Мүгедек ұғымының өзі дұрыс емес, біз бұл адамдарға кемшілік комплексін таңып қоямыз, бұған олардың өздері сене бастайды. Олар үшін оқуда, дамуда, спортпен айналысуда көптеген мүмкіндіктерге жол жабық. Қатардағы адамдардың мүгедектерге деген қатынасы бір жақты және теріс бұрмалануымен ерекшеленеді. Және біздің қоғамымызда бұл қатынас балалық шақтан бастап қалыптасады. Бұл мәселені шешудің Қазақстан Республикасында мүмкін болатын нұсқаларының бірі:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру үрдісіне тартуға;
- мүгедек балаларды қазіргі қоғамға бейімдеуге;
- мүгедек балалардың өздерін қазіргі қоғамда сенімді сезінуіне белсенді мінез-құлықтық көзқарасын қалыптастыруға;
- өз кемістіктерін артықшылыққа айналдыра білуге;
- қазіргі қоғамның мүмкіндігі шектеулі адамдарға деген қатынасын өзгертуге бағытталған инклюзивті білім беруді дамыту болып табылады. Инклюзивті саясат – бұл құқықтық саясат, оның аясында ата-аналардың мектепті таңдауға құқығы болуы керек. Жақын шетелдік мемлекеттерде және елімізде жүргізіліп жатқан зерттеулер көрсеткендей, қазір ата-аналардың барлығы бірдей өз балаларын жалпы білім беру жүйесіне бергісі келмейді, өйткені әзірше қажетті жағдайлар тек арнайы білім беру жүйесінде ғана жасалғанын түсінеді [4].

Қазақстанда инклюзивті білім беруді ендіру жолында әлі де шешімін таппаған мәселелер мен кедергілер сол күйінше қалуда:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға деген дұрыс емес қатынас.
- арнайы дайындалған педагогикалық құрамның болмауы.
- оқу мекемелерінің материалдық-техникалық және әдістемелік жарактандырылуының өте төмен деңгейі.
- физикалық қол жетімділік кедергісі.
- мемлекеттік стандарттың қатаң талаптары.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың кең нұсқалы жүйесін ендіру балалардың жалпы ағынына зият дамуында түрлі тежелулері бар балаларды қосуға мүмкіндік береді. Бастапқы кезеңде мемлекеттің басты міндеті ғылыми-педагогикалық қауымдастықтар мен жалпы қоғам арасында ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады [5].

Тағы бір маңызды мәселе – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға оқытушылардың кәсіби дайындықтарының болмауы болып табылады. Орта мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер арнайы психология мен түзету педагогикасы бойынша білім алмаған. Олар мұндай балалармен қалай әрекет ету керектігі туралы білмейді, сонымен қатар, 20 оқушы отырған сыныпта баланы қалай оқыту керектігі туралы хабардар етілмеген.

Тағы бір мәселе дені сау балалардың ата-аналар қауымдастығымен туындайды. Көптеген жағдайларда олар өз балаларының кемістіктері бар балалармен бірге оқуына қарсы тұрады. Олардың ойынша, бұл жағдайда олардың балаларына уақыт пен көңіл аз бөлінеді, ал оқу үрдісі «тежеледі». Ата-аналар белгілі бір аурумен ауыратын балалардың мінез-құлқымен таныс емес және өз балаларына зиян келтіруі мүмкін деп қорқады.

Сонымен қатар, мүгедек балалардың ата-аналарымен де мәселелер туындайды. Ерекше балалардың ата-аналарының көпшілігі балаларын жай сыныпқа оқуға беруге қорқады, мұны балаларын онда ренжітеді, қысым көрсетеді деп және т.б. түсіндіреді.

Мәселелер балалардың құрдастарымен қарым-қатынаста да пайда болуы мүмкін, себебі қалыпты дамыған балалар өздеріне ата-аналары арқылы қалыптасқан теріс көзқарастарына сәйкес әрекет етеді. Әлеуметтік орта – мүмкіндігі шектеулі балалар үшін маңызды орпын алады. Осыны ескере отырып, мектепте балалардың тұлғааралық өзара әрекеттесе отырып байланыс құруына арналған кедергісіз орта қалыптастыру керек. Дамуында ауытқулары бар баланы қалыпты дамыған құрдастарының оң қабылдауына қоршаған ортасындағы ересектердің әсері бар. Мұғалімдер осындай оқушыларды барлық жағдайларда қолдауға және көмек беруге дайын болуы тиіс. Салауатты оқушыларға

құрдастарының дұрыс сөйлей алмауын, дұрыс қимылдай алмауын, өздерін басқаша ұстау себептерін түсіндіруі қажет және т.б. Осы санаттағы оқушылар үшін арнайы сыныптардың негізгі функциясы, олардың танымдық қабілеттері мен ерекше қажеттіліктеріне сәйкес, тұрғылықты жері бойынша өзінің білім алу құқығын іске асыру болып табылады. Бұл жерде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қоғамға әлеуметтік бейімдеу мен интеграциялауға, өз баласының тәрбиесі мен дамуындағы отбасының ролін арттыруға мүмкіндік жасалады.

Мұғалімдер дене дамуы жағынан, зияткерлік дамуы жағынан зақымданған балалармен, қалада не ауылда тұратын түрлі әлеуметтік топтағы балалармен, балалардың басқа түрлі білім беру топтарымен жұмыс істейтін педагогикалық технологияларды игеріп, өзінің жеке тәжірибесіне сай, ұстаздық кәсібінде шығармашылық түрде таңдай алатын және шебер де орынды, нәтижелі етіп қолдана алатын қабілетін жетілдіруі тиіс болып отыр.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдемесі (01.06.2015 жылғы № 348) // <http://online.zakon.kz/>
2. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы.
3. Исабаева, А.С., Инклюзивное образование: учебное пособие для студентов педагогических специальностей / А.С. Исабаева, А.Т. Сарипбекова. – Шымкент : ЮКГУ, 2017. – 197 с.
4. Джексенбаева К.О. Дефектология негіздері»: Оқу құралы 5В010500 – «Дефектология» мамандығының студенттеріне арналған / К.О. Джексенбаева, Ж.У. Керимбекова. – Шымкент: ОҚМУ, 2015.
5. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

ӘОЖ: 37.013.88

Г.Т. Айтжанова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҰЛТТЫҚ ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, ҚҚДИ «Рухани жаңғыру», «Қазақстандық қоғамдық даму институты» ұсынысымен «Болашақ» стипендиясының иегері, Халықаралық психология ғылымының академия мүшесі ретінде, ұлттық танымдық құзіреттіліктерді жастарың бойында қалыптастыру мақсатында «Ұлттық бірегейлікті сақтау» тақырыбында ЖЖО ұзатаздарына, мектептерде, балабақшаларда вебинарлар өткізілуде. Осы вебинардың негізінде ой түйіндеп «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық танымдық құзіреттілігін қалыптастырудың маңызы туралы мақалада қарастырдым.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» – дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы ғасырлар бойы өмір сүріп, өзінің жеке болмысын, салт-дәстүрін шынайы түрде сақтап, жалғастырып келеді. Әрқашанда еліміздің тірегі – тәриелі әрі білімді, қайратты рухты ұрпақ болып келген. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғам талабы – егемен еліміздің қара шаңырағының есі болып қалатын қоғам мүшелерін, жас ұрпақты тәрбиелеу, кемел болашаққа жол бастайтын, өзге озық елдердің қатаында терезесі тең тұратын, білікті маман бәсекеге қабілетті тұлға болатындай тиянақты білім беру. Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру жүйесінің педагогтарының алдында тұрған міндет: бала тәрбиесіндегі білім мен мәдениет білуге құмарлық, бәсекеге қабілеттілік, парасаттылық, функционалды сауаттылық, өзінің пікірін еркін білдіре алатын және өзінің іс-әрекетімен өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсіне алатын қабілетті, әрі қоғамға өзіндік ықпалы бар екендігін түсінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халық даналығы бала тәрбиесінде ерте жастан бастап, ұлттық тәрбиеге ерекше мән беруді меңзеп отырған. Өзінің ұлттық ерекшеліктерін бойына сіңіру қай халықтың болмасын үнемі назарында тұратын басты қағида. Сондықтан да баланың сәбилік шағында жаңадан айналасын, қоғамын тани бастаған әрекетінде оның танымдық

құзыреттіліктерін бірден ұлттық бағытқа назар аударту туған өлкесіне, елінің ұлттық сал-дәстүріне құрметін арттырып, терең отансүйгіштік қасиеттерінің дамуына зор ықпалын тигізеді. Өз елінің ұлттық мұраларын: салт-дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын, туған өлкесінің табиғатын танып білуге, оны аялап, қорғау мен таза күйінде сақтауға тәрбиелеу балаға ерте жасынан үйретілгені маңызды. Себебі баланың сезімталдығы мен пәк таза көңіл-ниеті сәбилік шақта дамиды. Осы шақта бала жақсы мен жаманды ажыратуды, қорғау мен қамқоршы болуды, достық қарым-қатынас пен өз ұлтына, еліне жеріне деген махаббатының қалыптасатын кезеңінде болады. Ол шынайы күліп, шынайы ренжиді, барлық ақиқатты шынайы қабылдап, оған деген өзінің көзқарасын қалыптастырады. Өзінің туған өлкесінің табиғатына тамсанып, ерекше әдемілігін байқап, сүйуге үйренеді. Ұлтымыздың салт-дәстүрлеріне бойлайды. Домбыраның қоңыр үнін, қобыздың әуелі сарынын құлағымен естіп, ондағы әуендер арқылы тарихи уақиғаларды танып, елінің өткен кезеңдерін жүрегіне сақтауды үйренеді. Осы шақта қалыптасқан сезімдері мен қасиеттерін өмірлік қағидаға айналдырады [1].

Балалардың ұлттық танымдық құзыреттілігін арттыруда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшаларда балалардың ұлттық танымдарын кеңейту жұмыстары қарқынды атқарылуда. Еліміздегі барлық ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі мекемелерде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 28, 29-баптарында көрсетілгендей оқу тәрбие процесін ұйымдастыру мен оқу әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы нақты тапсырмалар берілген [2]. Оның ішінде көкейкесті назар сапалы білім беруді жүзеге асыруға, озық тәжірибені қолдануға тапсырыстар ұсынылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі ұйымдарға балалардың білім алуының сапасын бақылайтын мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсіліне ерекше назар аударылу керектігі айтылған. Сонымен қатар, әлемдік трендтерді ескере отырып, өзіміздің ұлттық танымдық құзыреттіліктердің меңгерілуіне көңіл бөліну керектігі тапсырылған. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу мен оқыту үрдісін ұйымдастыру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру типтік үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес базалық білім, білік, дағдыларды, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың түйінді құзыреттілігінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осыған орай, біздің бала тәрбиесі мен білім беру үрдісіміздің бағыты – балалардың танымдық әрекетіне ерекше назар аудара отырып жүзеге асыруға негізделген. Таным – адамның санасындағы ақиқаттылық және нағыздықтың оны одан өрі өзгерту мүмкіндігін мақсат ететін, мақсатты бағытталған белсенді бейнелену үдерісі [3].

Таным барысында болмыстың түрлі қырлары ашылады, қоршаған дүниедегі заттардың, құбылыстардың сыртқы жақтары мен мәні ашылады, сонымен қоса таным қызметінің субъектісі – адам адамды, демек, өзін-өзі зерттейді. Таным – адам қызметінің қоршаған дүниені және ондағы өзін тануға бағытталған арнайы түрі. Адам таным бойынша әрекеттің екі негізгі түрін жүзеге асырады:

- қоршаған дүниені өзге ұрпақтардың болған танымдық қызметінің нәтижелері арқылы таниды;
- қоршаған дүниені тікелей таниды.

Таным – білім алу және дамыту үдерісінде үнемі тереңдетіліп және кеңейтіліп отыратын, нәтижесінде, жаңа білім алынатын таным объектісі мен субъектісінің әрекеттесуі болып табылады.

Таным ол әрекеттің мақсаты мен оның түрткісін анықтайтын тұлғаның ақпараттық қорын құрайтын, қоғамдық-тарихи үдеріс философиялық категория болып табылады. Философиялық сөздікте: таным – заттардың эмоциялық мазмұнын немесе ақиқатты табу мақсатындағы заттардың күйін, жағдайын меңгеру болып табылады. Педагогикалық сөздікте таным – әлем туралы шынайы білімдерді алуға деген субъектінің шығармашылық іс-әрекеті деп жазылып, сыртқы орта туралы ақпарат алу тұрғысынан берілген. [4].

Қазақстандық ғалымдар Д. Кішібеков, Ғ.Ғ. Ақмағамбетов, Г. Нұрышева танымға сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнелеуінің қайшылыққа толы күрделі үдерісі деп анықтама берген. Таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білімі кеңейіп, тереңдей түседі, адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәліметі кеңейіп, ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады, сондықтан танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп те есептеуге болады деген [5].

Сондықтанда баланың тәрбиесінде басмдылық танымдық әрекетке берілуі тиіс деп есептейміз. Сонымен қатар, танымдылық әрекет тек, жалпы меңгерілуі емес, баланың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыратын фактор ретінде де қаралады. Өйткені мектепке дейінгі жастағы

балалардың бойында өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес, функционалды сауаттылығы қалыптасып, алғашқы өмір жаттығулары мен өз өлкесінің қоршаған ортасына деген қызығушылықтары артып, білуге, тануға, қолдана алуға деген танымдық құзыреттілікті қалыптасып, жас шағының ұлғаюына байланысты қарапайымнан күрделіге ауысып отыру үрдісі қарқынды жүре бастайды. Бала бойында нақты құзыреттілік қалыптастыру әрі оны дамыту өте күрделі іс болып табылады. Оның толыққанды жүзеге асырылуы үшін педагогтың нақты білімдері мен методикалық нұсқаулықтарды қолдана алуы жеткіліксіз болып табылады. Өйткені, әр балаға өзінің болмысы мен табиғи мінезіне, қабілеті мен икеміне қарай құзыреттіліктерді қалыптастыру талап етіледі. Себебі, баланың үйренуге білуге деген құштарлығы қалай тез көтерілсе, солай тез төмендеп отыратыны белгілі. «Құзыреттілік» термині аясында қазақстандық ғалымдар Ж. Меңлібекованың, Т.Е. Исаеваның Б.Т. Кенжебековтің, А. Арғымбаеваның, шет елдік Б.Д. Элькониннің, М. Чошановтың, А.В. Хуторскойдың, Дж. Равеннің еңбектерін оқып танысып, құзыреттілік ұғымының мәніне талдау жүргіздік.

Мәселен, белгілі ғалым Г.Ж. Меңлібекованың пікірі бойынша, құзыреттілік – субъектінің өзін анықтай білу қабілеті, әрекетті басқару ретінде нақты әлеуметтік білім категорияларын, әлеуметтік болмысты толығымен өзіне біріктіретін интегративті қасиеті. Ал Т.Е. Исаева «құзыреттілік» ұғымын философиялық тұрғысында жеке тұлға құрылысында алатын орны, оның дамуындағы атқаратын ролі, өмір әрекетінен тәжірибе алуы, әлемдік мәдениет деңгейіне қатыстыру және өнегелі-этикалық байланысты меңгеруі немесе қабылдауы жағынан қарастырған. Б.Д. Эльконин құзыреттілік туралы көзқарасты өз еңбегінде былай көрсетеді: «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды; құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті; құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы; құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады. М.М. Чошанов құзыреттілікті білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның төмендегідей формуласын ұсынады: білімді қолданудың жылдамдығы, әдістердің оралымдылығы, ойлаудың сынаулығы. Қазақ тілінде терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «құзыр» (компетенция) деп белгіленеді.

«Құзыреттілік» ұғымы мектепке дейінгі салада бүлдіршіндердің денсаулық және өмір ережелері, әлеуметтік-ақпараттық, тілдік-коммуникативтік, танымдық және шығармашылық құзыреттіліктерін қалыптастырумен түсіндірілуде. Бүгінгі мектепке дейінгі білім беру ұйымының нәтижелі еңбегі ретінде мемлекеттік міндетті білім беру стандарты негізінде бес білім беру саласы бойынша баланың жан-жақтылығын қалыптастыру мен арттыруы деп белгіленген. Оның ішінде Республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының меншік нысаны мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан барлық түрлерінде білім беру процесі балаларды мектепте оқуға табысты дайындауға сапалы білім беру қызметін ұсынуға бағытталған. Аталған мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер айқындалған:

- балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту;
- балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулуды «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Туған жер» кіші бағдарламасы аясында жүзеге асыру.

Бала бойындағы шығармашылық немесе танымдық құзыреттіліктер қоршаған дүниені және ондағы өзін тануға бағытталған арнайы түрін меңгереді. Әсіресе әлеуметтік құзыреттіліктердің басымдығында бала екі негізгі түрін меңгеріп, жүзеге асырады. Ол: өзін қоршаған дүниені өзге ақпараттық деректер арқылы таниды және болып жатқан оқиғаларды өзі көзімен көрген немесе өзімен болған жағдайлардың куәсі болу арқылы таниды.

Өмір ережелері құзыреттіліктерінде баланың сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың адамға қатынастарының жүйесі ретінде бейнелеуінің, қайшылыққа толы күрделі үдерісі екендігін түсінеді. Әрбір бала бойындағы өзінің жас шамасы аумағында меңгерілген құзыреттіліктерімен өзін қоршаған ортаны игереді ол туралы білімдерін үнемі толықтырып, тереңдетіп отырады.

Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық танымдық құзыреттіліктерін арттыру – баланың қоршаған орта туралы білімін, сенсорлық мәдениетін, оларды қолдану біліктілігін, іскелік дағдысын, өмірлік тәжірибесінің жиынтығын құрап, мектепке қадам басқан шағында беделді, алғыр, зерек, өзінің туған өлкесі мен ұлттық салт-дәстүрінен сусындаған оқушы болып ғана қоймай, білім алу мен әлеуметтенудің жаңа сатысына қорқынышсыз қадам басатын кішкентай тұлға қалыптастыруға әсерін тигізеді. Әрбір бала бойына осындай қасиеттерді барынша жинап қалыптасуында педагог-тәрбиешінің бағбан тәртізес екен дәні – берген тәрбиесі мен білімі, зор еңбегінен шығатындығы ақиқат. Әрбір педагог баланың бойына қандай қасиет ексе, соның жемісін

көретін болады. Сондықтан балаларға ерте жастан-ақ бойында өмір тәжірибесін үйретуде ұлттық танымдық құзыреттіліктерін арттыруға үлкен мән берілуі тиіс.

Әдебиеттер

1. С. Пірәлиев, «Ұлттық тәрбие және жаһандану» «Егемен Қазақстан» газеті К.С.Ныязбекова «Ұлттық тәрбие», 2013. – № 4. – Б. 19-22.
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 07.12.2010 г. № 1118 //Казахстанская правда, 2010. – № 153-154. – С. 10–12.
3. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004. – 140 с.
4. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. // Қазақстан мектебі – 2001. – № 5. – Б. 34-39.
5. Ахметов А.К. «Принципы технологии и содержания образовательной программы», Алматы, 1995. – 192 б.

УДК: 37:001.12/18

Ж.Ж. Айгуреева

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Lunagul.77@mail.ru

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ РЕШЕНИЯ АКТУАЛЬНЫХ ЗАДАЧ ОБРАЗОВАНИЯ

В век быстрого развития информационно инновационных технологий и в связи с переходом на новую модель образования в нашей стране актуальной становится задача подготовки социально-адаптированного, активного, любознательного, креативного поколения. Современное высшее образование является одним из факторов конкурентоспособности экономики Республики Казахстан. Решить задачи качественной подготовки будущих специалистов, отвечающих всем требованиям времени, может помочь внедрение современных технологических инноваций в образовательный процесс высшей школы. Повышение компетенции преподавателей вуза в области максимально эффективного использования информационных, коммуникационных и интерактивных технологий, в создании и формировании универсальной образовательной сферы, стимулирование становления новой культуры педагогического мышления – задача современной высшей школы. Использование современных педагогических технологий в учебном процессе вуза создает совершенно новые возможности реализации дидактических принципов индивидуализации и дифференциации обучения, положительно влияет на развитие познавательной деятельности студентов, их творческой самореализации, сознательности, реализует условия перехода от обучения к самообразованию.

Эффективность применения различных педагогических технологий в образовательном процессе подтверждена исследовательскими работами ряда авторов: Г.К. Селевко, В.И. Андреева, В.П. Беспалько, В.И. Боголюбова, М.В. Кларина, В.Ю. Питюкова, В.А. Сластенина и др. На сегодняшний день всесторонняя теоретическая разработка проблемы использования современных педагогических технологий приобретает особую остроту и значимость [1].

На сегодняшний день всесторонняя теоретическая разработка проблемы использования современных педагогических технологий в профессиональной подготовке специалиста в условиях высшей школы приобретает особую актуальность и значимость. Современные педагогические технологии в образовании рассматриваются как средство, с помощью которого может быть реализовано новое образовательное пространство. Наиболее общая трактовка понятия «технология» состоит в том, что оно представляет научно и практически обоснованную систему деятельности, применяемую человеком в целях преобразования окружающей среды, производства материальных или духовных ценностей. В.П. Беспалько отмечает, что любая деятельность может быть либо технологией, либо искусством, так как искусство основано на интуиции, технология на науке. С искусства все начинается, технологией заканчивается, чтобы затем все началось с начала. Любое учебное планирование, без которого не обойтись в педагогической деятельности, противоречит случайности, действиям по интуиции, т.е. является началом конкретной технологии. В педагогической науке и практике существуют различные позиции к определению педагогической технологии.

Педагог М.В. Кларин обозначает данное понятие как системную совокупность и порядок функционирования всех личностных, инструментальных и методологических средств, используемых для достижения педагогических целей.

В профессиональной подготовке студентов преподавателями используются различные инновационные технологии, формирующие самостоятельную активность творческий подход студентов. К ним можно отнести технологию портфолио; технологию проектной деятельности; технологию развития критического мышления и письма, кейс-технологии, «скрин-каст», «quiz» и др. При этом неотъемлемой частью любого изучаемого курса, посредством которой реализуются на практике современные педагогические технологии, является методический комплекс, который, мнению многих авторов включает в себя: видеокomпьютерную систему, с помощью которой преподаватель проводит лекционные и семинарские занятия в специально оборудованной аудитории; «скрин-шот» – специальный раздаточный материал, специфика которого состоит в том, что помимо справочно-информационной функции, он выполняет функцию активизатора творческой деятельности студента при заполнении им специально разработанных схем, блоков, указателей и т.д.; набор интерактивных технических и программных средств обучения. В зарубежной традиции портфолио определяется как коллекция работ и результатов студентов, которая демонстрирует его усилия, прогресс и достижения в различных областях. Данная технология дополняет традиционные контрольно-оценочные средства, направленные, как правило, на проверку репродуктивного уровня усвоения информации, учебных знаний и умений. Технология портфолио, к примеру, позволяет учитывать результаты, достигнутые студентом в разнообразных видах деятельности – учебной, творческой, музыкально-исполнительской, коммуникативной и др. и является важным элементом деятельностного подхода к образованию.

Суть кейса заключается в осмыслении, критическом анализе и решении конкретных проблем или случаев (cases). Кейс – это описание ситуации, которая имела место в той или иной практике и содержит в себе некоторую проблему, требующую разрешения. Это своего рода инструмент, посредством которого в учебную аудиторию привносится часть реальной жизни, практическая ситуация, которую предстоит обсудить, и предоставить обоснованное решение. Современные педагогические технологии по-новому реализуют содержание обучения и обеспечивают достижение поставленных дидактических целей, подразумевая научные подходы к организации учебно-воспитательного процесса в вузе, расширяют диапазон предоставляемых студентам образовательных услуг, изменяют и предоставляют новые формы, методы и средства обучения.

Большую роль играют современные компьютерные технологии, которые вносят в педагогические технологии значительные коррективы и предоставляют широкие возможности для повышения эффективности процесса обучения. Современная система образования нацелена на вхождение мировое информационно-образовательное пространство, в котором компьютерным технологиям принадлежит ведущая и основополагающая роль. Применение информационных технологий в учебном процессе позволяет преподавателю реализовать интерактивный диалог с учетом дифференцированного подхода к обучению, выбрать любые подходящие методы визуализации изучаемого предмета. В настоящее время в нашей стране происходят существенные изменения в национальной политике образования. Это связано с переходом на позиции личностно-ориентированной педагогики. Одной из задач современной школы становится раскрытие потенциала всех участников педагогического процесса, предоставление им возможностей проявления творческих способностей. Решение этих задач невозможно без осуществления вариативности образовательных процессов, в связи, с чем появляются различные инновационные типы и виды образовательных учреждений, которые требуют глубокого научного и практического осмысления.

Автор Селевко Г.К. отмечает, что , педагогическая технология функционирует и в качестве науки, исследующей наиболее рациональные пути обучения, и в качестве системы способов, принципов и регулятивов, применяемых в обучении, и в качестве реального процесса обучения [2]. Инновационное поведение не предполагает приспособления, оно подразумевает формирование собственной индивидуальности обучающегося, саморазвитие, самосовершенствование. Педагог должен понять, что инновационное образование – способ воспитания гармоничной личности. Для него не подходят «готовые шаблоны», важно постоянно повышать свой собственный интеллектуальный уровень. Преподаватель высшей школы, избавившийся от «комплексов», психологических барьеров, готов стать полноценным участником инновационных преобразований. Таким образом, использование современных педагогических технологий – одно из самых перспективных направлений развития высшего образования, способствующих большей индивидуализации учебного

процесса, интенсификации обучения и воспитания, формированию творческого потенциала и самореализации личности будущего специалиста.

Литература

1. Митина Н.А., Нуржанова Т.Т. Современные педагогические технологии в образовательном процессе высшей школы // Молодой ученый. 2013. – № 1. – 345-349 с.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. М.: Народное образование, 2001. – 256 с.

ӘОЖ: 376.2/4

А.Т. Сарипбекова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Lunagul.77@mail.ru

АТА-АНАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Ата-бабаларымыз өздерінің сан ғасырлар бойы ұлы тарихында жас ұрпаққа тәрбие берудің бай тәжірибесін жинақтап, өзіндік салт-сана мен әдет-ғұрып, дәстүр рәсімдерін қалыптастырды. Бұлар адамдардың тұрмысына сіңген жөн-жосық, жол-жоралғылары, әр адамның іс-әрекетінің қоғамдық ортада қалыптасқан нормалары мен принциптерінің көріністері болып табылады. Қәшпелі халық өзі өмір сүрген қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына, орайлы жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді. Адам баласы-өмір бойы психологиялық көмекке зәру болмақ. Әсіресе, оның нәрестелік, сәбилік, балалық шақтарында, тіпті ауадай қажеттілік деп айтсада болады. Бірақ, біз өмір сүрген бұрынғы қоғамда, адамның психикасын тәрбиелеуге еш уақытта мән берілген емес. Соның салдарынан балабақшаларда да, мектептерде де, тіпті жоғары оқу орындарымен адамның қызмет істейтін орындарында да, адамның психологиялық тәліміне көңіл аударылмады. Мұндай надандылықтың адамдарға тарттыратын азабыда аз емес. Осындай қалыс тәрбиенің ауыр кемшіліктерін ескере отырып, азды-көпті психологиялық көмектің қасиеттеріне тоқталуды жөн көрдік.

Психологиялық-педагогикалық көмектің бағыттары.

Бала атаулының бойында біртіндеп қалыптасатын невроздың негізгі себепкері, жалпы бала тәрбиесінен хабары шамалы, ал бала психологиясы дегенді естіп көрмеген ата-аналардың үкімі де сорақылыққа толы қатыгездіктерінен екенін ашып айтқымыз келеді. Олардың көпшілігі бала тәрбиесінің қиын да қызық сәттерін іздеп үйренудің орнына, тек жазалау, қорқытып-үркітумен ұстағанда білетіндіктерімен шектелетіндіктері белгілі. Тіршілік тартысына енді келген сәбилер үшін, бұл аттап өте алмастай ауыр күйзелістерге апарады. Айта берсе үлкендер тарапынан болатын дөкерде дөрекі қылықтар толып жатыр.

Ең бірінші психологиялық көмектің бағдары-осындай жағдайларға тап болған балалардың ауруға шалдыға бастаған психикасын сауықтыру болып табылады.

Екінші бағыт-тез арада ата-аналар мен балалар тәрбиесіне қатысты үлкендердің арасында жүргізілетін психологиялық көмекті айтуға болады. Мұның өзіне тән әдістері де толып жатыр. Үлкендерге бала психикасы жөнінде түсінік беру, оны мұқалтпаудың маңызы жайлы, психологиялық тәрбиелерді үйретудің жолдарын-кітаптардан, кинофильмдерден-тереңдей талдап көрсету арқылы. Ата-аналар мен үлкендердің бала тәрбиесіндегі қатыгездіктен тыйылуын талап ету. Осылайша, жас баланың психикасындағы ауыр өзгерістер мен қорқыныштардан туындайтын, оның жан дүниесіндегі жапа шегушіліктің зардабымен қатаң және жедел күресу керек.

Екінші сәт, баланың істеген әрекеттеріне терісте зілді баға беру мен қоса, оның жеке басының намысына тиетін сөздер айту. Мәселен, «Сен ойнай білмейтініңмен қоса, мақтаншақсың, өтірік мақтанасың» деудің әсерімен, баланың жан дүниесін әбден жаралауға болады. Сондықтан да, баланың іс-әрекетін дұрыс бағаламау, төмендетіп бағалау арқылы, оның қалыптасу қаблетін тұтылдыру мен қоса, ұстамдылығы мен парасатына да каяу түсіреді. Мұндай әрекеттер баланың өміршең талпыныстарын бірден тоқтатып, тіпті тіршілігіненде жиреніп кетуі мүмкін. Ол алдындағы армандарын да сенімдерін де жоғалта бастайды. Үшінші бір ыңғайсыз сәт, басқа бір баламен салыстыра бағалаудағы жіберілетін әділетсіздік. Мұндай әрекеттер арқылы, баланың бойына қызғанушылық өзімшілдікті қалай сіңіріп алғандарын да байқамай қалады. Міне, тәрбиедегі

психологиялық әдістерді білмеудің салдары осындай аса қиын жағдайсыздықтарға әкеп соғады екен. Бұл бала тәрбиесіндегі кезек күттірмейтін мәселе дегіміз келеді.

Психологиялық түзету.

Адам баласы өзінің тіршілік ғұмыры ұзақ па, әлде қысқа ма бәрі бір, оның биологиялық және психикалық қуат күшінің аса мол қоры, сонау нәресте кезінен бастап жинақталуға тиісті. Ондай мол қуат бала болмысында, еркін де жасқанбай жігерлі өскенде ғана жетілмек. Ата-ананың қайырымы да, төзімді тәрбиелерінің арқасында, баланың көңіл-күйі мен түйсік сезімдерінің қанағаттануы ғана емес, сонымен қоса оның интелектісінің де еркін дамуына мүмкіндік алады. Түсініскен ортада тәрбиеленген балаларда ғана аса төзімді де жігерлі психика қалыптасатыны белгілі. Жоғарыда айтылғандай, сәби шағынан психикасы қатты дәрекіліктерге ұшырап, үлкен зардап шексе, ондай балалардың психикасын орнына келтірудің өзі өте үлкен қиындықтарға соқтырады. Тіпті ондай балалардың көпшілігі неврологиялық клиникаларда жатып емделеді. Жалпы, мұндай балаларға психологиялық түзету жасаудың жолы, қанша ауыр болғанмен де, әр түрлі әдістерді қолданып көмекке келмеуге болмайды.

Сонда, ең әуелі мұндай жағдайда не істеу керек? Бәрінен бұрын баланы жайына қалдырған жөн. Әрине мұндай кеңес, ата-ананың көңілін алақұйын етіп, не істерін түсінбей абдыратары да тіпті көңілдері қалғандай өкпе-наздарын да айтқызбақ. Бірақ, басқа шара жоқ. Егер, тән құрлысы жарақаттанса, оны тыныштандырып жатқызуды ата-ананың өзі де біледі. Осы тәрізді жан дүниесі жарақаттанған балаға да керегі тек белгілі уақытқа дейін тыныштық екенін түсінуіміз керек. Үлкендер жағы өзінің қателіктерін дереу мойындаумен қоса, мұндай сәттегі тәрбие берудің әдістерін үйренгенше, баланы тыныш қалпында қалдырғаннан артық шара жоқ. Міне, осы қателігін өзгертуі-психологиялық өзгертудің пәрменді бір тетігі болып табылады. Әрине, мұндай бет бұрыс ата-анамен тәрбиеге қатысы бар үлкендерге де оңай емес. Бірақ баланың келешегі үшін ешқандай мәймөнкесіз, дереу ұстамдылық пен мейрімділікке ауысу қажет. Ендігі жерде, бала мен ата-анасының түсініскен достық қатынастары ғана істің жайын аңғарта алады. Осының бәрін табиғи қалыпта дамытуды ескерген жөн. Әйтпесе, көсеудің екінші жағын басып қалған тәрізді, тағы да маңдайына аяусыз соққы тиюы ғажап емес. Сондықтан, бала тәрбиесіне жас қосылған ата-аналар кәдімгідей ақ дайындалмай болмайды. Шындап келгенде, адам тәрбиесінің қыр-сырынан қиын өнердің болуы мүмкін емес. Оның қажеттігін қаблетіңе қарай емес, таныстауына қажет ауадай міндетті түрде иеленуің керек.

Психикалық зардап шеккен балаға психологиялық түзетулер жасаудың кейбір жолдары:

1. Баланың міндетті түрде тәрбиелеу керек. Ал, жаңа көз қараспен тәрбиелеу үшін, үлкендер жағы өздерін тексеруі қажет. Баланың келешегіне қажетті ендігі тәрбие, соншама үлкен тазалықты талап етеді.

2. Егер үлкендер жағы, өзін-өзі баланың ыңғайына қарай өзгерте алмаса, ары қарай баланы тәрбиелеуден өз ықтиярымен бас тартқаны жөн.

3. Ешқандай күш көрсету тәлімін жүргізуге болмайды. Бұл баланың келешегін сындыру мен құрту деген сөз.

4. Үлкендердің қатаңдығы мен қатыгездігі арқылы баланы жасытып жөндеймін деу, барып тұрған надандық.

5. Тек қана мейірім мен сүйіспеншілік, екі жақтыда адамдық сипатқа жеткізетінін ұққан жөн.

6. Психологиялық түзету жүргізетін кезеңнің бәрін де басынан бастап, тек қана төзімділік керек! Тәрбиелік іс-әрекет үстінде-сабырды ілтипат, салқынқандылық, ұстамдылық қажет.

7. Баланың саналы түсінігіне сенім көрсете отырып, өзара қарым-қатынастың жетістігі дәлелді де мазмұнды болғаны дұрыс. Жеткен жетістіктер әділетті бағаланғаны мен, тым асыра мадақтаудың да орнын алмауын қадағалау керек есте болсын. Артық айтқан мақтау сөз, ешқашанда жақсылық әпермейді.

Бұдан да басқа көптеген тәсілдердің болуы мүмкін. Біз жас ұрпақ тәрбиесінде белең алып отырған психикалық зардапты түзетудің кейбір жолдарын ғана айттық [1].

Психогигиена

Қазіргі тұрмыс тіршілігімізде, әсіресе тұрмыстық жағдай да, эмоциялық дауылдар мен әлеуметтік және педагогикалық кереғарлықтар тым көбейіп кетті. Осыдан келіп, баланың психикалық зардап шегушілігіне ұшырауадымыз.

Мұндай жұлын-жүйкенің тозуы мен жан дүниенің жарақаттануын ескермесе болмайды. Ол үшін ең әуелі үлкендердің де, кішілердің де өзара қарым-қатынастарындағы үндестікке ұмтылып, оны сауықтыру мен тәрбиелеу жолдарының пәрменді тәсілдерін қарастыру ауадай қажет. Бұл әлеуметтік те, мемлекеттік те, аса үлен жұмыс?! Ескі тәртіппен көз жұмбаққа салуға келмейді. Қоғамдағы осындай жан-дүниенің зардабынан көмекке келер ілім-жалпы гигиенаның бір бұтағы болып

жетілген-психогигиена. Психогигиенаның күнделікті өмірде кең тараған түрі-адамдардың қарым-қатынасындағы психогигиенаны ерекше атап айтқан жөн. Қарым-қатынастағы психогигиена-үлкен мен кішінің, еркек пен әйелдің, ата-анамен баланың, туыс пен туғанның, көрші мен ауылдастың, т.с.с айта берсе толып жатыр, осы айтылған қарым-қатынастардың өмірдегі көрністері сан алуан сапада кездесе береді. Көптеген жағымсыз жағдайларда да, осы қарым-қатынастардың адамшылық қасиеттерді сақтамауынан туып жатады. Ендеше, адамдардың қарым-қатынастарындағы психогигиенаны сақтау ережелері де-психологиялық көмектің бір түрі болып есептелінеді. Оның ең негізгі бабы – «Бүлдірмеу!» болып табылады.

Бірінші ережесі-бүкіл өзінің болмысын мен құндылығынды-осы «бүлдірмеуге!» бағындыру.

Екінші ережесі-бірінші ережесінің жалғасы тәрізді, осы «бүлдірмеу» бабын тарата отырып адамдардың санасындағы өзін-өзі тежеу қабілеттерін жетілдіру.

Үшінші ережесі – егер «бүлдірмеу» бабы бұзыла қалған күнде, одан тараған жайсыздықтарды жоюға әсер ету. Әйтсе де, мұндай тәрбиелер балаға тек уағыз арқылы сіңбейтіндігін ескере отырып, қоғамдағы естияр адамдардың, соның ішінде, ата-аналар мен тәрбиешілердің, бүкіл ел жұртқа белгілі зиялы қауымның күнделікті тіршіліктегі адамдық парасаттары ерекше байқалуы керек. Алдыңғы буыннан үлгі алған ұрпағымыз мадақтауға тұрарлық адами қасиеттерге ие болатынына сенеміз.

Іштей қарама-қайшылық.

Адамның жанын жаралайтын психологиялық жаман әсерлер үнемі жалғаса берсе, оның ішкі қарсылығын оятып, бірте-бірте тұрақтанған қарама-қайшылықты мінез-құлқын қалыптастырады. Жалпы ішкі қарама-қайшылықтары мол адамдар ашуланса да, өкпелесе де өзін-өзі тоқтата алмай ұзақ әуреленеді. Мұндай сәтте ол мақсатты ой, елеулі қайырымдылық жасау қаперіне кірмейді. Қайта қолындағысын лақтырып айналасындағысын сындырып, шамасы жеткенді талқандап жіберуге ұмтылады. Осы тұста жанындағы адамдардың бәріне тіл тигізуден таянбайды. Ал, адамның көңіл-күйі екінші бір жайсыз жағдайда болғанда да, мәселен қызғану мен көре алмаушылықтың күйіне ауысқанда да, жанындағылардың бәріне сенімсіздікпен қарап, өзінен-өзі секемденіп сергелдені мол іштей қарама-қайшылыққа ұрынады. Бұндай жайсыз жағдайлар, адамды физиологиялық аффектілік күйге де түсіреді. Ол мұндай күйде не істеп не қойғанын байқамай қалады. Сондықтан адам атаулы ол үлкен бе, жоқ әлде кіші ме бәрі бір, өзара қарым-қатынастарда ұстамды да, мейірімді болуға ұмтылу қажет. Адамды ашуландырып көңіл-күйін бұзу қаншалықты оңай болса, ал оны жадырата қайта жақсы жағдайға түсіру, соншалықты қиын екен естен шығармаған жөн [2].

Әр адам осындай әділетсіздіктің бар екенін іштей түсініп, оған саналы түрде қарсы шаралар жасауды ұмытпаса, түптің-түбінде үлкен жетістіктерге жетіп, өзінің адамдық күш-қуатын сезіне бастайды. Бірте-бірте ол жаман көңіл-күйдің құлы болудан да құтыла алады. Өзінің барлық іс-әрекеттерін ашудан бұрын ақылға жеңдіретіндей жағдайға ауысады. Міне, дер кезінде жүргізілген психогигиенаның құдыреті мол, шарапаты да осы болса керек. Бүкіл ел болып мәдениетті тіршіліктің негіздеріне ұмтылса ғана өміріміз өркенді де көңілді болмақ.

Психология ғылымының қолданбалық мәнін қоғам түсініп, қабылдауынан халыққа білім беру мекемелерінде кең психологиялық қызмет тармақтарын іске қосу идеясы өз қолдауын тапты. Қазіргі күнде бұл қызмет қалыптасып, дамуда, ол келешекте ғылым мен оның нәтижелерін практикаға ендіруде дәнекер жүйе болуы ықтимал.

Әдебиеттер

1. С.Б. Бабаев, А.А. Жумадуллаева. Көрнекі психология. Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, – 2008 ж. – 280 с.
2. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании. – М.:«Владос», 2001. – 529 с.

УДК: 81'0;373.1.02

A. Tazhenova, I. Baisydyk, K. Aitkulova
Abai KazNPU, Almaty, saynovna.a@mail.ru

NATIONAL CHARACTER OF THE KAZAKH PEOPLE

National psychology includes many psychological manifestations and ethnic features of national character in spiritual culture, feelings, customs, language, and the sphere of moral ethics. National psychology is one of the most stable foundations of behavior even in people belonging to different classes. However, depending on the changes taking place in society, it also changes [1].

National character is the behavior of a character in a literary work. National character is characterized by a national behavior, psychological thinking, and speech differences. Of course, it is indicated that he is a representative of a particular person. National character is a historical category. It is formed in accordance with social, spiritual, economic and political conditions. The way of perception of the world with a national understanding is inherent in any person.

The social upheavals that are taking place in society today, radical changes in politics and economics have a direct impact on the behavior of members of society, which leads to a deep look at the origins and roots of national identity, that is, national character.

Taking into account the generalized meaning of the word, it is necessary to understand that the character of a person is a psychological symbol that it affects the behavior and action of a person, giving him only a characteristic, clear expression.

In the strict sense of the word, character is defined as the mental structure of a person's personality, which manifests itself in the will and direction of a person.

An individual character will be similar to the character of the social group in which he lives, or vice versa, the character of the social group will be reflected in the character of the individual.

For a long time, Kazakhs, like other people, have absorbed national psychological complexes that are worthy of respect.

Some symbols of national character of Kazakh people: Fighting behavior. As you know, at different stages of history, all the tribes and people that inhabited the land of modern Kazakhstan were ardent, vigilant warriors. Therefore, they occupied a vast territory and held it for centuries. It is known that the ancestors of the Kazakh people – tribes of Turkic origin in history conquered the vast expanses of Eurasia and created small states from ocean to ocean. During the Second World War, the Kazakh people showed their unruly fighting character. Ideologues pointed out this in their "Eastern plan" [2].

Kindness (brotherhood, mercy) is a character that arose in Kazakhs under the influence of the breadth of their native land. All representatives of other nationalities and many researchers who came to the Kazakh land are grateful for the kindness of the Kazakh people. In addition, the most important of the positive symbols of the national character of the Kazakh people are finality, generosity, hospitality and naivety.

Social upheavals that are taking place in society today, radical changes in politics and economics directly affect the behavior of members of society. This is a reason to look at the origins and roots of national identity, that is, national character. In general, "national character" is expressed in the historical, social, and economic way of life of the nation as a unity of the spiritual, cultural characteristics of each nation, its value orientations and positions. It is one of the conditions that mobilizes and unites people into a single people. Especially when the issues that are important for the modern Kazakh country at the state level are updated, it seems that the expression of its centuries-old national character at the level has become the basis for preserving the nation. If so, what was the Kazakh national character before? Well, what about today? How do we differ from others? Most often, when we talk about Kazakhs, why do we limit ourselves to hospitality? These and other questions, which are waiting for answers, are of great concern to many. When we think about this topic "Philosophical foundations of the Kazakh people's wisdom", it all comes down to character. According to the definition of "character", National behavior is a phenomenon that forms the essence of a nation. It should be said that it is an active reflection of the culture, customs, and traditions of the people [3].

National character is expressed on a social and individual level. Since at the individual level each person is a product of the environment in which he lived, the origin of the national character of an individual is directly related and depends on how much culture is developed in that society. National character of a public character arises from a nation's sense of self, and if a nation feels its statehood and acts accordingly, we can say that it has a national character. In other words, National behavior is a national mission, only a nation that has managed to take on all the responsibilities is able to fulfill a national mission. This is why Alikhan Bukeikhanov said: "Love the nation – from character", this proverb is translated into Kazakh «ҰЛТТЫ СҮЮ – МІНЕЗДЕН».

At the same time, the national character is often called differently depending on the political and social changes taking place in society. For example, national unity, national identity, national being. When some stressful situations arise, we put it all aside and start talking about national behavior. It is at this stage that it is time to talk about national character.

When we talk about national character, we mean not the character of individuals who makes up the nation, but typical character manifestations, concretions. The study of national character was initiated by the Germans in Germany in the 19th century and was called "Psychology of Peoples" (Volkerspsychologie). It

was founded by Humboldt, Herder, and Wilhelm Wund. In the 20th century, the famous M. Mead and A. Cardiner had their own schools in America. And Soviet scientists studied the national character from an ideological point of view.

In art and literature, this quality is fully manifested in the image of a person. It is impossible to separate the epic works of each nation from the fact that they were formed as a nation for many years. Therefore, in order to create a national character in a work, it is necessary to know its worldview, psychology, customs and its properties.

N.V. Gogol pointed out "A poet can look at life from the point of view of his people, feel everything in accordance with national psychology and reflect the national character only when he is full of it." That's right, too. The works are defined the worldview and character of different people. For example, "Poem about Igor's Regiment" by the Russians, the "Mahabkarata" of the people of India, "The song of the Nibelunga" by the Germans, "Manas" by the Kyrgyz people, "Er Targyn" by the Kazakh people.

It should be recognized that the definition of the category of national character is one of the most difficult problems in science. When the Russian thinker G.D. Gachev says that "national character", you feel its existence, but when you try to convey it in words, it flies away, very "cunning", difficult to catch "matter" is not free. Indeed, there are more than 30 definitions of this complex and complex phenomenon. Why? After all, it is too difficult to fit it in one circle. I do not know any other branch of science, but in psychology there is a concept of "operationalism", that is, there must be something to measure every phenomenon under study, there must be something to measure. It is very difficult to unite people of different character at the group, national level, to test them on an empirical level, but, nevertheless, we can say the main definition.

In general, each person has his own individual character, followed by a national character. National behavior is a constant pattern of behavior, emotional reactions, and thinking that manifests itself in the attitude of a particular ethnic community to different aspects of the environment. Or a set of psychological features, differences that are somewhat characteristic of a member of a particular ethnic group. Some say that stable types of personalities are often found in a particular nation, some say that they are a set of historically formed stable psychological attitudes, some say that representatives of a particular nation reflect its historical existence. There is also reason to believe that National behavior is a national worldview or an element of national consciousness. That is, proof that this is a very complex social problem [3].

As for what national character manifests itself, it is primarily reflected in our behavior, culture, worldview, traditions. As a psychologist, we can distinguish its elements, for example, what are its values, self-esteem, and stereotypes? Each nation can evaluate itself, and then the same people will be evaluated by others. Here, there are some auto stereotypes, for example, what character is inherent in the Kazakh, many people call hospitality first of all. But this is more about ethics than behavior. After all, the national character is something permanent, which has been formed over the centuries, historically, and is quite ingrained in our bones. Of course, it will also gradually change. For example, under colonialism, it manifests itself differently, in freedom-differently. Therefore, there are many factors that affect it.

In general, character is an abstract concept. The character of an individual changes it, the fate of a person changes from character to character, which means that whatever the character of a nation, its fate, its past life depends on it. It is difficult to give an unambiguous definition of national character.

I think it can be said that it is one of the manifestations of the mood of the people in this mentality, intertwined with archetypes arising from the national spirit and the national mentality. And archetypes, the behavior of our ancestors, are transmitted to us unconsciously. We maintain the same character. Kazakh people have a lot of character, for example, Kozhanasyr, Aldar Kose, these are typical Kazakh images. Batyrs, zhyrau, Khans, Chechens, all of them represent our national character.

National character of the Kazakh people are connected with the Kazakh ethics, because the Kazakh has its own system of ethical and psychological categories, which is not found in other peoples. For example, the concept of "Namys" is unique to Kazakhs. In the same way, concepts that express their character, which are not present in other peoples, turn out to be the embodiment of our special being.

References

1. Арын Е. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Арын Е. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 482 б.
2. Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық А-Я. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
3. Иманбай Д. Қазақтың ұлттық мінезі, ол қандай? / Д. Иманбай // «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы. www.akikat.kazgazeta.kz.05.07.2016.

Ж.Т. Ижанов, Р.А. Султанова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., aika040187@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі заманғы мектепте нақты педагогикалық қызметте іске асыруға болатын орасан зор педагогикалық тәжірибе жинақталған, бірақ олардың бәрі бірдей қолданыла бермейді, өйткені көптеген мұғалімдер мен басшыларда ол тәжірибені зерттеу және қолдану қажеттілігі қалыптаспаған, сол сияқты ол тәжірибелерді таңдау мен талдаудың дағдысы мен іскерлігі жетісі бермейді. Мұғалімдер нақты іс-әрекетінде өзінің, сол сияқты әріптесінің де педагогикалық тәжірибесіне талдау жасаудың қажеттілігіне мән бермейді.

Педагогикалық тәжірибе көпшілік және озық болуы мүмкін. Озық педагогикалық тәжірибе тарихилығымен ерекшеленеді. Өйткені әрбір жаңа кезеңде мемлекеттің материалдық, әдістемелік, кадрлық және басқа да мүмкіндіктердің кеңеюімен педагогикалық қызметтің жаңа талаптары пайда болады [1]. Сонымен бірге озық тәжірибе педагогика ғымы мен практикасының қазынасын үнемі толықтырушы, жаңартушы қызмет те атқарады. Озық педагогикалық тәжірибені жасау және таратуда мұғалімнің позициясы үлкен рөл атқаруды, сондықтан нақты тәжірибенің жетекші ережелеріне талдау жасап, оны қолдануға кіріскенде субъективті факторлардың ықпалын ескеру арқылы оның нәтижесі мен педагогикалық ұжымға кіруіне болжап жасау қажет. Педагогикалық тәжірибеде объективті және даралық құндылықтар бір-бірімен астасып жатады, бірақ педагогикалық бәрі бірдей көпшіліктің игілігі тәжірибе жасауға ықпал жасайтын бірегей және қайталанбас ерекшеліктері ғана назарға алынады.

Мұғалім қызметінің инновациялық бағыттылығының екінші құрамды бөлігі-психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижесін педагогикалық қызметтің практикасына ендіру. Педагогика мен психология бойынша ғылыми зерттеудің нәтижелері уақытылы хабардар ету мүмкіндігі болмағандықтан мектеп қызметкерлеріне белгісіз болып қалады [2].

Инновациялық мектептер дәстүрлі және сонымен қатар жаңа міндеттерді қазіргі деңгейге сай шеше алатындығын дәлелдейді, оқу тұлғасының мәдени, адамгершілік дамуының кепілі болатындығын көрсетуге болады. Жаңа енгізілген немесе инновация адамның кәсіптік қызметінің бәріне детән болғандықтан, ол табиғи түрде зерттеудің, талдаудың және тәрбиеге енгізудің нысанына айналды. Инновация өздігінен пайда болмайды. Ол ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірибесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтынқтан ол басқаруды қажет етеді.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды. Олар-озық педагогикалық тәрбиені проблемасы және педагогикалық – психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватикаға енгізу проблемасы. Соған сәйкес инноватика пәні, инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестердің мазмұны мен механизмі осы кезге дейін бір-бірінен оқшау қарастырылып келген өзара тығыз байланысты екі процестің тұтастығы тұрғысынан қарастырылуы тиіс, яғни инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысуында пайда болатын теориялық және практикалық жаңалықтарды қолдану болуға тиіс.

Бұның барлығы педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануда басқару қызметінің маңыздылығына көз жеткізу. Өйткені, мұғалім жаңа педагогикалық технологияның, теория мен концепцияның авторы, талдап жасаушысы, зерттеушісі, тұтынушысы және насихатшысы қызметін атқарады. Осы процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді. Ал педагогикалық қызметте инновациялық бағыттылықты қазіргі заманғы білім беру, қоғамдық және мәдени даму жағдайында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құрамына айналуға [3].

Екіншіден, білім беру мазмұнын ізгілендірудің күшеюі, пәндерінің көлемі мен құрамының үнемі өзгеріске ұшырауы, жаңа оқу пәндерінің енгізілуі жаңа ұжымдық формалар мен оқыту технологиясын үздіксіз іздестіруді талап етуде. Осы жағдайда мұғалімдер арасында педагогикалық білімнің ролі мен беделі арта түсіп отыр.

Үшіншіден, мұғалімнің педагогикалық жаңалықты игеру және қолданылуға деген қатынасы сипатының өзгеруі. Оқу-тәрбие процесінің мазмұнын қатаң тәртіпке бағындырып қойған жағдайда мұғалімнің өз бетінше бағдарлама оқулық таңдаудан бұрын педагогикалық қызметтің жаңа әдіс тәсілдерін пайдалануға мүмкіншілігі болмады. Егер бұрынғы уақытта инновациялық қызмет негізінен жоғарыда ұсынылған жаңалықтарды практикада қолданумен шектелсе, қазіргі уақытта ол барынша баламалы, зерттеушілік сипат ала бастады. Сондықтан да мектеп, білім беру органы басшыларының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі мұғалімдердің енгізген инновациясына талдау жасап, баға беру, оны іске асыруға, қолдануға қолайлы жағдай жасау болуы тиіс.

Төртіншіден, жалпы білім беретін оқу орындарының нарықтық қатынастарға енуі, жаңа типті сынып ішінде мемлекеттік емес оқу орындарының құрылуы нақты бәсекелестік ахуал туғызуда. Инновациялық процесс-білім беру процесіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет.

Бұндай топты құрудың қажеттігі бірқатар жағдайларға байланысты. Біріншіден, педагогикалық жаңалықтың немесе түбірлі педагогикалық идеяның, технологияның авторы, оның құндылығы мен перспективалығын аңғара бермейді [4].

Екіншіден, қосымша уақыт және т.б. қажет етеді деп ол өзінің идеясын іске асыруға көбіне құлшына кіріспейді.

Үшіншіден, жаңалық автордың баяндауында жүйелі ғылыми және әдістемелік негіздеме таба алмауы мүмкін.

Төртіншіден, автор инновациясы және оны іске асыру жолдары туралы баяндағанда өзінің немесе әріптестерінің жеке тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты мұғалім әріптестері тарапынан «кері тебу» реакциясына тап болуы мүмкін.

Бесіншіден, аталған топтың функциясы идеяны іске асырумен шектелмейді, сонымен бірге оны талдау және түзетумен де айналысады.

Алтыншыдан бұндай топ педагогикалық мониторинг қызметін атқарады, отандық және шетелдік баспасөз материалдары және жоғары оқу орнының тәжірибесі бойынша жаңа идеялар, технологиялар мен концепцияларды жүйелі түрде талдап, іріктен отырады [5].

Педагогикалық жаңалықты практикаға енгізу қызметін басқару бұл жұмысқа автордың қатысуын жоққа шығармайды, қайта ошның дербес шығармашылық мүмкіндіктеріне ынталандырып, қабілетін дамытуға қолайлы жағдай жасайды. Осылайша мектеп жағдайында педагогикалық инновацияны жасаушылар мен насихаттаушылардың күші біріктіріледі.

Инновациялық бағыттылық белгілі бір жаңа енгізілімнің тиімділігіне баға беруде нақты критерийлерде пайдалануды қажет етеді. Педагогикалық зерттеу тәжірибелеріне сүйене отырып педагогикалық жаңалықтың мынадай критерийлер жиынтығын анықтауға болады.

Оптимальдық критерийі – бұл мұғалім мен оқушының жұмсаған күшінің шығыны мен қолданған тәсілінің тиімділігін айқындайды. Оқу процесіне педагогикалық инновацияны енгізіп, барынша аз дене, ой еңбегін және аз уақыт жұмсап, жоғары нәтижеге қол жеткізу оның оптимальдығын білдіреді.

Жоғары нәтижелік критерийі – мұғалім қызметіндегі оң нәтижелердің барынша тұрақтылығын білдіреді. Өлшемдегі технологиялық нәтижесі бақыла мен белгілеудегі, түсіну мен тәрбиелеудің тәсілдерін бағалаудың басты құралына айналдырады.

Қазіргі уақытта қоғам, мәдениет және білімнің дамуында педагогикалық қызметтің инновациялық бағыттылығының қажеттілігі бірқатар жағдайлардан көрініп отыр.

Осы сияқты жағдайлардың негізгі себептерінің бірі-мектепте инновациялық ортаның белгілі бір ұйымдық, әдістемелік, психологиялық сипаттағы оқу процесінде инновацияны енгізуді қамтамасыз ететін кешенді шаралардың болмауы. Бұндай инновациялық ортаның болмауы мұғалімдердің әдістемелік болмауы мұғалімдердің әдістемелік тұрғыдан дайындықсыздығын, оларда педагогикалық жаңа енгізілімнің мәні туралы мағлұматтың аздығынан байқалады. Ал қолайлы инновациялық орта педагогикалық ұжымда мұғалімдердің «жаңа енгізілімге» қарсылық коэффициентін төмендетеді, кәсіптік қасаңдықты жоюға көмектеседі.

Әдебиеттер

1. Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі, 1998, – № 11-12, – Б. 24-35.
2. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп, 1999, – № 3. – Б.43-49.
3. Абсатова М.А. Технология интегративного обучения. Алматы: Ғылым, 2004, – 140с.

4. Кобдикова Ж.У. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. // Бастауыш мектеп, 2000, – № 3. – Б. 25-30.
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, – 2008.

ӘОЖ: 38.653.88

Л.Ж. Бегалиева

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ, aika040187@mail.ru

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Білім беру жүйесі ұрпаққа адамзат қоғамының тарихында жинақталған мәдениеттің, қоғамдық сананың әр саласынан білім бере отырып, олардың өзі өмір сүретін ортада икемділігі мен қабілетіне қарай мамандық тандап, қоғамның дамуына атсалысатын азаматты тәрбиелейді. Тәрбиенің басты өлшемі – тәрбиелілік, басқа адамның оның іс-әрекетін үлгі тұтуы, яғни адамгершілік сапаларын теориялық жағынан ғана біліп қоймай, өзінің іс-әрекетімен дәлелдеп, көрсетуі [1].

Психологиялық қызмет әлеуметтік ортаның барлық салаларында кеңінен тарап келе жатыр. Білім беру жүйесінде, оның ішінде орта мектепте, осы қызметті ұйымдастырудың өзіне тән қыйындықтары мен шешілмеген проблемалары өте көп. Мектеп психологтары жұмыс мазмұнын анықтау үшін басқа мемлекеттерде қалыптасқан тәжірибені зерттеу қажет болды.

Қызметтің құрылымдық буыны Қазақстан Республикасының әрбір білім беру мекемесінде бар (балабақша, әртүрлі мектептер, балалар үйі, интернаттар, орта кәсіби білім беру орындарында, жоғары оқу орындарында), қызметтің негізгі мекемелері ретінде әртүрлі деңгейдегі психологиялық қызмет орталықтары жұмыс атқарады.

Қызмет жұмысы халықаралық және қазақстандық балалар құқығын қорғау және балаларды дамыту актілері мен заңдарын қатаң жүзеге асыруға негізделеді. Қызмет өзінің іс-әрекетін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының білім беру аймағындағы заңдылықтарды, нормативті құжаттарды, актілерді, бұйрықтарды Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің нұсқауларын, нақты қызмет буындарына сәйкес қаулы, ережелер және жарғыларын басшылыққа алады [2].

Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметтің міндеттері:

- әр жас кезеңдерінде балалардың толыққанды тұлғалық және интеллектуалды дамуына, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін дамыту қабілеттерін қалыптастыруға жағдай жасау;
- оқыту процесінде әр балаға индивидуалды жол табуды қамтамасыз ету;
- баланың тұлғалық және интеллектуалды дамуындағы ауытқуларды жеңу және алдын алу шараларын қолдану;
- балалар мен жасөспірімдердің деликвентті (заң бұзушылық) және аддиктивті (ерте ішімдікке салыну мен нашақорлық) мінез-құлқықты жеңу және алдын алу шараларын жүргізу;
- жеткіншектер мен жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету.

Қазақстандағы қызмет негізгі үш бағыттардан тұратын тұтас жүйе ретінде қызмет атқарады, олар:

- ғылыми зерттеушілік, баланың әлеуметтену, психикалық даму және тұлғалық қалыптасу заңдылықтарын зерттеп, соның негізінде қазіргі білім беру жүйесі жағдайында психологиялық білім беруді кәсіби қолдану құралдары мен әдістерін, тәсілдерін жасау;
- әдістемелік, оқыту мен тәрбиелеу процесінде қолданбалы психологиялық білімдерге сүйенуді қамтамасыз ету;
- тәжірибелік білім беру мекемелерінде арнайы психологиялық бөлмелерде және орталықтарда психологиялық қызмет-психодиагностика, психопрофилактика, даму, коррекция, кеңес беру түрінде жүргізіледі. Аталған бағыттардың әрқайсысының міндеттерін білікті мамандар күздіретіне қарай шешіп, жүзеге асырады. Қоғамда болып жатқан өзгерістер теория мен практиканың арасындағы салиқалы арақатынасты талап ететін Қазақстанның психология ғылымының дамуына ықпал етеді.

Г.С. Абрамованың бойынша, психологиялық ақпараттармен өзара әрекеттесу, психикалық және тұлғалық даму нормасының құрылымдық түсінігі ретінде құрылуы мүмкін және қажет. Егер оқушы және мұғалімнің өзара қатынасының пәні сабақ болса, онда педагог-психолог бұл жағдайда өзінің қатысуымен келесі міндеттерді шешуі керек:

- оқушының оқу үрдісін адекватты бейнелеу мәселелерін;
- мұғалімнің оқу пәнінің өзара қатынас пәні ретінде адекватты бейнелеу мәселесі;
- оқытушының оқушы өмірінде алатын орны мен рөлін адекватты бейнелеу мәселесі;
- оқушының өміріндегі рөлі мен орнын адекватты бейнелеу мәселесі [4].

Ерекше назарды педагогикалық ұжымның әртүрлі мүшелерінің функционалды міндеттерін зерттеу қажет етеді. Ол өзінің функционалды міндеттерін және жұмысында басқа мамандармен қиылысу орнын саналауға көмектеседі [3].

Педагог-психолог балалардың психологиялық даму ерекшеліктеріне жалпы бақылау жұмысын іске асырады. Психологиялық диагностиканың пәні – баланың психологиялық статусын анықтау болып табылады (психологиялық функциялардың даму ерекшеліктері, тұлғалық даму сатылары, мінез-құлық, жүріс-тұрыс, темперамент).

Педагог-психолог жұмысындағы ерекше категория – ол ата-аналар. Мектеп тәжірибесіндегі талдаулар, ата-аналармен жұмыстың күрделі өзгерістерді талап етуін көрсетеді. Оның сәттілігі көптеген міндеттердің шешіміне байланысты [5].

Бірінші міндет – жанұя тұлғаның қалыптасуындағы ерекше рөлді атқарады, осыған байланысты педагогтар мен ата-аналардың психологиялық бағдарын өзгерту.

Екінші міндет – жанұялық тәрбие және ата-аналар қажеттілік шарттары, ғылыми жанұялық диагностика.

Үшінші міндет – ата-аналарды психологиялық-педагогикалық дайындауға дәстүрлі жағымсыздықтан айыру.

Төртінші міндет – ата-аналардың өзіндік педагогикалық мүмкіндіктерді кең қолдануы, яғни ата-аналар мен жұмыс жүргізуде олардың өзіндік ойларымен санасу.

Бесінші міндет – жанұяға психологиялық-педагогикалық жедел жәрдем ұйымдастыру.

Алтыншы міндет – ата-аналармен практикалық сипатта жұмыс көрсету, яғни жанұялық тәрбиелеу технологияларын үйрету.

Психологиялық қызмет көрсетудің жаңа бағытының моделінде мектеп әкімшілігі елеулі орын алады. Педагог-психолог жетекшілерге тұлғаларды күшті және әлсіз жақтарын тануға, ұжымдағы психологиялық жағымды микроклимат орнатуға, іс-әрекет және басқаруда оптимальды стильді таңдауға, педагогикалық ұжымды диагностикалауға, кадрларды аттестациялап, реттеуде, дұрыс таңдау, тұлғааралық және ұжымдық шиеленістерді шешуге шақырылады.

Әдебиеттер

1. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 2000. – 312 б.
2. Алдамұратов Ә., Рахымбеков Қ. Жалпы психология. – Алматы, 2006.
3. Жарықбаев Қ.Б. Жантану оқулығы. – Алматы: «Эверо», 2010. – 696 б.
4. Бобченко Т. Г. Психологические тренинги. Основы тренинговой работы. Учебное пособие. – М.: Юрайт. 2020. – 132 с.
5. Болотова А. К. Прикладная психология. Основы консультативной психологии. Учебник и практикум. – М.: Юрайт. 2019. – 340 с.
6. Васильева Е. Ю. Основы психологии для медицинских вузов. Учебное пособие. – М.: КноРус. 2020. – 154 с.
7. Высоков И.Е. Математические методы в психологии. Учебник и практикум. – М.: Юрайт. 2019. – 432 с.
8. Гонина О.О. Психология. Учебное пособие. – М.: КноРус. 2019. – 320 с.
9. Гуревич П.С. Психология и педагогика. Учебник и практикум для академического бакалавриата. – М.: Юрайт. 2019. – 430 с.

Л.Ж. Бегалиева

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., aika040187@mail.ru

ӘЛ-ФАРАБИ ІЛІМІНДЕГІ АДАМ ПСИХОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әбу Насыр әл-Фараби – дүниежүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» және Шығыстың Аристотелі – атанған данышпан, философ, энциклопедист – ғалым, әдебиетші, ақын. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі.

Жастайынан асқан зерек, ғылым-өнерге мейлінше құштар болып өскен Әл-Фараби алғашқы білімін туған жері Отырарда қыпшақ тілінде алады. Ол өсе келе өз заманының аса маңызды ғылым мен мәдениет орталықтары: Бағдат, Қорасан, Дамаск, Каир, т.б. шаһарларда болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің аса көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз зергелерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады [1].

Әл-Фараби түркі тілімен қатар араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін жетік білген. Ғылыми шығармаларын, өлең-жырларын өз дәуірінің рухани-ғылыми тілі саналған араб тілінде жазды.

Фарабидің екі жүзге жуық трактаттары белгілі. Ол көне заманның Платон, Аристотель, Гален сияқты ақыл-ой алыптарының шығармалары туралы көптеген трактаттар мен түсіндірмелер жазды. Сөйтіп, Фараби Шығыс пен Батыстың ғылыми қауымын грек философиясымен, логика ғылымымен, ежелгі мәдениетімен таныстыруда зор роль атқарды.

Фарабидің "Ақылдың мәні туралы трактат", "Данышпандықтың інжу маржаны", "Ғылымдардың шығуы", "Философияны оқу үшін алдымен не білу керек", "Аристотель еңбектеріне түсіндірме" ("Поэтика", "Риторика", "Софистика" т.б.) сияқты зерттеулері оның есімін әлемге философ ретінде танытты.

Фараби философиясындағы адамның танымдық қабілеті ерекше қойылады. Оның пікірінше, тек адамға ғана дүниені тану құштарлығы тән, өйткені оның дамуы ғана ақиқатқа жеткізетін білім жүйесі болып табылады. Сыртқы ортаны, табиғатты тану, өзін-өзі тану арқылы ғана адам ең жоғарғы құндылыққа айналады. Таным адамның мәні немесе оның мәнінің бір әрекеті.

Адамның іс-әрекетінің мақсатқа сай жүруінің табиғат пен адам бірлігінде маңызы зор. Өмір сүретін табиғи заттар мен өздері өмір сүретін табиғи қасиеттер мен мәндер тығыз адамның түйсігіне, ақыл-ойына әсер етуі арқылы адамда өзін қоршаған ортаны танып-білуге, ол туралы белгілі бір білім жүйесін қалыптастыру керек екендігін Әл-Фараби өз ілімдерінде дәлелдеп көрсетеді.

Фарабидің пікірінше, бүгінгі өмір негізінде алсақ, дүние мен адам бірлігі туралы ой-тұжырымдардың синтезі ғылыми таным үшін өте қажет. Өйткені жалпы әлем туралы адамның дүниетанымында нақты жүйеленген, тарихилық пен логикалықтың бірлігі негізінде қалыптасқан білім теория болмаса ғылыми таным да болмас еді[2].

Әл-Фараби жас ұрпаққа және жеке адамдарға тәлім-тәрбие беріп, еңбекке үйретіп, еңбек тәрбиесін беретін, ұстаздық жасайтын адмдарды өте жоғары бағалаған. Оның ойынша тәрбиеші адам – „ мәңгі нұрдың қызметшісі”. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған оттың көзі” – деген Фараби.

Әл-Фараби түсінігінде, ұстаз да қала басшысы сияқты ел жетекші, халық қадірлісі. Медресе балаларды оқытып, тәрбиелесе, қала бастығы олардың ата-анасына өнеге көрсетеді, халықты ізгі қасиеттерге баулиды. Олай болса мұның екеуі де “сегіз қырлы, бір сырлы” қай жағынан да болса барша халықтан қош ілгері тұрған кісілер. Сондықтан бұл екеуіне де мынадай 12 түрлі қасиет сәтті қабысып келсе нұр үстіне нұр болған болар еді:

1. Тән ерекше жетілген түрлі іс-әрекетті нәтижелі етіп орындауға ыңғайлы бейім болуы;
2. Нені болса да жақсы айырып, тез тұжырымға келе алатын;
3. Өзінің түсініп, сезгенін көріп, білгенін есіне жақсы сақтай алатын;
4. Көреген ойлы, талғампаз, ақылды адам болуы;
5. Ойын анық, дәл бере алатын, көркем сөйлей алатын шешен;
6. Ілім-білімді, оқу-ғылымды жан тәнімен, ұңғыл-шұңғылын ақыл-ой жұмысының үлкен бейнетін тек ләззат санайтын адам;
7. Қайда жүрсе де өте ұстамды;
8. Өтірік-өсекті, мылжындықты жек көріп, шындықты, әділдікті бар ынтасымен сүйе білу;

9. Өр кеуделі, жан мен арын бірдей кіршіксіз ұстайтын адам;
10. Мал-мүлікке, дүние-жиһазға, мәнсіз ұсақ тіршілікке қызықпау;
11. Табиғатынан әділ, шынайы, шыншыл;

12. Басқаға дау, өзіне де қиянат қыңыр-қиқар болмай, әркез шешімге келе алатын байсалдығы мен батылдығы қатар жүре алатын, қорқыныш пен үрейге жол бермейтін адам;

Осылайша бабамыз Әл-Фараби өнегелі ұстаз бен әділ билеушіге ортақ 12 қасиетке мән береді де, бұған қосымша жұртты аузына қаратқан даналық, заң мен әдеп-ғұрыптарға жетістік, іс-әрекеті осыларға сәйкес. Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ал мұны ол жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандайда бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысы оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі.

Міне, сондықтан да бір – біріне көмектесіп отыратын, біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселерінің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады. Осындай қауымның барлық мүшелерінің іс – әрекеті жиналып келгенде олардың әрқайсында өмір сүру үшін және кемелділікке жету үшін керекті нәрсенің бәрін тауып беріп отырады. Міне, сондықтан да, адамзат индивидтері көбейе түсіп, жер жүзіндегі әр түрлі мекендерге қоныс тепті, осының нәтижесінде адам қоғамдары пайда болды [2].

Адамзат ақыл-ойының эволюциясын Әл-Фараби таным процесіне қатысатын адам жанының қабілеті мен бөлшектеріне байланысты зерттейді. Адам интеллекті – бұл туа біткен қабілет, – деп көрсетеді Әл-Фараби. Бұл алғашқы интеллектіні философ потенциалдық және алғашқы материалдық интеллект деп атайды. Ол тәжірибеге дейін болады, яғни адамзат ие болғанға дейін болады. Тәжірибе пайда болып, сақталғаннан кейін потенциалдық ақыл актуалды ақылға айналады. Таным процесінің екі жақты сипаты бар: ол потенциалды ақыл-оймен қатар потенциалды ақыл жететін нәрселерді де жүзеге асыруды көздейді. Материалдық болып табылатын заттардың субстанциясында өзбетінше актуалды интеллект болу қабілеті жоқ.

Бұл объектілердің мүмкін, яғни потенциалды танылудан актуалды танылуға өтуі үшін материядан да асқан субстанциялы мән қажет. Өзінің “Ақыл (деген сөздің) мағынасы жайындағы пайымдама” деп аталатын шығармасында Әл-Фараби интеллект деген сөздің түрлі мағынада пайдалануы туралы жазады.

Бірінші – қарапайым сөзде, парасатты адам жөнінде айтқан кезде қолданылады.

Екінші – мутакаллимдердің түсінігінде, парасат теріске шығарылған кезде айтылады.

Үшінші – Аристотельдің “Екінші Аналитика” атты шығармасында берілген мағынада, интеллект жанның қабілеті болып табылады. Туа біткен қасиеті арқылы әмбебап, ақиқат және қажетті шарттар жөнінде анық мағлұмат алу үшін адамға жағдай жасайтын жан қабілеті деп қарастырылады.

Төртінші мағынасы – тағы да Аристотельдің “Этика” деген еңбегінің алтыншы кітабында айтылған. Мұнда Аристотель интеллект деп өзіне сәйкес келетін тектегі объектілерге ұдайы қолданудан келіп туатын сол жанның бір бөлігін айтады. Бұл өзі жүре келе тәжірибеден туады, жан бұл тәжірибені объектідегі әрбір дара нәрседен алады. Пікірлер мен шарттардың анықтығы ерік істерінен туады; оның қабылданатыны немесе қабылданбайтыны ерік істерінің табиғатында болады.

Жанның нақ осы бөлігін Аристотель “Этиканың” алтыншы кітабында интеллект деп атаған, – дейді Әл-Фараби. Интеллект сөзінің бесінші мағынасы Аристотельдің “Жан туралы” трактатынан алынады.

Мұнда Аристотель интеллектті төрт түрге бөледі: а) потенциалды; б) актуальды; в) жүре келе дарыған және г) әрекетшіл интеллект.

Потенциалды интеллект дегеніміз формаларды жүзеге асыратын субстанция болып табылады. Форма деген ұғым Аристотельде, Әл-Фарабиде мән (сущность) деп алынады. “Ақбилфил” – “актуальды интеллект”. Бұл мағынаға Аристотельдің “ойлауды-ойлау” деген ұғымы сай келеді. Мұнда Әл-Фараби ойлау мен болмыстың ұқсастығы қатынасын дамытады. Таным әрекетіне жеткенге дейін интеллект екі жағынан потенциалды.

Субъект жағынан интеллект, әлі өзі дамытпаған пайымдау қабілеті ретінде потенциалды. Объект жағынан, оның потенциалды болатын себебі затқа ой жүгіртуге, оны ақылмен пайымдауға болады, оған мүмкіндік бар. Ақылмен пайымдауға болатын парықтарды – “интеллектция объектілерін” пайымдау, оларды потенциалдылықтан нақтылыққа айналдыру арқылы потенциалды интеллект актуалды интеллектке, яғни шын интеллектке айналады.

Егер субстанциядан абстракцияланған интеллектцияның пайымдағыш объектілері осы парықта жүзеге асатын болса, онда бұл объектілері интеллектцияның актуальды объектілеріне айналады.

Субстанциядан абстракцияланудан бұрын бұлар интеллектің потенциалды объектілері болып еді, ал субстанциясынан айрылып, олар актуальды объектілерге айналды. Актуальды интеллект, бұлар актуальды пайымдалғыш болғандықтан интеллектің формалары болып табылатын интеллектің пайымдалғыш объектілерін пайымдағанда, бұған дейін актуальды деп саналып келген интеллект жүре келе дарыған интеллектіге айналады. Болмыста пайымдалғыш парықтар пайда болады. Заттың формалары, ақылмен пайымдалатын интеллект объектілері ретінде, тек жан дүниесінде өмір сүреді.

“Жан туралы” трактатының үшінші кітабында Аристотель айтқан әрекетшіл интеллект дегеніміз ешуақытта да материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма, – деп түйіндейді Әл-Фараби. Әрекетшіл интеллект дүниеде бар нәрселердің ішінен алдымен ең жетілгендерін таниды, ал материалдық формалар әрекетшіл интеллектіде материядан абстракцияланған болып табылады. Әрекетшіл интеллект материяға өзінің парқында бар қасиетті береді, бірақ материя оларды түрліше қабылдайды. Әл-Фараби философиясында онтология мен гносеология өзара байланысты, олардың тамыры бір, олар Мән туралы бірегей іліммен біріктірілген. Әл-Фараби: “Ақыл-парасат күші-адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және дақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш” деп көрсетеді.

Елбасымыз Н. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» атты Жолдауында басшы адамның басты мақсаты халықтың әл-ауқатының өсуі, – деп көрсетуін Фараби заманымен арадағы ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі деп айтуға болады. Бабалар өнегесін жалау қылып, өсиетін басшылыққа алған еліміздің болашағы әрқашанда зор болсын!

Әдебиеттер

1. Қазақстан ұлттық энциклопедия 1 том А-Ә, 20-22 бет.
2. Т.Ғабитов, Ғ.Құрманғалиева Әлемдік философиялық мұра. 4 том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. Алматы. Жазушы, 2005. – 156-157 б.
3. Ғ.Есім Фалсафа тарихы. Оқулық – Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, Алматы, 2000 ж. – 27 б.
4. Әл-Фараби философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. – Астана: Аударма, 2005. – 2 т. – 16 б.
5. Джумабаев Ю.Д., Мамедов Ш.Ф. Этическая мысль в Средней Азии в IX-XV вв. – М.: МГУ, 1974. – 225 с.
6. Қожамбердиев Б. Рухани болмыс пен әлеуметтік болмыс дамуының арақатынасы: филос. ғыл. д-ры дисс. авторефер: 09.00.03. – Алматы, 2005. – 44 б.

ӘОЖ: 79(879)

Ж.К. Аманова

«Семей» Медициналық колледжі» мекемесі, alima0302@mail.ru

КӨЛБАЙ ТӨГІСОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Көлбай Төгісов – 1879 жылы бұрынғы Семей облысы, Зайсан уезі, Шорға болысында дүниеге келген, қоғам қайраткері, журналист, драматург. Найман тайпасының Қаракерей руының Байжігіт бөлімінен шыққан. 1896 ж. Зайсандағы ауыл шаруашылық мектебін бітірген. Орыс тіліне жетік болғандықтан отарлық билік орындарының ұйғарымымен Зайсан уезінің бітімгерлік сотының тілмашы болып қызмет етті. Бірінші орыс революциясы тұсында Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, Ж. Ақпаев секілді қайраткерлермен бірге патша өкіметінің жүргізіп отырған отарлық саясатына қарсы шықты. Қарқаралы хұзырхатын әзірлеуге қатысты [1]. 1906 ж. “Семипалатинский листок” газетінде патша өкіметінің қазақ халқына жасап жатқан қысымшылықтары жайлы мақалалар жариялады. Қазақ жеріне земство енгізу қажеттігін жақтады.

1909 ж. патша өкіметінің ұйғарымына орай “халықты бүлікке үндеуші” ретінде тұтқынға алынып, 1912 жылға дейін түрмеде отырды. Абақтыдан босағаннан кейін Семей өңірінде үш жыл мерзім аралығында тұру құқығынан айрылып, Қапалға жер аударылды. Ол Қапалда жүріп, “Айқап” журналында қазақ халқы арасындағы халық ағарту ісінің ахуалы жайлы мақалаларын жариялады. “Мамания” мектебін ашқан азаматтармен және онда дәріс берушілермен тығыз қарым-қатынаста

болды. 1915 ж. “Надандық құрбаны” атты пьеса жазды. Оның бұл пьесасы Уфа қаласында басылып шықты. 1916 ж. Ташкентке келіп, сонда “Алаш” газетін шығаруды қолға алды.

Ақпан революциясынан кейін жергілікті халықтың саяси белсенділігін арттыру бағытында өткізілген іс-шараларға қызу ат салысты. Ташкентте құрылған “Шура и-ислам” ұйымына мүше болып кіріп, Қазалыда осы ұйымның бөлімшесін ашуға қатысты. 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне мүше болып сайланды. Осы жылы жазда Зайсан уезіне оралып, онда қазақ еңбекшілерінің съезін өткізуді ұйымдастырды. М.Әйтпеновпен бірге Омбыда “Үш жүз” партиясын құруға басшылық етті. Осы партияның атынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. “Алаш” партиясына қарсы үгіт жүргізіп, кеңестік билікпен ымыраға келді. 1918 ж. 21 сәуірде В.И. Ленин мен И.В. Сталинге кеңестік билікті қолдайтындығы жөнінде жеделхат жолдады. 1919 ж. наурызда Омбыда А.В. Колчак үстемдігі орнаған кезде абақтыға жабылып, сонда қаза тапты.

«Үш жүз» партиясы – Қазақстанда 1917 жылы қазан-қараша айларында дүниеге келген ұлттық-саяси ұйым. «Үш жүз» саяси ұйымындағы жетекшілік рольдерді бұрынғы қорғаушы адвокат, журналист және драматург Көлбай Төгісов, фельдшер және тілмаш Шаймерден Әлжанов, Әбілқайыр Досов, Ысқақ Көбеков, Мұқан Әйтпенов атқарды [1]. ОК-тің алғашқы төрағасы М.Әйтпенов, орынбасары К.Төгісов, хатшысы Ы.Көбеков болды. Орталық органы «Үш жүз» газеті, оған Төгісов редакторлық етті. Өзінің әлеуметтік тегі жағынан ұсақ буржуазияшыл демократтардың саяси ұйымы болды. Қазіргі уақытта көп тараған пікірге қарамастан, «Үш жүз» саяси ұйымы құрылған күнінен бастап социалистік партия болған жоқ. 1917 жылы Мұқан Әйтпенов партия төрағасы болған кезде, партия өз газетінде русофобтық ойлар айтса, 1918 жылы Мұқан Әйтпенов қызметінен босатылып, орнына К.Төгісов тағайындалғаннан кейін Сталинмен тілдесудің нәтижесінде эсерлерді қолдап, олармен бірігуге ұмтылады [1]. Партияда әрдайым идеялық күрес жүрді. 1917 ж. қараша-желтоқсаны күрт тербеліс, шатасқан және қарама-қайшы шешімдер қабылдау кезеңі болды. Оның қызметі екі кезеңнен тұрады. Біріншісі – 1917 жылғы қараша мен желтоқсан айын қамтитын ұйымдастыру кезеңі, Қазанның азаттық идеяларының ықпалы арқылы ұсақ – буржуазиялық революциялық – демократиялық ұйым ретінде пайда болды және қалыптасты. Осы кезеңде оның төрағасы М. Әйтпенов болды. Ол түркі-татар халықтарының мүдделерін қорғауды ұсынды. Тарих ғылымдарының докторы В. Григорьевтің мәліметінше, партия саны шамамен 1000 адам болған, оның ішінде Омбы қаласында – 450 адам, Петропавлда – 200 адам. Оның әлеуметтік құрамы: мұғалімдер, оқушылар, фельдшерлер, мекеме қызметкерлері, сондай-ақ ұсақ малшылар, шаруа-егіншілер, бұталар, жұмысшылар өкілдері [2]. Оған феодалдық-бай шыңының кейбір өкілдері уақытша мүше болды. Екінші – ұзақ кезең-қаңтар айынан 1918 жылдың ортасына дейін, бұл кезеңде партия Қ. Төгісовтың басшылығымен кеңес өкіметіне жақындады [2]. “Үш жүз” қазақ социалистік партиясының бағдарламалық тезистері 1917 жылы 24 желтоқсанда “үш жүз” газетінде жарияланды. Жалпы олар шашыраңқы болды, оларда большевиктер партиясының бағдарламасымен сәйкестік аз болды. Бірақ олар еңбекшілердің талаптарын бейнелейтін бірқатар демократиялық тармақтардан тұрды:

Империалистік соғысты дереу тоқтату.

Соғысушы елдер арасындағы аннексия мен контрибуциясыз бейбіт келісім.

“Алаш-Орда” партиясының контрреволюциялық қызметін соттау.

Ресей құрамында Қазақстан – Орта Азия автономиясын құру.

Ресейде түркі-татар автономиясын құру [3].

Алаш партиясымен дауы Үш жүз алғашқыда Алаш партиясымен жақындасқысы келгенімен, кейін өкімет үшін күрес шырқай шегіне жетіп, тақтық жіктелу үрдісі күшейген жағдайда «Үш жүз» іргесін Алаштан аулақ салып, Алаш партиясына қарсы ашық күреске шықты, оның оппоненті болды. 1917 жылы өз газетінде «Үш жүз» «Алаш» партиясы туралы былай деп жазады: «Орыстардың бәрі – «сары», «сарылардың» бәрі – орыс. «Алаш» орыстарды ағасы қылғысы келеді. Егер алдыға сақалы бар мәңгі тақыр еркекті, ал артқа тек қана жұмсақ орындыққа отырып үйреніп қалған қазақты қойсақ, бұрынғы қышыманы қатерлі шикан қыламыз. Қазақ Ғаламның Жаратушысы Құдайды танып білді. Тек қана қазақ». Бұл сөздерінде Үш жүз Алаш партиясының орыстарға жақындығын сынайды. Кейін, орыс эсерлерімен біріккеннен кейін, 1918 жылдың көктемінде партияның ОК-нің құрылтайы болды. Құрылтайға 200-ге жуық кісі қатысты [4]. Мәжілісте партия көшбасшысы Көлбай Төгісов сөз сөйлеп, алашордалықтарды контрреволюциялық әрекетте кінәләп, олармен күресуге кірісті. Алаш болса, «Қазақ» газеті «Қырғыздар ішіндегі Большевиктер» атты мақаласында оларды партияның жаулары деп атайды.

Партияның таралуы "Үш жүз" партиясы жарты жыл өмір сүрді. Бұдырау себептері: ұйымдастырушылықтың жоқтығы, партияның көптеген мүшелерінің идеялық тұрақсыздығы, тәртіптің нашарлығы, ішкі саяси күрес. Осылайша, партияның белгілі бір бөлігі Төгісовке қарсы партияның пайдасы үшін бай элементтерден салықтарды заңсыз жинауда көрініс тапқан, түрлі қызметтік теріс пайдаланушылықтарда айып тағылды. 1918 жылғы 11 мамырдағы кеңестердің Батыс-Сібір Комитеті президиумының мойындауынша, партия төрағасы Төгісовтің және оның жолдастарына "тергеу барысында айтарлықтай дәрежеде растау алған жоқ". Бірақ екінші рет Батыс-Сібір кеңесі үкімін шығара алмады. Көп ұзамай билік контрреволюциямен басып алынды, олар 1919 ж. Наурызында оны және Омбы, Петропавл және Александр каторж түрмелеріндегі "Үш-Жүз" партиясының басқа да басшыларын жойды [5]. Бірақ осы қиын жылдарда Қазақстандағы саяси күштердің орналасуы қандай болмаса да, олардың барлығы қазақ мемлекеттілігін құруға өз үлестерін қосты.

Әдебиеттер

1. Смағұлова С. Көлбай Төгісовтың журналистік қызметі // Өрісті өңір, 2002. – Б. 34-37.
2. Салқынбаев Т. «Үш жүз» партиясы және Көлбай Төгісов // Қазақ тарихы, 1999. – № 6 – Б. 53-55.
3. Әнес Ғ. Алаш ардағы // Төгісов К. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – Б. 5-6.
4. Атабаев Қ.М. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі. // 1870, – Б. 191.
5. Елкеев Б. Үш жүз партиясы // Қазақстан коммунисті 1990. – № 8.
6. Мамраева А.Н. Общественно-политическое развитие Казахстана начала XX века и А. Букейханов. Диссертация на соискани. ... к.и.н. – Алматы, 1997. – 153 б.

УДК: 372.893:159.928.235

Г.М. Тохметова, Р.Д. Ахметова, Г.А. Абенова
НАО «Университет имени Шакарима города Семей», ncii@mail.ru

РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Критическое мышление является изобретением американской когнитивной психологии. Именно американские исследователи познавательных процессов достигли значительных успехов, в частности, Дж. Андерсон [1], Дж. Брунер [3], Д. Кластер [4], М. Липман [5], С. Миллер [6], Д. Надлер [7], Р. Солсо [10], Д. Халперн [14] и др. Описание практических подходов и дидактические материалы по внедрению методов и приемов развития критического мышления учащихся в процессе преподавания в основном гуманитарных предметов в общеобразовательной школе помещено в пособии для учащихся, учителей и преподавателей университетов таких зарубежных авторов, как А. Кроуфорд, Д. Макинстер, С. Мэтьюз, В. Саул [12]. Однако этот факт не означает, что все фундаментальные исследования американских психологов и ученых внедрены в образовательную систему Америки и других стран.

Следует отметить, что анализ научно-методической литературы, современной практики доказывают отсутствие комплексного исследования методики формирования у учащихся основной школы критического мышления в процессе обучения. Проблема развития навыков критического мышления разрабатывается на уровне отдельных методических подходов, приемов, стратегий и средств.

Понятие «критическое мышление» используется в научной и методической литературе уже более полувека. Это понятие очень разностороннее и специалисты различных отраслей определяют его по-разному.

В 1956 году американский психолог Б. Блум разработал таксономию познавательных способностей, выделив 6 уровней учебных целей в когнитивной сфере: знание – понимание – применение – анализ – синтез – оценка. Он впервые ввел понятие «критическое мышление» как мышление высшего уровня [2].

Американский философ и педагог Дж.Дьюи считал, что «критическое мышление возникает тогда, когда ученики начинают заниматься конкретной проблемой. Только борясь с конкретной проблемой, отыскивая собственный выход из сложившейся ситуации, человек действительно мыслит».

Основатель Института критического мышления США, профессор Колумбийского университета М.Липман считает, что «критическое мышление – это умелое ответственное мышление, которое позволяет человеку формулировать надежные достоверные суждения, поскольку оно основано на определенных условиях и является таким, что осуществляет саморрекцию, вытекающую из конкретного контекста» [5].

М. Липман выделяет 6 ключевых элементов критического мышления:

1. Умение мыслить, которое предусматривает овладение определенными приемами, развивающими аппарат операций мышления;
2. Формулировка самостоятельных суждений, которая предполагает умение продуктивного сравнения различных суждений и определения альтернатив;
3. Ответственность, которая предполагает умение доказывать с помощью убедительных аргументов собственные мысли, которые будут предметом дальнейшего рассмотрения другими;
4. Самокоррекция, которая предусматривает использование человеком критического мышления как метода, обращенного на ее собственные суждения с целью их исправления или улучшения;
5. Выбор критериев, принимает во внимание критически мыслящий человек с целью их детального анализа или критики;
6. Внимание и чуткость к контексту предполагает понимание общих критериев в связи с контекстом их использования и разработку других альтернативных критериев, соответствующих конкретной ситуации.

Канадский ученый, профессор Ральф Х. Джонсон определяет критическое мышление как особый вид умственной деятельности, который позволяет человеку вынести рациональное суждение по предложенной ему точке зрения или модели поведения, принятия обдуманных решений о том, как следует действовать и во что верить.

Под критическим мышлением профессор Питер А. Фачоне понимает «целенаправленную, саморегулирующуюся систему суждений, применяемые для интерпретации, анализа, оценки и формулировки выводов, а также для объяснения доказательных, концептуальных, методологических, критериологических или контекстуальных рассуждений, на которых сама система суждений основана. Критическое мышление важно как инструмент для исследования. Это сложный процесс творческого переосмысления понятий и информации. Это активный процесс познания, который проходит одновременно на нескольких уровнях. Ведь знания, которые усваивает критически мыслящий человек, постоянно дифференцируются и систематизируются с точки зрения степени их истинности, достоверности, подлинности» [13].

Критическое мышление опирается на полученную информацию, осознанное восприятие собственной умственной деятельности и деятельности других в окружающем интеллектуальной среде. Однако уровень критичности определяется не только запасом знаний, но и личностными качествами, установками, убеждениями. Критичность личности должна быть направлена, прежде всего, на самого себя: на анализ и оценку своих возможностей, личностных качеств, поступков, поведения.

Подытоживая, предлагаем определения признаков критического мышления профессора, преподавателя американской литературы Хоуп – колледжа (Холланд, США) Д. Клустера [4], что может быть полезным учителю в учебном процессе.

Однако настоящий познавательный процесс на любом его этапе характеризуется стремлением человека решать проблемы и отвечать на вопросы, возникающие из его собственных интересов и потребностей. «Итак, – замечает американский педагог Джон Бин, – сложность обучения критическому мышлению состоит отчасти в том, чтобы помочь ученикам рассмотреть бесконечное многообразие окружающих нас проблем» [8].

В-четвертых, критическое мышление требует убедительной аргументации. Критически мыслящий человек находит собственное решение проблемы и подкрепляет его умными, обоснованными доводами.

И, наконец, в-пятых, критическое мышление есть мышление социальное. Всякая мысль проверяется и оттачивается, когда ею делятся с другими. Как пишет философ Х.Арендт, «совершенство может быть достигнута только в чьем-то присутствии».

Таким образом, анализ психолого-педагогических исследований дает основания утверждать, что под критическим мышлением понимают мышление высшего порядка, которое характеризуется целеустремленностью, обоснованностью, рефлексивностью, контролируемостью, самоорганизованностью, самостоятельностью. Это процесс анализа, синтезирования, обоснования и

оценки достоверности и ценности информации; свойство воспринимать ситуацию глобально, находить причины, последствия и альтернативы; способность генерировать или менять свою позицию на основе фактов и аргументов, корректно применять полученные результаты к проблемам и принимать

Проблемы современной школы, в частности, от того, что мы часто разделяем неразделимые процессы. Критичность мышления является необходимым составляющим процессов, необходимых для эффективного обучения, которые выигрывают исключительно от своего комплексного применения. Правы те педагоги, которые стремятся изменить практику своей работы, чтобы учащиеся не просто читали и писали, а одновременно развивали критическое мышление. Они хотят, чтобы ученики не просто запоминали материал по предмету, а ставили к этому материалу вопросы, проводили исследования, творили, решали, интерпретировали материал и устраивали дискуссии. Такое обучение принято считать наиболее продуктивным.

Исследования показывают, что именно на интерактивных занятиях, если они ориентированы на достижение конкретных целей и правильно организованы, ученики усваивают материал наиболее полно и с пользой для себя. Ученики размышляют о том, что именно они изучают, применяют изученное в реальной жизни или для дальнейшего обучения и способны продолжать учиться самостоятельно.

Учебный процесс, направленный на развитие критического мышления, имеет следующие особенности [9]:

- в обучение включаются задачи, решение которых требует мышления высокого уровня (анализ, синтез, оценка);

- учебный процесс организован как исследование определенной темы, которое выполняется путем интерактивного взаимодействия учеников. Чтобы быть эффективными сегодня, учителя должны использовать как обычный инструментарий: кооперативное обучение со всеми методами и приемами работы в малых группах, проекты, дебаты, дискуссии и др.;

- результатом обучения признается не усвоение фактов или мыслей, а выработка собственных суждений через применение к информации адекватных приемов мышления;

- преподавание в этом процессе является стратегией постоянного оценивания этих результатов с использованием обратной связи «ученики-учитель» на основе исследовательской активности учащихся в классе;

- критическое мышление требует от учеников достаточных навыков оперирования доказательствами и формулировками суждений, умозаключений. Сюда же относится и способность применять графики и схемы в решении актуальных задач, находить и интерпретировать оригинальные документы и источники информации, анализировать аргументы, обосновывать выводы.

- на уроках развития критического мышления ученики учатся, конструируя содержание, то есть, исследуя и задавая вопросы, поэтому педагогам следует это всячески поощрять. А поскольку исследовательские умения можно развивать и совершенствовать, учитель должен показывать ученикам, как задавать вопросы и работать с информацией: подвергать сомнению, искать и находить.

- обучение по технологии критического мышления меняет наши старые представления и расширяет способность познавать новое, поэтому учителю нужно побуждать учащихся рассуждать о новонайденных знаниях, изучать их последствия, полезность в повседневной жизни.

Зафиксируем отдельно еще несколько условий, выполнение которых учителем, на наш взгляд, очень важно на уроках развития критического мышления.

1. Знания, которые сообщаются, не должны подаваться как неоспоримые. Для успешного учебного процесса необходимо создавать ситуации открытого столкновения собственных сомнений и противоречий с сомнениями и противоречиями других. Важно, чтобы эти противоречия возникали в диалоге между учителем и учениками, между самими учащимися с учетом их интересов, мнений, взглядов и позиций. То, что педагоги традиционно считали ошибками в мышлении учащихся, должно восприниматься как этап процесса продвижения к знаниям, как проблема на данном этапе обучения. Как повод для обдумывания и возможность для развития, это способствует появлению у ребенка желания учиться и вместе с учителем решать проблемы, которые возникли.

2. Изложение педагогом готовой информации практически исключается из учебного процесса. Монолог учителя обычно применяется в очень малых «дозах» и только если: необходимо настроить учеников на изучение нового материала; ученики не могут самостоятельно решить

проблему в связи с недостаточностью информации. В таком случае учитель преподает лишь некоторые основные положения, организуя их активное обсуждение.

3. Учитель выступает как организатор процесса обучения, консультант фасилитатор, никогда не «запирает» учебный процесс на себе. Главными в процесс обучения становятся связи между учениками, их взаимодействие и сотрудничество. Результаты обучения достигаются взаимными усилиями участников обучения, учитель и ученики берут на себя взаимную ответственность за достигнутые результаты.

Литература

1. Андерсон Дж. Когнитивная психология. – СПб.: Питер, 2012. – 496 с.
2. Блум Б. Таксономия образовательных целей: сфера познания. [Электронный ресурс] / Режим доступа: [http://en.wikipedia.org/wiki/Bloom's Taxonomy](http://en.wikipedia.org/wiki/Bloom's_Taxonomy).
3. Брунер Дж. Психология познания. За пределами непосредственной информации / Под ред. А.Р.Лурия. – М.: Прогресс, 2017. – 412 с.
4. Клустер Д. Что такое критическое мышление? [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://testolog.narod.ru/Other15.html>.
5. Липман М. Рефлексивная модель практики образования // Пер. с англ. А.В.Колотвина. – Кембридж, 2014. – С. 7-25.
6. Миллер С. Психология развития: методы исследования. – СПб.: Питер, 2012. – 464 с.
7. Надлер Дж., Хибино Ш. Мышление прорыва: Пер. с англ. Ананин С.И. – Минск: Попури, 2015. – 496 с.
8. Образовательные технологии: Учебно-методическое пособие / О.М. Пехота, А.З. Киктенко, О.М. Любарская – К.: А.С.К., 2011. – 256 с.
9. Основы критического мышления: метод. пос. для учителей / О.И.Пометун, И.М. Сущенко. – Днепр: ЛИРА, 2016. – 156 с.
10. Солсо Р. Когнитивная психология. – СПб.: Питер, 2010. – 592 с.
11. Стил Дж., Мередит К., Темпл Ч. Методическая система «Развитие критического мышления в обучении различным предметам»: Подготовлен для проекта «Чтение и письмо для развития критического мышления» / Научно-методический центр развития критического и образного мышления «Интеллект». – М.: Миллениум, 2016. – 104 с.
12. Технологии развития критического мышления учащихся / Кроуфорд А., Саул В., Мэтьюз С., Макинстер Д. / Наук. ред., предисл. О.И.Пометун. – М.: Пляды, 2016. – 220 с.
13. Фачоне П. Критическое мышление: отчет об экспертном консенсусе в отношении образовательного оценивания и обучения / [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://evolkov.net/critic.think/basics/delphi.report.html>.
14. Халперн Д. Психология критического мышления. – СПб.: Питер, 2015. – 512 с.

ӘОЖ: 394:641.5

Б.О. Бажикова

«Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі» МКҚК, baktigul.73@mail.ru

ҚАЗАҚ ТАҒАМДАРЫ: ТАРИХЫ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРЫ

Қазақ асханасында дайындалуы оңай әрі дәмді тағамдар бар. Бұл өлкенің қатал климаттық жағдайлары мен ғасырлар бойы елді мекендеген халықтарға тән көшпелі өмір салтына байланысты. Қазақ тағамының негізін қой, бұзау, аң, сүт өнімдері, көкөністер құрайды. Аймақтағы кейбір танымал рецепттер ежелгі тарихқа ие және жүздеген жылдар бойы өзгеріссіз қалды.

Қазақ асханасының ерекшеліктері. Қазақ асханасында ет пен сүттен жасалған тағамдар басым. Көкөністер мен дәнді дақылдар жергілікті тұрғындардың ас мәзірін толықтырады. Сонымен қатар, ұлттық тағамдарда ашытылған сүт өнімдері көп. Жиналыс әрқашан жергілікті тұрғындардың экономикалық қызметінің маңызды бөлігі болды. Бұл қазақ асханасында жидектер мен саңырауқұлақтардан жасалған көптеген тағамдардың пайда болуына ықпал етті [1].

Ұлттық тағамдардың ерекшеліктері. Ұлттық тағамдардың басым бөлігі келесі 4 түрлі еттен дайындалады: қой еті, сиыр еті, түйе еті, жылқы еті. Өнімнің мүмкіндігінше балғын болуы өте маңызды. Құс қазақтардың отырықшы өмір салтына көшкеннен кейін ғана дастарханына жиі түсе

бастады, өйткені далада жүрген адамдар оны өсіре алмаған, сондықтан сирек кездесетін аңға қанағаттанған. Қазақ дастарханының тағы бір ерекшелігі – дәстүрлі тағамдардың, соның ішінде субөнімдерден жасалған тағамдардың көп болуы.

Қазақ тағамдары қалай дамыды? 18 ғасырдың ортасына дейін Қазақстан тұрғындарының көпшілігі көшпелі өмір салтын жүргізді, сондықтан олардың асы негізі ет пен сүттен жасалған жартылай фабрикаттар болды. Етті ысталған, тұздап, кептіріп, майға салып консервілеген күйде пайдаланды. Адамдар тамақ дайындау үшін пешті немесе басқа құралдарды пайдалана алмады, сондықтан тамақ салыстырмалы түрде біркелкі болды [2].

Көшпелілер көкөніс, астық, дәмдеуіштер мен жемістерді сол кезде кең тараған айырбас саудасы арқылы алды. Көбінесе адамдар ұзақ уақыт сақтауға болатын шөп өнімдерін сатып алды. Бұл шелпек пен нан жасаудың жергілікті дәстүрлерінің пайда болуына ықпал етті. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындар көкөністерді ет тағамдарына енгізе бастады. Балықты алғашында тек Каспий теңізі мен ірі өзендердің жағалауында тұратын көшпелілер ғана тұтынған, сондықтан бұл өнімнен жасалған дәстүрлі тағамдар аз.

Қазақстанның ұлттық тағамдары түпкілікті 19-20 ғасырларда жергілікті халықтар көшпелі өмір салтын тоқтатқан кезде ғана қалыптасты, бұл олардың пайдалы дақылдарды өсірудегі мүмкіндіктерін кеңейтті. Бұл қол жетімді өнімдердің таралуына және басқа халықтардың тағамдарын алуға ықпал етті.

Қазақ тағамдарын жасаудың құпиялары. Қазақтың негізгі тағамдарының көпшілігі ірі еттен дайындалады. Ұсақ түрінде ол көп қолданылмайды. Көбінесе тағам қайнатылған немесе майға бұқтырылған түрде дайындалады. Қуыру азырақ кездеседі. Дәстүрлі түрде бірінші және екінші тағамдар қазандықтарда дайындалады. Бұл тағамда қазақтың ұлттық наны да пісіріледі. Сонымен қатар, кейбір тағамдарды көмірге, құйрық майға пісіреді [3, 4].

Қазақстандық асхананың негізгі өнімдері мен тағамдары. Көшпелі өмір салтына байланысты жергілікті тұрғындар бұрыннан тамақ таңдауда шектелген.

Қазақстанның ұлттық тағамдарының көпшілігі сүттен, еттен, ұннан дайындалады. Сонымен қатар, бұл елде тәттілерді жасаудың ерекше дәстүрлері қалыптасқан.

Мал еті. Мал еті – барлық көшпелі тайпалардың негізгі азығы. Алғашында Қазақстан халқының тамақтануының негізін жылқы мен түйе еті құраған. Алайда, бұл ел тұрғындарының көпшілігі отырықшы өмір салтын ұстанғаннан кейін ас мәзірінде қой мен сиыр еті басым бола бастады. Мұнда шошқа етін діни себептерге байланысты жеуге болмайды. Құс фабрикаларының дамуы жергілікті тұрғындардың дастарханында тауық пен үйректің жиі кездесетініне әкелді. Түйе еті қазір сирек кездесетін өнім болып табылады, сондықтан одан тағамдар жиі үлкен мерекелерге дайындалады [5].

Сүт және сүт өнімдері. Қой, жылқы, сиыр, түйе, ешкі сүтінен: Сары-май – таза күйінде тұтынылатын, сонымен қатар бірінші тағамдар мен нан пісіру үшін қолданылатын сары май. Қымыз – Қазақстанның негізгі сусыны, ол биенің ашытылған сүтінен жасалады. Қатық – йогурт. Ірімшік – түсі, майлылығы, консистенциясы бойынша ерекшеленетін сүзбенің барлық түрлерінің жалпы атауы. Уыз – қоюланғанша ішекте қайнатылған өнім. Айран – кефирдің бір түрі. Шыртылдақ – қант қосылған еріген сары май. Құрт – қаймақ басу арқылы жасалатын ірімшік. Ол кейбір сорпалар мен негізгі тағамдарды дайындауда қолданылады. Шұбат – термиялық өңделген қышқыл түйе сүті. Қаймақ – ашытылған сүт өнімі. Қатық – қышқыл сүтті қайнатып пісіретін сусын [6].

Үй тәттілері. Дәстүрлі үй тәттілері шаймен және ашытылған сүтті сусындармен беріледі. Кейбір рецепттер татар, өзбек, тәжік асханасынан алынған. Қазақ халқының ең сүйікті тәттілері: Чак-чак – балға малынған ұннан жасалған ұсақ таяқшалар. Халва – консистенциясы тығыз және ұнтақталған дәндерден жасалған десерт. Кустил – ашытқысыз қамырдан жасалған, майға қуырылған жұқа жалпақ бәліш. Жент – бал, май, бал, қант аралас ұсақталған тары.

Сусындар. Қазақстанда сүтті сусындардан бөлек көбіне қара шәй сұранысқа ие. Оған сүт, кілегей, тіпті кейде қаймақ қосылып беріледі. Көбінесе олар шәйді шұңғыл шыны – аяқтардан ішеді. Қазақстанда дәстүрлі алкогольдік сусындар жоқ. Дегенмен, қымыздың кейбір түрлері алкогольді болуы мүмкін, өйткені ашыту кезінде оларда спирт түзіледі [7].

Қазақтың ұлттық тағамы дегенде ет, бауырсақ, құрт-май, тары-талқан мен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесінде әзірленетін наурыз көжені айтамыз. Бірақ ұлттық тағамдарымыз мұнымен шектелмейтіні сөзсіз. Дегенмен, уақыт сырғып, заман жаңарған сайын барлық ұлттың асханасымен етене жақын таныса бастағанымыз рас. Алайда өзіміздің ұлттық асымызды ұмыт қалдырмағанымыз жөн.

Қазақ халқы әу бастан қуаты жоғары, құнарлы тағамдарды жиі пайдаланған. Сондай тағамдардың бірі – ұлпершек. Бұл ас түрін бүгінде дайындамақ түгілі атауын да естімейтініміз рас. Ұлпершек – құрамында түрлі дәрумені бар аса пайдалы тағам. Негізінен, бұл тағамды үйінен ұзатылып кеткен қыз төркіндеп келгенде пісіріп береді. Ұлпершек «қайда жүрсең де біздің жүрегіміздесін» деген мағынада жылқы немесе сиырдың жүрегінен жасалады. Жүректі тіліп, қанын тазалайды да, ішіне тұз бен бұрыш себеді. Сосын ұсақталып туралған ет және маймен толтырады да, бір ай бойы ұнға батырып қояды [8].

Бүгінгі күні аты жиі естіле бермейтін тағы бір тағам түрі – қарма. Қарма – қазақ даласында бұрыннан бар, балық шаруашылығымен айналысатын ру-тайпаларда болады. Балық сүйегін, оған аздап балық етін де қосып қазанға қарып қуырады. Келіге салып, ұнтақтайды. Сосын кәдімгі диірменге тартса, одан қызылқоңыр талқан шығады. Қарма деген тағам осылай жасалады. Мұны «балық жармасы» деп те атайды. Денсаулыққа өте пайдалы. Балықшы ауылдарда әлі күнге осы тағамды жасайтындар бар.

Қазақта түймеш деген де тағам бар. Тұшпара секілді. Түймеш – қазақтың төл асы. Ертеректе қазақтар соғымның сүр етінен түймеш, жентек, парша деген тағамдар жасаған. Ол үшін етті арнайы дөңбекке салып, ағал балға, қолтоқпақ сияқты ұрғылармен жаншып етті ұсақтайтын болған. Түймештелген етке бидайдың немесе тарының талқанын қосып, илеп қатырады. Етті салқындату мақсатында керсенге салып суық жерде сақтайды. Осыдан кейін барып, етті қамырға салып түйеді. Сондықтан да бұл тағамды қазақтар «түймеш» деп атаған. Көп жағдайда етті ұзатылатын қызға түйдірген. Құдалар жағы қыздың әзірлеген түймешіне қарап, қалыңдықтың ұқыптылығы мен тазалығын байқайтын болған.

Уызқағанақ – қойдың уыз сүтін бүйенге құйып, аузын буып, бақыраштағы суға салып пісіреді. Ол – қойлы ауылдың сүйікті асы.

Қорықтық – жазда ыстық тастың шұңқырына қойды сауып жасайды немесе ыстық малта тастарды бақыраштағы сүтке салып, оны пісіреді. Ол – далада қойшылар жасайтын тағам.

«Жаубүйрек» деген тағам бар. Анасы баласын алыс сапарға шығарып салғанда дайындайды. Бауырды малдың ішкі майына орайды. Ас бұзылмай, ұзақ уақыт сақталады [9].

Мипалау – тағамның аты айтып тұрғандай малдың миынан әзірленеді. Сұйық тағам. Бастың миын алып, оған бауыр, құйрық майы, бастың құйқасын әбден араластырады. Бұған қымыз, айран немесе тұзды сүзбе қосып, майлы сорпа құйса мипалаудың дәмі де, маңызы да арта түседі. Семіз ет жеп отырған қонақтарға мипалау жасап ұсыну да қазақша дәм берудің тағы бір жақсы үлгісі. Мипалауды ортаға үлкендеу, терең ыдысқа құйып ішіне бірнеше қасық салып, үлкен кісілерден бастап ауыз тиеді.

Бұқпа – марқаның жіліктері мен омыртқа, қабырғаларын балтамен ұсақтап, қазанға салып, үстіне аздаған су құйып, бетін жауып дайындайды.

Томыртқа – қыста ыстық сорпаға бір түйір таза мұз салып, дәмін сәл өзгертіп ішеді. Мұны томыртқа деп атайды.

Ал, өзімізге белгілі қуырдақтың да бірнеше түрі болады. Қуырдақ – соғым сойғанда етін, өкпесін, жүрегін, бүйрегін, бауырын ұсақтап турап, майға қуырып жасайды. Бауырды көп қайнап, қатайып кетпес үшін соңынан салады.

Кісе қуырдақ – жаңа сойылған малдың өкпе, бауыр, бүйрек, ішек, қарынын турап, майға қуырып әзірлейді. Етті аз қосып, сарымсақ, бек деп аталатын шөптерді салады.

Сырбаз қуырдақ – жаңа сойылған малдың етінен үстіне бие сүтін құйып, тұз салып қайнатып, жасайды. Оны кей жерлерде «Бұқпа қуырдақ» деп те атайды. Піске кезде сағыздай созылып тұрады. Аталған дәм сыйлы кісілер мен қарт адамдар үшін дайындалады.

Манас қуырдақ – негізінен аң етінен (киік, арқар, елік) жасалады. Етті ұсақтамай тұрады. Тұз салып қазанға қайнатады. Пісе бастағанда үстіне қаймақ құйып, ұн сеуіп араластырады да қуырады. Дастарқанға манас қуырдақ майымен қоса қойылады [10].

Қазіргі таңда қоғамдық тамақтандыру саласындағы мәселенің өзектілігі ата-бабаларымыз азық еткен астарды дайындау деңгейінің төмендігімен сипатталады. Сырттан әкелінген көптеген технологиялары белгісіз тағамдар сұранысқа ие болып алды. Сондықтан ұлтымыздың рационалды тамақтану мәселесін шешудің ең басты бағыттарының бірі – негізгі тамақ өнімдерінің, соның ішінде ұлттық тағамдардың ассортиментін кеңейту және олардың биологиялық құндылығын арттыру және бизнес көзіне немесе брендке айналдыру.

Әдебиеттер

1. Х.А. Тілемісов Қазақтың ұлттық тағамдары – Алматы, 1995. – 176 б.
2. Кумагина Т.Г. «Национальная и зарубежная кухня». Москва, Юнитин, 2005. – 431 с.
3. Похлебкин В.В. «Национальные кухни народов». Минск, – 1980. – 300 с.
4. Stephane, Lagorce Полная энциклопедия кулинарного искусства. 1000 технологий и рецептов / The Complet Art of Cooking / Stephane Lagorce. – М.: Эксмо, 2014. – 720 с.
5. Данилевская Е.В. «Сборник рецептур национальных блюд и кулинарных и щелий для предприятий общественного питания всех форм собственности». Москва, – 2002. – 831 с.
6. Кочерга А.И., Голиева Э.Г., Кочерга А.А. «Народная кухня». Киев, – 1994. – 432 с.
7. Казахская кухня: история, особенности, национальные блюда – URL: <https://edatop.ru/1481-kazahskaja-kuhnja.html>
8. Казахская национальная кухня. URL: <https://nsportal.ru/ap/library/drugoe/2020/11/13/kazahskaya-natsionalnaya-kuhnya>.
9. Ұмытыла бастаған ұлттық тағамдар – URL: <https://turkystan.kz/article/88879-mytyla-basta-an-ltty-ta-amdar/>
10. Ұлттық тағамдар – URL: https://massaget.kz/arnayyi_jobalar/22-nauriz/8805/

ӘОЖ: 394.21+398 (574)

Ж.Т. Сыдыкова

«БІБЫРАЙ Алтынсарин атындағы № 37 гимназиясы» КММ, Семей қ., zhanargul.sydykova@mail.ru

ЗАМАНАУИ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ САЛТДӘСТҮРЛЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінің қайта құрылуы,онын адамгершілікке бағдарланып, мәдениеттен көрініс алуы адамның шығармашылық әлеуетінің ашылуына, рухани құндылық бағдарының қалыптасуына әсер етеді. Мәдениет адамзат тұрмысының формасы ретінде көпжақтылықты байқатады. Соның бірі болып рухани құндылықтардың бірегей әлемін қарастыратын және соның негізінде адамның қалыптасуына әсер ететін халықтың мәдени мұрасы болып саналады. Ұлттың мәдени мұрасында халықтың салт – дәстүрлері, дүниетанымы, білімі, бала тәрбиесіндегі тәжірибесі көрініс алады. Оның тұлғаны қалыптастырудағы рөлі білім беру жүйесінің теориясы мен практикасында күннен – күнге артып келеді, соңғы жылдары қабылданған мемлекеттік құжаттарда, атап айтсақ, Қазақстан Республикасының этникалық мәдени білім беру тұжырымдамасы (1996), Мәдениет туралы Заңы (2020), Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы (2004), Қазақстан Республикасының әлеуметтік мәдени дамуының тұжырымдамасы және т.б. Әйтсе де, рухани жетілген, эстетикалық көзқарасы дамыған тұлғаны тәрбиелеу тек рухани – эстетикалық мәдениеті жоғары ұстаздың ғана қолынан келеді.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 12 сәуір 2017 жылы қалың бұқараға жол тапқан еді. Содан бергі уақыт аралығында басты мақсаттарды жүзеге асыру аясында біршама ауқымды жұмыстар атқарылды. Бұл бағдарлама білім ошағында оқу мен тәрбие саласының басты бағыты, ұстанымы болды. Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, жаһандық өзгерістерге бейім, бәсекеге қабілеттілік пен патриоттық сезімді қалыптастыруға ықпалы мол болды. Сондықтан Елбасы ұсынған рухани жаңғыру бағдарламасы – ұстаздардың басты бағдарына айналғаны заңдылық. Мұнда Елбасының басты мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Бұл мақала ұлттық ойға, санаға сілкініс әкелді. «Ұлттық код» терминін жаңғырта отырып, халыққа жол сілтеуші темірқазыққа айналды. Ұлттық код негізін құрайтын мәдени құндылықтар мен ұлттық дәстүрдің, ұрпақаралық сабақтастықтың сақталу жолдарын негіздейді. Мәдени кодты сақтай отырып қана, (тіл, руханилық, салт-дәстүрлер) уақыттың сын – қатеріне жауап қайтара алатынымызға баса назар аударды. «Егер ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтса, онда ол ұлттың өзі де жойылады», – деген пікірдің текке айтылмасы белгілі. «Біз де өзіміздің ұлттық код, ұлттық мәдениет, ұлттық салт – дәстүріміз бен тілімізді, діліміз бен дінімізді сақтағымыз келсе өзімізбен өзегі өзектес, тарихи тамырлас түркі әлемінің ұлы көшінен кейін қалмауымыз керек», – деген Елбасы [1] Тағылымды тарих пен ата-бабалар мұрасы – тәрбиенің, мәдениеттің көзі болып табылады.

Ата-бабамыздың бізге қалдырған ұлттық құндылықтарды сақтап қалу – ұрпақтың парызы. Қаймағы бұзылмаған қазақ халқының ұлттық құндылықтарының тамыры тереңде жатыр. «Мәңгілік

Елдің» негізі, әлемнің асыл қазыналарының бірі, мәдени өшпес мұра – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны болып табылады. Баласағұн әлемдік үйлесімділік негізінде әділетті адамзат әулетін құруды армандаған. Сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. Дастанда мынадай ой-пікір бар: Патша ел-жұртын қылыштың күшімен, қатал тәртіппен басқаратын болса, ғалымдар қалың бұқараны ақыл-парасатымен басқаруы керек. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында өмір мәні пайымдалып, жалпыадамзаттық рухани байлықтар – мұрат, діни, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Ғұлама ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді. Білім мен ғылымға зор мән берген. «Құтты біліктің» негізгі айтар ойы – адамның рухани жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Кісілік кемелдену жолына түскен адам өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан. Дастан оқырманына құт – береке мен бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырды. Дастанда бес нәрседен қашық болуын ескертеді: Ұшқалақтық – бірі, екіншісі – сараңдық, үшінші – ашу, оған егіз надандық. Қырсығың-сор, бетті жер қып жүргізер, Бесінші – өтірік, жерге тірі кіргізер [2]!

Жүсіп Баласағұн ең алғашқы ағартушылардың бірі ретінде сауаттылықты дәріптеп, оны халықтың мәдени деңгейін көтеретін бірден-бір құрал деп білді. Жалпыадамзаттық ұстанымдарды, адамгершілік қағидаларды зерттеген терең философиялық мұра. «Адамдардың артықшылығы өнері, ақылы, білімі болса, ол адамдардың өз қажеттіліктері үшін таптырмайтын қасиет», – дей отырып, адамдарды осы асыл қасиеттерді бойына жинақтауға шақырады. Бұл ойлардағы басты мақсат – адамның өзін-өзі тәрбиелеуі. Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдар көлемінде рухани дамуымызда бірқатар оң өзгерістер дүниеге келді, дамыды. Фольклор – халқымыздың есте жоқ ерте замандардан бері жасасып келе жатқан рухани қазынасы. Бабалар мұрасы 5-8 ғасырларда тасқа жазылған Орхон-Енисей жәдігерлерінен бастау алған. Қазақстанның фольклоры мен әдебиетінде бұл салаға жете көңіл бөлген бай дәстүрдің сақталып дамып отырғандығын дәлелдеу жүзеге асқан. Оның алуан түрлі жанрында халықтың ұлттық рухы, тұрмыс – салты, әдет-ғұрпы, ұлттық болмысы, дүниетанымы көрініс береді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Дала фольклорының көне сарындарын» цифрлық форматқа түсіруді тапсырды. «Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта « жаңа тыныс» алуға тиіс. Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шекара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз» делінген мақалада [3]. «Бабалар сөзінің» 100 томдығы, «Қазақтың 1000 күйі» жинағы бұған дейін де көпшілікке ұсынылған болатын. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы ретінде ұсынылып отырған нақты жобаларды тиімді жүзеге асырудың жолын тауып, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу бүгінгі күннің ең маңызды мәселесі. Қазір әлем елдері кітапты оқытудың түрлі тәсілдерін ойлап табуда. Ендеше, фольклор – халықтық тәрбиенің озық үлгісі. Абай Құнанбайұлының «...жан қуаты әуелден кішкене болады. Ескеріп баққан адам ол қуатын зорайтады, ескерусіз қалса, ол қуаттар жоғалады, не аз-мәз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсе жарамайтын болады. Адам ішіп-жеп тән қуатын ғана ойламай, жан қуатын да жетілдіруі үшін қам жеуі керек» [4] – деп тұжырымдағанындай, оқушының жан қуатын арттырудың жолын іздеуіміз керек. Ал оқушылардың жан қуатын арттыратын, халқымыздың сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігінен мәлімет беретін, ұлттық мәдениетіміздің деңгейін көрсететін асыл қазыналарымыздың бірі-фольклорлық мұраларымыз.

Халықтың рухын көтеріп, тіліміз бен ділімізді сақтап қалуға көмектесетін құралдардың бірегейі – ата-бабаларымыз мирас еткен мәдени игіліктер. Ұлттық құндылық мәселесі сөз болғанда халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған алтын көмбесі – халық ауыз әдебиетіне тоқталмай өту мүмкін емес. Өйткені «сөз қадірі – өз қадірім» деп ұққан ата-бабамыз тілі мен діліне, ұрпақ тәрбиесіне қатысты көрген-түйгендерін, насихат – өнегесін халық ауыз әдебиеті арқылы мирас етіп отырған. Батырлар жыры бойынша «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», ғашықтық жырлары бойынша «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары мен ертегілер арқылы тәрбиелеп отырған. Халқымыз дәстүрге бай. Қазақ энциклопедиясында: «Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа көшетін, тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар мен принциптер. Дәстүр – қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқы мен іс – әрекеттерінің негізі», дінімізге, дәстүрімізге берік бола алсақ қана елдігімізді сақтап, дербестігімізге ие болып қала аламыз. Өйткені дін әрбір ұлтты ұлт етіп қалыптастыратын, тілі мен ділін, мәдениетін, мемлекетшілдігін, ойлау жүйесін жаңа деңгейге көтеретін бірден – бір фактор делінсе, философиялық сөздікте «Дәстүр – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отыратын әдет-ғұрыптар, салт-сана, қоғамдық тәртіп, заң,

мінез-құлық қалыптары және т.б қоғамда, ұлтта немесе жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт сақталатын әлеуметтік – мәдени мұра элементтері» делінген [5].

Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай халық. Ал салт-дәстүрге бай болу – елдің мәдениетті әрі тәрбиелі екендігінің айғағы. Салт-дәстүр – ел өмірімен біте қайнасып кеткен рухани және мәдени азық. Дана халқымыз өз ұрпағын қасиетті салт-дәстүрмен, өнегелі әдет-ғұрыппен, ырым – тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл мен инабатты қызды теріс жолға түсірмей тәрбиелей білген. Қазақта ауыр сөз – «тәрбиесіз», «тәрбие көрмеген» деген сөз. Әрине, қазақ халқының тұрақтанған дәстүрінің бірі-жеті атасын білу. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген сияқты мақалдардың да айтары мол. Қазақтың салт-дәстүрлерін білу, әдет-ғұрыптарын құрметтеу, ата-дәстүрін ардақтау – кейінгі ұрпақтың міндеті. Тәуелсіз елімізде ата-бабамыздан қалған дәстүрлерді ұмыту мүмкін емес. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, айта отырып, халық атадан балаға мұра болып келе жатқан қасиеттерді келесі ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелейді. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген М. Әуезов сөзінің алар орны бөлек. «Елдің ертеңі бүгіннен басталады», «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөздердің мағынасы терең, «Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін насихаттау арқылы» еліміздің өткені мен бүгінгісіне ілтипатпен қарауға, ақылдың кені данышпандарымыздың мәнді сөзін түсініп үйренуге, Отанын, тілін, елін сүйуге тәрбиелеу мақсатында жұмыс жасаудамыз. Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін еі алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет – ғұрыптарымызды, дінімізді жастарымыздың санасына сіңіре білуіміз керек. Ұлттық салт-дәстүр – халқымыздың рухани өзегі. «Мәңгілік Ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтап, қорғай білуіміз керек. Себебі, ұлттық құндылық – ұлттың тірегі.

Әдебиеттер

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық/М.Б.Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампейсова. Абай атындағы ҚазҰПУ-Алматы : «Ұлағат» баспасы, 2015. – 7 б.
2. Ахметов Т. Жүсіп Баласағұнның тәлім – тәрбиелік идеялары: пед. ғылым канд... автореф: Астана – 2013 – 56 б.
3. Түймебаев Ж Түркістан – Түркі әлемі, Ұлы Дала рухы [Мәтін]: Ұлы даланың жеті қыры/Ж. Түймебаев// Егемен Қазақстан: Жалпыұлттық республикалық газет.-2018.-№237(29468) – 11 желтоқсан. – Б-4.
4. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. 2 томдық/ «Жазушы» баспасы, Алматы – 1968. – 223 б.
5. Философиялық сөздік. Редкол: Р.Н. Нұрғалиев. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 1996. – 525 б.

ӘОЖ: 37.013.28

З.Б. Кабылбекова, А. Алдиев, Р.А. Султанова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., aika040187@mail.ru

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ МЕДИАТОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі жаһандану процесінде рухани жаңғыру негізінде инновациялық білімді қалыптастыру мен қатар, ұлттық тәрбиені болашақ ұрпақтың бойына сіңіру де аса қажет.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» екендігі атап көрсетілген. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі [1].

Жалпы білім беру жүйесінің жағдайы соңғы екі онжылдықта динамикалық сипатталды. Мұғалімдер, әлеуметтанушылар мен экономистер білім беру мазмұнын, оқыту әдістерін, білім беру жүйесін басқаруда және жалпы алғанда мемлекеттік және басқа да әлеуметтік институттармен бірлесіп мектептің ұстанымында әр түрлі өзгерістерді атап өтеді. Өзгерістер ауқымы мен әртүрлілігі оқу орындарына тікелей әсер етеді. Бұл мектеп менеджментін модернизациялауды талап етеді, бұл, өз кезегінде, осы процестің қазіргі ғылыми негіздемесінің маңыздылығын өзектейді.

Мектеп жүйесі білім беру мекемелерінің ұйымдық формасымен, сондай-ақ оқыту процесінің дидактикалық негіздерімен байланысты көптеген реформаларды жүзеге асырады. Осы уақыт кезеңінде сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру білім беру үдерісін жетілдіру үдерісін және оқу үдерісіне қатысты барлық аспектілерді қамтамасыз ететін көптеген ғалымдармен қарастырылады. Қазіргі уақытта білім – бұл халықтың білім деңгейі ғана емес, мәдениет, жалпы психологиялық даму, мораль, құндылықтарды қабылдау және жасөспірімдерде төзімділік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға әсер ететін қоғамдық құндылық.

Білім беру сапасының білім беру саясатының негізі ретінде білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оны тиімді басқарудың тиімді бейімделу проблемасы бар. Рухани-адамгершілік білімнің маңыздылығы жайында ұлы қазақ классиктері де айтқан болатын. Шәкәрім Құдайбердіұлы ғалымдарға «Адамды тәрбиелеу үдерісіне Ар-ұждан ілімін енгізу қажет. Бұл туралы ғалымдар ойлануы тиіс. Олар бұл ілімді баршаға міндетті пән ретінде әзірлеулері керек» деп, оның барлық білім беру ұйымдарына міндетті пән ретінде енгізу жөнінде айтқан екен.

Медиацияны медиация ретінде жанжалдарды шешудегі медиация реті жетеді, делдалдық елдер, отбасылар, саяси партиялар, діни қауымдастықтар, түрлі әлеуметтік топтар арасындағы қақтығыстарды шешу үшін пайдаланылды. Жалпы, медиацияны дамытудағы негізгі мәселе – бұл процедураны заңнамалық тұрғыда реттеу сияқты мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның практикалық қызметінде де, интеграциялық және жүйелі тәсілдің жоқтығы. Жақын арада медиацияны құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешудің пайдалы және әділ тәсілі ретінде қоғам қабылдайды деп үміттенеміз.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында Елбасы Н.Ә. Назарбаева «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» негізгі даму басымдықтарын, соның ішінде дауларды соттан тыс реттеу үшін институттарды дамытуды анықтады. Медиацияны қолданудағы проблемаларды анықтау және оларды жою жөніндегі шешімдерді әзірлеу осы рәсімнің тиімділігіне ықпал етеді.

Медиация институтын жіктеу болсақ, арнайы зерттеулерде әртүрлі себептер бойынша жеткілікті дәрежеде жіктеледі.

L. Voule және M. Nesik ұсынған жіктеуді ең сәтті деп санаймыз:

- даудың тақырыбын анықтау және жанжалдың шекараларын неғұрлым нақты және барабар түрде көрсету болып табылады;
- дау-жанжалдарды реттеу жөніндегі медиация – дауды реттеу және өзара тиімді келісімге қол жеткізу үшін жүзеге асырылады;
- қақтығыстың тежелуіне жол бермеу медиация – бұл өз кезегінде қақтығысты түпкілікті шешу жолында тараптардың арасындағы диалогты одан әрі жалғастыруға мүмкіндік беретін мінез-құлық ережелерін әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады;
- шарт жасасудың медиациясы – болашақ серіктестердің ұстанымдары мен мүдделерін нақты түсінуді қалыптастыруға бағытталған келісімшарт жасау туралы келіссөздер барысында жүзеге асырылады.
- саяси шешім қабылдау медиациясы – халықтың мүдделерін ескере отырып, саяси шешімдерді әзірлеу үшін пайдаланылады;
- қақтығыстарды болдырмауға бағытталған профилактикалық медиация.

Қарулы қақтығыстар өздігінен жүрсе де, бір түрдегі делдалдық бар.

Мектептегі медиация қызметін жасаған кезде өнерге назар аудару керек. «Білім беру ұйымы өз құрылымында білім беру қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әртүрлі құрылымдық бөлімшелердің болуы мүмкін екенін анықтайды», – деп анықтады, бұл білім беру ұйымының жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейін, түрін және бағдарлануын, оқу формаларын және студенттердің тұру тәртібін ескере отырып (әдістемелік және оқу-әдістемелік бірліктер, психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық қызметтер көрсетіледі, олар әлеуметтік бейімделуді және оған қажет оқушыларды оңалтуды және басқа да құралдарды ұсынады ұйым білім құрылымдық бөлімшелерінің Іnputi нормативтік актілер) [2]. Яғни, мектеп медиациясының қызметі жергілікті негізде болуы мүмкін білім беру ұйымының нормативтік актілері.

Медиатор (мұғалімдер де, оқушылар де) медиацияны дау тараптарының өзін-өзі анықтау принципіне негізделуі керек. Өзін-өзі тану, атап айтқанда, дау тараптары әкімшілікке, делдалдарға немесе басқа адамдарға ешқандай қысымсыз медиация процесінде өз еркімен және өз еркімен шешім қабылдайды дегенді білдіреді. Медиатор тараптардың татуласуын қоса алғанда, себептерге қарамастан, тараптардың өзін-өзі анықтау процесіне араласпауы керек, делдал екі жақтың арасында бейтарап делдал болуға тиіс. Кез – келген тарапқа қосылуға болмайтындығы, неразбелгісі мен

жалғандықтың жоқтығы делдалдық медиацияны медиацияны жалған болмаса ғана жүргізуге келісуі керек [3]. Медиацияға дайындық кезінде немесе медиация кезінде медиатор даудың тараптарының бірі, оның ішінде жеке сипаттамалары, мән-жайлары, құндылықтары, наным-сенімдері немесе келіспеушіліктері арқылы тараптардың бір-біріне қолдау көрсететін немесе әсер ететін әсер етуі мүмкін әрекеттерден аулақ болу керек. медиация кезінде тараптардың мінез-құлқы. Егер кез-келген уақытта медиатор ешкімді алаламаса, мұндай медиатор мұндай іспен айналысуға тиіс. Халықтың рухының асқақатауын, кемелдене бастағандығын оның барынша қоғамдағы рухани құндылықтарға мән беріп, маңыз беріп соларды жетілдірі, өркендету жолына түскенінен және адамаралық қатынастағы терең адамгершілік принциптерді көкке көтере бастағанын, аңғаруға болады. Нағыз қазақи рухтың сипатын рухани жетілуімізден, адамгершілік принциптерін сонау балабақшадан бастап халқымыздың діліне енгізе берудің тәсілдерін, іздеуіміз керек. Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі. Сонымен қатар келер ұрпақтың болашағы үшін толыққанды жетілген тұлға болып қалыптасуының маңызы өте зор. Жастардың бойында ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, ар-ождан, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар және адами қасиеттерге тәрбиелеу алдыңғы қатар ұрпақтың елшісінде деген ойға жетелейді [4].

Мектептегі медиация қызметтерін құрудың және олардың қызмет етуінің құқықтық негізі болып табылады: білім беру саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу және құқықтық саясат, негізінен, қағида бойынша негізделетінін анықтайтын заңы жеке тұлғаның еркін дамуы, өзара сыйластықты тәрбиелеу, жауапкершілік және т.б.

Мектептегі медиация қызметін жасаған кезде өнерге назар аудару керек. «Білім беру ұйымы өз құрылымында білім беру қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әртүрлі құрылымдық бөлімшелердің болуы мүмкін екенін анықтайды», – деп анықтады, бұл білім беру ұйымының жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейін, түрін және бағдарлануын, оқу формаларын және студенттердің тұру тәртібін ескере отырып (әдістемелік және оқу-әдістемелік бірліктер, психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық қызметтер көрсетіледі, олар әлеуметтік бейімделуді және оған қажет оқушыларды оңалтуды және басқа да құралдарды ұсынады ұйым білім құрылымдық бөлімшелерінің Іnputі нормативтік актілер). «Яғни, мектеп медиациясының қызметі жергілікті негізде болуы мүмкін білім беру ұйымының нормативтік актілері.

Медициналық мектептің қызметінде туындайтын уақытша қиындықтар медиаторлардың рөлін атқаратын білікті кадрлардың жетіспеушілігімен, осындай қызмет түрлерін ұйымдастырудың жеткілікті дамымаған нормативтік базасымен және медиаторлар үшін арнайы әзірленген оқу бағдарламаларының болмауымен байланысты. Бұл, бәлкім, медиация қызметтерінің бөлшектелгенін және Мәскеу облысының бірнеше аудандарында қолданылатындығын түсіндіруі мүмкін. Осындай қызметтердің тәжірибесіндегі мардымсыз тәжірибе бізге білім беру үрдісінің субъектілері арасындағы эмпатия деңгейінің артуы, білім беру ұйымдарындағы қақтығыстардың айтарлықтай төмендеуі арқылы мектептегі қауіпсіз атмосфераны құруға ықпал ететін үрдістерді көруге мүмкіндік береді [6].

Тұжырымдаманы іске асырудың күтілетін нәтижелері:

– отбасыларға және балаларға көмек көрсетудің жаңа, тиімді жүйесі, барлық жастағы және топтағы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, қамтамасыз ету және кепілдендіру, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайдағы балалар, сондай-ақ заңға қайшы келуі;

– әлеуметтік қауіпті әрекеттерді жасаған, бірақ қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа жетпеген балаға әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету мекемелерін қоса алғанда, балалармен алдын-алу және түзету жұмыстарының тиімді жүйесін жәбірленушінің алдында айыптауды түсіну және жою;

– мектеп медиациясының әдісін енгізу нәтижесінде білім беру ұйымдарындағы психологиялық ахуалды жақсарту;

– балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың құрылымын оңтайландыру, балалармен жұмыс істейтіндердің барлығының біліктілігін арттыру үшін барлық органдар мен ұйымдардың тиімділігін арттыру;

– балалардың қатысуымен жанжалдардың жалпы саны мен ауырлығының төмендеуі, құқық бұзушылықтардың саны мен ауырлығы, соның ішінде қайталануы және басқа адамдар мен қоғам үшін олардың салдары, балалар мен жасөспірімдер арасында әлеуметтік көріністердің төмендеуі.

Мектептегі медиация қызметтерін құрудың және олардың қызмет етуінің құқықтық негізі болып табылады: білім беру саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу және құқықтық саясат,

негізінен, қағида бойынша негізделетінін анықтайтын тұлғаның еркін дамуы, өзара сыйластықты тәрбиелеу, жауапкершілік және т.б.

Мектептегі медиация қызметін жасаған кезде өнерге назар аудару керек. «Білім беру ұйымы өз құрылымында білім беру қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әртүрлі құрылымдық бөлімшелердің болуы мүмкін екенін анықтайды», – деп анықтады, бұл білім беру ұйымының жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының деңгейін, түрін және бағдарлануын, оқу формаларын және студенттердің тұру тәртібін ескере отырып (әдістемелік және оқу – әдістемелік бірліктер, психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық қызметтер көрсетіледі, олар әлеуметтік бейімделуді және оған қажет оқушыларды оңалтуды және басқа да құралдарды қамтамасыз етеді ұйым білім құрылымдық бөлімшелерінің нормативтік актілер). Яғни, мектептегі медиация қызметі білім беру ұйымының жергілікті нормативтік актілерінің негізінде жасалуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Зер, Г. Изменение объектива: новый взгляд на преступление и правосудие [Текст] / пер. с англ. М. Яковлева // Г. Зер. – М.: Унив. Изд-во Пульсары, 2014. – 224 с.
2. Зеркин, Д.П. Основы конфликтологии [Текст] / Д.П. Зеркин. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2015. – 168 с.
3. Камакина, О.Л., Шигапова, А.Г. Медиация в школе: возможности и перспективы [Текст] / О.Л. Камакина, А.Г. Шигапова // Августовский педагогический совет. Система образования Кировского района: будущее через диалог поколений. СПб: Публикации ИМЦ Кировского района, 2015. – С.80-84.
4. Кармин, А.С. Конфликтология [Текст] / А.С. Кармин. – СПб.: Лань, 2014. – 448 с.
5. Кильмашкина, Т.Н. Конфликтология. Социальные конфликты [Текст] / Т.Н. Кильмашкина. – М.: Издательский дом Кнорус, 2015. – 169 с.
6. Анцупов, А.Я., Шипилов, А.И. Конфликтология [Текст] / А.Я. Анцупов, А.И. Шипилов. – М.: Издательский дом Академия, 2014. – 596 с.
7. Баклановский, С.В. Конфликтология / С.В. Баклановский. – СПб.: Питер, 2015. – 288 с.

ӘОЖ: 37.013.28

К.Е. Ауелова, А.Д. Байрова

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ РУХАНИ ТӘРБИЕ

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген Мұхтар Әуезовтің дана сөзінің маңыздылығы күннен – күнге артып келеді. Өйткені, әрбір білім алушы өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін ұлттық құндылықтарын сақтай отырып, жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын да білуге тиіс. Егер қоғамның дамуы білімді де білікті адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беретін ұстаздарымыз тың идеялармен қаруланған, жаңашыл болуы керек екені сөзсіз. Ұстаздарға тың идеяларымен серпіліс беретін оны ұйымдастыратын мектеп басшысы. Білім мен тәрбие жүйесі қоғам дамуымен бірге жаңарып келеді.

Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында еліміздің бүгінгі мен жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін алға қойған маңызды міндеттерді нақтылап берді. Білім берудің жаңа сапалық көрсеткіштерінің нақты бағдарламасы ретіндегі жолдаудың «Адами капитал – жаңғыру негізі» білім саласындағы жетінші міндеті білім беру саласын дамыту бойынша маңызды міндеттерді айқындап берді [1]. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап нақтылады. Оның ең негізгісі ұлттың терең тарихынан бастау алатын рухани ұстанымды сақтап қалу. Тарихтың белестерінен сүрінбей өткен құндылықтарымыз бен озық дәстүрімізді табысты жаңғырудың алғышартына айналдыра білу. Бұл ретте, Елбасы «Жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз

керек», екенін атап көрсетті. Президент рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашып беріп отыр.

Нұрсұлтан Назарбаевтың келесі бір ерекше ескертетін дүниесі, ол – біздің ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс екендігі әрбір отансүйгіш жүректерді тебіренітіп, бойындағы жігерін жани түседі. «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана». Сондай-ақ «Бөлінгенді бөрі жейді» демекші, қазақстандықтардың жершілдікке бөлінбеуі қажеттілігін алға тартады. «Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екеніңді ұмытуға әсте болмайды». Сайын дала төсіндегі тұлпарлар дүбірі күллі дархан даланы дүр сілкіндірген қазақтай қайсар, бірлігі берік, рухы биік елдің, біртұтас ұлттың перзенті «Атаның емес, адамның баласы» болуы керектігі ескерілетіні көңілге қонымды. Елдік мүддеге қатысты байсалды ой, зерделі пікірлерін оқи отырып, жүрегің тебіренеді [2].

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», – дейді Н.Ә. Назарбаев. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – Елбасының асыл арманы. Ендеше, мемлекет басшысының жастарға соны серпін, тың бастама ұсынуы келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Ел Президенті аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасатты пайымын білдіреді: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар». Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

Қазіргі таңдағы мектептердегі білім мен тәрбие жүйесі Елбасының парасатты пайымдарын негізге ала отырып, қарқынды түрде жүзеге асыруда. Ал идеология мәселесіне келер болсақ, кестелі сөз, кесек ойлары көрініс тапқан ой-толғауында Президент елес идеологияларға ермей, заманға сай амал етуге үндейді: «Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс» [3].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, жаңа тарихи кезеңдерге жан-жақты баға бере отырып, рухани жаңғыру арқылы болашаққа деген өзінің парасатты пікірлері мен көзқарасын білдірді. «Екі дәуір түйіскен әліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы», – деп ел келешегіне үміт артады.

«Рухани жаңғыру» болса осы міндетті жүзеге асыруға сеп болатын басты құралға айналмақ. Ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға қай пәннің болса да ыңғайы мен мүмкіншіліктері мол.

«Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» жобаға үлес қосуда технология сабақтарында қолөнерге үйрету арқылы тәлім – тәрбиедегі, оқу-тәрбие процесінде арқау ету қажеттігі күн санап сезінілуде. Қолөнер бұйымдарын заманауи саласында дизайнды меңгертуде келешекте табиғи материалдардың бірі жүнді пайдалану арқылы қолөнер бұйымдары: киіз басу, сырмақ сыру, текемет, алаша және ұлттық киімдер мен кілем тоқу сияқты күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан сондай дәстүрлі қолөнер үлгілерін жаңаша әдіс-тәсілдерін үйрету – оқушыны

еңбексүйгіштікке, әсемдікке талпындырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулыса нұр үстіне нұр болары сөзсіз. Оның үстіне ұлттық колөнер өзінің тарихы терең, мазмұны сан қилы ерекшеліктерімен болашақ жастарға рухани, эстетикалық, эмоционалдық, интеллектуалдық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және сапалық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз [4].

Ұлттық мәселе мен елдік мүддеге бағдарланған асыл мұраттар біртұтас ұлттың пайымы терең, парасатты перзенттері болуға үндейді. Көшбасшымыз: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», – деп, қазақ елінің екі ережені түсініп, тереңнен таразылағанымызды қалайды.

«Білімнің салтанат құруы» атты тармағында: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деп қазақ жұртының әлемдік кеңістікте кеңінен құлаш сермеп, төрткүл дүниені мойындату үшін бәсекеге қабілетті, білімді болуының маңыздылығын зерделейді.

Елбасымыздың рухани жаңғыруының әрбір тармақтарының өзектілігіне мән бере отырсақ, халықтың ел болып замана ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірге қадам басуына және өскелең ұрпақтың болашақта дамуына зор мүмкіндік берілгендігіне куә боламыз. Бұл рухани жаңғырудың маңыздылығы мемлекет пен ұлттың ұлттық кодын сақтай отырып, жаһандық үдерістерге бейімделуіне септігін тигізетіндігіне сенім білдіріп, қолдау танытамыз. Мақалада елді рухани жаңғыртудың жолы екі түрде келтірілгені баршаны қуантады. Біріншіден, ұзақ мерзімдік стратегия және оны орындау үшін қысқа мерзімдік жоспар жасакталып, көрсетілген. Осыны жүзеге асыру үшін қандай іске көңіл бөлу қажеттілігі және қандай қадамдардан өтетініміз нақтылы баяндалған. Ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту, сананы жаңаша қалыптастыру, ұлттық кодын сақтай отырып, рухани жаңғыруға бел буу, басқа елдердің озық тәжірибесін, жетістіктерін бойға сіңіріп, пайдамызға асыру және заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіру туралы айтқанын зиялы қауым тегіс қуана құптап, қуаттап отыр.

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының қорытынды бөлімі: «Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді», деп тұжырымдайды. Ендеше, біз де жаңартылған жаңа әлемге, алып кеңістікке ізгі ниетімізбен, сергек санамызбен, ұлттық құндылықтарымызбен әрі биік рухымызбен қадам басуымыз ауадай қажет. Президент барша қазақстандықтарға, әсіресе, жас ұрпаққа рухани жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінетіндігіне кәміл сенім білдіреді [5]. Сол үшін Елбасы сенімін ақтап, болашағымызға темірқазық болар бағдарды өмірлік ұстанымыздың бір бөлшегі студенттің қажеттілігі туындайды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек», – деген жаңа рух, жаңа серпін берген түйінді сөзі әрбір қазақ перзентінің, «Мәңгілік ел» азаматтарының күнделікті көкейінде жүретін қанатты сөзіне айналуы тиіс деп санаймыз.

Оның бірі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея – болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу [6]. Озығын алып, тозығын тастау. Елбасының идеясы тарихқа деген көзқарасты түзету мен ұлттық бірегейлікті сақтап, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту жайлы болып отыр.

Рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту арқылы жас ұрпақтың санасына патриоттық тәрбиені сіңіру рухани жаңғыруға негіз болады. Яғни, замана сынынан сүрінбей өтіп, ата-бабамыздан жеткен озық дәстүрлерді ұрпақ санасына сіңіре отырып, жаңғырта білуіміз қажет.

Рухани – патриоттық, адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа тәрбиелеп, одан кейін білім берсе, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата – ананың да болашағы жарқын болмақ. «Мен

үш қасиетімді мақтан тұтам» – депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. Өз құдайынан айрылған адам бос кеуде, өлгенмен тең деген екен. Олай болса жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сеніммен қарап, әр – бір іс әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оның орындауға, өзіне – өзі талап қоя білуге тәрбиелеу – адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай кедергілерден өте беруді бала бойына жас кезінен бастап әр пән мұғалімі қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастыру негізін қалайды. «Еліміздің күші – патшада, сәбидің күші – жылауында » демекші біздің күшіміз, қорғанышымыз, сеніміміз адамгершілігімізде болуы керек.

Сонымен қорытынды келе, осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымыз, ерекше дәстүрлеріміз арқылы сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға, рухани жаңғыруға бір кісідей атсалысайық!

Әдебиеттер

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Қасымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. – 336 б.
2. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, жыл. [http://www.akorda.kz/kz/events/\(15.12.2012ж\)](http://www.akorda.kz/kz/events/(15.12.2012ж)).
3. Ұлттық патриотизм негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2004. – 206 б.
4. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г. Тәрбиенің өзекті мәселелері. / Қазақстан мектебі 1996, №12, 346.
5. Крамшенко В. Патриоттық және адамгершілік тәрбиесі / Бастауыш мектеп, 1994, №8, 9-10 беттер.
6. Жарқынбеков С. Ерлік –ел мұраты /Бастауыш мектеп, 1996, – № 3, – 42-43 б.

ӘОЖ: 338.42.12

Е.Е. Джоланов

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Ертек_73@mail.ru

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ – ТАРИХИ ӘЛЕУЕТІ

Жамбыл облысы Қазақстан Республикасының өзге де аймақтары секілді, туристік өнімді құру үшін ұқсас болумен қатар, тек өзіне ғана тән мүмкіндіктер мен ресурстарға ие.

Облыс аумағы 144,3 мың шаршы км. құрап, республика облыстарының ішінде көлемінің үлкендігі жағынан оныншы орында. Облыстың көп бөлігі орта белбеудің табиғи шөлді аймағында орналасқан. Көп жерді Шу алқабымен бөлінген Мойынқұм құмды шөлі, Бетпақдала сазды шөлі алып жатыр. Мойынқұм құмдары оңтүстіктен Талас өзенінің алқабымен шектеледі [1].

Облыстың оңтүстік бөлігін Тянь-Шань тау жүйесінің тарамдары алып жатыр. Оңтүстік – батыс бөлігінде биіктігі 2000 метрге жететін шыңы бар Қаратау тау жотасы орналасқан. Облыстың оңтүстік – шығысында биіктігі 1500 метрге жететін аласа Шу – Іле таулары орналасқан. Облыс аумағы жаға сызығының ұзындығы 120 км шамасында болатын Балқаш өзені айдынының маңызды бөлігін қамтиды.

Облыстық туризмді дамытуға қолайлы тарихи– мәдени және табиғи ресурстарға бай.

Ұлы Жібек жолының ізі қалған Жамбыл облысы аумағында орналасқан тарихи ескерткіштер өңірдің туризм саласының негізі болып келгені анық.

Облыста барлығы мемлекеттік есепте 3441 ескерткіш тіркелген, оның 25 республикалық дәрежедегі 3416 жергілікті маңызы бар ескерткіштер. Сонымен қатар 8 нысан Қазақстанның киелі жерлері картасының тізіміне енгізілген, Қазақстанның микросакралды картасына 27 ескерткіш (Қазақстан бойынша барлығы 500 ескерткіш). Қазақстанның киелі жерлері картасы тізіміне 8 тарихи-мәдени нысандар енгізілген (1 кесте).

1 кесте – Қазақстанның киелі жерлері картасының тізіміне енгізілген 8 тарихи-мәдени нысандарының тізімі

№	Объект атауы	Орналасқан жері
1	Тектұрмас кесенесі	Тараз қаласы
2	Қарахан кесенесі	Тараз қаласы
3	«Ежелгі Тараз қалашығы»	Тараз қаласы
4	Байзақ батыр Мәмбетұлының кесенесі	Байзақ ауданы
5	Айша бибі мазары	Жамбыл ауданы
6	Бабажы Хатун мазары	Жамбыл ауданы
7	Ақыртас сарай-кешені	Жамбыл ауданы
8	«Меркі-Жайсан ғұрыптық кешені»	Меркі және Шу ауданы

Сонымен қатар Жамбыл облысынан Қазақстанның микросакралды картасының 500 ескерткіштің тізіміне 27 ескерткіш енгізілген (2 кесте).

2 кесте – Қазақстанның микросакралды картасына енгізілген ескерткіштер

№	Объект атауы	Орналасқан жері
1	Әулиебастау қалашығы мен бұлағы	Жамбыл ауданы
2	Жетітөбе қорымы ерте темір дәуірі	Жамбыл ауданы
3	Қарасай петроглифтері ерте темір-қола дәуірлері	Байзақ ауданы
4	Ерте ислам дәуірінің мешіті және оған қосалқы салынған Керуен-сарайы	Тараз қаласы
5	Ақкесене бекінісі	Талас ауданы
6	«Қазақ хандығы» монументі 2015ж.	Тараз қаласы
7	«Қозыбасы»-Қазақ хандығының туы тігілген жер	Мойынқұм ауданы
8	Қостөбе қалашығы	Байзақ ауданы
9	Меркі қалашығы	Меркі ауданы
10	Аспара қалашығы	Меркі ауданы
11	Құллан қалашығы	Т.Рысқұлов ауданы
12	Өрнек қалашығы	Т.Рысқұлов ауданы
13	Ақтөбе (Степнинское) қалашығы	Шу ауданы
14	Бектөбе қалашығы	Жамбыл ауданы
15	Құралай сұлу кесенесі	Мойынқұм ауданы
16	Абдолла Ишан мешіті	Талас ауданы
17	Қарақожа мешіті	Талас ауданы
18	Кенесары хан мемориалы	Қордай ауданы
19	Шоқай датқа кесенесі	Сарысу ауданы
20	Сыпатай батыр кесенесі	Меркі ауданы
21	Ы.Дүкенұлының жерленген жері және мемориалы	Сарысу ауданы
22	Саңырақ батыр кесенесі	Талас ауданы
23	Биназар батыр кесенесі	Мойынқұм ауданы
24	«Момыш бұлағы»	Жуалы ауданы
25	Бөлтірік шешен кесенесі	Талас ауданы
26	Өтеген батыр кесенесі	Қордай ауданы
27	Көшек батыр кесенесі	Талас ауданы

Облыста тас дәуірінен бастап осы күнге дейінгі көптеген дәуірдің жүздеген мәдени ескерткіштері бар. Сақ, түркі және ортағасырлық кезеңнің ерекше бағалы мәдени ескерткіштері: петроглифтер дәуірінің ортағасырлық қала орындары мен обалар, далалардағы тас мүсіндер, Ұлы Жібек жолы дәуірінің ортағасырлық қала орындары, «Жайсан» ғибадаты» түркі мәдени – мемориалдық кешені т.с.с [2].

Жамбыл облысының 37 ескерткіші негізгі туристік нысандары тізіміне енгізілген (3 кесте).

3 кесте – Жамбыл облысының негізгі туристік нысандары

№	Тараз қаласы	№	Сарысу ауданы
1	«Көне Тараз» тарихи этно-мәдени кешені		
2	«Көне Тараз» археологиялық паркі	1	«Ықылас Дүкенұлы» мемориалы
3	«Тектұрмас» этно – мәдени кешені	2	«Шоқай датқа» кешені
4	«Қарахан» мавзолейі	3	«Саудакент» қалашығы

5	«Дәуітбек» мавзолейі		Т.Рысқұлов ауданы
6	Ерте ислам мешіті	1	«Құлан» қалашығы
7	«Қали Жүніс» моншасы	2	«Өрнек» қалашығы
8	«Төрткүл» керуен сарайы		Қордай ауданы
9	«Тектұрмас» мавзолейі	1	«Кенесары хан» мемориалы
10	«Қазақ хандығы» мемориалы	2	«Өтеген батыр» мавзолейі
	Жамбыл ауданы	3	«Тоспалы» петроглифтері
1	«Айша-бибі» мавзолейі		Талас ауданы
2	«Бабажы-Хатун» мавзолейі	1	«Тамды» қалашығы
3	«Әулиебастау» бұлағы	2	«Ақкесене» қарауыл мұнарасы
4	«Ақыртас» сарай кешені		Шу ауданы
5	«Бектөбе» қалашығы	1	«Жайсан» кешені
6	«Карасай» петроглифтері	2	«Баласағұн» қалашығы
	Жуалы ауданы		Байзақ ауданы
1	«Бауыржан Момышұлы» ескерткіші	1	«Қостөбе» қалашығы
2	Берікқара қорғаны		Мерке ауданы
3	«Барқуаб» (Бурнооктябрьское-1) қалашығы	1	«Меркі 8» петроглифтері
	Мойынқұм ауданы	2	«Сыпатай батыр» мавзолейі
1	«Қырбас» мавзолейі	3	«Меркі» қалашығы
2	«Биназар батыр» мавзолейі		
	Барлығы	37	

Іріктеліп алынған негізгі туристік нысандардың 10 республикалық, 27 жергілікті маңыздағы ескерткіштер, олардың:

– 5-уі ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне (Ақтөбе (Баласағұн), Құлан, Өрнек, Ақыртас және Қостөбе (Жамуқат) қалашықтары);

– 2-еуі Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған Қазақстанның өңірлік деңгейдегі туристендіру картасына (Топ 50) («Ақыртас» сарай кешені, «Айша бибі» және «Қарахан» кесенелері);

– 2-еуі Еуразиялық Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының Дүниежүзілік ерекше туристік тартымды нысандар тізіміне (Айша бибі, Ақыртас) енгізілген.

Өңіріміздің туристік әлеуетін арттыруға үлкен үлесін қосады деп табылған 37 ескерткіштің туристік тартымдылығы, оның сақталу дәрежесіне, шоғырлануы мен қайта қалпына келтірілуіне байланысты болғандықтан, олардың бүгінгі күнгі жай күйіне толыққанды сараптама жүргізілді [3].

Тарихи-мәдени нысандардың барлығы тіркеуге алынған, дегенмен кейбір нысандардың жерге орналастыру мемлекеттік актісі жоқ. Бұндай нысандарға жергілікті бюджеттен қаржы бөліп, оны қалпына келтіру немесе сол объектінің ауласына абаттандыру жұмыстарын жүргізу мүмкін емес. Сондықтан, алғашқы кезеңде тарихи-мәдени ескерткіштерге жерге орналастыру мемлекеттік актісін рәсімдеу шараларын жасау қажет.

Коронавирустық пандемия ішкі туризмнің өсуіне әкелуі мүмкін.

Жамбыл облысы Жақсы туристік әлеуетке ие, өңір туристерге туризмнің түрлі түрлерін ұсына алады, деп хабарлайды Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта жаңғырту, түркі тілді мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастықпен дамыту, туризм инфрақұрылымын құру" мемлекеттік бағдарламасына енгізілген және ішкі, сондай-ақ халықаралық туризмді дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие. Одан Ұлы Жібек жолының учаскесі (Сайрам – Тараз ауылы – Ақшалақ ауылы – Ақыр-Төбе – Құлан – Мерке – Шу – Аспара – Қордай станциясы) өткен, оның жолы бойында тарихтың және мәдениеттің қызықты ескерткіштері орналасқан. Ұлы Жібек Жолында орналасқан 5 ескерткіш ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мәдени мұра тізіміне енгізілген (Шу ауданындағы Ақтөбе қалашығы, Т.Рысқұлов ауданындағы Өрнек, Құлан қалашығы, Байзақ ауданындағы Қостөбе қалашығы және Жамбыл ауданындағы Ақыртас кешені) [4].

Туризмді дамытудың басты басымдығы "Ежелгі Тараз" жобасы болып табылады. Ежелгі шығыс стиліндегі нысандардың бірыңғай ансамблі құрылды (ежелгі өркениеттің қазба жұмыстарына қатысу, артефактілері бар мұражай, шығыс базарлары мен Шеберлер қаласы, қонақ үйлер мен сауда орталықтары және т.б.).

Бүгінде облыста 42 туристік фирма, киіз үй қалашығы, сауықтыру кешені, 5 демалыс аймағы, 10 балалар сауықтыру лагері, бірегей емдік балшықтары мен минералды сулары бар 5 санаторий-курорттық сауықтыру орындары жұмыс істейді.

Облыстың туристік фирмалары Жамбыл облысы бойынша туристік маршруттарды әзірлеуде.

Атап айтқанда, "ежелгі Тараздың інжу-маржандары", "Ақыртас құпиялары", "аспан асты елінің соқпақтарымен" – "Ақсу Жабағлы" мұражай-қорығына экскурсия, "TARAZ TRAVEL" туристік компаниясының "Ұлы Жібек жолымен" туры.

"Золотой Караван", "Древний Тараз сегодня", "Архитектурные памятники", "Загадки Ақыртаса", "От снежных вершин до песчаных барханов" туристік орталықтарының туристік бағыттары.

"Тараз Даму" туристік фирмасының «Көксай» қазақ ауылы.

Жамбыл облысында "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық автомагистралінің учаскесі сияқты инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Облыс бойынша "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізінің бойында жол бойындағы сервис кешендерінің құрылысы үшін орындар анықталды, оның ішінде 1 кешен аяқталды.

Әлемдік экономика дамуының қазіргі жағдайында туризм жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салалардың біріне айналуға. Әлемдік рейтинг деректеріне сәйкес туризм Тауарлар мен қызметтердің әлемдік экспортында автомобильдер, химия өнімдері мен отын экспортынан кейін төртінші орында тұр [5].

Біздің ойымызша, ішкі туризмнің өсуі кейінге қалдырылған жоғары сұранысқа және карантиннен кейін халықаралық туризмге шектеулердің сақталуына байланысты болады. Сонымен бірге, кірістердің төмендеуіне байланысты адамдар қол жетімді ұсыныстарды іздейді және тәуелсіз сапарлар мен экотуризмге артықшылық береді.

Әлеуетті жақсарту және облысқа туристерді тарту үшін:»:

Туристік объектілер инфрақұрылымын дамыту:

– автожолдар салу – 16;

37 туристік нысанның 16-сі елді мекеннен тыс және елді мекендерден алыс жерлерде орналасқан. Туристік нысандарға алып баратын автожолдары жоқ. Бұндай нысандарға алып баратын автожолдар салу жол салуды реттейтін заңнамаларда қарастырылмаған.

– автотұрақ салу – 18;

– электр жарығын жеткізу – 4;

– ауыз су құбырын жүргізу – 2;

– қосымша сервистік объектілер салу (шағын дүкендер) – 3.

(инвестжобалар, мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі арқылы іске асыру жолдарын қарастырған жөн)

Туристік объектілерді модернизациялау:

– QR-код орнату;

– түнгі жарықтандыру (көркем подсветкалар, прожекторлар) – 15;

– цифрландыру (камера, скуд орнату т.с.с.).

Туристік объектілерді абаттандыру:

– жолсілтегіш орнату немесе оларды ауыстыру – 37;

– үш тілде ақпараттық тақтайшалар орнату – 20;

– ауласын әсемдеу (тал, гүл егу, клумбалар орнату) – 20;

– орындықтар, фонарлар, торшерлер, қоқыс жәшіктерін орнату – 17.

Алғашқы кезектегі міндеттердің бірі қазіргі заман талабына сай туристік инфрақұрылымды дамыту болғандықтан, негізгі туристік нысандардағы келушілерге қолайсыздықтар мен жағымсыз әсерлер тудыратын кемшіліктерді жойып, оларды әрі қарай модернизациялау, цифрландыру, көркейту бағытында нақты шаралар қабылдау қажет.

Әдебиеттер

1. Концепция развития туристической отрасли в Республике Казахстан до 2023 года. Постановление Правительства РК от 30 июня 2017 года – № 406. 30. 06. 2017
2. Ердаuletов С.Р. География туризма: история, теория, методы практика. учеб. пособие/ С.Р. Ердаuletов. – Алматы, – 2000. – 336 с.
3. Дуйсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане: учеб. пособие/ Г.М. Дуйсен. Изд-во «ЛЕМ». – Алматы, 2002. – 254 с.
4. Жылкыбаева М.І, Шакен А.Ш., Айжолова Г.Р. Қазақстан туризм географиясы. Оқу құралы – Алматы «Қазақ университеті», – 2013 – 200 б.
5. Зорин И.В., Кварталов В.А. Энциклопедия туризма: справочник.-М.: Финансы и статистика, 2000. – 386 с.

С.Ж. Орынбеков

№50 жалпы білім беретін орта мектеп, Ақтөбе қ., orinbekov_s@mail.ru

ОТАН ТАРИХЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Бүгінгі таңда ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындап, педагогика ғылымында ұлттық сананы қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық.

Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар, ол шынайы болады, ол адамға тәуелді емес, дегенмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Нақтырақ айтатын болсақ, ана тілі мен ұлттық дәстүрді құрметтейтін, дүниетанымы, ақыл-ой парасаттылығы қалыптасқан, мақсат қоя алатын, сол мақсатқа жету жолында жауакершілігі мол, мінез-құлқы, айналадағы адамдарға қарым-қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайда нақты шешім қабылдай алатын, салауатты, өз ойын жеткізе білетін тұлға.

Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде тіл және әдебиет сабақтарымен қатар, тарих пәні мен дене тәрбиесі сабақтарының орыны ерекше. Тәрбиені сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің мектеп атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды.

Ұлы Абай: «Бала мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі – ата – анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан» – деген екен. Қоғамға қызмет ететін болашақ жеткеншектерге сапалы білім мен өнегелі ұлттың тәрбие беру – ұстаздың басты парызы.

Оқу мен тәрбие егіз. Оны бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Тәрбиенің өзі күнделікті сабақтың әр бір негізінде – ақ оқушы бойына сіңіре бастайды. Мақсатымыз – ұлттық құндылықтарын бойына сіңіру арқылы қалыптасқан тәні мен жаны сұлу, өзіне-өзі сенімді, халықтың салт-дәстүрін, ата заңын, тарихын құрметтейтін, елжанды, әлемдік бәсекеге қабілетті, ойын еркін жеткізетін тұлғаның негізін қалау.

Бұл мәселенің өзектілігі – халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтарымыз маңыздылыққа ие. Мұғалім оқушының өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер – адамзаттың құндылықтармен қамтамасыз етеді. Мазмұны жаңартылған бағдарлама жағдайында қысқа мерзімді жоспар құру кезінде пән мұғалімдері ұлттық құндылықтарды дарыту жолдарын жоспарлайды. Сабақ жоспарын құрылымдау барысында «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтарын қалай (әдістер мен тәсілдер, жұмыс формалары) және не арқылы (сабақ тақырыбы, мазмұны, қолданылатын мәтін, бейне материал т.б. арқылы) енгіземіз деген сұрақтарға жауап іздейміз. Мұғалім міндеті – сабақтағы мазмұн мен қолданылатын жүйелі-әрекеттік тәсіл арқылы оқушының жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару.

Мұғалімге негізінен мынандай үш түрлі басты міндет жүктеледі:

- тәрбие жұмысын үйлестіріп отыру;
- сыныпта оқушылармен бүкіл тәрбие жұмысын ұйымдастырып, оған бағыт беру;
- мектеппен отбасының байланысын жасау 1,36.

Әр бір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарын дамыту. Мұғалімнің сабақты ұйымдастырар алдындағы жауапты ісіне деген құштарлығын оятатын, бойындағы бар қабілет мүмкіндігін жарыққа алып шығатын күш – осы рухани – адамгершілік құндылықтар.

Мұғалім баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақыта дейінгі кезеңде (сабақты ұйымдастыру, оны өткізу, үзіліс кезінде, тәрбие сағаттары, жекелей әңгімелесу т.б.) баламен тікелей қарым – қатынас екенін естен шығармағаны абзал, сонда ғана жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едеуір табыстарға қол жеткізе алады.

Ұлттық тәрбие тағылымы халық болашағына арналған, асыл жүректе саналы тәрбиенің даналық шумақтары, халықтың өзіне тән эталондық адамгершілік қасиеттері 2,63. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу:

– ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін: оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Сондықтан балаларға сүйіспеншілікпен қарап, барлық күш-жігерін салмаса, оны талапқа сай орындау қиын. Қазір оқушылардың ақыл-ойының дамуын зерттеу т.б. мәліметтерді әр кезде біліп отыру, тестік әдісті қолдану мектептерде орын ала бастады 3,49. Әсіресе баланың даму барысын есепке алу, бейімділігін, қызығушылықтарын, сабаққа деген көзқарасын т.б. кейбір объективтік көрсеткіштерді назардан тыс қолдануға болмайды.

Әрбір сабағымызда балаларға тек білім беріп ғана қоймай, олардың жаңа қалыптасып келе жатқан ой санасының жоғары рухта байыта білуге, ойы алғыр, қиялы ұшқыр оқушы тәрбиелей білуге ерекше мән беріледі. Бұл өмір талабы. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін мұғалім ең алдымен өз пәнін, өзі сабақ беретін ғылымды, оның негізін, оның қазіргі жағдайдағы күйі мен дамуындағы басты кезеңдерін, басқа ғылыммен байланысын, өмірдегі орны мен байланысын жете меңгеруі керек. Білім беру мазмұны жаңаша құрылған ұлттық мектептің кеңге жайып дамуы сол мектептің оқу-тәрбие жұмысын жандандыра мұғалімдерге байланысты.

Ойымызды тұжырымдай келе оқушылардың ұлттық рухани құндылық қасиеттерін оқыту процесі мен сыныптан тыс тәрбиелік іс-шаралар арқылы қалыптастырып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп дамыту біздің тікелей парымыз. Бала бойына дарыған ұлттық құндылықтарымыз «Мәңгілік Ел» орнатуда басты қағида боларына сеніміміз мол.

Әдебиеттер

1. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау: монография/ Бөлеев Қ. – Алматы: «Нұрлы әлем», 1998. – 132 б.
2. Қожахметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика: монография/ Қожахметова К. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 183 б.
3. Международная научно-практическая конференция «Формирование полиэтнической культуры: методология, теория и практика»: сб. статей под редакцией Слесарь М.В. – Костанай, 2014. – 299 с.

ӘОЖ: 374.02.

С.М. Бектуранова

Школа-гимназия № 86 им. М. Ауезова, г.Нур-Султан, Lunagul.77@mail.ru

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА У БУДУЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ В КОНТЕКСТЕ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Я убежден: начатые нами масштабные преобразования должны сопровождаться опережающей модернизацией общественного сознания.

Она не просто дополнит политическую и экономическую модернизацию – она выступит их сердцевиной».

(Н.А. Назарбаев, «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»)

Республика Казахстан идет по пути прогрессивного развития, где ведущую позицию занимает модернизация общественного сознания. Современным обществом востребованы новые социально-психологические эталоны поведения граждан Казахстана с сохранением и высокой значимостью национальной идентичности, культурного контекста, модели саморазвития, самовоспитания и успешной творческой личности на основе высочайшего профессионализма, компетентности и воспитанности, повышения роли семейного потенциала.

Руководство Казахстана за последние годы более активно начало говорить о необходимости формирования собственной идеологии и идентичности. В 2017 году первый президент страны

Нурсултан Назарбаев, написал статью, в которой изложил свое видение духовной модернизации казахстанского общества. Он отметил важность сохранения национальной идентичности, повышения уровня конкурентоспособности и открытости общества к переменам, пропаганды культы знаний и постепенного, эволюционного, не революционного, метода развития страны [1]. Для решения этих стратегических для нации задач была отмечена необходимость перехода казахского языка с кириллицы на латиницу до 2025 года, перевода 100 лучших мировых учебников на казахский язык, воспитания молодого поколения в духе любви как к малой (месту, где они родились), так и к большой родине. Также, было предложено заняться продвижением отечественной культуры за рубежом и поиском новых «героев» современного Казахстана для списка «100 новых лиц» страны.

Все эти инициативы представляют собой важную ценность для формирования казахстанской нации. Концептуальные основы воспитания фокусируются на актуализированном запросе государства по повышению ответственного и активного включения семьи и гражданского общества в совершенствование процесса всего многообразия систем образования, особенно, дошкольного, общего среднего, профессионального и дополнительного образования, высокой продуктивности достижения воспитательных целей.

Концептуальные основы воспитания опираются на целевые установки, принципы и задачи поэтапного перехода школьного образования на его обновленное содержание, в основе которого лежит подготовка высококонкретного, образованного, конкурентоспособного человеческого капитала, ориентированного на новый технологический уклад экономики для успешной адаптации в современном мире. Именно в данном аспекте актуализированы новые образовательные принципы технологии, методики воспитания, обеспечивающие повышение воспитательного потенциала образовательного процесса, более качественной и эффективной интеграции обучения и воспитания, обучающего и воспитательного пространства. Воспитание органично должно сочетаться с предметно-продуктивной деятельностью по формированию учебных, образовательных и информационных деятельностных компетенций.

Концептуальные основы воспитания включают цели и задачи; подходы и принципы, на которых будет основана воспитательная работа; ключевые месседжи; критериальный аппарат для измерения уровня достижения поставленных воспитательных целей, методы мониторинга; комплексное ресурсное обеспечение; ожидаемые результаты их реализации; термины и определения.

Патриотическое воспитание подрастающего поколения – одна из главных задач нашего современного общества, а детство – самая благодатная пора для формирования чувства любви к Родине.

Патриотизм начинает формироваться в семье, где в сознании человека закладывается образ Родины и личностное отношение к ней, воспитывается ответственное отношение к своей стране, населяющим ее людям, ее интересам. Слова великого мыслителя аль-Фараби о том, что «образование, полученное без воспитания, может обернуться против человечества», актуальны и сегодня.

Невозможно считать патриотом человека, не знающего историю своей страны, не знакомого с культурой своего народа. Познание родной истории напрямую связано с поиском самоопределения. Определение себя как части общества, отождествление своей личности с понятием «гражданин Казахстана» – важный момент в духовном и эмоциональном развитии ребенка.

В современных условиях именно школа стала центром патриотического воспитания подрастающего поколения [2].

Задачи воспитания в современной школе являются:

- воспитание учеников в духе демократии, личностного достоинства, уважения прав человека, гражданственности, патриотизма;
- содействие формированию сознательного отношения учащихся к своей жизни, здоровью, а также к жизни и здоровью окружающих людей;
- развитие самоуправления школьников, предоставление им возможности участия в деятельности творческих и общественных объединений различной направленности;
- сохранение и приумножение школьных традиций.
- вовлечение учащихся в систему дополнительного образования с целью обеспечения самореализации личности;
- создание условий для участия семей учащихся в воспитательном процессе, развития родительских общественных объединений, повышения активности родительского сообщества; привлечение родительской общественности к участию в соуправлении школой;

- создание благоприятной психоэмоциональной атмосферы в школе.
- Приоритетные направления воспитательной работы в современной школе:
- Воспитание казахстанского патриотизма и гражданственности, правовое воспитание;
 - Духовно-нравственное воспитание;
 - Национальное воспитание;
 - Семейное воспитание;
 - Трудовое, экономическое и экологическое воспитание;
 - Поликультурное и художественно-эстетическое воспитание;
 - Интеллектуальное воспитание, воспитание информационной культуры;
 - Физическое воспитание, здоровый образ жизни.

Программа «Рухани жаңғыру», ориентированная на возрождение духовных ценностей казахстанцев с учетом всех современных рисков и вызовов глобализации, призвана повысить конкурентоспособность Казахстана в мире, сохранить национальную идентичность, популяризовать культ знания и открытость сознания граждан. Эти качества должны стать основными ориентирами современного казахстанца.

Программа модернизации общественного сознания позволяет консолидировать общество, объединить интеллигенцию, молодежь, представителей всех слоев населения вокруг идей, провозглашенных Главой государства. Реализация всех направлений модернизации проходит с учетом потребностей социума, при активном вовлечении научно-экспертного сообщества, представителей гражданского общества, молодежи.

Таким образом, программа «Взгляд в будущее: модернизация духовного сознания» – новый подход к реализации задач, связанных с воспитанием казахстанского патриотизма. В ней нашел отражение социальный заказ государства на воспитание человека образованного, нравственного, предприимчивого, готового самостоятельно принимать решения в ситуации выбора, способного к сотрудничеству и межкультурному взаимодействию, обладающего чувством ответственности за судьбу страны. Лидер нации Н.А. Назарбаев подчеркнул, что одним из основных условий модернизации духовного сознания молодежи является сохранение собственной исторической, национальной культурной идентичности. Современное образовательное пространство претерпевает значительные изменения, включает в себя инновационные процессы, опирается на новейший педагогический опыт и передовые педагогические технологии. В целях образования конкурентоспособной, прагматичной, сильной, патриотичной и активной единой нации современная школа ставит перед собой стратегические задачи.

Литература

1. Нурсултан Назарбаев – Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру(статьи, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно-аналитические материалы) – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. – 512 с.
2. Эриксон Э. Детство и общество / Пер. с англ. СПб.: Нева, 2003. – 354 с.

ӘОЖ: 63.3 (5Қаз)2

С.Н. Манаспаев

Халықаралық қазақ-қытай тіл колледжі, Алматы қ., manaspayev.sayat@bk.ru

САРЫТАУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

2017 жылғы 12 сәуірде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласын жариялап, онда қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттарын айқындап берген еді. Бағдарлама барысында: «2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз» – деп нақтылай өткен [1].

Осыған байланысты «рухани жаңғыру және тарихи-мәдени мұрасы» аясында Жаркент қаласы, Лесновка ауылының солтүстігін бойлай жатқан Сарытау жоталарында орналасқан таңбалармен қорғандар жайлы қарастырсақ. Бабаларымыз мекендеген жерлерден табылған бұл

жәдігерлерді халық арасында таныту біздің міндетіміз! Лесновка ауылын бойлай жүргенде канал бойымен әр түрлі деңгейдегі обалар кездеседі. Бұл танысуға келген жолаушының ең бірінші көретіні. Қара тастармен толтырылған обалар ерекшелігі өзен ағысының бойымен орналасқан. «Тағы бір ежелгі дәуірге тән байқалған құбылыстың бірі, аспалы көпірден басталған аласа таулы жотаның етегі мен өзен жағасына дейінгі атшаптырым арақашықтық теп-тегіс жазық. Аталмыш жазықтың оңтүстігіндегі Бетағашқа дейінгі аумағы үйілген тас қорымдар мен әртүрлі (диаметрі 6-12 м болатын) шеңбер, ромб тағы басқа формадағы обаларға толы. Ой, сана арқылы салыстырмалы зерттеу жасай отырып, шамамен Қола, Сақ заманынан қалған көне жерлеу орындары болуы керек деп топшыладым» – деп жазады Қали Ибраимжанов сол жерді зерттеушілердің бірі [2].

Сарытауға бойлай жүрген жолаушы алдынан ең алғашқы көне түркі руникасымен жазылған «қазақ» деген сөзі бар тасты байқайды. Көне түркі кезінде қазақ этносы болмағанын ескеретін болсақ, кейініректе салынған бұл жазу нені меңзегенін дөп басып айтпасақта, зерттелуі керек көне таңба екенін дәлелдеп тұрғандай. Одан әрі қарай қой тастарға салынған таңалы тастар өте көп. Оның әрқайсысы дерлік тамаша тарихи ескерткіш. Панфилов ауданы «Жауынгерлік Даңқ» музейінің зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша анықталған белгілер:

1. Арқарлар мен тәуешкілердің 100-ге жуық бейнесі;
2. Итке ұқсайтын 2 сурет;
3. Атқа мінген адамдардың 2 бейнесі;
4. Мүйізінде «Әлем ағашы» бейнеленген 2 бұғы;
5. Жай бұғы суретінен 2 дана;
6. Қасқыр тәрізді 2 аң және 1 қасқыр үш бөлтірігімен;
7. Түйеге мінген 1 адам және 1-уі түйе жетектеген бала;
8. Би билеп тұрған бақсы, 1 сурет;
9. Жаяу адам бейнесі 2 сурет;
10. «Күнбасты адам» 1 сурет;
11. Жыландар 2 жерде бейнеленген;
12. Құдайдың табаны бейнеленген 1 сурет;
13. Бүлінген түсініксіз бейнелер; [2,1]

Жоғарыда көрсетілген таңбалардың көп болуы Сарытаудың жайлы жерлерінде ерте заманан бастап-ақ бір ғасыр шеңберінде ғана емес, бірнеше ғасырды қамтитын ұрпақтардың мекен еткен жері деп тұжырымдауға болады. Қазақ даласы кең байтақ, көшіп қонуға лайықты болуын ескеретін болсақ, қорғандардың табылуы, орналасу жиілігі, толық қанды бір ғана ұрпақтың өмір сүрмегендігін нақтылайды.

Сарытау бөктерінде обалардан басқа жолаушының назарына бірден түсер – Сақ қорғандары. Қазіргі Алматы орналасқан жердің тарихы 28 000 жылдан асады. Климатының жайлы, топырағының құнарлы және суының мол болуының арқасында бұл жер ешқашанда бос жатпаған. Бұған археологиялық қазбалар барысында табылған көптеген заттар дәлел. Шамамен б.з. дейінгі X ғасырдан бастап бұл жерде ірі көшпелі тайпалар – сақтар пайда болған, кейіннен бұларды үйсіндер алмастырды. Дәл Сарытау бөктеріндегі қорғандар сияқты Боралдай аймағында ежелгі сақтардың қорымдары мен бұрынғы тұрғын жайлары жиі кездеседі. Боралдай сақ қорғандары – Алматы аумағында ерте темір ғасырынан сақталған жалғыз ескерткіш. Ол қаланың Алатау ауданында, Үлкен Алматы мен Боралдай өзендерінің арасында, әуежайға жақын жерде орналасқан. Мұнда көне қорым бар, оның тарихы екі жарым мың жылдан асып жығылады. Археологиялық кешен 47 сақ және үйсін қорғандарынан тұрады. Олардың ең үлкенінің биіктігі 14 метр, ал диаметрі 100 метрден асады [3].

«Ашық аспан астындағы «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені – маңызды тарихи ескерткіш. Бұл туралы ұзақ жылдар бойы беймәлім болып келді. Бірегей ескерткіш 2006 жылы 3D картаны модельдеу үшін аэротүсірілім кезінде ашылған еді. Қазіргі сәтте ол Алматы мен Алматы агломерациясының туристік нысандарының бірыңғай тізіліміне кірді. Алматыда 30 000-нан астам тарихи ескерткіш бар. Бұл архитектуралық ескерткіштің тарихи құндылығы ішкі және шетелдік туристерді өзіне тартады», – деді VisitAlmaty орталығының директоры Кәмила Лұқпанова [3].

Жаркент тауларында орналасқан сақ қорғандары жоғарыда көрсетілген Боралдай қорғандарымен ұқсас келеді. Биіктігі 5-6 метрді құрайтын, диаметрі 60-70 метрден асады. 2 кішкентай және 1 үлкен қорған Сарытаудың жайлауында орналасқан. Күн тәріздес қорған сырты тастармен тіке қойылып жасалған. Шығыс бетінен есігі көрсетілген. Бұдан шығатын түйін – сол кездердің адамдары күнді қастерлеген.

Сарытау бөктерінде орналасқан сақ қорғандарына ұқсасы Есік қаласынан табылған қорғандар. Алматы қаласынан шығысқа қарай 50 шақырымдай жердегі Есік қаласы маңындағы Есік қорғандары

сақ дәуірінің ең көрнекті археологиялық ескерткіші болып табылатынын білеміз. Ол б.э.д. IV ғасырға жатады.

Есік қаласы маңында ертеректе тоналып кеткен 50-ге жуық қорған бар. Мұнда Қазақстанның ең әйгілі археологиялық олжасы – «Алтын адам» табылды. Өзінің аса бай мұрасымен таңқалдыратын сақ ханзадасының бұл қабірі біздің заманымызға дейін тоналмай жеткен Орталық Азиядағы бірден-бір жерлеу орны екенімен де аса құнды.

Есік қаласының солтүстігі, Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі – еліміздің ұлттық брендіне айналған «Алтын адамды» 1969-1970 жылдары көрнекті ғалым, қазақ археологиясында игі ізін қалдырған К. А. Ақышев бастаған археологтар тапты. Қорғандағы қазбалар Қазақстанды б.з.д. V ғ. мекен еткен ежелгі тайпалардың мәдениеті, өнері, діні жайлы құнды деректер берді.

Біздің кезімізде осындай қорғандардың бірі Алматы қаласынан шығыс бағытта орналасқан болатын. Ол «Иссық қорғаны» деп аталып кеткен (Акишев, 1978). Отыз жыл бұрын ғалымдар-археологтар мұнда жерленген «алтын» адамды тауып қалды. Бұл оқиға ғасыр жаңалығына тез айналып кеткен [4].

Қазақстанда бүгінгі күнге дейін қаншама обалар, қорғандар тоналып, қаншама тарихи ескерткіштер жол салу барысында бұзылды. Талайы зерттеліп жатқанымен әлі көпшілік естімеген жәдігерлер қаншама? Қазақстанның рухани жаңғыруы және тарихи-мәдени мұрасын көрсету мақсатында Сарытау қорғандары, обалары, тасқа жазылған таңба-суреттерді зерттеп, ішкі туризмді Қазақстан деңгейінде дамыту қазіргі кезде көзделіп отыр. Жер шары, жер бедері тұнып тұрған тарихи ескерткіштер. Бірақ бұл мұралардың әлем халықтарына танымал болуы әр мемлекеттің өз қолында!

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы /Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты (akorda.kz) /www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (өтінім берген күні – 12.04.2017).
2. Қали Ибраемжанов "Құпияға толы: Жаркент өңірінен 100-ден аса тарихи таңба табылды" /«JETISÝ» gazetі /<https://7-su.kz/news/cat-4/8905/> (өтінім берген күні – 15.10.2020).
3. Гүлмира Ғосманәли «Боралдай сақ қорғандары» археологиялық кешені көпшілікке таныстырылды /https://www.inform.kz/kz/boraldai-sak-korgandary-arheologiyalyk-kesheni-kopshilikketanystyryldy_a3160622 (өтінім берген күні – 20.02.2018)
4. К. Ақышев «Есік қорғандары» (e-history.kz) /<https://e-history.kz/kz/e-resources/show/12979/> (өтінім берген күні – 29.09.2014).

ӘОЖ: 821.512.122"19"

А.М. Кайрбаева

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ,
Шәкәрім жоғары колледжі, Семей қ, aigul_2011_0@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Әдебиеттанушы Аслан Жақсылықов тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттану ғылымына табанды еңбек етіп жүрген зерттеушінің бірі. Ол 1984 жылы «М.О. Әуезовтың 20 және 30-жылдардағы прозасы (психологизм, конфликт, баяндау формалары)» деген кандидаттық және 1999 жылы «Қазақ әдебиеті шығармаларындағы діни мазмұндағы бейнелер, сарындар және идеялар (типология, эстетика, генезис)» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясында М.Әуезовтің шығармашылығына арнайы тоқталып, аталған ғылыми мәселелер төңірегіндегі теориялық ойлар қозғайды [2].

Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік шеберлік мәселелері, ондағы психологизм құбылыстары, кейіпкерлер әлеміндегі тартыстар мен қақтығыстар, түрлік және тәсілдік әдіснамалық жәйттер М. Әуезов прозасындағы кәсіби ерекшеліктер арақатынасы, көркемдік дәстүр мен жаңашылдық категориялары арқылы айқындалып, талданады.

Әдебиетші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмат Тілеповтің «М. Әуезов және ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің кейбір мәселелері» деген мақаласында

(әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде өткен «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы жазушының 1925 жылы жазып, 1927 жылы жарияланысымен репрессияға ұшыраған «Әдебиет тарихы» атты зерттеуіндегі ғылыми ойлар жүйесіне тоқталып, ондағы көркем мәтіндерді нақты мысалдармен талдайды. Асанқайғы, Сыпыра жырау, т.б шығармаларында толғанған жайлардың кейіннен шындыққа айналғанын тарихи фактілерге сүйене отырып, дәйектейді.

Әдебиеттанушы ғалым, сыншы Зейнолла Серікқалиев әуезовтануға қатысты арнайы зерттеу жазбағанымен ұзақ жылдар бойы «Әуезов үйі ғылыми-мәдени орталығында еңбек етіп, өзі тікелей атсалысқан жазушының 20 томдығының жүйеленіп, жариялануына, ондағы ғылыми түсініктердің жазылуына зор үлес қосқан ғалым. Жазушы мұрағат қорында сақталған «Хан Кене» сияқты құнды қолжазбаның, өзге де әдебиет тарихына қатысты зерттеулердің әдеби, ғылыми айналымға енуі жөніндегі ғылыми-теориялық ойлары қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған мол үлес деуге болады. Филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиеттанушы Темірғали Есембековтің «Әдеби талдауға кіріспе (1991), «Драматизм в казахской прозе» (1998), «Әдеби талдаудың негіздері» (1994), «Көркем мәтінді талдау негіздері» (оқу құралы) (2009), «Көркем мәтін поэтикасы» оқу құралы (2012) атты еңбектерінде М. Әуезовтің шығармаларының көркем мәтіндері нақты мысалға алынып, ондағы көркемдік әлем мәселелері үнемі назарға алынып, жүйелі түрде талданып отырады.

Әдебиеттанушы ғалым Қансейіт Әбдезұлының «Тәкен Әлімқұлов және қазақ прозасы», «Тарих және тағдыр», «Жазушы және заман шындығы», «Таным көкжиегі» зерттеулеріндегі тарихи тұлғалар тағдыры және олардың әдеби шығармаларындағы көркемдік жинақтау, көркемдік шешім, суреткерлік шеберлік, кәсіби тәжірибелердің тарихи тағылымы сынды әдебиеттану ғылымының категориялары М.Әуезовтің шығармашылығымен байланыстырыла зерттеледі. Қазақ қаламгерлерінің М.Әуезовтен үлгі алмаған, оны ұстаз тұтпаған, одан тәжірибе жинақтамаған, оның шеберлік мектебінен өтпегендері жоқ десек өтірік айтпаған болар едік. Қазақ көркем прозасының негізін қалап, оның көркемдігі мен эстетикалық құндылығын әлемдік деңгейге жеткізген, үлкен шеберлік мектебі міндетін атқарған ұлы суреткер М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы қай кезеңде де өзінің рухани қажеттілігін тудыратын, ұлттық сөз өнерінің байлығы мен әсемдігіне тәнті талай ұрпақты тәрбиелейтін аса құнды рухани қазына [2].

Тәуелсіздік кезде Алаш әдебиетінің шыққан тегін, Алаш абайтануын, Абайдың шәкірттері мен ақындық айналасын анықтап берген Қ.Мұхамеджанның «Абайдың ақындық мектебі» атты іргелі зерттеулері қазақ әдебиеттануына қосылған зор үлес болды.

Т.Жұртбайдың «Ұраным-Алаш» (2008) зерттеуінде Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің үстінен 1927-1932, 1937-1938 жылдары жүргізілген тергеу істері негізге алынған. Автор 1988-1991, 1997 жылдары Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивтегі жүзден астам құпия құжаттарымен танысқан. Осының негізінде автор Алаш арыстарының шығармашылық тағдырына қатысты 20 жылға жуық жинақтаған тарихи құжаттарын салыстыра отырып, тың пайымдар жасаған. Алаш идеясы тұжырымдалған бұл іргелі зерттеу Алаштанудың: әдебиетші, тарихшы, мәдениеттанушылар, саяхаттанушылар, зиялы қауымның назарында болып келе жатқан бұл монографияда Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедов, Дінмұхамед Әділов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсыновтардың Отан үшін бастан кешкен қасіреттері айқындалған.

Мақсат Тәжімұратовтың ақынның 150 жылдығы қарсаңында шыққан «Шәңгерей» атты монографиясында ақынның көркемдік әлемі, шығармашылық биографиясы тұңғыш рет Алаш ақтандақтары контекстінде қарастырылмағанымен құнды зерттеу болып табылады.

Шерубай Құрманбайұлы «Алаш және терминтану» монографиясында А. Байтұрсынұлы, Е. Омаров, Х. Досмұхамедұлы, Ж. Күдерин, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабай, М. Дулатұлы сияқты Алаш ғалымдарының пән сөздерін қалыптастырудағы «терминжасам тәжірибесі» жан-жақты қарастырылған. 1910-1930 ж.ж терминология даму бағыты, сипаты, ерекшеліктері көрсетілген.

«Ұлттық рухтың ұлы тілі» Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты шығарған ғылыми жинақтың алаштануға қосқан үлесі зор. «А. Байтұрсынұлы туралы замандастары» атты бірінші тарауда М. Әуезов, М. Дулатов, Е. Омаров, Т. Шонанов, Е.Д. Поливановна, С. Сейфуллин, Н.Ф. Яковлев, А.Н. Самойлович, А.Н. Кононовтардың еңбектері келтірілген. Екінші тарауда: «Ахмет Байтұрсынұлы – ғалым, ағартушы, қоғам қайраткері», А. Байтұрсынұлының туғанына 125 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары топтастырылған: Ә. Кекілбайұлы «Ұстаз ұлағаты», М. Қозыбаев «А. Байтұрсынұлы – XX ғасырдың ұлы реформаторы», З. Қабдолов «Аханның әдеби қисындары», К.Хұсайын «А. Байтұрсынұлы – қазақ тілінің негізін қалаушы», К.Нұрпейіс «А. Байтұрсынұлы-аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері», М. Қойгелді «Саяси элита және ұлт мүддесі»; III бөлімде: Р. Сыздықованың «Термин жасау – А. Байтұрсынұлы

көтерген тарихи жүктің бірі», С. Омарбекұлы. «Мысал жанрының бірегей үлгісі». Ө. Әбдиманұлы «А. Байтұрсынұлы поэзиясындағы азаматтық сарын, азаматтық рух», Ш. Бердібай «А. Байтұрсынұлының сөз өнері туралы ілімі және көркем прозадағы баяндау түрлері. З. Базарбаева «Ақын поэзиясының интонациялық ерекшеліктері, Б. Абылқасымов, Мектептегі Аманқос, «А. Байтұрсынұлы-һәм «Қазақ» газеті [3].

Әдебиет теориясы бөлімі шығарған «қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты монографиясында Алаш әдебиеттануы келесі тараушада қарастырылған: Кәсіби қазақ әдебиеттануының қалыптасуы (1900-1932)». Аталған тарауда Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Сәкен Сейфуллиндердің әдебиеттанулық еңбектері жүйеленіп қарастырылған.

Аталған бөлімінің келесі жобасы «Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы тәуелсіздік идеясы» атты ғылыми монографиясында Алаш әдебиеттануы келесі тарауларда қарастырылған: Тәуелсіздік идеясы және әдебиеттану: 1. Тәуелсіздік және Алаш әдебиеттануы; 2. Совет әдебиеттануындағы азаматтық-отаншылдық концепт; 3. Қазіргі абайтанудағы ұлттық рух. Алаш әдебиетінің негізгі мәтіндері М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер Институтының басқаруымен жарияланып келеді: Ж.Аймауытов. Шығармалары; С.Қирабаев алғысөзі роман, әңгіме, повесть, пьесалары. Әлемдік рухани кеңістіктегі әдеби байланыстар мен Әуезов шығармаларының көркемдік әлемі теориялық тұрғыдан талданған баяндамалардағы соны бағыттар, әдеби талаптар, ғылыми ұстанымдар, жалпы әдебиеттану ғылымындағы жаңа көзқарастар бүгінге дейін мәнін жойған жоқ.

М. Әуезов шығармашылығының көркемдік-эстетикалық құндылықтары шетелдік ғалымдардың жаңаша көзқарастары бойынша қарастырылуы да бүгінгі Әуезовтанудағы жаңа бағыттардың бірі болып табылады. Тәуелсіздік кезеңде жарияланған күрделі еңбектің бірі «Мұхтар Әуезов Энциклопедиясы». Түрлі жанрдағы бұл рухани бай қазынада энциклопедиялық еңбектің стилі мен талабына сай ұлы суреткердің өскен, қалыптасқан, оқыған, еңбек еткен ортасы, отбасылық өмірі, шығармашылық мол мұрасы, эстетикасы, поэтикасы, шежірелік, қоғамдық, қаламгерлік, педагогикалық қызметтері жайында ғылыми, әдеби деректер молынан қамтылып, кеңінен ақпараттар берілген. М.Әуезовке қатысты үш мыңдай атау енгізілген сөзтізбегі бар энциклопедияға жазушының жарияланған және бұрын баспа бетін көрмеген қолжазба күйіндегі еңбектерінің бәрі дерлік енгізіліп, оларға ғылыми сипаттама берілген.

Осы атқарылып жатқан қыруар істерген қосымша әлі де болса атқарылатын шаруалар баршылық. Мәселен, біріншіден, тәуелсіздік кезеңінде жаңаша зерделенген Әуезовтың бізде, шетте шыққан өз шығармаларын, ол жайындағы мақалаларды, зерттеулерді, түсірілген деректі, көркем фильмдерді, оның шығармалары негізінде сахналанған спектакльдерді түгел тізімдеп, сипаттайтын «Библиографиялық көрсеткішті» жаңалаудың да мезгілі келгендей. Екіншіден, осы жаңа көрсеткіш пен суреткердің 50 томдық толық жинағына енген жазушының бүкіл мұраларын жаңаша көзқараспен талдау мәселелері де бүгінгі Әуезовтанудың негізгі бағыттарын анықтайды. Үшіншіден, бұрындары ғылыми айналымға енген қолжазбаларын, көркем шығармаларының ғылыми ортаға беймәлім болып келген, нұсқаларын, олардың түпнұсқаларын зерттеу де күн тәртібіндегі өзекті мәселелер болып табылады. Төртіншіден, жазушының соңғы 50 томдық толық шығармаларын жинағына еңбей қалған эпистолярлық мұраларын да жүйелеп, жариялау мәселелері де қазіргі мұхтартанудың басты міндеті болып табылады. Бесіншіден, суреткердің заманында әлемдік руханиятта жарияланған, зерттелген, әдеби, ғылыми-танымдық туындыларды түгендеп, мұхтартанудың тұтас ғылыми жүйесін жасау да кезегін күткен келелі мәселелер. Осы ретте «ТМД елдеріндегі М.Әуезовтың шығармашылық мұраларының зерттелу мәселелері» атты ғылыми жоба тақырыбына қатысты материалдарды іздестіру, жинақталған материалдарды сұрыптау, ғылыми-зерттеу еңбектерді жүйелеу, т.б. жұмыстары жүргізілуде. М.О. Әуезовпен шығармашылығындағы қазіргі заман туралы ойлар мен тәуелсіздік идеясы, пікір байламдары талданып қарастырылғанымен, әлі де бұл тақырыптың жалғасын жазуда ұзақ уақытты талап ететіні сөзсіз [5].

Кеңестік кезенді тоталитарлық сана тұрғысынан талданған жазушының көркем шығармалары мен әдеби, ғылыми мұралары енді тәуелсіз ой еркіндігі талабына сәйкес көркем әдебиетінің өз заңдылығы бойынша көркемдік эстетикалық құндылықтар тұрғысынан бағаланып, өзінің заңды тарихи құқығына ие.

Қаламгерлер шығармашылығын көрерменге насихаттау, есімдерін халқымен қауыштыру, олардың өшпес рухы алдында жасалған құрмет еді. Еліміздің тәуелсіздік алуы бізге өз тарихымызды өзгелер емес, өзіміз айтуға, өзіміз жазуға мүмкіндік берді. Әдебиет пен өнердің тарихты зерттейтін ғылымның алдына түсуі жайлы, жазушы-драматургтің тарихшы ғалымнан бұрын мәселе көтергені жайлы қоғамдағы қызу пікірталастарға ұласуы-осы кезеңнің шындығы. Тәуелсіздікке үлкен асулар мен қиын бұралаңы мол жолдарды басып өтіп қол жеткізгендігі жайлы қазақ драматургиясында осы

кезең аралығында талай шығармалар жазылыпты. Қолда барына шүкіршіл, тәубешіл қазақ халқы «өткеніне құрметпен, болашаққа үмітпен қарайтын жаңғырған ұлт болуды» бүгінгі және болашағының күн тәртібіне берік қоя алды. Келешегіне үлкен үміт артқан қазақ халқы тәуелсіздіктің ширек ғасырында зор жетістіктермен келсе, одан әрі бұл жетістіктер еселей түсері анық.

Әдебиеттер

1. С. Қирабаев «Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті» әдебиеттік зерттеулер, сын мақалалар, естеліктер – Алматы «Жібек жолы» 2011. – 592 б.
2. М.О. Әуезов шығармашылығының тәуелсіздік кезеңінде зерттелуі. Ұжымдық монография. Алматы, 2014. – 416б
3. Тәуелсіздік дәуірі-ұлттық құндылықтар дәуірі, Алматы – 2016. – 139 б.
4. Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет, 1 кітап, Алматы – 2010. – 329 б.
5. М.О.Әуезов шығармашылығындағы тәуелсіздік идеясы. Ұжымдық монография, Алматы – 2011. – 432 б.

ӘОЖ: 347.8:94(574)

А. Ғылымбай

«Innovative College» мекемесі, Семей қ., abzalhic@gmail.com

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАҚТАРЫ

Қазақстандық дискурста «қоғамдық сана» терминінің тұжырымдамалық мазмұнына оның адам өзін көрсетіп отыратын түрлі формадағы адам қызметінің мазмұнымен іс-жүзінде байланысты болып келетін оның неғұрлым детерминделген өзара байланыстылығын тану көзқарасы қалыптасқанын атап көрсетуге болады. Мысалы, Р.Кадыржанов «қоғамдық сана адамзат қоғамының қоғамдық болмысына қарсы қойылатын, адамның пәндік-тәжірибелік қызметін белгілейді. Көп жағдайларда мұндай қарама-қарсы қоюшылық шартты түрде болып келеді, себебі әлеуметтік нақтылықта сананы болмыстан бөліп алу мүмкін емес, адам қызметінде олар ажырағысыз болып біріккен. Соған қарамастан тәжірибеде де, танымда да қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, бұл ерекшеліктер оларды жеке-жеке қарастыруға мүмкіндік береді» деп көрсетеді [1]. Калашникова Н.П. «қоғамдық сана қоғамдық болмыстың пайда болуымен бір мезетте қалыптасады және дамиды, себебі сана тек әлеуметтік қатынастардың өнімі ретінде ғана мүмкін болады. Бірақ қоғам да оның негізгі элементтері, оның ішінде қоғамдық сана қалыптасқан кезде ғана қоғам деп аталына алады», -деп атап көрсетеді [2].

Қазақстанның ғылыми кеңістігінде осы тақырыпты зерттеу бойынша кең көлемдегі зерттеушілік тәжірибе бар. Отандық ғалымдар М.С. Ашимбаев, А.К. Абдина, А.К. Жолдубаева, А.Т. Забиров, Р.К. Кадыржанов, А.Г. Косиченко, А.Н. Нысанбаев және тағы басқалар өздерінің ғылыми еңбектерінде ұлттық (қоғамдық) сананың табиғатын, оның негізгі құндылықтық сипаттамаларын, жаһандық трендтермен байланыстағы өзгерістерін қарастырады [3].

Сонымен қатар Елбасының бағдарламалық мақаласы жарық көргеннен кейін отандық зерттеушілерге қоғамдық сана феноменін, оның құрылымын, оны жаңғыртудың жолдары мен түрлерін, қазіргі адамның санасына тарихи мұраның ықпалын, сондай-ақ осы мәселені терең талдау үшін кешенді аксиологиялық және танымдық көзқарастарды зерттеу мәселелері бойынша дискурс қалыптастыру мен дамыту бойынша жұмыс жасау қажет.

Соған байланысты қазіргі Қазақстанның ұлттық санасы мен ұлттық бірегейлігі тақырыбына ерекше көңіл бөлген M.B. Olcott, R. Faranda, David B. Nolle, R. Brubaker, D. Beachain, R. Kevlihan, P. Doganaksoy, S. Cummings, B. Dave сияқты шет елдік зерттеушілердің жұмыстары зерттеушілік қызығушылық тудырады [4].

Әлеуметтік жаңғырту бойынша зерттеулер арқылы қазақстандық ғалымдар қоғамдық келісім, ұлттық бірегейлік, қазақстандық құндылықтар сияқты тұжырымдамаларды жаңғырту процессінің біртұтас, өзара байланыстырушы негізі ретінде қарастырады. Ұлттық (қоғамдық) сана феноменін және тұтас алғандағы «ұлттық» феноменді зерттеу шеңберінде зерттеуге арналған тұрақты мәселе-ұлттық бірегейлік қалыптасты. Жаһандану, көп мәдениеттілік процесстері бұл мәселені ғылыми зерттеулер мен тәжірибенің алдыңғы шеңберіне алып шықты.

Осы жағынан алып қарағанда зерттеу әдісі ретінде конструктивизм ұлт, ұлттық мәселелерді объектілік атрибуттарды талдау арқылы емес, танымның неғұрлым терең мазмұны мен мәні арқылы қарастыруды ұсынады. Бұл көзқарас ұлттық (қоғамдық) сана, ұлттық бірегейлік, ұлттық ерекшелік мәселелерін түрлі институттар мен жүйелер арқылы қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай симбиоз осы феноменге біртұтас көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді, ал бұдан әлеуметтік-мәдени сүйемелдеу перспективаларын анықтау, ықпал ету мен түзету енгізу мүмкіншіліктері туындайды [5].

Бірнеше зерттеу бағыттарын бөліп көрсетуге болады, онда авторлардың бір бөлігі қоғамдық сананы жер шарының басым (негізгі) бөлігінің тұрғындарының (нақтылы сана иелерінің), елдің, қаланың, ұжымның ақпараттық, жағдайлық, діни және табиғи көзқарастарын анықтайтын қолданыстағы факторлар мен процесстердің жиынтығы деп қарастырады. Осы жағынан алып қарағанда қоғамдық сананы белгілі бір мәдениеттің өнімі деп қарастыруға болады. Терминнің өзі қоғамға деген көзқарастың антропоморфизмінің мысалы бола алады.

Егер де қоғамды ақпараттық жүйе ретінде қарастыратын болсақ, онда қоғамдық сана – бұл адамдар тобы бөліп көрсеткен неғұрлым оларға тән болып келетін жауаптар мен әрекеттердің жиынтығы болып шығады.

Философтардың өзге бір тобы қоғамдық санаға қоғамдық сананы білдіретін және оған ықпал ететін сезімдер, көңіл-күйлер, көзқарастар, идеялар, теориялар жиынтығы түріндегі қоғамның рухани өмірі деген анықтама береді.

Үшінші топ адамдардың өзара қарым-қатынас жасауы барысында қалыптасатын қатынастар, адамдар арасында объективті өмір сүреді, бірақ олардың санасына тәуелді болады деп есептейді [6].

Қоғамдық сананың қызмет етуінің тағы бір жағы ретінде адамдардың санасы, олардың идеялары мен көзқарастары қоғамдық болмыстан қалып жатады және белгілі бір мерзім ішінде оларға сәйкес келмеуі де мүмкін екендігін атап өтуіміз қажет. Мұндай артта қалушылық орын алған жағдайда не адамдар санасында өткеннің «елесі» қалуы немесе дәстүрлердің тұрақты негізде сақталуы туралы сөз болып отырған болып шығады.

Расында да, бірнеше зерттеушілер атап көрсеткендей, қоғамдық сананың да, жеке сананың да қалыптасу көзі адамдардың болмысы болып табылады. Олардың қызмет етуі мен көрініс беруінің негізі ретінде қызмет пен тіл әрекет етеді. Алайда бұл бірлік елеулі айырмашылықтардың болуын қарастырады.

Бірінші. Жеке сананың нақтылы жеке адамның өмір сүру жасының ұзақтығымен байланысты болып келетін өмір сүру «шегі» бар. Қоғамдық сана болса көптеген ұрпақтардың өмірін «қамтуы» мүмкін.

Екінші. Жеке сана жеке тұлғаның жеке сапаларының, оның даму деңгейінің, жеке мінез-құлқының және т.б. белгілерінің ықпалында болады. Ал қоғамдық сана белгілі бір дәрежеде жеке тұлғадан жоғары тұрады. Оның құрамына жеке адам санасына тән болып келетін ортақ белгілер, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын және қоғамдық болмыстың дамуымен бірге өзгеріске ұшырап отыратын белгілі бір білімдер мен бағамдар жиынтығы кіруі мүмкін. Басқаша айтар болсақ, қоғамдық сана тұтас алғандағы қоғамға немесе оның құрамына кіретін түрлі әлеуметтік қауымдастықтарға тән болып келуі мүмкін, бірақ ол арасында елеулі айырмашылықтары бар жеке саналардың жиынтығы бола алмайды. Сондықтан да қоғамдық сана мен жеке сана өзара бір бірін байыта отырып өзара бірлесе әрекет етеді [7].

Қоғамдық сана қоғамның бүкіл өміріне белсенді ықпал етеді. Алайда бұл ықпал өздігінен емес, адамдардың қызметі арқылы көрініс береді. Мұнда адамдардың әрекеті қоғам өміріне прогрессивті ықпал етуі де, тежегіш ықпал етуі де мүмкін. Олай болатын себебі кез келген қоғамда түрлі идеялар орын алады-ескі және жаңа, алдыңғы қатарлы және консервативтік, мұндай жағдай әрине қоғамдық сананың жағдайына да ықпал етеді. Белгілі ресей экономисі – М.В. Ломоносов атындағы ММУ экономика факультетінің деканы, экономика ғылымдарының докторы А.А. Аузан Жапонияның ұлттық бірегейлігінің қоғамдық сана арқылы қалыптасуының әр түрлі түрлері мен әдістеріне қызықты мысал келтіреді: «Ұлттық бірегейлік бар – бұл парадигма. Ол шекараларды белгілейді. Ел осы бірегейлік шеңберінде белгілі бір деңгейде күш жұмсайды, оның көрінісі өзгеріске ұшырағандай болып көрінеді, бірақ өз өзінен асып түсе алмайсың. Бірегейлік елдің дамуының қатаң шектерін белгілейді. Бір топтан өзге бір топ арқылы екінші бір топқа өтудің бірден-бір айқын мысалы Жапония бола алады – ол ұлттық бірегейлікке елеулі ықпал етудің орын алғанын көрсетеді. Естеріңізге сала кетейін, Мейдзи реформалары кезінде тыныш өлім жағдайында болған жапон ұлты батыс елдерімен сыртқы сауда жасауға мәжбүрлеу арқылы ашылды, оның өзінде бұл әрекет Жапонияны сақтап қалу үшін емес, нарықты кеңейту мақсатында жүзеге асырылды ...» [8].

Проблематиканы ұғыну және оптималды шешімдер іздестіру үшін аксиологиялық және пәнаралық көзқарастар да маңызды болып табылады, басқаша айтар болсақ, қоғамдық сананың қалыптасуы мен нығаюына құндылықтық көзқарастар, осы процесстегі жоғары оқу орындарының кафедраларының ролі, тұтас алғандағы жаңа гуманитарлық білімдерді дамыту. Елбасының бағдарламалық мақаласында осы мәселелер туралы айтылған: «Біз студенттердің тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, филология бойынша толыққанды білім алуы үшін жағдай жасауымыз қажет. Біздің гуманитарлық зиялыларымыз еліміздің жоғары оқу орындарында гуманитарлық кафедраларды қалпына келтіру арқылы мемлекет тарапынан қолдау табуы тиіс. Бізге инженерлер мен дәргерлер ғана керек емес, қазіргі заман мен болашақты жақсы ұғынатын адамдар қажет» [9].

Қоғамдық сана дискурсының жеке бөлімі жаңғырту процесстерінің басты алғышарты ретіндегі ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайту мәселелері болып табылады.

Осы жағынан алып қарағанда ұлттық (қоғамдық) сананы ұғыну мен тұтас түсінуге бірегейлік мүмкіндік береді, ол қазіргі заманның іргелі мәселелерінің бірі болып табылады. Қазіргі әлемнің күрделілігі мен динамикасы барлық дәстүрлі бірегейлікті проблемаландырады және жаңасын қалыптастыру мәселесін күрделендіре түседі. Өзін өзі бірегейлендіру мәселесіне қазіргі заманның мұндай ықпал етуін жеке тұлғалар да, әлеуметтік топтар да және тұтас алғандағы мемлекеттер де сезінеді. Сонымен қатар қазіргі заманғы әлемнің барлық дерлік елдері өзінің бірегейлігінің дағдарысты жағдайды бастан кешпегеннің өзінде күрделі проблемаландырылуы жағдайын басынан кешіп отыр. Отандық зерттеушілер атап көрсеткендей көпұлтты және көп конфессиялы құрылымы бар елдер үшін жалпыұлттық бірегейлікті қалыптастыру барысының ерекше күрделі болып келетінін атап өтуге болады. Мұндай елдердегі азаматтық бірегейлікті қалыптастыру барысының ерекше күрделі процесс екендігі ұлттық және конфессиялық қарама-қайшылықтарды еңсеру қажеттігімен күрделене түседі [10].

«Қазақстан-2050» стратегиясында қазақстандық бірегейлік тұжырымдамасы жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады деп көрсетілген. «Қазақстан-2050» стратегиясының, жаңа қазақстандық патриотизмнің және қазақстандық бірегейліктің өзара байланысы диалектикасы стратегияның өзі, оның принциптері мен ұзақ мерзімдік басымдықтарының айналасында жаңа қазақстандық патриотизм мен қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру көзделген символдар мен құндылықтар болып табылатындығынан тұрады. Жолдауда атап көрсетілгендей «Қазақстан-2050 алдыңғы қатарлы идеалдар қоғамы болуы тиіс». Бұл идеалдар қазақстандық бірегейліктің рухани және әлемге деген көзқарасының негізіне айналуы тиіс. Қазақстандық бірегейліктің маңызы Ұлт көшбасшысының сөзі бойынша келесімен анықталады: «біз біздің мемлекеттігіміздің дамуының келесі кезеңіне аяқ бастық, онда руханилық мәселесі экономикалық және материалдық тәртіп мәселелерінен кем емес маңызға ие болады» [11].

Болашағы Біртұтас Ұлт негізінде «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтары және азаматтық принциптері негізінде қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту бойынша орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, азаматтық қоғамның жұмыс жүйесін жаңғырту. Азаматтық бірегейлік пен бірлікті қалыптастырудың әлемдік тәжірибесіне, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық ұйымы елдері стандарттарына (бұдан әрі ЭЫҰ) сүйене отырып Қазақстан «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарына негізделген бірегейлік пен бірлік саласында өз көзқарастарын қалыптастырды. Жаңғырту тұжырымдамасын жүзеге асыру кезінде мемлекеттік саясаттың түрлі салалары қамтылды: үкіметтік емес ұйымдарды дамыту, білім беру, жастар саясаты, спорт. Сонымен қатар ЭЫҰ тәжірибесі «мәдениет, медиасала саласындағы саясатты жаңғырту, шет елдерде тұратын отандастардың ұйымдарымен, сондай-ақ мұражайлармен бірлесе қызмет ету; кино және тележобалар жасау; ел ішінде жіне шет елдерде жалпыұлттық және өңірлік брендтер қалыптастыру және ілгерілету; салауатты ұлт қалыптастыру, біріктіруші құндылықтарды зерттеу бойынша халқаралық тәжірибені пайдалану» сияқты жобаларын жаңғырту арқылы енгізіледі [12].

Қазақстандық құндылықтарды, ұлттық бірегейлікті, қоғамдық сананы өзгертуді, ұлтты рухани жаңғыртуды одан әрі қалыптастыру мен нығайтуға қатысты мәселелердің ірі қабаты тұжырымдамалық негіздеуге ие болды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен оның жаңа трендтермен, жаңғыртудың мазмұны мен символдарымен толықтырылған барлық алты жалпыұлттық жобаларын нақтылы жүзеге асыру ұлттық бірегейлікті бекітуше негіз, тұтас алғандағы мемлекеттік саясатты одан әрі өзгерту бойынша ұлттық рухани жобаға айналды. Іс жүзінде оның рухани жаңғыруын қайта құрастырудың бастамасы жасалынды. Сол арқылы қазақстан ұлтының алдағы уақыттағы ұзақ жылдар бойы қозғалысының жаңа векторы белгіленді, себебі аталған жаңғырту ең

алдымен сана мен ойдың жаңа моделін қалыптастырумен байланысты мәселелерді қамтиды. Саяси және экономикалық жаңғыртудың нәтижелілігі ең алдымен қоғамдық сананың деңгейіне тәуелді болатыны айқын болып келеді, онда руханилыққа басымдық беріледі. Сондықтан да рухани қайта өрлеу, рухани жаңару-бұл қазіргі заманның өзекті мәселесі. Қызметтің бұл саласы қазақстандық қоғамды біріктіруші құндылықтарды тереңдетуге басты назар аудара отырып түпкілікті жаңғыртуды жүзеге асыруды қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Кадыржанов Р. «Рухани Жаңғыру: қазақстанская модель духовной модернизации». – Научный журнал «Казахстан – Спектр», № 1, 2018 ж. 39 б.
2. Калашникова Н., Байжанов С. «Рухани Жаңғыру: перспективные тренды». – Научный журнал «Казахстан – Спектр», № 1, – 2018 ж. – 19 б.
3. Ашимбаев М.С., Косиченко А.Г., Нысанбаев А.Н., Шоманов А.Ж. Национальная идея: предложение к обсуждению // *Analytic*. №1. – 2005. 3-18 б; Косиченко А.Г. Опыт Республики Казахстан в сфере межконфессиональных отношений// *Казахстанский опыт межэтнического и межконфессионального согласия: предложения для ОБСЕ: материалы международной научно-практической конференции (Алматы қ., 25 ақпан 2009 ж.) / Отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2009., 103-111.б., URL: <http://www.kisi.kz/uploads/1/files/j11s1KZL.pdf> (пайдаланылу мерзімі: 14.10.2020), *Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности / Под ред. А.Н. Нысанбаева. – Алматы: Ин-т философии и политологии КН МОН РК, 2011. – 422 б., Абдина А. К. и др. Основные проблемы толерантности этнически неоднородного казахстанского общества // Мониторинг общественного мнения. – 2013. – Т. 8. – 144-155 б., Жолдубаева А.К. Многомерный образ человека в контексте казахской традиции// *Успехи современного естествознания. – 2011. – № 12. – 22-28 б., Забирова А.Т. Формирование, легитимация и воспроизводство идентичности в постсоветском Казахстане .***
4. Faranda R., Nolle D.B. Boundaries of ethnic identity in Central Asia: titular and Russian perceptions of ethnic commonalities in Kazakhstan and Kyrgyzstan // *Ethnic and Racial Studies*. – 2011. – 34. – №. 4. – P. 620-642; Brubaker R. Nationalizing states revisited: projects and processes of nationalization in post-Soviet states // *Ethnic and Racial Studies*. – 2011. – 34. – № 11. – P. 1785-1814; Beachain D., Kevlihan R. Threading a needle: Kazakhstan between civic and ethno-nationalist state – building // *Nations and Nationalism*. – 2013. – Т. 19. – № 2. – 337-356; Doganaksoy P. The role of language in the formation of Kazakh national identity: diss. – Middle East technical university, 2008.; Cummings S.N. (ed.) *Symbolism and power in Central Asia: politics of the spectacular. – Routledge, 2010, – 268 p.; Dave B. Kazakhstan: ethnicity, language and power. – Routledge, – 256 p.; Olcott M.B. Central Asia’s Catapult to Independence // Foreign Affairs. 1992. № 3 (71). Summer.*
5. Кадыржанов Р. Конструктивизм, примордиализм и определение национальной идентичности Казахстана // *Әл-Фараби. – 2012. – № 4(40). – 86-94 б, Книгин А.Н. Философские проблемы сознания [Текст]. Томск: Изд-во Томского ун-та, 1999. 338 б.*
6. Вокабула. Энциклопедии, словари, справочники – онлайн. – 2013 – 2015. URL: <http://www.вокабула.рф> (пайдаланылу мерзімі: 23.10.2017).
7. Гурьев Д.В. Загадки происхождения сознания. – М.: Изд-во РУДН, 1997. – 225 б.
8. Аузан А.А. Общественный договор и гражданское общество // *Мир России. 2005. – N 3. – 5 б.*
9. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. Астана, 2017. URL: <http://www.akorda.kz> (пайдаланылу мерзімі: 27.09.2020).
10. Карипбаев Б.И. К вопросу о развитии казахстанской идентичности в процессе трансформации национального сознания // *Опублик. на платформе G-GLOBAL. Ассоциация «Евразийский клуб ученых», 2010—2018. URL: <http://group-global.org/ru/publication/55010-k-voprosu-o-razvitiikazahstanskoy-identichnosti-vprocese-transformacii> (пайдаланылу мерзімі: 03.01.2018).*
11. Стратегия «Казахстан-2050». Новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента-Лидера нации Н.А. Назарбаева от 14 декабря 2012 Астана қ, 2012. URL: www.akorda.kz (пайдаланылу мерзімі: 27.09.2020).
12. Об утверждении Концепции укрепления и развития казахстанской идентичности и единства. Указ N 147 от 28 декабря 2015 г. Астана, 2015. URL: www.akorda.kz (пайдаланылу мерзімі: 27.09.2020).

Б.С. Оралбекова

КЕАҚ «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетті, boralbekova@mail.ru

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
НАСИХАТТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Барлық қазақстандықтар үшін ең ұлы құндылық, елдің әрбір азаматының оны көзінің қарашығындай сақтаудағы борышы және намысы – тәуелсіздік. «Тәуелсіздік» түсінігінің дәл мағынасы толық автономиялықты және өркениеттің өз ұлттық факторларының көмегімен дербес даму қабілетін білдіреді.

Мемлекет басшылыққа алатын құндылықтар, идеялар мен басымдықтар жүйесі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектерінде тұжырымды түрде баяндалған. Бұл – ұлтаралық келісім және ұлттар ішіндегі бірлік, қазақстандық патриотизм, жоғары тіл мәдениеті, толеранттылық, тұрақтылық және жаңғырту.

Қазақстандық патриотизм қызығушылығын және мінез-құлқын құқықтық нормаларды орындауға және бірігуге бағдарлай отырып халықтың және қоғамның мүддесін қорғайтын азамат-патриотын тәрбиелеуді болжайды.

Елбасының «Балапан «балапан бағдарламасы – ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берілген ерекше құжат. Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін мектепке дейінгі ұйымдардың да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт-дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі. Көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, аударыспақ, т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. мектепке дейінгі ұйымдар сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды қалыптастырып, рухани мұраға және ұлттық мәдениетке құндылық қатынастарын қалыптастыру отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Мектепке дейінгі ұйымдардың ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отансүйгіштікке тарихын мәдениетін салт-дәстүрін терең меңгеруге ана тілін қадірлеуге үйрету. мектепке дейінгі ұйымдардағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қиыстыру.

Тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт-дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт дәстүрін, ана тілін қастерлеу үлкенге – құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты – халықтан, пайымдылықты – қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу ісәректін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Тарихқа көз жүгіртсек ата бабаларымыз ғасырлар бойы жинақтаған өмір тәжірибесін, бай рухани қағидасын жас ұрпақта тәрбиелеуде пайдаланған. Бала тәрбиесіне ерекше мән беріп, үміт артып сергек қараған. Жас ұрпақтың алдына мақсат қойып, міндеттер жүктеген. Болашақ қамқоры, Отан қорғаушысы шаңырақ иесі, өмір гүлі деп есептеген. Ұлттық тәрбиені өмірлік тәжірибелері, ойға түйгендері, бастан кешкендері, ұстаған қағидалары, тұжырымдары, жинаған әдет ғұрыптары, салт дәстүрлері, ақыл – ойлары, тәрбие шежіресі халық педагогикасы болып саналады. Ұлттық тәрбиені халықтың ауыз әдебиетінде тәрбие дәстүрлерінде, шығармаларында, отбасы тәрбиесінде, ұлттық ойындарда, музыкалық шығармаларында және қолөнер туындыларында көрініс тауып ұрпаққа беріліп отырған. Халық дүниеге келген жас нәрестенің жолына бар жақсылықты бағыштаған. Балаларға арнап көркем сөздер, өлеңдер, жұмбақ – жаңылтпаштар, әңгімелер шығарған Ұлттық тәрбиеге сөздердің берері өте мол болған.

Патриоттық тәрбиенің түп қазығы ұлттық педагогика. Ұлттық педагогика – баланың анасына отансүйгіштік, еліне,жеріне деген махаббаты арттыру бесік жырлары, батырлық жырлар, ертегі, ұлттық ойындар арқылы ұлттық патриоттық сананы қалыптастыруға негізделеді.

Балалардың ұлттық санасын оятуға, бойындағы мәліметтерін дамытуға байланысты шараларды ұйымдастырғанда ұлттық киім, құнды жәдігерлер туралы үнемі айту, соларға қызықтыру, оны шынайы өмірмен байланыстыру т.б. әрек еттерді жиі қайталап отырған абзал.

Бұдан бала ұлттық құндылықтың маңызын түсінеді, қызығады. Бала тілінің дамуы өзін қоршаған ортамен тығыз байланысты. Туғандары, анасы қай тілде сөйлесе, бала да сол тілде алғашқы сөздерін айта бастайды. Бала тілі бал, олар түрлі пікірлер айту арқылы өз қиялын жеткізеді. Әр Қазақстан азаматы өз ана тілінде еркін сөйлеп, тілін құрметтеп, Отанының мемлекеттік тілін жетік меңгеруі тиіс. Осы сәтте балаға отбасы үлгі болуы қажет.

Ал мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеші баланың ойын дамытып, жігерлендіріп, алға жетелеу арқылы талпындырып отырғаны абзал. Ана тілі рухани тірегіміз екенін сәби көңілдеріне сіңіріп, олардың тіл байлығын дамыту бағытындағы шараларда тіліміздің тазалығын сақтауға барынша көңіл бөлген жөн.

Осы орайда оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы, атап айтсам, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлеріміздің бөлшектерін баланың деңгейіне қарай пайдалаған абзал.

Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтері еліміздің келешек ұрпақты ұлттық, халықтық және этностық-мәдени тұрғыда тәрбиелеуде және талантты ұрпақ тәрбиелеуге бағыталуы тиіс.

Әдебиеттер

1. ҚР білім беруді дамыту 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасы. <https://www.enu.kz>.
2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. Оқу құралы. Алматы, 2001. – 320 бет.
3. Тілеужан М. Рухани өнегелі тәрбие // Бала тәрбиесі. Алматы, 2006. – № 2. – 24 б.
4. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші // Бала тәрбиесі. – 2008. – № 47. – 38-б.

ӘОЖ: 323(574)

Қ.М. Болысова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, kuralai_2702@mail.ru

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕНТАЛИТЕТІ

Қазақ халқының әлеуметтік табиғатында құқықтық құндылықтардың алатын орны ерекше екені белгілі. Сондықтан, бүгінгі ұлт менталитетінде олардың көріну ерекшеліктерін анықтап алмай, қазіргі жүріп жатқан құқықтық реформаның пәрменділігі мен сапалық деңгейін, оның бағыт-бағдарын айқындау өте қиын.

Жалпы, құқықтық құндылықтар жекелеген адамдар мен әлеуметтік топтардың іс-әрекеттерінің, олардың мінез-құлықтарының, ойлау жүйесінің, дүниетанымының негізін қалап, бағыт беріп отырады. Басқаша айтқанда, құқықтық іс-әрекет осы құқықтық құндылықтардың адамдар санасына сіңісуіне тікелей байланысты.

Құқықтық реформаның басты субъектісі болып отырған, қазақ халқы үшін ғасырлар бойы жинақтаған дәстүрлі құқықтық құндылықтардың да қазіргі қазақ менталитетінің жағдайын тануға тигізер әсері мол. Сондықтан да, адамдар бойындағы дәстүрлі құқықтық құндылықтарды жаңа заман талабына сай зерттеу теориялық жағынан да және практикалық тұрғыдан да маңызды болып табылады.

Қазақ халқы менталитетіндегі ғасырлар бойы қалыптасқан құқықтық құндылықтарды зерделей отырып, қазіргі құқықтық реформаның құндылықтары мен қайшылықтарына жауап іздеуге әбден болады. Өйткені, қоғамның бүгінгі құқықтық санасымен түсінігінде, мәдениетінде кешегі құқықтық архетиптерінің іздері жатқаны сөзсіз. Олай болса, құқықтық реформа ұлт менталитетіндегі құқықтық түсініктерді де өз даму бағытында жасампаздық тұрғыдан пайдалануы тиіс. Өкінішке орай, құқықтық реформа жоғарыдан бастау алып отыр.

Мәселен, кеңестік идеология тұсында қалыптасқан құқықтық менталитетті менсінбеушілік, оған жоғарыдан қарау, оны конформизмнің, қоғамның архаикалық санасының көрінісі деген түсінік заң ғылымдары мен заң шығарушылық үрдісінде әлі жойылмаған. Осыдан да болар, бүгінгі күні ұлт менталитетінің құқықтық ерекшеліктері ескерілмей, батыстың дайын әлеуметтік-құқықтық жүйелері мен түсінік қағидаларын енгізу орын алып жатыр. Белгілі заңгер А. Котов: «Конституциялық немесе конституциялық режим сәйкестігі абстракциялық негізде емес, тіпті нормативтік идеядан тыс құқықта да емес, қайта жалпылама, саналық және жеке мінез-құлықтық негізде қалыптасуы керек. Оны заңға бағынушылық деп те атауға болады. Басқаша айтқанда, белгілі заңгер, қоғам мүшелерінің бойындағы құқықтық менталитеттің қалыптасуы құқықтық реформаның, конституцияның негізі» [1], – деген ойды алға тартады. Бұдан шығатын қорытынды, кез-келген адам құқықтық менталитет (бұл әрбір ұлттың өзіне тән ділі) туралы жалпылама түсінік қалыптастыра отырып, сақтай білуі қажет дегенге саяды.

Соңғы кездері БАҚ-да саясаткерлер мен іскер топ өкілдерінің, ғылым және мәдениет саласы қызметкерлерінің арасында сапалы заңдардың аздығы туралы айтқан пікірлері жиі кездеседі. Нәтижесінде, сапалы заңдардың аздығы құқықтық реформаны тежеп отыр деген тұрақты көзқарас қалыптасқан. Осы жерде, сонда сапалы заңдар көптеп шығарылса, қоғамның бір мәселесі өздігінен шешіледі ме?, деген орынды сұрақ туындайды. Ал шындығында, тіпті сапалы заңдардың өзі кейде орындалып, кейде орындалмай жатады емес пе. Демек, қоғамдағы құқықтық реформаны тереңдету, тек сапалы заңдардың пайда болуында ғана болмаса керек. Олай болса, құқықтық реформаны тереңдету сапалы заңдармен қатар құқықтық менталитетті, мәдениетті де қалыптастыруды талап етеді деген сөз. Егер құқықтық реформа халықтың құқықтық менталитетін ескермей, абстрактылы теориялық, идеологиялық деңгейде жүзеге асса, онда ол өзінің алға қойған мақсатына жете алмайды. Демек, құқықтық реформаның жылдамдығы мен бағыты негізінде халықтың менталитеті жатуы тиіс.

Қазіргі кезде, әлеуметтік-философиялық еңбектерде құқықтың мазмұны мен табиғатын ашуда тұрақты екі көзқарас қалыптасқан. Біріншісі – тыйым салу немесе дәстүрлі құқық, екіншісі – либеральдық, яғни адамның табиғи құқығы мен бостандығын паш ететін көзқарас. Дәстүрлі көзқараста құқық пен заң бір деп қарастырылады және олардың арасында айырмашылық жоқ. Құқық – адамдардың мінез-құлқын реттейтін, мемлекет тарапынан үнемі қолдау тауып отыратын жүйе. Бұл жүйені бұзғандар жауапқа тартылып, жазасын алады. Бұндай көзқарасты жинақтай айтсақ, «рұқсат етілмегендердің бәріне тыйым салынады». Екінші – либеральдық бағыттағы көзқарас XVIII ғасырда ағартушылық философия шеңберінде пайда болды. Бұл бағыттың негізгі өкілдері И. Кант, Ш. Монтескье, Ж.Ж. Руссо және т.б. XIX-XX ғасырдағы либералистерден Е.Н. Трубецкойды ерекше атауға болады.

Олардың ойынша, құқықта бірінші тыйым немесе жазалау адамның іс-әрекетін шектеу емес, керісінше адамның еркіндікке, бостандыққа деген құқығы. Құқық ұғымының алғашқы мәні: адамның өмір сүруге, меншікке, қауіпсіздікке, ар бостандығына, сөзге, көшіп-конуға құқығы. Басқаша айтқанда, құқықтың алғашқы негізі табиғи қарапайым құқық, оған мемлекет ешқандай шек қоймауы керек. Либеральдық көзқарас адамдардың тәуелсіздігін басты құндылық деп жариялай отырып, «тыйым салмағанның бәріне рұқсат» қағидасын алға тартады. Мәселен, Е.Н. Трубецкойдың пікірінше, құқық адамгершілікті нығайтуға қызмет етуі қажет. Ол И. Кант сияқты, құқықты тек адамдардың сыртқы еркіндігін ғана реттеп, оның мораль сферасына енгенін қаламады. Сондай ақ, Е.Н. Трубецкой өз шығармаларында құқық пен еркіндікті өзара байланыста қарайды. Ол, «еркіндік адамның маңызды қасиеті, қоғам мұндай жоғарғы құндылықты қамтамасыз етуі тиіс. Еркіндіктен тыс құқық жоқ. Еркіндік біріншіден, адамның белгілі мақсатқа жетуін қамтамасыз етеді, сыртқы эксплуатациядан қорғайды; екіншіден, құқық оған өзіндік анықтауға шартты түрде мүмкіндік туғызады, яғни айтқанда өздігінен мақсатына жетуге жағдай туғызады... Кез-келген адамды құқық субъектісі деп мойындау, белгілі бір шеңберде еркін» [2], – деген сөз дейді.

Сонымен, құқық мәселесінде екі методологиялық көзқарас пайда болды: біріншісі – адамдардың іс-әрекетіне, мінез-құлқына тыйым салу арқылы қоғамда тыныштық пен тәртіпті сақтау, екіншісі – жеке бастың еркіндікке құқығы. Әрине, бұл екі көзқарас бір-бірімен тығыз байланысты. Осы екі көзқарасты қазақ менталитетіне, тарихи дәстүрі мен мәдениетіне қатысты қарайтын болсақ, либеральдық көзқарастың жақын екенін мойындауымыз керек. Өйткені, либеральдық құқықтық құндылықтардың тамыры терең және қазақ менталитетінің даму логикасына сәйкес келеді. Ал, мемлекеттік құқыққа келсек, оның мемлекетпен бірге бір мезгілде пайда болғаны белгілі [3]. Демек, жеке бастың құқығы мемлекеттік құқыққа дейін пайда болған. Ол ұлт мәдениетінің ажырамас бір бөлігін құрайды және халықтың ғасырлар бойы жинаған даналығы негізінде, моральдық-этикалық қағидалар жүйесі мен салт-дәстүрі арқылы реттеліп отырған. Құқықтық құндылықтардың жеке

тұлғалық мағынасы «Адам-Әлем» қатынасын қамтыса, мемлекеттік құқық адам мен мемлекет институттарының арақатынасы негізінде туындайды. Бірінші қатынас биресми, қалыпсыз, кейде қалыпқа келе бермейтін немесе өте қиын келетін болса, екіншісі қалыпты, қатаң қалыптауға келетін және мемлекет осы қалыпты сақтауға, қорғауға, заңдық тұрғыдан талап етуге үнемі ынта танытып отырады. Әрине, жеке бастың құқықтық құндылықтары мен мемлекет құқығының арасында үнемі қайшылықтар болып тұрған. Ешқашан да бірде бір қоғамда бұл екі құқық жүйесінің арасында толық түсінік, гармониялық қатынастар болған емес. Десек те, қазақ менталитетінде бұл екі көзқарас, яғни либерализм мен традиционализм (дәстүрлік) заң мен құқық арасында ымырасыз қайшылық жоқ, олар қашанда өзара байланыста бірін-бірі толықтырып отырған. Бұл қазіргі құқықтық менталитетті қалыптастыру жолындағы басты методологиялық ұстаным. Бұл қазақтың қарапайым құқығының ұлт менталитетінде әлі де болса іздерінің бар екендігін және күнделікті өмірде кездесетінін білдіреді. Олардан бас тарту немесе архаикалық сананың қалдығы деп қарау, қоғамда құқықтық нигилизмді одан әрі күшейтуі мүмкін. Сондықтан, қазақ менталитетіндегі құқықтық құндылықтарды өмір қажеттілігіне жасампаздық тұрғыдан пайдалана білудің маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Сапарғалиев Ғ., Ибраева А. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Атамұра, 2007. – 197 б.
2. Ғабитов Т.Х. Заңгер этикасы. – Алматы: Раритет, 2006. – 192 б.
3. Бурбаев Т.Қ. Қазақ халқы менталитетінің даму ерекшеліктері. Монография. Астана, – 2005. – 277 б.

ӘОЖ: 323.2

И.М. Кемельбаева

№ 32 жалпы орта білім беретін мектеп, Семей қ., indira.kemelbaeva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ ЖӘНЕ ТАРИХИ – МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен мәдени дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын оқып шыққаннан кейінгі алғашқы байқайтынымыз, ойды жеткізудегі ерекше мәнерлілік, дәлдік пен қарапайымдылық.

Мәдени мұрамыз болып саналатын ескерткіштер уақыт өткен сайын табиғат, адам, қоршаған орта факторларының әсерінен тозады, ескіреді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бүгінгі күні тарих және мәдениет ескерткіштерін қайта жаңғырту жолында өзінің сүбелі үлесін қосып отыр. Бабаларымыздың найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, Алтай мен Атыраудың арасында, Алатау мен Ұлытаудың, Қаратау мен Шыңғыстаудың, Есіл мен Ертістің бойында аманатқа қалдырған ұлан-байтақ жеріміз тарих және мәдениет, сәулет ескерткіштеріне бай. Осы бағзының көзіндей асыл құндылықтарымызды қорғап, болашақ ұрпаққа қаз-қалпында жеткізу біздің асыл борышымыз. Қаншама ғасырлық тарихты бойына жинақтаған, археологиялық зерттеулер арқылы құпия сыры ашыла бастаған көне қалалар құрылысын бүгінгі буынға мейлінше сынын да бұзбай жаңғырта отырып, ерекшеліктерін де сақтап көрсету алға қойған басты міндеттерінің бірі.

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 12 сәуір 2017 жылы қалың бұқараға жол тапқан еді. Бір жыл уақыт аралығында Елбасы басты мақсат еткен бағыттарды орындау аясында кең ауқымды жұмыстар атқарылды. Білім ошағында білім мен тәрбие саласының басты бағыт ұстанымы – жас буын жастар. Иә, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, жаһандық өзгерістерге бейім, әрі патриоттық рухта тәрбиелеу қашан да өзекті мәселе болып келген. Сондықтан Президент ұсынған рухани жаңғыру бағдарламасы – бала тәрбиесіне жауапты мамандардың басты бағдарына айналуы заңдылық. Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол Ұлы Дала елінің бойында қалғып кеткен құлдық сананы ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелді. «Ұлттық код», «білім культі», «эволюциялық жол» жаңғыру терминдерін көпке жол сілтеуші темірқазыққа айналдырды. Рухани жаңғыру аясында Латын әліпбиіне көшу – заман талабы екенін Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев мақаласында айтып кеткен еді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Қазақ тілі әліпбиінің тарихы тереңнен тамыр тартатынын айтып өтті. VI-VII ғасырлардан бастау алатын көне түркілердің руникалық жазуынан араб әліпбиіне ауысып, кейіннен кириллицаға көшкен сүрлеу жолды тарих беттерімен сыр бөлісті. Расымен де, латын әліпбиіне көшу қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның және ғылымның жаңа қарқында

дамуынан туындап отыр. Осы орайда, колледж қабырғаларында «Латын әліпбиіне көшу: мәселе, пікір, ұсыныс» тақырыбы аясында кездесулер мен пікірсайыстар өтті. Әсіресе бұл үдеріс студент жастарымызға ғылым мен техниканы меңгеруге жол аша отырып, төл әліпбиіміздің қайта жаңғыруына мүмкіндік бермек. Жалпы, колледж жастары латын әліпбиіне көшуді қолдайды. Оған қоса, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Қазақстанның мәдени мұра жобасы – Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев бастамасымен іске асырылған мемлекеттік бағдарлама, стратегиялық ұлттық жоба. Қазақстандағы мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктерің зерттейді.

«Мәдени мұраның» мақсаты – елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу. Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген. Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін.

• 2004 жылдан – бағдарламаны жүзеге асыра бастаған кезден – бастап тарих пен мәдениеттің 78 ескерткішінде реставрациялық жұмыстар бітірілген, олардың 28-і (35%) – 2008-2011 жылдары реставрацияланған.

• Біздің түп-түқияндарымыз туралы көптеген мәлімет беретін ғылымды мыңдаған артефактылармен байытқан 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеу жүргізілген. Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті мен Берел қорғандарындағы қазбалар, «скиф-сібір аң стиліне» немесе өнерге жататын табылған алтын бұйымдар әлемге әйгілі атақ алды (б.з.д. V-III ғғ.).

• Тәуелсіз Қазақстан тарихында алғаш рет еліміздегі ескерткіштердің масштабты инвентаризациясы өткізілді және республикалық (218 нысан) және жергілікті (11 277 нысан) маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің Тізімі қабылданды.

• Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения сонымен қатар АҚШ пен Батыс Еуропаға ғылыми-зерттеу экспедициялар нәтижесінде 5 мыңнан астам құнды тарихқа, этнографияға, Қазақстан өнеріне байланысты архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы керек уақытында ұсынылды. Қазіргі біздің тарихи даму кезінде бұрын-соңды болмағандай өзіміздің тарихымызды білуіміз қажет. Әсіресе қазіргі замандағы жастарға. Бағдарламалар көп болғанымен, олардың біреуіде «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен салыстыруға келмейді. Сол бағдарламаның ерекшелігі, үлкен іске ортақтастық. Әр адам өзінің үлесін қоса алады. Ол біреуге көмектесіп, әлеуметтік бағдарламаларда, қолдаушылықта және тағыда басқа қоғамдық жұмыстарға қатысудан басталады. Соған қатысты көптеген мысалдар бар. Адамдар адал ниетті жекеше бастамадан бастап, жастар өзінің рухани жаңғырғанын көрсетеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру жылдарында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге байланысты 537 кітап бір жарым миллионнан астам тиражбен шығарылды. Олардың арасында: «Бабалар сөзі», құрамына Еуропа, Америка, Австралия, Африка, Азия мемлекеттерінің әдеби шығармашылығы кіретін «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасы», «Әлемдік мәдениеттанушылық ойлар», «Экономикалық классика», «Әлемдік философиялық мұра» сериялары кездеседі.

Қазақ халқының философиялық мұрасының байлығын көрсететін барлық шығармалар мысалдарын біріктіру алғашқы әрекеті «Қазақ халқының ежелгі заманнан қазіргі кезге дейінгі философиялық мұрасы» болған. Қорқыт-атаның айтқан сөздерінен бастап Абай мен Шәкәрімнің көзқарастарымен жалғасатын Ұлы дала ұлдарының философиялық көзқарастары әлемдік гуманистикалық рухани мәдениеттің алтын қазынасы болып саналады.

Бұл басылымдардың әрқайсысы – ғалымдар, жазушылар, аудармашылар, архивистер, кітапханашылардың бірлескен еңбек нәтижесі.

Көптеген 18-19 ғасырларда қазақтардың өмірі мен тіршілігін зерттеген ғалым-фольклористер, өздері басқа ұлт пен мәдениет өкілдері болса да, қазақ халқының ерекше ақындық, прозалық және музыкалық таланттарына, халықтың шығармашылыққа, қарқынды музыкалық-ақындық импровизацияға қабілеттілігіне, халықтың музыкалық өнерге молынан қатысуына таң қалғанын қоймаған.

Қазақ халқының дарындылығы туралы Ш.Уәлихановтың айтуы бойынша «Қазақ даласының Геродоты» А.И. Левшин былай деп тура айтқан: «Қазақтар адамның сазгер немесе ақын болып туылатынының бір дәлелі болып табылады». А. Эйгхорнның қазақтар музыкасы туралы өз еңбегінде жазғаны: «Қазақтың әндері көкке көтеріліп бара жатқан бүркіттей өктем де, ерікті.

Олар кішкентай баладан қария шалдарға шейін, бойжеткен қыздардан үлкен апаларға шейін барлығы айтатын мызғымайтын халық игілігі». Қазақ халқының ән дәстүрлеріне таң болған танымал орыс ғалымы Г. Потаниннің жазғаны: «Мен үшін бүкіл қазақ даласы әндетіп тұрғандай».

Талантты жыраулар, ақындар, өлеңшілер, күйшілер, әншілер өнер тудыра отырып адамдарды «тамаша құпия» – музыкаға ортақтастырды. Ұлы далада намысшыл және рухани азат олар өз халқында патшалармен, әйгілі мемлекеттік қайраткерлермен және ірі қолбасшылармен бірдей құрметті болды.

Қазақ халқы өз тарихында бай музыкалық мәдениеттің өте бағалы негізін қалады. Қазақтардың ежелгі тұқымдары – көптеген номадтар өркениетінің тайпалары – бай аспаптық, аспаптық музыка, қазіргі заманғы дәуірге лайық жалғасын тапқан өзіндік музыкалды-ақындық салттар құрды.

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарлама аясында «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күй, 1000 әні» («Вечные напевы: 1000 кюев, 1000 песен») қазақтың дәстүрлі әуендерінің Антология жобасы құрылды. Бұл өлшемі бойынша ұлттық тарихтағы түпнұсқалық орындаудағы әндерді жинау, дайындау, өңдеу, реставрациялау, цифрлік ету және оларды CD-дискілерге шығару боайынша теңдессіз еңбек. Қазақтың дәстүрлі музыкасының антологиясы – бүгінгі күнгі қазақ дәстүрлі музыкалық шығармаларының цифрлік тасымалдауыштағы жалғыз толық жинағы. Жазбалардың көбісі қалың елге қолжетімсіз болатын, архив жұмысшыларынан басқа. Енді кез-келген қалаушы орындаудың классикалық мысалдарын тыңдай алады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. Назарбаев айтқандай: «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады». «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне шығу мына мақсаттарға қол жеткізуді көздейді: – еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық ғылым кафедраларын қайта құру; – гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік 100 кітапты қазақ тіліне аудару; – мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру. Оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасының жиынтық әсері 2018-2019 жылдардан бастап еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемде үздік оқу үлгілері болып табылатын кітаптармен оқуды бастайды. Сондай-ақ, Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету.

Сонымен қорыта келгенде, бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз. Ең бастысы – бағытбағдарымыз анық, жолымыз жарқын.

Әдебиеттер

1. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – Астана 2006-2011 жылдар
2. Н.А. Назарбаев Президенттің Қазақстан халқына жылсайынғы жолдауы – Астана, – 2003-2018 жылдар.
3. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 2002. – 240 бет.
4. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. – 336 б.
5. Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым). – Алматы: Атамұра, 2008. – 544 б.

А.Т. Смағұлова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, shakarimtanu.semey@mail.ru

АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН

Қайым Мұхамедханұлы – тұтас бір ұлттың тәуелсіздікке құштар болмысын ұран еткен жан. Менің бұл ойыммен келіспейтіндер де табылар. Дәлел. Екі жылға созылған Өнұран бәйгесінде оқ бойы озық келгендігі. Өнұранның ұлттық рух пен асқақ пафоста жазылуына тікелей араласпаса да М.Әуезовтің ақыл-ойы, ұстаздық кеңесі болғандығын ешкім де жоққа шығармайды.

Өнұранның мазмұндық тақырыбы кеңестік идеологиямен сарындас болса да, ұлт рухы тақырыптық астармен беріледі. Қазақ халқының азаттық аңсаған бейнесінің өсу жолы бар. Өлеңнің ырғақ күшінде, композициялық құрылымында рух асқақтығы бар. Бар қуаты, шығармашылық екпіні бірінші шумақтың алғашқы екі жолына сыйдырылған.

*Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған,
Бостандық өмір мен ар үшін қиған жан [1].*

Заманында осы бір ғана «Ер» сөзі үшін Қайым ұсынған гимн авторлығына бригадалық тәсілді қолданылды. Кеңестік өмірді дәріптеп тұрса да ақын қазақ елінің күрескер бітімін ашуды өзіне парыз санағаны анық білінеді. Осы жолдардан еркіндік пен бостандық үшін жанқияр ерлікке әрқашан әзір қайсар жұрттың мінезі танылады.

*Ер қазақ ұлы, жауды қу!
Артында қыруар елің бар.
Қайыспас асқар белің бар.
Жеңіске берік сенім бар [1].*

«Ер қазақ» тіркесі Қайымның төл лексиконы. Ақындық қырын ашатын жырларының барлығын «ер қазақ» деген бір ғана ұғыммен тұжыруға болады.

Ақын – өз дәуірінің перзенті. Сексен алтыншы жылғы желтоқсан оқиғасында да Қайым қазақтың ұл-қызының ерлік ісіне сүйсінсе, кеңестік жүйе жендеттерінің қорлық істерінен түңіледі. Ұлт мүддесін аяқ асты қылған қаскөйлерге соншалықты мейірімсіз. Қайым әділдікті жақтап, халық атынан ел опасыздығына қарсы шығады. Ақынның лирикалық қаһармандары – мал мен жанның емес ар намыстың құлдары. Осы тұста алаш ақыны М.Жұмабаевтың жастарға сенген адал жаны Қайым өлеңімен енді өлмеске қайта тіріледі.

*Қызыл қыршын қазақтың ұл-қыздарын,
Адал жүрек, ар намыстың құлдарын,
Мәңгі-бақи ел есінен кетер ме,
Сөгіп, соғып, қанын төгіп қырғаның.*

*Тұншығарсың шәйттердің қанына,
Жанталасып, сая таппай жаныңа,
Қара жер де тітіркеніп, жиреніп,
Жан жоламас өлексеңнің маңына! [1].*

Осынау уытты жолдар мен ащы ой шындығы арқылы тәуелсіздіктің келер таңын қарсы алады. Ақынның тәуелсіздік идеясын ту етіп көтергендігін бүгінде ешкім жоққа шығара алмайды. Желтоқсан оқиғасында қыршын кеткен жастарымыздың басына түскен ауыр халді саналы ғұмыры абақтыда өткен ақын жүрегі жақсы сезеді.

Ал, қазақ халқы егемендік алып, өзінің мемлекеттік тұғырнамасын айқындаған тұста Қайым ақын:

*Қазағым жарыста
Самғаған гарышқа
Бостандық, береке ұраны
Тайсалма, тартынба,
Құлашта, жарқылда,
Алаштың ұланы – [1].*

– деп барша Қазақстан халқының атынан келер ұрпақты тәуелсіздіктің баянды болуына қызмет етуге шақырады. Бұл өлең Сұлтанмахмұттар бастаған алаштың әнұраны рухымен жазылып, егеменді Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің байқауына гимннің үлгі мәтіні ретінде ұсынылады. Бұл алаш үні еркіндікке құштар еліміздің ертеңге деген жарқын сенімімен құнды.

Қайым өлеңдерінде жиі қолданылатын ақ құс, бақыт құсы сынды буырқанған тіркестер соғыс кезеңінде, одан кейін абайтану ілімі, Абайдың ақын шәкірттері нақақ қарланып жатқан кезеңде ақынның бар сезім-сырын, көңіл-күйін жекізген. Халқының тәуелсіздік алып, егеменді ел атануын аңсаған ақын жүрегінің тілеуі құс болып самғап, жыр болып жырланды. Көңілдегі көрікті ойды сол көркем қалпында айтып беру мақсатында жұмсалған осынау сөз саптаулары, өзіндік бояу кестелері Қайым Мұхамедханұлы поэзиясының ерекшелігін айқындайды.

Қ. Мұхамедханұлының өмірінің аса ауыр кезеңі 50-жылдар екені баршаға белгілі. Өзінің алаш идеяларын жүзеге асырмақ ниеті үшін қорлық көрген мезеттегі ақын туындыларына зер салсақ:

*Жай жүрсем, табалады ұтылды деп,
Қатты бассам, күндеді құтырды деп,
Орта жүрсем, онда да көре алмады – ау,
Бұл өзі ақылды адам сықылды деп.*

Қайымның лирикалық мені қайсар жанымен қоғамның талабына бейімделе алмайды. Оның ғалымдық еңбегін, азаматтық мінезін ортасы әділ бағаламады. Ұлттық мүддені жеке бас қамынан жоғары қойған ақын жаны кеңестік идеологиялық мақсат-міндеттермен үндеспейді. Бұл өлеңде ақынның келешек өмірден түңілуі жоқ, керісінше өз заманының адам түсініп болмас әсірелігіне таңырқау мен негилистердің құнсыз тірлігіне күйіну бар. Ұлы Абай халықтық асқақ мұрат жолында, боданшыл психологияға «тәуекелмен батыр ой, өткір тілді» қару еткені белгілі. Қайым да хакім Абайдың үлгісімен батыл ойы мен нар тәуекел сөзін сол жолға арнайды.

Қ. Мұхамедханұлының Абайдың «Дұға» атты әйгілі аудармасымен ой жүлгесі бір, Мағжанның «Абақтыда айдан, күннен жаңылдым» өлеңімен тағдыры бір жыры «Балаларыма» деп аталады. Бұл өлеңді ғазиз ақын 1952 жылы Карлагтың абақты темірлі торлы тас қабырғасында жүріп жазған. Тас қапастың айуандықпен жанын езген, тәнін қорлаған бар кінәсі өз еңбегін ұлт бақытына арнағандығында. Отбасы шаттығын сағыну, балаларын аңсау ақынның өзі туралы жазылған лирикасының басты мәні болып саналады. Қайым:

*Сағындым да, сарғайдым да, жүдедім.
Қайғы отына өртенгендей жүрегім.
Көңіл қаяу, жүрек баяу соққанда,
Осы өлеңім дұғам менен тілегім [1].*

– деп жас нәрестесіне әкелік мейірін көрсете алмаған ақын жүрегі қан жылайды. Ақынның балаларынан сұрар жалғыз тілегі – әкені мейірімсіз деп тас бауырлыққа баспау. Қиналған, қорлық көрген шақта ақындардың сөз құдіретіне табынып, сыр айтар жан серігі музасы болмақ. Қайымның да жан дауасы мен жұбаныш табар дұғасы – қазақтың қара өлеңі. Поэзиядан жүрек жарасына ем іздеуі айтулы ақындардың айнымас үлгісін мұрат тұтқандығын, медет қылғандығын көрсетеді.

Қайым Мұхамедханұлы Карлагта жүргенде Н.М. Карамзиннің «Бедная Лиза» повесін тәржімалады [2]. Осы аударма арқылы қорлық көрген жанына шығармашылық еңбектен медеу тапқандай әсер қалдырады. Біздіңше, басты себеп Лиза басындағы ауыр хал төңірегінен туындаған ой түйіндерінің аудармашы тағдырымен сабақтастығы. «Сормандай Лизадан» көрініс беретін ой сабақтастығы – сатқындық. Қыз бен жігіт жүрегінен алаулаған махаббат оты сатқындық кеселінен қайғылы қазаға ұласты. Бұл аударманы Қ. Мұхамедханұлы жазықсыз жала жабылып түрмеде жүрген кезінде аударған. Халқымыздың біртуар ерлерін қолдан жасалған нәубетті жылдарда жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыратуының өзі де сол сатқындықпен, сенімсіздікпен байланысты. Қ. Мұхамедханұлының айдауда жүріп осындай тәржіма жасауының астарлы себебі осында жатыр ма деген ой топшылаймыз.

Қайым – абайтанушы, ақын, драматург, аудармашы, ҚазССР-нің тұңғыш Гимнінің авторы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, алаш алыптарының соңғы тұяғы.

Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағында 1916 жылдың қақаған қаңтарында дүниеге келген нәрестенің де болашағына киелі жердің қасиеті дарыды, алаш рухымен нәрленді. Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағы алаш қайраткерлерінің жиі бас қосып, сұхбат құрып кеңесетін ордасы, елдің танымал ақын-әншілерінің сағаттап отырып ән мен жырға толтырған өнер базары болған еді. Халық зиялылары бас қосып кеңескен әңгіме-дүкен бала Қайым зердесінде жатталып, көкірегінде

шежіредей қатталып, кемелдікке жетеледі. Өмір тәжірибесінде үнемі сәуле беріп ұлтжанды болып өсуіне себеп болды. «Иә, мақтанды деме, қарағым, сол еңселі шатырлы үйде кімдер болмаған десеңші! Шәкәрім, Көкбай, Турағұл болып бұл тізім жалғаса береді. Алдыңғы ағалардың асыл жүздері есімде еміс-еміс сақталса, кейінгілерді есейіп қалғанда көргендіктен бәрі де есте», – дейді алаш абызы [3].

Мұхамедхан Сейітқұлұлы турасында мәліметтер мардымсыз болса да, оның сол кездерде шығып тұрған газеттерді жаздыртып алуы, сөрелерде кітаптардың толып тұруы (Қайым ағаның естелігінен) көзі ашық, көңілі ояу, тілегі адал жан екендігін айғақтайды. Оның ұлт руханиятына демеушілік қылған еңбектері кеңестік саясаттың құрбанына айналды. Халық жауы деген жалған айып тағылды. Көмусіз, атаусыз қалды. Бұл алаш арыстарының тағылымын, әке тәлімін санасына құйып өскен Қайым сынды текті ұланның жігерін жасыта алмады, керсінше шым болаттай шыңдады.

Қазақ ұлтының асыл қазынасы мен мәдени мұрасын танытуға бар саналы ғұмырын арнаған Қайым Мұхамедханұлы сөз өнерінде, әдебиеттану ғылымында қадау-қадау еңбектер қалдырып, дарынды суреткер, парасатты ғалым ретінде танылды.

Қ. Мұхамедханұлы қазақ әдебиетін зерттеу ісіне тың екпін, өлшеусіз үлес қосты. Абайдың ақын шәкірттері мәселесін тұңғыш ғылыми тақырып етіп көтерді. М.Әуезовтің кеңесі бойынша 1938 жылдан бастап Абайдың ақын шәкірттерінің әдеби мұраларын жинақтап, ғылыми негізге түсіріп, ұлттық құндылықтарын нақтылады. 1951 жылы 7-сәуірде «Абайдың әдеби мектебі» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. «Абайдың ақын шәкірттері» деген ұғымды тиянақтағаны үшін Қ. Мұхамедханұлына жазықсыз жала тағылып, бас бостандығынан да айырылды.

Түрме тауқыметін Қайым аға былай есіне алады: «Өтірік анықтамаға қол қоймауға бекіндім. Ол кезде жасым отыздан асқан, күш-қайратым бойымнан қайтпаған кезім. Алдағы күндерде не болар екен деп алаңдаулымын. Тергеушілер бір күні мені бір жеке бөлмеге қамап кетті. Ішінде еш нәрсе жоқ. Тек қана ортасында турник құрулы тұр. Бұл не, мені турник ойнасын деп қойған ба деп таңдандым. Байқасам біруақтарда бөлме қатты жылынып, бірте-бірте ысып барады. Табаным күйіп барады. Саса бастадым. Не қыларымды білмей дағдарып тұрып, жан қысылған соң құрулы тұрған турникке асыла кеттім. Көп тұруға қолым шыдамай барады. Турниктен қолымды жіберейін десем, табаным ыстыққа тиіп күйетінін сезіп тұрмын. Жандалбасамен турникке асылып, қолым қарысып қалыпты. Оны мен есім ауғандықтан сезетін халім жоқ. Бір кезде өздері келіп мені босатып алыпты. Тағы да есім кірген соң «қол қойдың» астына алды. Көнбедім. Екі-үш күн өткен соң тағы да «қол қой» деп қыстады. Қасарыстым. Көнбеген соң кешегі бөлмеме апарып тағы да қамап қойды. Бірақ бөлмеде құрулы тұрған турник жоқ. Үй ысыса не лаж етем деп ойланып тұрғанда, бөлменің суи бастағанын сездім. Бөлме суығы үдеп барады. Тісім тісіме тимей қалтырап барамын. Өлместің қамын жасап, үйді айнала зыр жүгірдім. Тоқтасам қатып қаламын, тек жүгіру ғана жанды сақтап қалмақ. Жүгіре-жүгіре талып түссем керек. Ес-түссіз жатқан мені тағы да өздері сүйреп алып шықты» [4, 2]. Тәңірдің емес, пенденің қолымен жасалған тозақ Карлагтың адам төзбес қиянаттарына шыдады.

Қ. Мұхамедханұлының ауыр тағдыры қазақ елінің XX ғасырдағы алмағайып тарихы, қала берді ұлт зиялы қоғамының тартқан тауқыметі ұқсас. Бірақ ғалым қажымай, талмай қайрат тауып Абайдың әдеби мектебін халықтың рухани игілігіне айналдырды. 1993-1997 жылдары жарық көрген «Абайдың ақын шәкірттері» зерттеу еңбегі ғалымның ұзақ жылдардағы зерттеуінің жемісі еді. Қайым Мұхамедханұлы тапқан, жиыстырған, баспаға дайындаған, түсініктемелерін жазған шығармалары жарияланғанын былай қойғанда, Турағұл, Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әріп бастаған дарынды да, талантты ақындар легінің халқымен қайта қауыштыру әдебиеттану ғылымында Қ.Мұхамедханұлының ғалымдық табандылығына тиесілі. 1995 жылы жарық көрген «Абай мұрагерлері» – Абай дәстүрін ұстанушылардың шығармашылық мұраларына арналған ірі ғылыми туынды. Бұл рухани мұралар кеңес заманында жүзеге асыру мүмкін болмаған ғалым ізденістерінің заңды жалғасы болды.

Абай шығармаларының текстологиясын зерттеу де Қ.Мұхамедханұлының бастамасымен жүзеге асқан әдебиеттегі соны үрдіс. Абайдың ақындық мектебінің Шәкәрім, Әріп, Турағұл, Көкбай сынды дарынды шәкірттері халық жауы ретінде танылғанда, Абай шығармаларының мәтін түзу мәселесі туралы сөз қозғаудың өзі әдеби ерлікпен пара-пар іс болды. Ғалымның 1959 жылы жарық көрген «Абай шығармаларының текстологиясы» еңбегі соның айқын дәлелі. Бүгінгі күнде Қайым Мұхамедханұлы негіздеген мәтін Абай шығармашылығының бірден-бір жүйеленген, толық мағынасындағы текстологиялық тиянақты үлгісі болып табылады.

Мекемтас Мырзахметұлы Қайым ағамен өзінің зерттеу жұмысының тақырыбы туралы ақылдаса келгенде: «Тақырыбың өте күрделі екен. Үдесіне шыға аласың ба? – деп сенбегендей сұрақ

тастады да, артынан «Мұхаңа абайлап бар, ол кісінің пікірлері кейде жағдайға қарап өзгеріп отыратын. Сол жерін тап басып, дәл түсінбесең адасасың. Мысалы, Мұхаңның Абайдың шығысына қарым-қатысы жайлы пікірінің 1949 жылға дейінгі даму жолын қара, содан кейін КПСС ОК 1949 жылы шыққан космополитизм туралы қаулысынан кейінгі Абайдың шығысына қатысы туралы пікірлерімен салыстырып қара, арада үлкен айырмашылық бар. Неге? Бәрі де сол тұстағы саясаттың ұйтқуына байланысты болып отыр. Осындай Мұхаң шығармаларындағы кілтпанды түсінбесең адасасың немесе шындыққа жанаспайтын пікір айтып қалуың мүмкін» деген келелі кеңес берген [1]. Бұл әуезовтануда ғана емес абайтануда да назарымыздан тыс шығармайтын мәселе.

Қайымның шығармашылық ғұмырбаяны, ғалымдық өсу жолы халқымыздың рухани кемелденуімен тығыз байланысты. Алаш өмірінің рухани ақиқатын айтуда бас кетсе де тартынбады. Тар жол тайғақ кешсе де, алған бағытынан тартынбай елдігімізді танытар асуларды бағындырды. Абайтану ғылымының ендігі алар бел-белестерінің бағытын, атқарар міндеттерін нұсқады.

Қайым Мұхамедханұлының өмір жолы қазақ қоғамының дағдарысқа түсіп, кеңестік тоталитарлық жүйенің құрсауында қалған ұлттық мүдде сарапқа түсер шақпен тұспа-тұс келді. Өзінің өмір белестерінен ұлт тағдыры сынға түскенде алаш мүддесі үшін, ұлт руханияты үшін күресіп, сол жолда адам төзбес бейнет те тартып, өмірінің соңғы сәтіне дейін әдебиеттану ғылымына шексіз адал болды. Қайымның ғұмыр жолы қиындықта мұқалмас, тасқа шапқан сайын жетілетін ақ алмас сынды ұлттық рухты әйгілейді. Қайым – бекзада болмысымен, ғалымдық мұратымен ұмытылмас өмір тапқан жан.

Әдебиеттер

1. Мұхамедханов Қ. Он томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ел-шежіре, 2009, Т. 7. – 312 б.
2. Мұхамедханов Қ. Сормандай Лиза // Семей таңы, 1966.
3. Жұртбаев Т. Қайсар ғалым // Жұлдыз, 1986, – № 1. – Б. 15.
4. Ахметбекова А. Жақсының сарқыты // Семей таңы, 2001, – 5 қаңтар. Б. 2

УДК: 3.34.343

А.Б. Батталов

СОШ № 24, г.Павлодар, adil130382@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ ПОЛОЖЕНИЙ УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОГО ПРАВА В СУДОПРОИЗВОДСТВЕ БИЕВ

В 2020 году исполнилось 60 лет с момента опубликования монографии Таира Мулдағалиевича Культелеева «Уголовное обычное право казахов», посвященной исследованию специфических особенностей развития казахского уголовного обычного права. Вместе с тем, для реализации в судебной практике биев норм уголовного обычного права как материальной отрасли были необходимы процессуальные процедуры их применения, что обуславливало в свою очередь формирование норм уголовно-процессуального права. О достаточно высоком уровне судопроизводства биев писал в свое время известный русский востоковед В.В. Григорьев: «У киргизов такое превосходное судопроизводство и такие порядки следственного и судебного процесса, каким могут позавидовать многие издавна цивилизовавшиеся народы» [1].

В первую очередь это касается обвинения в суде в частном, частно-публичном и в публичном порядке. Так, например, уголовные дела частного обвинения могли возбуждаться по инициативе потерпевшего или его родственников. Дела, затрагивавшие интересы целой кочевой общины (захваты пастбищных территорий, зимовок, угон скота в большом количестве, похищение женщины и др.) или личные и имущественные интересы более влиятельных и «почетных» лиц, возбуждались по усмотрению султанов, биев, аксакалов и т.д. Такой порядок возбуждения уголовных дел отмечал Г. Загряжский: «Бий, знающий почему бы то ни было о преступлении, может немедленно произвести розыск и потребовать к суду людей прикосновенных, хотя бы к нему и не поступило об этом никаких жалоб» [2].

Во второй половине XIX века наряду с возбуждением уголовных дел частного обвинения в нормах обычного права усиливалось начало государственности (публичности). В одном из замечаний, представленных Главным управлением Западной Сибири по проекту «Временного положения об управлении в степных областях» (1867 г.) указывалось: «Бии приступают к разбору дел

уголовных в двух случаях: а) по жалобе лиц и б) по сообщениям полицейских и других властей о преступлениях и проступках, подлежащих преследованию, независимо от жалоб частных лиц» [3].

Суд биев основывался на состязательном процессе. Каждая сторона являлась на суд при необходимости со своим бием, иногда и не с одним, которые в качестве своеобразных адвокатов представляли интересы своего сородича. Об этой особенности судопроизводства говорил Ч. Валиханов: «Суд биев производился словесно, публично и во всех случаях допускал адвокатуру. Он был в таком уважении у народа, что не требовал и не требует до сих пор никаких дисциплинарных мер» [4].

Допускалась возможность прекращения уголовных дел в любой из стадий уголовного процесса в связи с примирением сторон. Присяга признавалась как основной вид доказательства для установления виновности или невиновности обвиняемого. Судебные следствия велись с начала и до конца в устной форме без применения каких-либо записей.

Со второй половины XIX века были введены бийские книги, в которые записывалось краткое содержание приговоров или решений биев. Приговоры суда биев иногда оформлялись отдельно в виде письменного документа. Эти материалы, частично сохранившиеся, находятся в различных архивах Казахстана и Узбекистана.

«Уставом о сибирских киргизах» 1822 года был установлен порядок обжалования приговоров судов биев. Приговоры признавались не окончательными, недовольная сторона могла подать жалобу областному начальнику, от которого зависело их утверждение или не утверждение. Однако этот новый порядок апелляции на решения суда биев привел на практике к значительному упадку его роли.

К одной из особенностей обычного судебного процесса относилось наделение биев возможностью толкования действовавших общих норм, а также формулирования новых норм права «на основе старых норм либо исходя из собственного разумения (здорового смысла, добрых нравов, справедливости) Всякий бий при осуществлении правосудия руководствовался множеством наличных казуальных (конкретных) или общих норм права, требовавших конкретизации в соответствии с обстоятельствами применения» [5].

Особенности рассматриваемых споров нередко диктовали необходимость применения биями не только норм обычного права, но и знаний не общеизвестных, полученных в результате накопленного житейского опыта, природной наблюдательности, способности к аналитическому мышлению, профессиональному совершенствованию. Примеры подобного применения биями таких знаний содержатся, в частности, в книге И.И. Крафта «Из киргизской старины» и позволяют сделать вывод, что в практике суда биев формировались процессуальные действия, впоследствии получившие свое законодательное закрепление в Уголовно-процессуальных законах. Это обстоятельство можно проиллюстрировать на следующих примерах судебных процессов, приведенных И.И. Крафтом.

«Много лет тому назад в степи славился своей мудростью и справедливостью один бий. К нему стекались издалека тяжущиеся и всегда получали суд правый и скорый. Однажды к этому бию являются на суд двое мужчин и одна женщина. Мужчины, из которых один мулла, спорят о женщине. Один говорит, что женщина – его жена, а другой утверждает, что его. Женщина заявляет, что она будто бы состоит в замужестве за соперником муллы. Выслушав спорящих, бий сказал: «Оставьте женщину у меня и приходите завтра, я объявлю свое решение».

После этого приходят к бию мясник и другой мужчина за разрешением спора о червонце. Спор возник из-за того, что к мяснику пришел покупатель и при получении сдачи взял вместо медной монеты червонец, утверждая, что ему следовало получить червонец. Мясник оспаривал несправедливость притязаний покупателя, но свидетелей ни у того, ни у другого не было.

– Отдайте мне червонец, и приходите завтра за решением, – сказал спорящим бий.

Затем явились еще двое мужчин, из которых один был бием, спорившие о принадлежности лошади. Свидетелей и вообще каких-либо доказательств спорившие представить не могли, но каждый из них утверждал, что лошадь его.

– Приходите завтра, а лошадь поставьте мне во двор, – был ответ бия этим тяжущимся.

Назавтра, в назначенное время предстали перед бием все тяжущиеся. Бий объявил свое решение: женщина должна быть взята муллою, как его жена; червонец принадлежит мяснику, а несправедливо оспаривающие должны уплатить «айып» (штраф). Спорившие, беспрекословно повиновались решению и удалились, благодаря бия за его справедливость.

Спорившим о лошади бий предложил каждому в отдельности узнать свою лошадь, стоящую с лошадьми одинаковой масти. Каждый из споривших, подойдя к лошади, совершенно правильно

указал ту самую лошадь, о которой шел спор. Тогда бий объявил, что лошадь принадлежит одному из тяжущихся, именно бию, а другого подверг штрафу за несправедливое притязание.

Тяжущийся бий, получивший свою лошадь, был очень удивлен справедливостью решения и попросил судью сказать, как он узнал правду о всех трех спорных делах.

Это нетрудно было сделать. Когда все ушли, я заставил оставшуюся у меня женщину вычистить чернильницу и письменные принадлежности. Спустя немного времени я увидел, что все было исполнено с большой аккуратностью, и чернильный прибор стоял на своем месте, поставленный опытной рукой. Я не сомневался уже, что женщина была женою муллы, так как хорошо умела обращаться с письменными принадлежностями, тогда как другой претендент был неграмотный и таких вещей у себя не имел. Оставленный у меня червонец я опустил в горячую воду и увидел, как на поверхности воды всплыли жирные пятна. Очевидно, что червонец долго находился в руках, запачканных салом, и стало быть он принадлежит мяснику. Трудно было решить дело о лошади, так как спорившие признали ее среди других лошадей. Но когда подходил неправильно споривший, лошадь вздрогнула и фыркнула, а когда подошел к ней ты, лошадь узнала своего хозяина и ласково взглянула. Я узнал поэтому, что лошадь твоя, и отдал ее тебе» [6].

Приведенные примеры свидетельствуют о применении бием при разрешении судебных споров не общеизвестных знаний путём проведения различных исследований, экспериментов, что позволило получить необходимую доказательственную информацию, способствовавшую справедливому разрешению споров. С точки зрения современных представлений о регламентации процессуальных действий в судопроизводстве в рассмотренных выше примерах бием были проведены:

1) для установления замужества женщины – исследования с целью определения возможности совершения ею определенных действий, поскольку мулла был грамотен и имел письменные принадлежности, с которыми должна уметь обращаться его жена. В действующем Уголовно-процессуальном кодексе Республики Казахстан (далее УПК РК) – это следственный или судебный эксперимент, закрепленный в ст. 258 [7];

2) для установления принадлежности червонца мяснику – исследования с целью диагностирования наличия солевых наслоений на его поверхности, которые проявляются при погружении червонца в горячую воду. Проводились исследования с целью установления обстоятельств, имеющих значение для разрешения дела – это судебная экспертиза, предусмотренная главой 35 УПК РК;

3) при разрешении спора о принадлежности лошади производилось такое судебное действие как опознание, когда каждый из споривших опознал лошадь, стоявшую с другими лошадьми одинаковой масти. В действующем УПК РК это процессуальное действие предусмотрено главой 29.

О проведении биями различного рода исследований, экспериментов при разрешении судебных споров свидетельствует и такой исторический пример справедливости знаменитого Толе би, жившего в конце XVII – начале XVIII века. Одним из уйсюнцев была украдена у другого тренога – конские путы, которыми стягивают две передние и одну заднюю ногу. Выслушав объяснение сторон по существу дела, Толе би, после продолжительного раздумья, велел надеть треноги тремя концами на три лошади, привязав каждую за одну ногу, и погнать их в разные стороны. При этом он сказал: «Если треноги от этого порвутся, то не налагать никакого айыпа». Треноги, несмотря на усилия лошадей, не порвались и удерживали лошадей на месте. Тогда Толе би объявил свой приговор, сказав, что «это не щцер, а «уш ер», т.е. не треноги, а трое мужчин, т.е. в них заключается сила, равная силе трех мужчин. Поэтому он определил штраф за треноги три лошади по пятому году [8].

Решение Толе би основывалось на проведенном исследовании (экспертизе), наглядно продемонстрировавшем присутствующим качество и крепость конских пут и послужившим основанием назначения штрафа в целях предупреждения дальнейших краж коней.

Следует заметить, что в казахском обычном праве не различались понятия уголовного и гражданского права, а также уголовно-процессуального и гражданско-процессуального права. Как отмечал Т.М. Культелеев, в казахском обычном праве понятие преступления мало отличалось от понятия гражданского правонарушения. Потерпевший назывался истцом, а преступник ответчиком. Последствия, явившиеся результатом как преступных действий, так и гражданских правонарушений, назывались «зыян» (вред). И только со второй половины XIX века в казахском обществе стали разграничиваться преступления уголовного характера и гражданские правонарушения [8].

Л.А. Словохотов считал суд биев «оригинальным» и «народным» в том плане, что он был близок, понятен и полезен народу, носит необвинительный, состязательный характер. «Народное

судопроизводство киргиз гласно, публично, несложно, непродолжительное. В течение столетий своей жизни народ выработал своеобразную, но вполне ему понятную структуру судебных процессов, обойдя столь вредный бюрократический элемент» [9].

Литература

1. Григорьев В.В. О скифском народе саках. СПб, 1871. Переиздание. – Алматы, 1998. – 203 с.
2. Загряжский Г. Юридический обычай киргиз. Материалы для статистики Туркестанского края, вып. IV, 1876. Цит.: по Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). – Алма-Ата, 1955. – 269 с.
3. ЦГИА, КазССР, ф. 64, д. 25, л. 17. Приводится по указанной монографии Культелеева Т.М.
4. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. – Т.1. – Алма-Ата, 1985. – 509 с.
5. Алимжан К.А. Суд биев как обычно-правовое учреждение и институт обычного права / Право и государство. – Алматы: КазГЮУ, 1988. – № 3(11). – 89 с.
6. Крафт И.И. Из киргизской старины. Оренбург. – «Типо-литография Ф.Б. Сачкова», 1900. Приводится по книге «Древний мир права казахов» / Под ред. академика НАН РК Зиманова С.З. – Алматы, «Жетжаргы», 2001. – Том – С. 91-92.
7. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 г. № 231 // www.online.zakon.kz (по состоянию на 07.11.2014 г.). – 64 с.
8. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти). – Алма-Ата, 1955. – 301 с.
9. Словохотов Л.А. Народный суд обычного права киргиз Малой орды / Труды Оренбургской архивной комиссии, вып. XV, Оренбург, 1905. Приводится по указанной монографии Культелеева Т.М. – 289 с.

ӘОЖ: 821.512.122(574.41-2С)

Л.О. Дюсекина

№ 36 жалпы орта білім беретін мектеп КММ, Семей қ., Lyazzat.dyusekina@mail.ru

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВТЫҢ СЕМЕЙ ӨНІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІК КЕЗЕҢІ

Бүгінгі таңда Тәуелсіз Қазақстан әлемдік қауымдастықтан өзінің әлем мәдениетіне қосқан тарихи үлесін алуға ұмтылуда. Осы орайда, қазақ зиялыларының еңбектеріне, олардың еңбек жолына тоқталмау мүмкін емес. Өткенді зерделеу, ұлы тұлғалардың ізінен сабақ алу – бұл бүгінгі ұрпақтың міндеті. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің, қазақ баспасөз саласының дамуына үлес қосқан – Сәбит Дөнентаев.

Қазақ халқының ұлт зиялылары жаңа бір арнаға бет бұрып, ірі саяси-әлеуметтік оқиғаларға араласып қана қоймай, ұлтының ағартушылығына аянбай қызмет еткен еді. Осы кезеңде уақыт сұранысына орай әрқилы көзқарастар қылаң беріп, жан-жақты ой ортаға салынды. Әдебиет майталмандарының көбі ұлт мәселесін, елдікті, діл мен тіл, жер мен ел тағдырын жырлады, ғылым, оқу арқылы биіктерге көтерілуге болатынын айтып ағартушылық мақсатты өз шығармашылықтарына арқау етті.

Қазақ әдебиетінде қазан төңкерісінен бұрын демократияшыл бағыт ұстаған ақын-жазушылардың болғаны мәлім. Солардың бірі – Сәбит Дөнентаев. Қазақ әдебиетінің даму тарихында аса бағалы мұра қалдырған ақын, XX ғасырдың басындағы және кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінде Сәбит Дөнентаевтың алатын орны ерекше.

Сәбит Дөнентаев 1894 жылы Семей облысының Кереку уезінің Ақсу болысында туған. Әкесі Дөнентай кедей еді. Руы Арғын ішінде Бәсентиін. 1907 жылы Маралды деген жердегі Жалемеддин деген татар медресесінде Нұралы деген молладан төте жазу әдісімен оқып, білім алған. Осыдан кейін Павлодар қаласының жанындағы Қасым Қажы Ертісбаевтың медресесінде оқыды. Осы жылдары медресе мұғалімдерімен тығыз байланыс жасап, әдебиет кітаптарын, газеттер мен журналдарды алып оқиды. Татардың сол кездегі ақын-жазушыларының кітаптарын құмарта оқиды. Осы жылдары қолына Абай өлеңдері түседі. Оған мейлінше қызығады. Бұл тұста өзі де өлең жаза бастайды. Сәбиттің өлеңдері 1913 жылдан бастап баспасөздерде жарық көрді. Сол жылдары «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде ашық басылады. Семейдегі мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқи жүріп, «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналына өлеңдерін жолдап отырады.

Сәбит Дөнентаевтың «Уақ-түйек» аталатын өлең кітабы 1915 жылы Уфа қаласында басылып шыққан. Әдебиет зерттеушілері Сәбит шығармашылығын екі дәуірге бөледі. Алғашқысы 1912-1918 жылдар, екіншісі 1918-1930 жылдар. Ал, оның шығармашылығының салмағы соңғы дәуірде жатыр. Осы кезеңде жетіліп, қалыптасқан. Бұл ақынның кемеліне келген шағы [1].

Сәбит Дөнентаевтың қоғам қайраткері ретінде қалыптасып, қоғам өміріне белсене араласуы Семей қаласымен тығыз байланысты. Ә. Бөкейханов, Ж. Аймауытов, Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, М. Әуезов шоғырланған Алаш қаламгерлері қатарында Сәбит те болды.

Семейге келіп, осы қаладағы іргелі оқу орны болып саналған мұғалімдер семинариясының бір жылдық курсы оқып бітіруі, тәуелсіз ел болу жолындағы ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы көрінісі – Алашорда үкіметінің құрылып, ұлт зиялыларының халық бостандығы мен ел болашағы үшін белсенді әрекет еткен қызметтеріне куә болып, үлкен саяси-әлеуметтік өзгерістер ортасында жүруі, өзінің де қалам қайратымен, ақындық талантымен үн қатып, елдік, отаншылдық мәселелерге араласуы қайраткер ғұмырбаянының екінші бір жарқын кезеңін бастап берді.

Сәбит Дөнентаевтың Семей кезеңінде еліміздегі алғашқы арнаулы оқу орындарының бірі – Семей мұғалімдер семинариясының маңызы айрықша. Сол кездегі бірден бір жалғыз жоғары оқу орны деңгейіндегі семинарияда Семей, Павлодар, Өскемен, Қарағанды, Ақмола өңірлерінен ғана емес, Жетісу аймағы мен көршілес Сібірдің Алтай, Тобыл жағынан да көптеген жастар келіп білім алған. Семинарияны Мұхтар Әуезовпен қатар Сәбит Дөнентаевтың атақты жерлестері Ж.Аймауытов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан сияқты ығұламалардың оқып бітіруі көп жайтты аңғартса керек. Оның үстіне Ж.Аймауытовпен тығыз қарым-қатынаста болып, жақын дос ретінде араласуы да осы семинарияда оқуына игі әсерін тигізетін шығар.

Мұғалімдер семинариясында оқып білім алған кезі Сәбит үшін сәтті де жемісті болды. Семинария шәкірттері Ж. Аймауытов, М. Әуезов Алаш үкіметінің астанасы болған Алаш қаласында (Семей қаласының қазіргі Жаңасемей бөлігі 1927 жылға дейін ресми түрде осылай аталған) «Абай» журналын 1918 жылы шығарды. Журнал осыған дейін жарық көрген «Қазақ» газетінің бағытында болып, ұстанған жолын жалғастырды, осы саяси басылым қалыптастырған тәуелсіздік рухын одан әрі дамытты, журнал беттерінде жарияланған мақалалар мен өлеңдерде азат рухты, елдік тұрғыдағы ойлармен қатар әлемдік ауқымдағы мәселелер де көтерілді. Сол жылдары шыққан қазақ тіліндегі басқа басылымдармен салыстырғанда өресі биік болған журнал жұмысына семинарияда оқып жүрген С.Дөнентаев та белсене қатысты.

«Абай» журналының сол 1918 жылы шыққан № 1 санында Сәбиттің ұлы Абайға арналған «Абай» атты өлеңі, № 2-3 сандарында – қазақ әйелінің үй іші мен қоғамдағы орнын үлкен мәселе етіп көтерген «Қазақ әйелдері туралы» деген көлемді мақаласы, № 3 санда Алаш милициясының бастығы Қазы Нұрмұхамедұлының өліміне байланысты шығарған «Алаштың алғашқы құрбанына» атты өлеңі, № 4 санында «Бозторғай» атты өлеңі жарияланды. Сондай-ақ, журналдың № 6 санында Сәбиттің ауылда тұратын бір ақсақалдың аузынан жазып алған «Жанақ пен Рүстем» атты атақты айтыс ақыны Жанақ өмірінен сыр шертетін аңыз әңгіме жарық көрген. Мұның өзі Сәбиттің халық мұрасын жинап сақтау ісіне жете көңіл бөліп, жанашырлық танытқандығын байқатады. Бұл сол жылдардағы елге белгілі қазақ зиялыларының қай қайсысында да болған үлкен ізгі қасиеттердің бірі еді. Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Қ. Сәтбаев та бұл істен қалыс қалмай, ауыз әдебиеті үлгілерін белсенді түрде жинап, баспасөз бетінде жариялаған болатын.

С. Дөнентаевтың Семейде болған осы 1917-1919 жылдар аралығындағы тағы бір елеулі кезеңі – «Алаш» партиясының үні болған «Сарыарқа» газетінің жұмысына қатысуы. Сәбит Дөнентаев осы газетке экспедитор (газетті жөнелтіп тұрушы) болып 5 айдай қызмет істейді. Оның ұлтшылдық сарындағы өлеңдері де («Адаспаспыз», «Сарыарқа анамызға») осы кездерде жазылған. 1919 жылдары тағы да Сәбит Дөнентаев Семейде болып Мұхтар Әуезовпен орыс тілі сабағын жеке оқиды. Сол жылы Сәбит Дөнентаев Павлодарға, еліне қайтады. Енді ұлтшылдардан көңілі қала бастайды. Бұл ретте Сәбит Дөнентаев өзінің ол кездегі жастығын, басында ұлтшылдардың ықпалына ергенімен, кейін одан тайқып шыққандығын айтатын еді. Мұны сол уақытта жазылған «Қаулы» деген өлең едәуір дәлелдейтін тәрізді.

Кеңестік кезеңде Сәбит Дөнентаев туралы жазылған сын мақалалар мен ғылыми әдебиетте жоғарыда аталған «Сарыарқа» газетінде жарияланған өлеңдерін ұлтшылдық сарында болып, «Алаш» партиясының ықпалына ерді деп кінә тағылды. Сәбит нағыз ұлтшыл ақын, Алаш қозғалысының бел ортасында болған көрнекті қайраткердің бірі. Теңіз жағалауында қара жұмыс істеген кезінде жабысқан ауру салдарынан 1917-1919 жылдардағы саяси дүрбелең кезінде ауылға емделуге кетіп, енді бірде саяси дүрмектен шет қалғысы келмей, Семейге қайта оралып отырған ұлтжанды ақын осы қалада орын тепкен «Алаш» партиясының мүшесі болғанымен Алаш идеясына беріліп, ұлт көсемі

Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерімен үндес, пікірлес екендігін «Абай», «Сарыарқа» басылымдарында жарияланған өлеңдері мен мақалалары айқын дәлелдейді.

1923 жылға дейін Павлодар уезінің халық соты болып істейді де, шығармашылықпен мүлдем айналыспайды.

Кеңес өкіметі орнаған соң, 1923 жылға дейін Павлодар уезінде халық соты болып қызмет атқарады. Бұл уақыттарда өлең жазуды дерлік тоқтатқан тәрізді.

1923 жылы «Қазақ тілі» газеті редакциясының және Семей губерниялық атқару комитетінің шақыруы бойынша Сәбит Дөнентаев Семейге келеді. «Қазақ тілі» газетіне қызметке кіреді. Осы мезгілден былай Сәбит Дөнентаев творчествосында ақын және публицист ретінде ең жемісті жаңа дәуір басталады. Қазақстандағы революциялық өзгерістерді суреттейтін көптеген өлеңдер, очерктер, фельетондар мен мақалалар жазды. Қаламгердің шығармалары өз дәуірінде де, бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жойған жоқ [2].

Сол кезде республикалық баслымдармен иық тірескен бұл газет 1919 ылдан бері шығып тұрған. Алғашқы редакторы болып көрнекті алаш қайраткерлерінің бірі, талантты журналист Мәннан Тұрғанбаев тағайындалып, 1921 жылға дейін істесе, кейін М.Әуезов газетке басшылық жасаған.

Ақынның газеттегі жұмысының қаншалықты жауапты әрі ауыр болғаны осыдан-ақ аңғарылады. Редакция қызметінің қиындығына қарамастан, С.Дөнентаев мұның үстіне тағы да шығармашылық жұмыспен шұғылданады: біраз саябырлатып алған машықты ісін қайта қолға алады.

Сәбит қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштарының бірі – осы «Қазақ тілі» газетінің (кейін «Жаңа ауыл», «Қызыл дала», «Социалистік шығыс», «Екпінді» болып өзгерген, соңғы елу жыл бойы «Семей таңы» деген атпен шығып келеді) басқармасында арасында аз ғана үзіліспен өзі қайтыс болғанға дейін жнемісті қызмет етті. Көптеген өлеңдері мен фельетондары «С.Д.», «Жетім», «Жанас» деген бүркеншік атпен жарияланды. «Қазақ тілі» газетінде қызмет етуі арқылы журналист болып қалыптасқан ақын-жазушы қаламынан «Әйел теңдігін қалай түсіну керек», «Хат танымаған қатарға қосылмайды», «Қытайда әлеумет соғысы», «Саясат дүниесінде», «Әуелі шаруа оңалу керек» (1924), «Баспасөз күшейсін» (1926) және т.б. мақалаларында ел тұрмысындағы тың өзгерістер, әйел теңсіздігі, уақыт, заман туралы ой-толғаныстары, халықаралық саясат мәселелері сөз болды.

Сәбит Дөнентаевтың негізгі еңбек жолы өмірінің соңына дейін осы Семей қаласында өтеді. Семей қаласындағы облыстық газет қазіргі – «Семей таңы» газетіне қызметке тұрып, осында көптеген шығармалары жарық көрген. Соңынан үлкен поэма не болмаса роман, повесть қалдырмаған. Оның өз жанры бар. Ұсақ өлеңдер, мысал өлеңдер, сатиралық өлеңдер, содан соң баспасөзге араласқандықтан, газет қызметкері болғандықтан күнделікті өлкенің тынысына байланысты көптеген мақалалар жариялап, осы өңірдің келелі бір мәселелерін жан-жақты ашқан қаламгер [3].

Газеттің бұл кездегі жайы туралы ақынның жерлес досы С.Машақов былай дейді: «Сол кезегі «Қазақ тілі» газеті осы күнгі Семей, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының көлеміне тарайтын еді. Бұл айтылған жерлерде қазақ тілінде шығатын өзге газет жоқ еді. Сондықтан «Қазақ тіліне» күніне ондаған хат түсетін... Редакцияда ол кезде екі-үш адам қызмет істейтін. Оның бірі – хатшы, екіншісі – аудармашы немесе әдебиетші, үшіншісі – ауыл шаруашылық, ағарту бөлімінің бастығы. Сәбитке тиісті ауыл шаруашылығы, әдебиет, өлең, мәдениет және әйелдер тұрмысы болатын» [4].

«Қазақ тілі» газеті басқармасы мен Семей мұғалімдер семинариясы Алаш қаласы зиялыларының жиі бас қосатын орны болды. Сәбит Дөнентаев та осы алқалы жиындарға қатысып, көптеген игі бастамалардың куәсі болды. 1920 жылы Семей мұғалімдер семинариясының жанынан еліміз тарихындағы алғашқы драма театры – «Ес-аймақ» қазақ драмалық тобы (қазіргі Абай атындағы Семей музыкалық-драма театры) құрылып, осында көптеген сауық кештері ұйымдастырылды. С. Сейфуллиннің, М. Әуезовтің және басқа авторлардың алғашқы пьесалары осы сахнада қойылды.

Ақын, жазушы, журналист С. Дөнентаев Семейдің саяси, мәдени шараларына жай ғана куә болып қалмай, барлық шаруаларына белсене қатысты. 1925 жылы Алаш қаласында М. Әуезовтің тікелей араласуымен таза кеңестік жүйе сарынынан, жалаң ұрандардан аулақ болған, қазақ халқын көркейту, ұлттық негізде білім беру, мәдениетті дамытып көркейту, қазақ тілінің аясын кеңейту жолын ұстанған «Таң» журналы шықты. Журналдың белсенді авторларының бірі С. Дөнентаев та болғандығын оның басылым бетінде жарияланған шығармалары айқын дәлелдейді.

С. Дөнентаев газетте қызмет атқарып жүрген кездерінде Семейдегі Қазақстанды зерттеу қоғамы мен Қазақтың пролетариат-шаруа жазушылары ұйымының бөлімшесіне мүше болып, олардың да күнделікті жұмысына белсене араласып отырады. Ақыры денсаулығы нашарлап, 1930 жылдың май айында туған еліне қайтады. Сол жылдың күзінде Бесқарағай ауданының орталығы

Беген дейтін жерде мұғалім болады. Бірақ 1932 жылдың көктемінде «Қызыл дала» (бұрынғы «Қазақ тілі») газетінің редакциясына қайта шақыртып алады. Сол кезде ақын: «Енді ширайтын кез келді. Денсаулықты түзеп алып, өндіріске жуық, сонымен қатысы бар жерде тұрып, белсене жұмыс істесем деген ойым бар» – деген екен [5].

Әдебиеттер

1. С. Машақов. Демократия туын көтерген қаламгер // Жас алаш, 1994. – № 51. – 8 б.
2. Б.Акмуканова, Е.Исмаилов. Сабит Донентаев//Алма-Ата, 1958. – 6 б.
3. А.Мырзаханов. Қаламгердің зираты қайта жөнделді// Семей таңы, 2014. – № 89. – 3 б.
4. С.Машақов. Өшпес талант мұрасы//Қазақ әдебиеті, 1958. – № 14. – 11 б.
5. Б.Кенжебаев. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары// Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1958. – 73 бет.

УДК: 94(574.42):377

Н.Л. Гидулян

КГКП «Электротехнический колледж», г. Семей, history_v_eko@mail.ru

АРХИТЕКТУРНЫЕ ПАМЯТНИКИ СЕМИПАЛАТИНСКА

В преддверии 30-летия Независимости Республики Казахстан особое внимание привлекают вопросы краеведения. Прошлое и настоящее своего родного края всегда должно интересовать каждого современного человека. По инициативе Первого Президента была организована программа «Туған жер», одной из целью которой является воссоздание историко-культурных и архитектурных памятников, имеющих особое значение для национальной истории.

Целью данной работы является привлечение интереса и внимания горожан к историческим памятникам, находящимся на территории Семипалатинска. Задача нашего исследования является описание истории появления наиболее значительных архитектурных памятников, которые представляют историческую и культурную ценность.

Восточный Казахстан богат различными историческими достопримечательностями, к их числу можно отнести и сохранившиеся до наших дней архитектурные и историко-мемориальные памятники.

Описание исторических памятников Семипалатинска следует начать с одного из древнейших, давшего имя городу – средневекового джунгарского монастыря. Построен он был на рубеже 16-17 вв. Храм состоял из семи палат. В 1617 году во время междоусобной войны среди джунгар монастырь был разрушен [2].

Г.Ф. Миллер (1705-1783 гг.), впервые собравший предания о монастыре, в 1734 году, будучи в составе экспедиции по изучению Сибири, застал эти палаты уже в полуразрушенном состоянии.

Первое и единственное описание развалин этого буддийского храма нам оставил П.С. Паллас (1741-1810 гг.), посетивший Семипалатинскую крепость в 1769 году в составе экспедиции Петербургской Академии наук. Материалы экспедиций (1768-1774 гг.) опубликованы в книге «Путешествие по различным провинциям Российской империи». Вот как он описывает их: «Палаты стояли на левом берегу Иртыше. Сооружение из необожженного кирпича и камня, палат было семь, и они имели разную форму и размеры» [1].

По описанию других краеведов и путешественников, которым удалось увидеть развалины от того храма, внутренние стены палат были расписаны изображениями бурханов (святых, праведников), драконов, птиц и цветов, соединенных растительным орнаментом. Рисунки были сделаны грубой кистью и весьма неискусно [5].

П.С. Паллас оставил нам и довольно подробное описание посещенной им Семипалатинской крепости, которая представляла собой четырехугольник, обнесенный рвом и деревянными стенами с двумя башнями. Внутри этих стен выстроены казармы. Там так же находилась деревянная церковь, две квартиры для комендантов, здания канцелярии, склад для провианта и пороховой склад. Выше и ниже крепости расположены два предместья, в них обоих около 200 домов. Верхнее предместье меньше и отделяется от крепости речкой, здесь же находится деревянная таможня. И. Гомелин, посетивший крепость ранее П.С. Палласа, а именно в 1734 году, писал, что это была «одна из

небольших, хотя и не лишенных значения, пограничных крепостей... Так как дома не имели постоянных крыш и в здании канцелярии вместо стекол заменяла бумага, то пребывание в ней было тогда не так удобно» [1].

По мере централизации и усиления государственной власти в России значительно возросли возможности торгового обмена и других отношений с восточными соседями.

Петр I, узнав о золоте на реке Яркенд, стал снаряжать в верховье Иртыша одну экспедицию за другой [2].

Рассматривая казахские степи как ворота к торгово-ремесленным центрам Средней Азии и к восточным рынкам, Петр I намеревался как можно шире использовать караванные пути, идущие через казахские степи, усилить транзитную торговлю со Средней Азией.

Основание Семипалатной крепости связано с именем дворянина Василия Чередова, заложившего ее в 1718 году, в том самом месте, которое ныне носит название «Старая крепость» [4]. Однако, первоначальное место было выбрано неудачно: затоплялось весенними разливами Иртыша, заболоченность вызывала эпидемии малярии. Поэтому, крепость несколько раз переносили вверх по реке и, наконец, в 1778 году, она была перенесена к месту, напротив «семи палат», где и сейчас по обоим берегам Иртыша стоит город.

В Семипалатинске сохранилось немного памятников старины. Раньше город строился из дерева, дома стояли тесно и частые пожары уничтожали постройки. Так, пожар 1790 года уничтожил почти все крепостные сооружения. От XVIII века до нас дошли лишь западные, или Ямышевские ворота. Обращены они были в сторону Омской и Ямышевской крепостей. Вторая из них была ближе, отсюда и название ворот (в свою очередь, эта крепость получила имя от Ямышевского соленого озера, недалеко от которого была заложена). Ворота были сооружены в 1776 году под руководством инженера-капитана И.П. Андреева (1743-1804 гг.) [7].

Ямышевские ворота выстроены из плитняка в виде массивной арки со сводчатым потолком и карнизами простого рисунка. Ворота не раз подвергались ремонту с незначительными изменениями кровли и карниза. В 1970 году, в связи со строительством подъезда под полотно железной дороги был разработан план переноса ворот. В 1973 году этот проект был воплощен в жизнь. Архитектурный ансамбль дополняют выполненные под старину фонари и две установленные на лафетах, пушки, которыми в свое время были вооружены бастионы крепости. Сохранился замок от крепостных ворот (хранится в областном историко-краеведческом музее).

Более сохранный представлена архитектура Восточного Казахстана 19 века. До нас дошли как административные, так и культовые сооружения, частные постройки в виде жилых домов, магазинов.

Большинство административных зданий имело областной статус и поэтому были размещены в Семипалатинске.

Из административных зданий, построенных в XIX веке, несомненно, одним из интересных является дом губернатора, ныне здание историко-краеведческого музея, построенное предположительно в 1856 году. В 1863 году было построено здание для областного правления и канцелярии губернатора – здание сохранилось – сейчас в нем расположена детская музыкальная школа. После установления советской власти здание переименовано в Дом свободы. Здесь размещался первый Совдеп г.Семипалатинска. 11 июня 1918 года в городе произошел контрреволюционный мятеж. В дни белогвардейского террора здание было занято белогвардейскими войсками. После восстановления Советской власти в здании располагался политотдел крестьянского корпуса, затем штаб Семипалатинской группы войск [5]. В 1975-1978 гг. производился капремонт здания. С октября 1977 года здесь размещается историко-краеведческий музей.

Возводятся здания окружного суда и тюрьмы. Не менее важно в структуре областного хозяйства казначейство, в Семипалатинске оно было построено в 1902 году, и сохранилось до настоящего времени и по-прежнему связано с финансовой деятельностью – сейчас это корпус финансово-экономического колледжа.

В 1873 году было построено здание телеграфа, предназначенное для прямой связи с Омском. Со зданием центрального телеграфа связаны революционные события 1917 года, а также борьба с контрреволюционными силами в период с 1918 по 1921 гг., в которых активное участие принимали связисты Семипалатинска [2]. С 1992 года здание передано на баланс Семипалатинского колледжа радиотехники и связи. Здание двухэтажное, кирпичное с богатой отделкой фасадов. Окна прямоугольные, с арочным завершением, обрамлены наличниками. Окно второго этажа здания над порталом соответствует дверному проему. Рельефные тяги, рисунок карниза, фронтоны, башенки по периметру кровли делают здание очень пластичным и выразительным. Это один из лучших образцов гражданской застройки дореволюционного Семипалатинска.

В настоящее время на первом этаже здания расположен, созданный краеведом Яушниковым В.И., музей связи.

К числу административных зданий можно отнести и сооружения, предназначенные для благоустройства города, хотя некоторые из них возводились на частные средства. К числу таких архитектурных памятников относится здание насосной станции (1910г.), построенной на средства купца Плещеева. Это был первый в Казахстане водопровод [3].

В Семипалатинске возводились не только административные здания, но и строились школы. Рядом с Воскресенским собором, в бывшей казачьей слободе, сохранилось неприметное одноэтажное здание приходской школы. Постепенно в городах в связи с увеличением населения начинают возводить, как правило, двухэтажные здания. В 1873 году было построено здание для четырехклассной женской гимназии. Во время Великой Отечественной войны здесь размещался госпиталь. С 1951 года – зооветинститут. В декабре 1986 года здание сгорело.

В 1894 году открывается мужская гимназия, здание которой является одним из старейших памятников архитектуры города. В 1904 году открылась учительская семинария, которая стала культурным центром региона. В числе учащихся которой были Мухтар Ауэзов, Куаныш Сатпаев [7].

Расположение Восточного Казахстана в самом центре Евразийского континента обусловило проникновение и распространение с древности на его территории целого ряда мировых религиозных учений. Мечети, соборы, церкви являлись непременным атрибутом архитектурного облика региона. В ряде случаев основными участниками строительства мечетей и храмов были одни и те же люди. Например, Воскресенскую казачью церковь создал А. Болотов, он же разработал проект двухминаретной мечети [2].

Традиционные черты мусульманской архитектуры культовых сооружений – это многогранные формы устремленных ввысь минаретов с круговыми балкончиками вокруг них для муэдзина, призывавшего на молитвы. Высокие, стройные минареты в строгой своей красоте хранят отголоски волшебных восточных сказаний, песен, легенд. Этнограф Завалишин в своем известном труде «Описание Западной Сибири», посетив Семипалатинск, пишет: «Он, очень красив, если глядеть на него из-за Иртыша, и хорошо отстроен, на город совершенно азиатский, в нем только две церкви (обе каменные), но зато семь мечетей, одна каменная соборная с двумя минаретами, прекрасной архитектуры, оконченная лишь в 1862 году» [4]. Предположительно в 1840 году в Заречной слободе на деньги купца 2 гильдии Тыныбая Каукунова строится и поныне действующая деревянная мечеть. Двухминаретная мечеть, упоминаемая И. Завалишиным, была построена на деньги семипалатинских купцов Сулейменова, Абдешева, Рафикова, Халитова по заказу областного духовного управления.

Не менее красива и изящна одноминаретная мечеть, построенная чуть позже, по проекту стамбульского архитектора Габдуллы Эфенди.

15 августа 1777 года в городе был заложен первый каменный храм – Знаменский собор, занимавший особое место в крепости. Храм был построен на добровольные пожертвования по проекту И. Черепанова. Богатый иконостас храма украшала известнейшая в городе икона Знамения Божьей Матери, называемая Семипалатинско-Абалацкой, с которой связано немало сказаний, преданий и чудесных исцелений. В 1857-1860 годах по инициативе и в основном на средства отставного казачьего урядника Митрофанова Казакова, строится Воскресенский (казачий) православный собор [2]. В 1890 году на средства купца Плещеева закладывается церковь во имя Александра Невского, а в 1889-1901 гг., был построен Никольский храм, поражающий изумительными витражами. Строились и так называемые «домовые» церкви: «всех скорбящих радость» при тюрьме, во имя Сергия Радонежского при мужской гимназии, во имя святителя Иннокентия Иркутского при учительской семинарии [7]. В 30-е годы XX века, в эпоху борьбы с религией, все Семипалатинские соборы, за исключением Воскресенского, были разобраны.

Семипалатинск издавна сложился как торговый центр, его украшали магазины семипалатинских купцов Плещеева, Ершова, растянувшиеся на целые кварталы. Строили магазины не только местные купцы. Известный московский фабрикант Н.М. Бардыгин, тоже открывает в Семипалатинске магазин. [3]. Также сохранились здания не только магазинов, но и предприятий. В Семипалатинске это – крупнейшая на Иртыше мельница Мусина. А, как известно, где оживленный торг, там и приезжий люд, и, конечно же, строились «гостиные номера» [3]. Мы и сегодня любуемся зданием, построенным в 1900 году купцом Сахно в Семипалатинске, сейчас это гостиница «Бинар». Купцы строили не только магазины, но и красивые дома, некоторые из них до сих пор служат украшением города.

Первым каменным жилым домом в Семипалатинске стал дом золотопромышленника Степанова. В 1854 году в его флигеле снимал квартиру А. Врангель, назначенный прокурором Семипалатинска, и у него в гостях часто бывал проживавший неподалеку Ф.М. Достоевский. [5]. Сейчас в этом здании находится музей изобразительных искусств имени семьи Невзоровых.

Дом купца Ершова стал составной частью музея Абая. В 1940 году в Семипалатинске создан Государственный литературно мемориальный музей Абая, к 95-летию со дня рождения поэта.

Дом купца Медведева в Семипалатинске больше известен под названием «бывшее китайское консульство» [3].

В Семипалатинске сохранился дом, где два года прожил Ф.М. Достоевский. Именно в этом доме им были написаны повести «Дядюшкин сон», «Село Степанчиково и его обитатели». Здесь писатель работал над «Заметками о погибшем народе» – набросками будущего романа «Записки из Мертвого дома» [2]. Сейчас это здание составляет часть Литературно-Мемориального музея Ф.М. Достоевского.

Подрастающее поколение должно помнить и чтить историю предков. А воспитание патриотизма, гражданственности, любви к родине должно осуществляться через знакомство с памятниками истории и культуры родного края.

Литература

1. Абрамов Н.А. Областной город Семипалатинск. Записки РГО, 1861. – 67 с.
2. Бралинова Д.И., Зарифова М.А., Каримов М.К., Мусабалина Г.Т., Восточный Казахстан с древнейших времен до конца XIX века. Семей, 2012. – 188 с.
3. Венюков М.И. Краткий обзор внешней торговли через Западную Сибирь М.: 1861. – 46 с.
4. Записки РГО. Выпуск VI. Семипалатинск 1912. – 74 с.
5. Касымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861 – 1917 гг. А-Ата: Галым, 1990. – 276 с.
6. Коншин Н.Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края (до 1917 г.). Семипалатинск. – 1927. – 92 с.

УДК: 297

К.К. Бегалинова, М.С. Ашилова, А.С. Бегалинов

НАО «Казахский национальный университет имени аль-Фараби»,

АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана»,

АО «Международный университет информационных технологий»,

г. Алматы, kalima910@mail.ru

ВЛИЯНИЕ ДЖАДИДИЗМА НА ДУХОВНУЮ МОДЕРНИЗАЦИЮ В КАЗАХСТАНЕ В СЕРЕДИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ

Просветительское движение выступило закономерным историческим этапом в развитии мировой культуры в Новое время. Его особенностью являлось трактовка субстанции мира и человека как разума, разумного начала. Впервые человек стал рассматриваться с позиции единства общего и частного, общественных и личных интересов. Но если этот период в Западной Европе пришёлся на XVIII век, в России – на конец XVIII – начало XIX века, в центральноазиатский регион в XIX веке, то в казахские земли он пришёл в середине XIX-начале XX веков. Это было время существования Казахстана в рамках Российской империи. Большое влияние на социально-политическую и духовную жизнь казахского народа оказали русские философы и политические ссыльные – Е.П. Михаэлис, учёные-востоковеды – Г.Н. Потанин, П.П. Семёнов-Тянь-Шанский, Н.М. Пржевальский и др. Но образ жизни казахов оставался прежним – кочевым. Казахское общество находилось под двойным гнётом – русского царизма и местных баев. Это приводило к резкой поляризации общества, появлению значительного слоя бедных, попадающих ещё в большую кабальную зависимость от богатых.

Развитие рыночных отношений и расслоение в России специфично проявлялось на его окраинах, в том числе и в Казахстане, приводя к разрушению родоплеменные, жузовые отношения. Великая казахская Степь медленно, но неизбежно поворачивалась лицом к новой цивилизации. Выразителями ее стали представители казахской интеллигенции, получившие образование в лучших учебных заведениях России, татарские и тюркские ученые, состоятельные буржуа, благодаря

которым происходило распространение идей джадидизма, просветительства среди широких народных масс. Идеологом этих идей были Махмудходжа Бехбуди (1875-1919 гг), Мунаввар Кары Абдурашидханов (1878-1931 гг.) и др. Первый являлся потомком великого суфия Ходжа Ахмета Йасауи. Пользовался авторитетом среди населения. В 1913 году Махмудходжа Бехбуди стал выпускать газету «Самарканд», на страницах которой печатались материалы на острые политические и бытовые проблемы. На становление его воззрений большую роль сыграл Исмаил Гаспринский, основоположник джадидизма. Мунаввар Кара Абдурашидхан возглавил организацию «Шура-и-Ислам», сыгравшую важную роль в распространении национальных и просветительских идей в среднеазиатском регионе. Как отмечают авторы учебника «История Узбекистана», «Важнейшим толчком для возникновения и развития джадидизма в Туркестане послужили два фактора: внутренний и внешний. Первый фактор – колониальная и антинациональная политика царизма, проводимая в крае. Второй – реформаторские процессы, происходящие в этот период в Турции, Египте и других странах Востока.

В конце XIX века – начале XX века туркестанские прогрессисты-джадиды (Абдулкадыр Шакури, Махмудходжа Бехбуди, Абдулла Авлони, Мунаввар Кары и другие) – представители национальной интеллигенции и просвещенного духовенства, начали сознавать, что в условиях колониальной отторгнутости, неудач отдельных, разрозненных восстаний, невежества и нетерпимости невозможно уже ожидать духовного и национального возрождения.

В первый период своей деятельности джадиды сосредоточили основное внимание на реализации религиозно-реформаторских и просветительских изысканий. В их теоретических произведениях мы находим призыв: «восстановить былое могущество мусульманских народов через упрощение традиционных обрядов и освобождение от всего наносного и фанатичного. Они предлагали пересмотреть традиционную общественно-философскую систему не только с позиций развития культуры, науки и образования, но и в свете задач антиколониальной борьбы» [1].

Джадидисты в казахских степях открывали новометодные школы со звуковой системой обучения, включив в программы обучения целый ряд научных дисциплин: арифметику, географию, историю, родной язык и другие предметы. Создавались в различных регионах казахских степей библиотеки и даже типография, на которой печатались учебная литература. Одной из крупных библиотек являлась Семипалатинская, где много времени проводил великий просветитель Абай. Многие выпускники новометодных школ продолжали обучение в известных медресе Уфы, Казани, Оренбурга, таких, как Галия, Хусаиния, Мухаммадия и др., после окончания которых продолжали просветительское дело своих учителей.

Выдающимся представителем просветительского движения в казахских степях, выразителем ностальгических чувств по поводу утраты традиционного уклада жизни и призыва реально посмотреть на становление новых социальных отношений был великий мыслитель-просветитель и поэт Абай. Его творчество и мировоззрение оставило неизгладимый отпечаток на всей духовной ситуации Казахстана второй половины XIX века. Именно его трактовка философских проблем человека и мира делает особенным казахскую просветительскую философию и культуру. Это особенное заключается в том, что не только разум выступает субстанцией мира, но Разум в единстве с сердцем, с чувством. Это с самого начала определяет антропологический характер этой философии, антропоцентризм как её сущностную черту.

Родоначальником этой философии по праву считается великий казахский учёный, общественный деятель, мыслитель Шокан Валиханов. Он родился в ноябре 1835 г. в крепости Кушмурун в центре административного округа, расположенного на стыке Тургайской и Ишимской степей (нынешняя Акмолинская область). Его отец, Чингиз Валиев, потомок Аблайхана. Шокан получил блестящее по тем временам образование, окончив Омский кадетский корпус. Был слушателем Петербургского университета, факультета востоковедения. Эта учёба дала возможность Шокану Валиханову широко и глубоко познакомиться с русской и зарубежной культурой, что выгодно выделяло его из всех представителей казахской интеллигенции того времени. Современные исследователи вполне справедливо называют его первым евразийцем. Он первый дал научное описание происхождения казахов как этноса. Он был историком, географом, этнографом, внёсшим огромный вклад в становление этих наук, и только ранняя смерть в 30 лет не позволила ему продолжить глубокие исследования в этой сфере. Жизнь и творчество его сравнивают с промелькнувшим метеором и тем не менее им оставлено большое научное наследие – «Записки из Кашкарии» и др.

Мировоззрение Шокана Валиханова может быть охарактеризовано как пантеизм, представляющий собой своеобразное сочетание материализма и идеализма, соотношения

материального и природного, духовного и божественного. Проблему бытия общества он понимает с позиции натурализма и географического детерминизма. Человек выступает у него природно-духовным существом, на формирование которого большое влияние оказывает социальная среда. Главная особенность казахской философии – её космоцентризм, неразрывная связь человека и космоса – нашли отражение и в его творчестве.

Его отношение к религии представлено в ряде его работ о шаманизме и исламе. Прежде всего, он правильно подчёркивает, что на территории Казахстана было множество верований – от зороастризма до ислама. И даже в его время, в XIX веке, он подчёркивал, что казахи не были чистыми мусульманами, большое распространение имел у казахов шаманизм, преклонение перед духами предков. Рассматривая мусульманство в казахской степи, он подчёркивает, что, к сожалению, распространителями этой религии выступают невежественные люди, обскурантисты, которые плохо знают и арабский язык, и Коран. На основании этого факта многие исследователи называют его критиком ислама и атеистом, что не соответствует действительности. Мировоззрение Шокана таково, что оно включает в себя и материальные, и религиозные начала. Он был сыном своего народа и призывал не к отмене ислама, а к просвещению народа, к изучению им священных мусульманских книг и восточной духовности в целом.

По своим социально-политическим взглядам он ближе к демократии. Идеалом его выступает казахская демократическая республика. Будучи внуком Аблайхана он, конечно, приветствовал присоединение Казахстана к России, считал это прогрессивным фактом, позволившим казахам сохранить свою самобытность, но в то же время, он выступал против действия русской администрации, пытавшейся внедрить все формы российской политической, правовой жизни и вытеснить местные обычаи и права. В работе «О судебной реформе» он защищает обычаи барынта, говорит, что сложившийся исторически суд биев не стоит заменять российской судебной системой. Он призывал к гармоничному сочетанию единичного и общего, национального и интернационального в образе жизни казахского народа. Свой патриотизм Шокан Валиханов описывает так: сначала я люблю свой народ, затем народ Сибири, затем народ всей России, т.е. интернационализм здесь вытекает из национального, патриотизм начинается с любви к своему народу, его языку, культуре.

Историческая заслуга Шокана Валиханова состоит в том, что он был первым казахом-учёным, показавшим, что великая казахская Степь рождает великих людей, способных оказать влияние на развитие своего народа. Русский учёный Г. Н. Потанин писал: «Если бы Чокан имел в киргизском народе читающую среду, он мог бы стать гением своего народа и положить начало литературному возрождению своих единоплеменников» [2].

Другим представителем казахской просвещенческой философии был великий казахский педагог Ыбрай Алтынсарин, создавший первые казахские школы, в которых обучение велось на национальном языке. С его именем связано формирование этнонациональной педагогики, основу которой составляли космоцентризм, антропоцентризм, гуманизм, патриотизм. Им внесён существенный вклад в развитие казахского образования, сформулированы её основополагающие принципы, написаны учебники по грамматике, математике и другим дисциплинам. Ыбрай Алтынсарин, как свидетельствуют его современники, был блестящим оратором, лектором. Свою педагогическую деятельность он сочетал с административной работой, будучи инспектором казахских народных школ Тургайской области, он способствовал созданию сети школ в казахских степях.

В своих произведениях «Неверному аристократу», «Если ты беден, то должен возненавидеть воровство», «Чистый родник» и других он вскрывает корни социального неравенства, связывая их, прежде всего, с невежеством. В стихотворении «Лицемерному судье» он пишет:

*«Знай, сударь, придёт час возмездия
И тот, кого ты обирал, доберётся до тебя».*

Мечтой Алтынсарина было видеть свой народ просвещённым. «Каждый народ развиваясь прогрессивно, непременно должен в конце концов перейти от кочевого быта к оседлости, с которой тесно соединено просвещение» [3]. Ыбрай Алтынсарин не раз подчёркивал, что богатство, власть, слава, красота, здоровье сами по себе цены не имеют. Они могут стать благом или злом в определённых условиях. Если ими руководит невежество, они становятся злом. Если ими руководят наука и познание, то способствуют наибольшему благу. Знание, поэтому, суть человека. И в своих многочисленных произведениях, и своей неустанной деятельностью во благо образования мыслитель неустанно пропагандировал знание. «...На степные школы не следует в настоящее время смотреть

как на заведение, обучающее только русскому языку и грамотности, а нужно, чтобы в них ученики приобретали ещё привычки к оседлости, опрятности и здоровому взгляду на вещи: ... Словом, нужно обратить большее внимание на воспитательную сторону учеников, имея в виду ту цель, чтобы эти ученики, получив более или менее основательное знание, и, проникнутые известным направлением, могли повлиять на окружающий народ своими свежими и здоровыми мыслями», – писал он [3]. Ыбрай Алтынсарин призывал казахов овладевать русским языком для приобщения к мировой культуре, расширению своего кругозора: «Все возможное счастье для киргизского народа я вижу в дальнейшем времени только в нравственном слиянии его с господствующим русским народом и в духовном, экономическом развитии его посредством русско-киргизского образования» [3].

Итак, просветительское движение, джадидизм, учение выдающихся казахских просветителей Шокана Валиханова и Ыбрая Алтынсарина продолжили гуманистические традиции казахской духовности и явилась существенным этапом в её дальнейшем развитии, которое связывалось, прежде всего, с именами Абая и Шакарима.

Литература

1. История Узбекистана: учебник для студентов высших учебных заведений/отв. ред. Р.Х. Муртазаева, Т.И. Дорошенко. – Ташкент: Fanvatexnologiya, 2011. – 370 с.
2. Бесембиев К., Сатбаев М. Великие ученые Средней Азии и Казахстана/К.Бесембиев, М. Сатбаев. – Алма-Ата: Казахстан. 1965. – 240 с.
3. Очерки по истории философской и общественно-политической мысли народов СССР. В 2 т., т.2/под ред. Г.С. Васецкого и др. – М.: Изд-во Академии наук СССР, 1956. – 791 с.

ӘОЖ: 80(268)

Г.С. Жакашева

«Семей» Медициналық колледжі» мекемесі, zhakasheva88@inbox.ru

«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Мәңгілік ұғым-түсінігі – барша адамзатқа ортақ қазына. Оның негізінде саналы-санасыз тіршілік иесінің өмірге, қоршаған ортаны игеруге құштарлығы жатыр. Мәңгілікке ұмтылған арман-мақсаттың нышанына, ескерткішіне Египет пирамидаларын, мәңгі қала Рим тәмсілін, суға батпайтын, отқа жанбайтын батырлар жайлы тарихқа дейінгі аңыз-ертегілерді жатқызуға болады. Біздің пайымдауымызша, әлемдік және дәстүрлі діндердің бастау-бұлағында да мәңгілікті бейнелейтін түпжаратушы тұр. Оның есімі – Тәңірі, Құдай, Алла, Бог, т.б. Демек, байырғы түркі қоғамында дүниеге келген қысқа да нұсқа «Мәңгі Ел» ұстанымы, біріншіден, арғы бабаларымыздың адамзат өркениетіне, оның ақыл-ой қазынасына қосқан айрықша интеллектуалдық үлесін айшықтаса, екіншіден, адамдардың әрқайсының һәм баршасының мүддесін, әрекетін, ұрпағының сабақтастығы мен жалғастығын жарасымды үйлестіруге септесетін әмбебап формуласы. Үшіншіден, осынау кемел пайым-тұжырым қазақ жерінен, Ұлы Дала елінен ешқашан табан аударған емес. Ол Қорқыттың ажалдан қашқанынан тартып ақын Ж.Молдағалиевтің: «Мен қазақтың мың өліп, мың тірілген» деген өлең жолдарымен санамызға шегеленген. XVIII ғасырда Әбілқайыр ханның: «Жайық өзені кеуіп қалғанша, тіпті ақыр заман келгенше қазақ халқы бұл жерден ешқашан айырылмайды», XX ғасырда Ә.Бөкейханның: «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ» дегенінен де мәңгілікке нық сенім еседі.

2014 жылдың басында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев XXI ғасырдағы Қазақстанның ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» деп жариялады. Мәңгілік Ел отандастардың бірегей тарихи мақсаты мен қаһармандық ұраны десек қателеспейміз. Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. «Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

Түркі тарихын, көне түркі мұраларын зерттеуші филология ғылымдарының докторы, профессор Қаржаубай Сартқожаұлы «MANGI EL» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналында: «Мәңгілік ел – түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныккөк (Түй-ұқық) негізін қалаған идея...» – екендігін жазған [1].

Елтеріс Құлтық қаған екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды. Мәңгілік ел – мақсаты түрік елінің билігі деп осыдан 13 ғасыр бұрын мәңгілік идеясын ұсынған. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін геосаяси және ішкі, сыртқы қорғаныс шеңберін жасап, мәңгілік ел саясатын Көк Түріктер іске асырды. Сол идея, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің бас ұранына айналуда.

«Күлтегін» жазуының қазіргі қазақ тілінің нормасына келтірілген Ғұбайдолла Айдаровтың нұсқасында: «Көктегі түркі тәңірісі, түркінің қасиетті жер-суы былай депті: Түркі халқы жоқ болмасын дейін, халық болсын дейін...» – деген жолдар бар [2].

Бұл жерде елдің тарих сахнасынан кетпей, сақталуын тілейді. Мәңгілік ел дегеніміз – мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады.

Орхон өзенінің бойында Түрік қағанатының Ордабалық деген астанасы болған. Қағанаттың хан ордасы мемлекеттің ішкі ядросы. Оны қорғайтын арнайы полиция (тұрғақ деп аталған) және оған қоса тұрақты әскер (шерік деп аталған) пайдаланылды. Ішкі қорғаныс деп атаған екінші шеңбер белдеуін түрлі тайпалар қорғап тұрды. Үшінші шеңберде он-оқ түркештер тұрды. Қырғыздар, кидандар, татабилер, таңғыттар, басмылдар да үшінші шеңбердің қорғаушысы болды. Осы үш шеңбер тұтас империяны қорғап тұрды. Түріктер осы 3 шеңберді орнатып болған соң, «Мәңгілік ел» идеясын нық бекемдейді.

Ғұлама ойшыл, сазгер, қобыз жасаушы Қорқыт бабамыздың өлімге қарсы тұрып, мәңгі өмірге ұмтылуы, тек Қорқыттың ғана емес, сол замандағы билеушілердің елдің мәңгі өмір сүруін қалағандығын білдіреді. М. Әуезов Қорқыттың мәңгілік өмір туралы толғаныстарының негізгі философиялық түйініп аша келіп, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор, мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қазақ халқы арасында тараған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Қорқытты мәңгі өмірді іздеген, бақилық болғысы келмеген деген түсінікті, халқына жерұйықты іздеген Асан Қайғымен түсіндіруге болады. Асан Қайғы өз халқы үшін ең қолайлы, ең құнарлы жерді іздегендігі белгілі. Утопиялық көзқарастағы Асан қайғының жерұйықты іздеудегі көздегені халқының жайлы жерге қоныстанып, болашақта мәңгі ел ету еді.

«Мәңгі ел» – арғы бабаларымыздың ұлы интеллектуалдық серпілісі. Күлтегін жазуында «Мәңгі» сөзі бес рет қолданылған. Қандай жағдайға байланысты қолданылғанына назар аударумен де мәні мен маңызына көз жеткізе аламыз.

1. «Өтікен жерінде отырып, керуен жіберіп отырсаң, онда мұның жоқ. Өтікен жынысында отырсаң, мәңгі ел тұтып отырар ең сен», делінген ескерткіште. Осы тектес қағидатты Білге қаған, Теркін мәтінінен де оқимыз. Мұндағы Өтікен – түркілердің астанасындай қасиетті жері. Байырғы түркілер өз мемлекетінің астанасын ерекше құрметтегенін әсте кездейсоқтыққа балауға болмайды. Ол – мемлекетшіл сана мен рухтың ажырағысыз серігі. Ендеше, мәңгілікке тірек боларлық орда керек екен. Ең кереметі – «Мәңгілік Ел» идеясы да Қазақстанның жаңа Елордасы Астанада паш етілді ғой.

2. Күлтегін жазуы былай дейді: «Неңдей бір айтар сөзім болса, мәңгі тасқа бастым. Мұны көріп біліңдер, түрік халқы, бектері, бөдке (таққа) кіріштарсыңдар ғой, жұртыңмен бірге жаңылғышсыңдар ғой сіздер». Бұл қағидаттан екі қорытынды шығаруға болады: бірі – билік пен билеуші мемлекеттің даму стратегиясын, ішкі және сыртқы саясатын анықтағанда қателікке жол бермеу керектігін, екіншісі – билік пен халық арасындағы ынтымақ, түсіністік мәңгіліктің кепілі екенін баса көрсету. Осынау ұстаным қазіргі Қазақстан үшін бейтаныс емес.

3. Көреген Күлтегін былайша толғанады: «Мен мәңгітас тіктім (тұрғыздым). Табғач қағаннан бедізші келтірдім. Бедіз еттім. Менің сөзімді бұзбады». Демек, мәңгіліктің негізінде материалдық, геосаяси, әскери фактор ғана жатқан жоқ екен. Бұрмалаудан, әсірелеуден ада, ақиқатқа суғарылған тіл мен сөз, руханият пен идеология, тұжырым мен теория мәңгілікке жетелейтініне бабаларымыздың күмән-күдігі болмаған. Бұл қағидат бүгін де өз күшінде. Елбасымыз қабылданатын барлық шешімдердің прагматизмі мен эволюциялылығын талап етуде. «Мәңгілік Ел» идеясын жариялаған «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «Экономикада, саясат пен әлеуметтік тұрмыста ешбір секіріске, жөнсіз сынақ пен авантюраларға жол беруге болмайды. Айналамыздағы әлем қалай тез өзгеретін болса, еліміз бен қоғамымыз да солай жылдам өзгеруге тиіс», – дегені бәріміздің есімізде.

4. Күлтегін жазуында мынадай жолдар бар: «Көңілдегі сөзімді (бастырттым) ... [...] он-иелік ұрпағына, кірмелеріңе дейін бұны көріп біліңдер. Мәңгі тас тоқыттым». Бұл тұжырымның мәнісі, біздіңше, мынада: ұрпақтар жалғастығы қаншалықты маңызды болса, этникалық, рухани, идеологиялық, тілдік, т.б.с.с. құндылықтардың сабақтастығы одан бір мысқал кем емес. Бұлар мәңгіге айналғанда халықтың ғұмыры ұзарады, әркімнің және баршаның бәсекеге қабілеттілігі

шындалады. «Біз» және «оларды», жақсы мен жаманды айыра білетін елдің мәңгілігі негізделеді. Осы орайда тәуелсіздік жылдары жүзеге асқан ұлттық тарих, мәдениетті қолдау жылдарының, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының, қазіргі «Ұлт жоспары: 100 нақты қадамның» маңызын тағы да мойындайсың.

5. «Мәңгі Елге» қатысты аманатталған Күлтегіннің соңғы өсиеті: «Бұл киелі жер еді. Қазір де киелі жер. Осындай киелі жерге мәңгі тас тоқыттым, жаздырдым. Бұны көріндер, осылайша біліндер». Тобықтай түйіні, біздің ойымызша, мемлекет үшін де, халық үшін де мәңгіліктің қасиетті көзі – жер дегенге саяды. Жер – бұл табиғат, экономика, байлық, өмір салты, геосаясат, руханият. Осылай болған және бола да береді [1]

Көрнекті еуразияшыл ғалым, тарихшы-этнолог Л.Н. Гумилев Еуразия құрлығының бірлігі, мәңгілігі туралы ойын көне түріктерден бастайды. Ол өзінің «От Руси к России» атты еңбегінде: «Еуразия құрлығы үш рет біріктірілді. Алғашында оны Ұлы Түркі қағанатын құрған көне түріктер біріктірді. Түріктерден кейін Шыңғыс хан бастаған монғолдар, кейіннен Ресей өз қолына алды» – дейді [3].

Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты философиялық шығармасында бұл идея теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталды және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны болып табылады.

Тоныкөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы, тәуелсіздік рухы, азаттық идеясы бір-бірімен үндесіп тұр.

Әл-Фараби ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасап берді. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың императивтері мен механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітәлді мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар – әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында X-XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» кейіпкерлерінің есімдері де бұрынғы тәңірілік дін нанымдарына қатысты. Басты бейне Күнтуды – әділ ел басшысының рәмізі. Бұл бейне «Күлтегін» («Түркі қағанаты туралы сөз») жазуларынан басталып, әл-Фараби мен Қожа Ахмет Иассауи армандаған түрік мәдениетіндегі үлгі, мұрат тұлғаның бастысы. Жүсіп Баласағұнның басты кейіпкер қылып Күлтегінді көрсетуі түркі мәдениетін жалғастырушы, мәңгілік ел бағдарының қолдаушысы екендігін айқындайды [1].

XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдың тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы тұлғаның ерлігі. Шығыстағы ежелден дұшпанымыз қытайлар жоңғарларды қазақ жеріне айдап салып, сол арқылы қазақ жерін де, жоңғарларды да өзіне қарату еді. Осы соғыста не қазақ, не жоңғар, болмаса екеуі де құруы керек екендігі алпауыт елдердің жаттанды саясаты еді.

Бірақ қазақ елі аман қалды. Қазақтың бақытына орай Абылай хандай дара тұлға тарих сахнасына келді. Нәтижесінде бұл соғыста қазақ емес, жоңғар 1758 жылы тарих сахнасынан мүлдем жойылып кетті. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады [6].

Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мелекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні – мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз – өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

Әдебиеттер

1. Е.Б.Сыдықов «Мәңгілік елдің тарихи кезеңдері» // «MANGI EL»: халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы / Бас ред. Е.Б.Сыдықов. – Алматы: 2013. – 64 б.
2. Қадыр Мырза Әли. Ежелгі түркі рун жазбалары: әдебиеттік оқулық Күлтегін Тонькөк: Алматы, 2001. – 156 б.
3. Гумилев Л.Н. От Руси к России: учебное пособие: Москва, 2002. – 12 б.
4. «АСЫЛ МҰРА» түркі антологиясы. // «MANGI EL»: халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы / Астана, 2012. – 75 б.
5. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар: оқулық: Алматы, 2005. – 95 б.
6. Ханкелді Әбжанов, Зардыхан Қинаятұлы, Дихан Қамзабекұлы, Гүлшат Нұрымбетова, Абдулкадыр Ювалы. Түркі әлемінің көшбасшылары: өткені мен бүгіні: I кітап Ұжымдық монография./ Астана: 2011. – 78 б.

ӘОЖ: 811.124

Г.А.Жукенова

«Электротехника колледжі» КМҚК, Семей қ, zhukanova78@mail.ru

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын жазуына көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар қызу жүргізіле бастады.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді [1].

Елбасы: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай – ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты.

Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес. Ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек», – деп атап көрсеткен болатын [1].

Республикамыздың латын тіліне өтуі – уақыт талабы, қоғамның дұрыс қадамы.

Жаһандану мен Қазақстанның халықаралық қарым-қатынасын әлемдік деңгейге көтеру үшін қазақ тілін латын графикасына көшіру керек.

Енді осы латын жазуының тарихына көз жүгіртсек. Жазу түрі – консонатты-вокалды болып келеді. Латын әліпбиі Батыс және Орталық Еуропа елдері, Азияның кейбір елдері соның ішінде Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде кеңінен қолданылып жүр. Шыққан жері – көне Рим елі. Шығу уақыты біздің дәуірімізге дейінгі 700 жылдары. Жазу оңнан солға немесе солдан оңға қарай жазылып, бағыты әрдайым алмасып отырған. Б.з.б IV ғасырдан бастап жазу тек солдан оңға қарай жазылады, алғаш 20 әріп болды. Қазіргі латын әліпбиінде 26 әріп бар. Жазудың бастауы: ханааней жазуы – финикий жазуы – грек жазуы. Грек жазуы мен латын жазуының аралығында зерттеуші ғалымдар этрусс жазуы болғандығын нақтылаған. Латын жазуы осы этрусс жазуының негізінде қалыптасқан жазулардың бірі. Осыған байланысты латын жазуының шығуы туралы екі түрлі ұстаным қатар айтылады: 1. Латын жазуы тікелей грек тілінен алынған. 2. Екі жазудың арасында аралық этрусс жазуы негізінде туындаған. Міне латын жазуының шығу тарихы осындай болып келеді [2].

Жер шарының 40% астамы осы жазуды қолданады.

Латын графикасына көше отырып төмендегі мақсаттарға қол жеткіземіз.

Кеңес үкіметі тұсында бізбен бауырлас кейбір халықтар латынға көшкенде, арамыздағы рухани байланыстар үзіліп, бір – біріміздің жазуымызды түсіне алмайтын деңгейге түсіп кеттік. Ал латын графикасын қабылдау арқылы біз рухани, саяси дербестігімізді де нағайта түсеміз. Олай болса, латын графикасы жалпы түркі халықтарының ортақ түсінесетін жазуы болары сөзсіз. Қазіргі уақытта латын әрпін қолдану, ең біріншіден, заман талабы болып отыр. Сондықтан да заманауи технологияларға тәуелді екенімізді мойындап, кез келген жаңа дүниелермен санасуымыз қажет.

Саяси маңыздылығы жағынан айтқанда, кириллицамен сiнiп кеткен отарлық санадан арылу үшін де оның саяси маңызы зор.

Еліміздің латын әліпбиіне көшу ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Ұлы Дала елінің тарихына көз жүгіртсек, бірінші тұғыры, байлығы – жер. Екіншісі – тіл, үшіншісі – мемлекет және оның тарихы болуы керектігі айқындалады.

Ағартушы – педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген [3].

Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу сызу да қолданды. Сондықтан бізге таңсық дүние емес.

Енді осы латын графикасына негізделген қазақ жазуы және оны оқыту әдістемесіне тоқталсақ.

Жаңа әліпбиді енгізудің басты мақсаты – жазуды меңгерту. Жазу техникасын меңгерту процесі үш бағыттан тұрады: 1) графиканы үйрету; 2) каллиграфияны үйрету; 3) орфографияны үйрету. Жаңа әліпбиді енгізудің бұдан да басқа мәселелері жеткілікті, дегенмен олардың барлығы осы аталған үш мәселенің айналасына үйіріледі. Іске асыру үшін ұстаздардың қолында төмендегі мазмұндағы оқулықтар болуы шарт: 1) бір жүйеге түсірілген орфографиялық заңдылықтар жиынтығы; 2) каллиграфиялық форма; 3) бастауыш мектепке, негізгі мектепке, орта мектепке және ересектерге бейімделіп жасалған әдістемелік жүйе [4].

Жаңа қазақ жазуын үйрету әдістемесінің негізгі үш арнасын – лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік негіздерін атап көрсету керек.

Лингвистикалық негіздеріне енетін мәселелер – жаңа жазуды үйренетін субъектілердің оқу не кәсіби, әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес келетін белсенді лексикалық қоры, соған сәйкес грамматикалық минимум және фонетикалық материалдар жазуға керекті арнайы белгілер туралы білімі.

Психологиялық негіздеріне енетін мәселелер – жазу дағдылары, есту, көру материалдарын жазуға айналдырудағы байланыстар, өз ойын білдіру үшін тұтас жазба мәтін құрау, жазуды үйренушілердің қызығушылықтары мен мотивтері және оларды жоғарылату мәселелері.

Әдістемелік негіздеріне енетін мәселелер – графикалық дағдылар, каллиграфиялық дағдылар, жазу техникасы, өз бетімен жазу дағдылары, жазба тілді жетілдіру жаттығулары, орфографиялық анықтағыштар мен анықтамаларды, сөздіктерді қолдану [4].

Латын графикасына негізделген қазақ жазуының халыққа тез және сапалы қабылдануы үшін, бұл мәселенің әдістемелік қыры ғылыми және практикалық тұрғыдан сенімді нақтылануы қажет. Ғалымдар теориядан гөрі практикалық мақсаттарды жүзеге асыратын әдістерді қолдану қажет. Жаңа жазуды оқытуда инновациялық көзқарас басым болуы керек. Латыннегізді қазақ жазуын үйренуді инновация деп санауымызға қабылдауымыз қажет. Сонда ғана біз жоғары жетістіктерге қол жеткізе аламыз.

Жастар ұялы телефон пайда болғаннан бері, sms-хабарламаларды, әлеуметтік желідегі ақпараттарды латын әріптерімен алмасып жүргендіктен, жаңа әліпбиді меңгеру кейінгі буынға аса қиындық туғызбайды деп ойлаймын.

Жастардың латын қарпінде өз тілін меңгеруі, оны әлемге паш етуі дұрыс деп ойлаймын.

Жаһандану қатты қарқын алған заманда, ғылымның түрлі саласы дамыған сайын ұлттық құндылықтарымызды жаңа өмірге бейімдеуіміз қажет.

Латын тілін меңгеру – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақтың абыройлы міндеті.

Жазуды алмастыру мәселесі – жүйелі жүргізілетін маңызды іс. Бұл шара тиянықтылық пен ұқыптылықты ауадай қажет етеді. Жаңа жазу үлгісіне көшу – тарихи мәні зор оқиға. Оған селқостық танытуға болмайды.

Латын әліпбиіне көшудің айрықша маңызы – оның түркі бірлігі идеясына жол ашуында. Белгілі ғалым М. Мырзахметов жазу таңбаларын өзгертудің тарихи себептерін саралай келіп, латын әліпбиіне көшу арқылы түркі халықтарының рухани бірлігін нығайтуға мүмкіндік туатынын айтады [5].

Латын әліпбиіне көшу – уақыт талабынан туған мәселе. Оның ел болашағы үшін маңызын жоққа шығара алмаймыз. Латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы қазақ санасының рухани жаңғыруына әсер ететініне сенімім мол.

Қазақстанның латын әліпбиіне көшуі экономикасы дамыған отыз елдің қатарынан орын алуға, мемлекеттік тілдің ұлттық бет-бедерін сақтап қалуға, түбі бір туыс түркі халықтарымен рухани – мәдени жақындасуына, электронды ақпарат құралдарын жылдам игеруге оң ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, латын қарпіне көшу мәселесі ұлт болып жұмыла кірісетін үлкен шаруа болып тұр.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру». 2017ж 12 сәуір.
2. М.Томанов «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі». Алматы, 2014ж.
3. А.Байтұрсынов «Тіл тағылымы». Алматы,1992ж.
4. Н.Ж. Құрман «Латын графикасына негізделген қазақ жазуы және оны оқыту мәселелері» \\\ Білім Образование № 2, 2019ж.
5. Ұ.Жолдасова «Латын әліпбиіне көшудің тарихи маңызы»\\ Педагог. № 2, 2018ж.

ӘОЖ: 94(574.42) «19»:372.893К17

Қ.Қ. Байсарина, Е.Б. Калиаскарова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, elnaz.kaliaskarova@gmail.com,
bkksemey@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ АУЫЗША ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІНІҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Әлемде күнделікті орын алып жатқан интенсивті, кейде түбегейлі өзгерістер адамзатты жаңа сын-қатерлердің алдына әкелуде. Кез келген саладағы өзгерістер адамзаттан ұтымды әрекеттер, жаңа дағдыларды игеруді талап етеді. Бұндай қажеттіліктердің орын алуы заңдылық. Себебі, адамзат, әлем бірін-бірі ауыстыратын механизмдер арқылы дамиды.

Ғылыми технологиялар саласындағы жаңалықтар адамзат өмірінің барлық бөліктеріне өз заңдылықтарын енгізуде. Бұл процеске екі жақты позицияда қарауға болады. Біріншіден, ғылыми технология өнімдері адамзат өмірінің бар саласын эффективті жүргізуге мүмкіндік беруде. Ал, екіншіден, бұл жаңалықтар дәстүрлі барлық құндылықтар мен әрекеттерді ығыстырып, тіпті, жоққа шығаруда.

Мысалы, адамның физикалық күшін қажет ететін зауыттардың кәсібіне роботтар, электронды машиналар орнатылып, адамды толығымен ауыстырды. Тіпті, жасанды интеллектке тән емес ойлау, фантазия дағдыларының өнімдерін өндіруде де адамды алмастырды. Оған мысал ретінде, американдық режиссер Оскар Шарптың жасанды интеллект жазған сценарийі бойынша фильм түсіруі [1]. Осының бәрі кез келген салада жаңашылдыққа дайын болып, бейімделіп, ұтымды жолдар арқылы қандайда бір мақсаттарға жету қажеттігін түсіндіреді.

Келтірілген аналогия тарих саласында деректердің дәстүрлі түрлерін ғана мойындап, қолданып, ғылыми айналымға енгізгеннен бөлек ауызша тарих деректемелерін басшылыққа алып, тең деңгейде пайдалану қажеттігін ақтайды.

Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы бөлімінде ұлттық кодты сақтай отыра, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет деп көрсетеді. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы [2].

Яғни, ұлтты дамытуда дәстүрлі емес мүмкіндіктер мен әрекеттерді, дағдылар мен құралдарды дұрыс қолдану эффективті екенін түсіне аламыз. Ауызша тарих деректемелері заманға сай жабдықталған құралдар мен әрекеттер арқылы тарих саласының жандануына үлес қосады. Ауызша тарих дегенде кейін пайда болған, жас сала деп қабылдамау керек. Бұл жерде ауызша тарих деректемелерін дәстүрлі деректемелер қорларының қатарына енгізіп, кеңінен қолдану қажеттігін жеткізу үшін мысал ретінде келтірілді.

Ауызша тарих қоғамдық жазбалармен, статистикалық мәліметтермен, фотосуреттермен, карталармен, хаттармен, күнделіктермен және басқа да тарихи материалдармен толықтырылған өткеннің толық және дәл бейнесін береді. Оқиға куәгерлері құжатталған тарихтағы оқиқылықтарды толтыратын, кейде түзететін немесе тіпті жазбаларға қайшы келетін әртүрлі көзқарастарды білдіреді. Интервьюерлер басқа жазбаларға енгізілмеген сұрақтарды қоя алады және әңгімелері айтылмаған немесе ұмытылған адамдардан сұхбат ала алады [3]. Кейде сұхбат белгілі бір орын, оқиға немесе адам туралы ақпараттың жалғыз көзі бола алады.

Ауызша дереккөздерді археологиялық пайдалану соңғы жылдары жиі қолданыла бастады, өйткені бүкіл әлемдегі археологтар өздерінің зерттеулерін қоғамдық мүдделер мен жергілікті қоғамдастық проблемаларына қатысты тақырыптармен байланыстырудың құндылығы мен қажеттілігін түсінді. Ауызша ақпаратқа негізделген бұл зерттеудің көп бөлігі археологияны "тарихсыз" маргиналданған топтардың мүмкіндіктерін кеңейту арқылы әлеуметтік әділеттілік мәселелерін шешудің құралы ретінде пайдаланады [4].

Ауызша тарихтың тұжырымдамасы мен орнын, мазмұнын қалай өзгертетінін және оқиғаның бағытын, сондай-ақ өзгеріп жатқан әлеуметтік-саяси ортадағы рөлін тереңірек түсіну қажет. Қазақстан Республикасы контекстіндегі ауызша тарихтың шектеулері қарастырылады, сонымен қатар оқыту әдістерін өзгерту үшін ауызша тарихты қолдану қажет.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған уақыттан бері тарих саласында көптеген жаңашылдықтар орын алды. 1991 жылы жаңа ғана Тәуелсіздігін алған жас мемлекетке тарих саласын қайта қарастыру, қайта жазу мақсаты қойылды. Себебі, Кеңес үкіметі кезеңінде өзінің жеке тарихын толыққанды дәріптей алмау мәселесі болды [5]. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Тәуелсіз Қазақстан үшін ауызша тарих деректемелері өте маңызды. Себебі, әр болған оқиғалардың шынайы мақсаттары мен мұраттарын, қатысушы субъектілер позициялары сол заманғы адамдардың өз сөздері, өз дауыстары арқылы нақтырақ болмақ. Ал қазіргі Тәуелсіз Қазақстан үшін заманауи құралдарды пайдалана отырып, тарихи жазбалар, деректер жинақтау процессін бір жүйеге енгізіп, жеделдету қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында былай деді: «Тарихымыздың ақтандақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек. Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс. Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек» [6].

Яғни, тарих саласына жаңашылдық, серпіліс, белсенді жұмыс жүйесі қажет. Жоғарыда келтірілген тарихымыздың ақтандақ беттерін ашып, зертеп дәстүрлі тарихи зерттеу әдістерінен

қарағанда ауызша тарих әдіс-тәсілдерін, инструменттерін қолданып, замануи технологияларды қолданып ақпараттарды жинақтап, сақтау қажет. Мысалы, тарихи кезеңдерге арналған AppStore, Google Play кеңістігінде жүктей алатын мобильді қосымша құрастыру. Осы қосымшаны құрастыру барысында ақпараттар дәстүрлі де, ауызша тарих әдістері де арқылы жинақталып қосылса. Тақырып бойынша әр түрлі мамандардан интервью алып, қосымша ішін аудио, видео материалдармен толықтырса. Бұл идея заманға сай, қолжетімді, кез келген уақытта қоғамның барлық топтары қарап, таныса алатын өнім болар еді.

Ауызша тарих әдістерін дамытып, жоғары деңгейге жеткізудің себептері жеткілікті. Ғылыми-технологиялық жаңалықтар жақын болашақта ақпараттардың цифрлі жадтарда ғана сақталып қалатынына күнен күнге дәлел болуда. Яғни, тарихымызды аудио, видео форматында ғана сақтап қаламыз деген сөз. Осы ретте адами капитал сапасы да жоғарылауы қажет. Бұл мақсатта әлемдік деңгейде көптеген жұмыстар жүргізілуде.

Оған бір мысал – тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) – бұл кедейлік пен қайыршылықты жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыттар таңдалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді. ТДМ-ын енгізу және оған қол жеткізу процесі БҰҰ өкілдері тарапынан да, Қазақстан Республикасының үкіметі тарапынан үнемі бақыланады. ТДМ-на тиімді жету үшін ведомствоаралық және тұрақты дамудың мақсаттық индикаторлары жөніндегі сарапшылар тобы БҰҰ-ға мүше әр мемлекет үшін осы көрсеткіштерді мемлекет меншігіне айналдыру мүмкіндігі бар ғаламдық көрсеткіштер жүйесін жасады. Бүгінгі күні Қазақстанның ТДМ-на қол жеткізу мониторинг жүйесі 280 индикаторды қамтиды, оның 205-і ғаламдық, ал 75-і ұлттық индикаторлар [7].

Ауызша тарих әдістемесі тарих, әлеуметтану, антропология, құқықтану, журналистика және психологияны қоса алғанда, бірқатар академиялық пәндерге негізделген. Осы пәндердің әрқайсысы сұхбат өнеріне маңызды үлес қосты және ауызша тарихшылар қолданатын әдістерді байытты. Олардың сұхбат стильдерінде бірқатар күшті және әлсіз жақтар бар. Осы кәсіптердің әрқайсысының тәжірибешісі жасаған аудиожазбаны мұқият зерделеу олардың оқуынан байқауға болатын ерекше белгілерді ашады. Бұл айырмашылықтар сыртқы келбетінде шамалы болса да, сұхбат нәтижесін түбегейлі өзгерте алады. Сондықтан келесі әдіс ауызша тарих нұсқаулықтарының көпшілігінде кездесетін әдістерге негізделмегенін атап өткен жөн. Керісінше, бұл ауызша тарихқа эклектикалық көзқарасты білдіреді және журналистика, құқық, психология және тарихтан алынған принциптерге негізделген. Оның дизайны кітаптағы ауызша әңгімелерге арналған, бірақ оны кез – келген жерде қолдануға оңай бейімдеуге болады-бір сұхбаттан бастап бірқатар тақырыптарды қамтитын зерттеу жобасына дейін. Бұл тәсіл ауызша тарих – бұл жоғарыда аталған кәсіптерде өз күшін тартатын делдалдыққа негізделген пән және тәжірибелі ауызша тарихшы сұхбат барысында олардың әрқайсысы жинақтаған тәжірибеге жүгінуге дайын болуы керек деген пікірге сәйкес келеді.

Ауызша тарих әдістерінің негізінде "сауалнама технологиясы" немесе "сұрау технологиясы" жатыр. Кездейсоқ әңгіме барысында, қатаң құрылымдалған немесе еркін сұхбат барысында, белгілі бір тарихи мәселелерді талқылау кезінде, тіпті сауалнаманы толтыру кезінде және т.б. сұрақ қоюға болады, бірақ ауызша тарихтың ерекше әдісі-бұл сұхбат әдісі, зерттеу процесінің өзі сұхбат деп аталады. Ауызша тарихты сауалнаманы қолданатын көптеген әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың әдісі ретінде қарастыратын ғылыми мектептер бар.

Зерттеу әдісі ретінде ауызша тарихты АҚШ ауызша тарихы қауымдастығы анықтайды және бұл анықтама халықаралық тәжірибеде кең таралған: ауызша тарих – бұл өткен оқиғаларға қатысушылармен сұхбат жазу, олардың өмір жолын жазу арқылы тарихи ақпаратты жинау және сақтау әдісі. Сауалнама-бұл жазбаша сөздің алдындағы тарихи зерттеудің ең көне тәсілі және сонымен бірге 1940 жылдары жазу жабдықтарының пайда болуымен басталған соңғы тарихи әдістердің бірі. Ауызша тарихтың соңғы өнімі – аудио немесе бейне жазу.

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымыз болуға тиіс [6].

Тәуелсіздіктің маңыздылығы мен мәнін тарихты жандандыру, жан-жақты, белсенді насихаттау арқылы ғана түсінуге болады. Сондықтан, тарихты заманға сай, өзгерістерге төтеп бере алатын әдістер арқылы қарастырып, қолжетімді өнім ретінде тарату қажет.

Әдебиеттер

1. Александра Степанова Искусственный интеллект уже создает музыку, сценарии и стихи. Теперь настала очередь фильмов?[Электрондық ресурс]: 25 августа 2020. – электрондық деректер. – Сайт «Компания RB.RU». – Қатынау режимі: <https://rb.ru/story/first-ai-movie/>
2. Н.Ә. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру[Электрондық ресурс]: 2017 жылғы 12 сәуір. – электрондық деректер. – Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – Қатынау режимі:https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
3. Donald A. Ritchie. Doing Oral History[Электрондық ресурс]:– электрондық деректер. – Amazon.com сайты. – Қатынау режимі:<https://www.amazon.com/Doing-Oral-History-Donald-Ritchie/dp/0195154347>
4. Oral history projects. Helping your application. – Cardiff, 2004. – P. 5
5. S Counce, Oral history and the local historian (Longman, New York, 1994), pp. 100-1; The Sunday Independent, 3 May 1998, p. 22.
6. Қасым-Жомарт Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат[Электрондық ресурс]: 5 қаңтар, 2021. – электрондық деректер. – Egemen Qazaqstan сайты. – Қатынау режимі:<https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat>
7. Цели устойчивого развития [Электрондық ресурс]:– электрондық деректер. – Электронное правительство Республики Казахстан. – Қатынау режимі: <https://egov.kz/cms/ru/zur>

ӘОЖ: 930.1:94(574)

А.Б. Бақытжанова

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Манаш Қозыбаевтың ғылыми зерттеулері Қазақстан халқының екінші дүние жүзілік соғыс жылдарындағы ерлігі мен қаһармандық еңбегіне, Қазақстан мемлекетінің құрылу және қалыптасу тарихына арналған. Көптеген еңбектері тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихына, елдегі ұлттық идеологияны белгілеп, қалыптастыру мәселелеріне арналған еді. Әр ғалым отандық зерттеулерге айтарлықтай өз үлесін қосады. Бұған халқымыздың: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген дана сөзі дәлел. Осындай нақыл сөзді халқымыз тарих тарланбозы, академик Манаш Қозыбаевқа арнап айтқандай. Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, ұлт мәселесі ғалымның еңбектерінің басты тақырыбы деуге болады. 1991–2002 жылдарда мерзімді басылым беттеріне М. Қозыбаевтың тәуелсіздік, ұлт тақырыбына арналған көптеген мақалалары жарияланды. Атап айтқанда «Тәуелсіздік толғаныстары», «Тіл тағдыры – ұлт тағдыры», «Киелі тәуелсіздік», «Тәуелсіздік даңғылы», «Ана тілім – айбарым», «Тәуелсіздіктің рухани көрінісі», «Отан туралы сөз», «Қандай елміз – қандай болуға тиіспіз», «Тәуелсіздік самалы», «Ұлт болмысы», «Ұлт намысы», «Ұлт тілі», «Ұлттық мәдениет», «Ұлтжандылық», «Ұлт зиялылары» және тағы басқа мақалалары жарық көріп, Қазақстанның тәуелсіздікке жету жолдары мен оның тарихи маңызы, халқымыздың ұлтжандылық қасиеттері айқындалды [1].

1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың бас кезінде ұлттық сана-сезімнің күшеюі, кеңестік мемлекеттік жүйе мен коммунистік идеологияның күйреуі және егеменді Қазақстан мемлекетінің жариялануы мен қалыптасуы тарих ғылымының қоғамдағы орнына түбегейлі өзгеріс енгізгені аян. Осы кезден бастап, академик М.Қозыбаев басқарған Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттеуге орасан зор үлес қосты. Қазақстан Республикасының алғышарттары пайда болған 1980 жылдардың соңынан бергі уақыт ішінде Қазақстан тарихшылары академик М. Қозыбаевтың басшылығымен тарихи зерттеулер методологиясының мәселесі, жинақталған тарихи білімдерді қайта пайымдау, қазақ халқының шығу тегі мен этникалық тарихы, ұлттық мемлекеттілік пен ұлттық қауіпсіздік проблемалары, Қазақстанның саяси-әлеуметтік және экономикалық даму тарихының, Қазақстанның жалпы тарих тұрғысынан әлемдік қауымдастықтағы, оның ішінде ең алдымен Ресей және ТМД елдерімен, Қытаймен, алыс шетелдермен қарым-қатынасына байланысты өзекті мәселелер отандық тарих ғылымының басым бағыттарына айналды [2].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында М. Қозыбаев жаңа сипаттағы Қазақстанның азат тарихының жаңа тұжырымдамасын жасауға өз зерттеулері арқылы салмақты ой-тұжырымдар қосты. Ғалымның, бұл тақырыпқа мынандай еңбектерін жатқызуға болады, «История и современность», «Ақтандақтар ақиқаты», «Жауды шаптым ту байлап», «Тарих зердесі» және тағы басқалар. Аталған туындыларында академик, қазақтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен далалық өркениеттің жаңа қырларын айқындады; Қазақстанның Ресейдің отарына айналу процестерінің кезеңдерін, түрлерін қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан қарастырды; патшалы Ресей мен Кеңес Одағы жылдарындағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен қарулы көтерілістердің ортақ белгілері мен аймақтық ерекшеліктерін зерттеді. Кеңес Одағы жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеуге, осы арқылы олардың құрбандарын ақтау ісіне еңбек сіңірді; күштеп ұжымдастыру мен қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру тарихы мен қасіреті салдарын ашу ісіне ат салысты, сонымен бірге Қазақстанның арғы, бергі тарихының зерттелу жағдайын зерделеді. 1990 жылы М.Қозыбаев Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация дайындайтын комиссия мүшелігіне сайланды. Ал, 1990-1993 жылдары Жоғарғы Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тіл дамыту комитетінің мүшесі болып, Қазақстан мемлекетінің Конституциясын, заңдары мен актілерін қабылдауда қайраткерлік танытты. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздердің жобасын талдауға қатысып, өз ойын білдіреді. Манаш Қабашұлы Отан тарихының «жабық» саналып келген көптеген проблемалық мәселелерді арнайы үкімет рұқсатымен қарастыру жолында едәуір жұмыстар жүргізді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тарихы, 20-30 жылдардағы ұжымдастыру, тәркілеу, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық мәселелерінің ақ қарасын ашу турасында комиссия құруды талап етіп, кейіннен сол комиссияның төрағасы болды. Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, ұлт мәселесі ғалым еңбектерінің басты тақырыбына айналды. М.Қозыбаевтың тәуелсіздікке байланысты толғанымдары, отанға деген сүйіспеншілігі аса терең. Оның әрбір зерттеуінен осы тәуелсіздікке жетудегі халқымыздың патриоттық сезімі, ұлтжандылығын айқын сезінуге болады.

Академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қ. Қозыбаев ХХ ғ. екінші жартысындағы қазақ зиялы қауымының ірі өкілі, ХХ ғ. соңы мен ХХІ ғ. тоғысындағы өтпелі кезеңдегі қазақстандық тарихшылардың ішіндегі шоғыры биік тұрған тұлғалардың бірегейі болып табылады. М.Қ. Қозыбаевтың 800-ден асып жығылатын ғылыми зерттеулері (оның 30 монография) Қазақстан тарихының қай саласындағы болмасын өзекті тақырыптарға арналғанын байқаймыз. М.Қозыбаевтың қаламынан туындаған еңбектерде қазақтың орта ғасырлардан бастап, тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығына дейінгі тарихи оқиғалар өз бағасын алды[3]. Ғалым ағамыздың үзеңгілес серігі, т.ғ.д., профессор К.Нұрпейіс осы егемендікті алған тұстағы зиялылар арасындағы жағдайды былайша суреттеп, баға береді: «Ал, кеңестік кезеңде білім алып, тарихшы болып қалыптасқан әріптестеріміз шығармашылық дағдарысқа ұшырады. Мұның басты себебі, тарих ғылымы саласындағы идеологиялық құлдық психологияның біразға дейін өз күшінде болуында еді. Біртіндеп кәсіби тарихшылардың белгілі бөлігі бұл дағдарыстан құтылып, Тәуелсіз Қазақстанның шындыққа сай тарихын жазуға кірісті. Осы жылдары Манаш Қабашұлы өзінің жеке жүргізген жан-жақты, әрі терең зерттеулері арқылы және кең көлемді ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі нәтижесінде республика тарихшыларының көшбасшысына айналды», – деп айтқандай тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында отандық тарих ғылымының көшбасында Манаш Қозыбаевтың есімі ерекше аталады[4]. Ол ұлтына адал қызмет еткен айрықша тұлға. Оған ғалымның ерлігі мен еңбегі дәлел бола алады.

Әдебиеттер

1. Бимаканова З.Ш., Жанайдарова М.К. М.Қозыбаевтың Өркениет мәселесі жайында.
2. Манаш Қабашұлы Қозыбаев Философия және саясаттану институты. Алматы, 2004. – 20-21 бб.
3. Құдайбергенова А.И. Академик М.Қозыбаев еңбектеріндегі халықтану саласына байланысты ой-пікірлер//Қозыбаев оқулары – 2019: Рухани жаңғыру және қазіргі әлемдегі ғылыми білім беру кеңістігінің даму үрдісі атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. 2019. – 256-258 б.
4. Академик Манаш Қозыбаев. Мерейтойлық жинақ. Алматы: Атамұра, 2001. – 136 б.

М.С. Мырзаканов, М.Б. Қайырхан
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН МЕНГЕРУДЕГІ БАСТЫ ЭЛЕМЕНТ

Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының жаңа тұрпатты педагогінің үздіксіз білімі» мен «ҚР жоғары педагогикалық білім» тұжырымдамаларында көрсетілген болашақ мамандардың тұлға болып қалыптасуына қойылатын талаптардың бірі – мұғалімнің шығармашылық дәрежесін еліміздегі басқа халықтар тарихы мен мәдениетін қайта жаңғырту негізінде ұлттық рухани мәдениетін қалыптастыру болса [1], ал «Қазақстан – 2030» стратегиясы Қазақстан дамуының жаңа кезеңінде ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды бағыттарының бірі – халықтың мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін дамыту. Бұл болашақ маман даярлауда маңызды. Көркем мәдениеттің маман даярлаудағы маңызы біріншіден, зерттеу нысанын анықтайды, екіншіден, шығармашылық таным нысаны мен әдістің ерекшелігінен көрініс табады [2]. Шығармашылық таным алдымен дүниетанудан басталады. Ал дүниені танып білу екі сатыдан – сезімдік және абстракциялық ойлаудан тұратыны философия ғылымында дәлелденген. Сезім – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келу-келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психологиялық процестің бір түрі. Әл-Фараби «Адамзатқа тән ерекше бір қасиет өзін қоршаған дүниенің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ету» деп дәлелдеген. Бұл салада бейнелеу өнерінің өзіндік қырларының маңызы зор.

Бейнелеу өнерінде суреттің алатын орны ерекше. Суретті бейнелеу өнерінің негізі деуге болады. Бейнелеу өнеріндегі кескіндеме, сәулет, композиция, мүсін сияқты бейнелеу түрлерін суреттен тыс қарауға болмайды. Өйткені кескіндемеші де, мүсінші де, сәулетші де суретке соқпай өте алмайды. Қайта өрлеу дәуірінің алыбы Микеланджело былай деген болатын: «Нобай жасау өнері – басқаша танылып жүрген сурет-кескіндеменің де, сәулеттің де, мүсіннің де еңбек нүктесі, сурет-кез-келген ғылымның қайнар көзі мен түп тамыры. Сурет деген сөзге анықтама берер болсақ, сурет деп қарындаш, көмір, сангина, қаламыш, арқылы нобай ретінде жеңіл сызып салған шығармасын атаймыз.

Суретші – педагог ретінде сурет өнеріне үлкен баға бере отырып, сурет кез-келген бейнелеу өнерінің іргетасы деп санаймын, бұл пікіріммен басқа да осы саладағы ғалымдар санасады дей келе, суретке баса назар аудару керек – демекпін. Әрине, бұл пікірдің өміршілдігі бүгінгі таңда анықталып отыр. Суретшінің кез келген жұмысы суреттен басталады. Ол болашақ картинасын бастамас бұрын кенепке анық нобайын салып шығады. Сол себепті әйгілі де атақты шеберлердің қай-қайсы да суретке үлкен мән берген. Қайта өрлеу дәуірінің атақты мүсіншісі Микеланджело бейнелеу өнерінің барлық түрлерінің қайнар бастауы мен жан жүрегі сурет деп санаған. Ал көркемөнер академиясында Репинді, Суриковты және Серовты оқытқан профессор П.П. Чистяков «Қиял деңгейі төмен адам картина жаза алмайды», – деп есептеген [3].

Қайта өрлеу дәуірінің суретшілері бейнелеуді оқыту әдістеріне байланысты біршама құнды пікірлер айтқан. Олардың пікірінше бейнелеуді оқытудың негізі заттан қарап бейнелеу болу керек деді. Мысалға, Чепнино өзінің кескіндеме туралы трактатында: "Байқасаң салтанатты қақпа арқылы жетелеп өнерге апаратын ең жетілген жетекші – ол заттан қарап бейнелеу" – деп жазған.

Осыған байланысты тарихи деректер бойынша Ежелгі грек суретші – педагогтары бейнелеу өнерінің басты мәселелерін шешуге талпынып, өз шәкірттерін бейнелеуге оқуды ғылым арқылы игеруге шақырып, бейнелеуге ұсақ кәсіп ретінде емес үлкен шығармашылықпен қарау керектігін айтқан еді. Рим империясының суретші – педагогтарын бейнелеу өнерін оқытуды одан әрі дамыту мәселелері көп алаңдатпады. Олар бейнелеу өнеріне ұсақ кәсіп ретінде қарап, бейнелеуге дамытуда тек үлгіден көшіру әдісімен шектеліп, әйгілі грек шеберлерінің жұмыс тәсілдерін қайталады. Сөйтіп римдік суретшілер гректер жасаған бейнелеуді оқыту әдістемесін одан әрі дамытып жетілдірмей кейбір оқыту әдістемелерін біртіндеп жоғалта бастады.

«Живопись туралы үш кітап еңбегінде» Леон Баттист Альберти бірқатар құнды әдістемелік ережелер ұсынды. Ол бейнелеуді маңызды ғылыми пән ретінде қарастырды. Өнерге оқытудың нәтижесі болуы ғылыми биіктілікке байланысты деп жазды.

Альберти оқыту әдістемесіне ғылыми негіздеме бере отырып, сурет салу тек қолды жаттықтыру емес, ақыл-ойды жаттықтыру деп қарастырды. Бұл қағиданы басшылыққа алып кейіннен Микеланджело «суретті қолмен емес баспен салады» деген болатын. Қазіргі суретшілердің

жұмыстарын талдау кезінде біз оның негізіне мән бере қоймаймыз. XX ғасырдың басында швецария педагогі Иоганн Генрих Песталоцидің ықпалымен бейнелеу өнері жалпы білім беретін мектептерде пән ретінде енгізіле бастады. Песталоци сурет салуға оқытудың, әсіресе бастауыш сыныптарда маңызы зор екендігін айтты. Оның айтуынша жазуға үйренбес бұрын сурет салуға үйрену керек, өйткені сурет салу дағдысы жазуды меңгеруді жеңілдетеді. Дұрыс ойлану үшін қоршаған ортадағы табиғатты дұрыс көре білу керек. Ол биіктілікке жетудің бірден бір тәсілі – сурет салу дейді.

Қандайда болмасын нақты суретпен жұмыс, заттың өзіне қарап салудан, оның пластикалық қасиетін оқып білуден басталады.

Сурет салуға үйренудің алғашқы кезінде қарапайым бұйымдардың – шар, цилиндр, пирамида т.б. сияқты заттардың суретін салып, көптеген жаттығу жұмыстарын жасаған пайдалы. Мұндай қарапайым жаттығулар жазықтықта тұрған заттардың кеңістікте орналасу заңдылықтарын дұрыс ұғынуға көмектеседі. Сол себептен алдымен суретті жақсы меңгерген жөн. Атақты суретшілер Ә. Қастеев, Қ. Тельжанов, А. Ғалымбаева т.б. суреттерін қыл қалам арқылы көп салған, арнайы уақыт бөліп, нобайлар, жылдам салған суреттермен эскиздермен жиі-жиі айналысып отырған. Сөйтіп, сурет өнеріне қолдарын машықтандырған, яғни қабілеттерін одан ары арттыра түскен [4].

Сурет салуды жетік игеруге күн сайын жүйелі жұмыс істеу арқылы кәсіби суретшілік дәрежесіне жететінімізді әйгілі суретшілердің өмірлік тәжірибиелерінен көрдік. Сонда ғана жас суретшілер күнделікті еңбектің арқасында білікті тәжірибие жинақтап, техникалық білім мен тәсілдерді игереді. Өткен және қазіргі заманғы шеберлердің сурет салу техникасын зерттеп үйренгеніміз жөн. Мұндай ізденістің өзі суретшінің ой-өрісін кеңейтіп, сурет салудың сан алуан тәсілдерімен танысуына көмектеседі. Сонадай-ақ сурет салғанда қолданылатын түрлі материалдарды игеруге, олардың мүмкіндіктері мен қасиеттерін іс барысында танып білуге үйретеді. Сондықтан менің ойымша бейнелеу өнеріндегі суреттің ролі ерекше екенін бағалауымыз керек. Жаңадан бұр жарып, өсіп келе жатқан жас шыбықтай кішкентай ғана бала бақшадағы бүлдіршіндердің және бастауыш сыныптағы оқушыларымыздың әр қайсысының бойында тұнып тұрған өнер бары анық. Өсе келе бүлдіршіндеріміз нені көп меңгеріп, көріп, естіп шұғылданса, сол ілім ары қарай дамып, қонған ілімдер бірте-бірте ескерусіз қалмайтыны анық.

Сурет салудың ұлттық тәрбиелеуде алатын маңызы зор. Ұлттық нақыштағы суреттер арқылы жастардың туған елге деген патриоттық сезімдерін оятып, дамытамыз. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: "...Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды... Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек." – делінген еді [5]. Қазіргі жетілген қоғамымыздың жастары өзінің бүкіл адамгершілігі, ақыл-ой парасаты, мәдениеті жағынан бұған дейінгі қай кездегідей болса да еңсесі биік тұратын, жан-жақты тәрбие алып, жаңа сана, жаңа қасиеттермен шыңдала түскен рухани жан дүниесі мейлінше жетілген болуы тиіс. Бейнелеу өнері сабақтарында шығармашылық жұмыстардың әртүрлі тұрпаттары мен әдіс-тәсілдер түрін пайдалану, оқушының сурет салудағы шығармашылық үрдіске енуін белсендіріп, әр түрлі тұрпатта орындау әдіс-тәсілдерін игеруде жаңа шешім қабылдауына көмектеседі. Бейнелеу өнері сабағын дамыта оқыту технологиясы арқылы, халқымыздың өнері мен мәдениетін жаңғыртып қолдана отырып, оқушыларға жан-жақты рухани-эстетикалық біліммен тербие беру жолдарын жетілдіріп, дамыту және оның әдістемелерін анықтауымыз қажет. Бейнелеу өнері пәнін тереңдетіп оқыту бағытын, оның сабақ түрлерін, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай анықтау керек. Оқушылардың халық мәдениетіне, өнеріне дәстүрлеріне деген көзқарастарын, білім деңгейін және оған деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру тәсілдерін белгілеу болып табылады. Бейнелеу өнері пәндерін тереңдетіп оқытуда халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, өнерін, жалпы ұлттық өнер-тұрмыс тыныстарын түрлі тарихи деректер арқылы таныстырып, еске түсіре отыруымыз қажет. Оқушылардың өз халқының мәдениеті, өнері мен қатар әлемдік рухани байлық негіздерінде жете біліп, жан-жақты тербие алу жолдарын қарастырамыз. Көркем өнер, көркемдік таным бағытында оқушылардың халықтық мәдениет пен өнер негіздерін пайдалануға білімдері мен теориялық және практикалық көркем қызметтерін ұштастыра отырып, тәрбиелеу жолдарын анықтау керек. Сурет салу арқылы көркемдік тәрбиеге баулу қазақ халқының өнер түрлерімен, мәдени мұраларымен, ұлттық салт-дәстүрлерімен таныстырып игерту арқылы орындалады. Оқушылардың жаңа ғана айтылған ертегі немесе нақылға орай қандай да болмасын сурет салуды сұрасақ, бала өзін бейнелеу өнерінің шебері ретінде сезінеді, сонымен бірге әңгіменің мазмұнын есінде жақсы сақтап қалады, өйткені ол

әңгіменің мазмұнын ішкі сезімімен жеткізуді көздейді. Осы сияқты тағы басқа да суреттер бойынша әңгіме құрастыруға болады. Сабақтың тақырыбы бойынша балалардың адамның әлдебір сарасы туралы айтатын бір нәрсені бейнелуді сұраңыз. Мүмкін бұл оларға алғашқыда қиын тапсырма болып көрінер. Алайда, балалар уақыты келгенде кез-келген шығармашылық ойды қағаз бетінде түсіруге болатынын түсінеді және оны өзіндік пікіріне қоса, әсерлі жеткізуді мақсат етеді. Балалардың ішінде әлдекімге өзінің сезімдерін суреттер арқылы жеткізу жеңіл болады.

Балалардың бойында көркемдік қабілеттерін дамытуға қамқорлық жасай отырып педагог балалардың сурет салуға, мүсін жасауға және тағы басқаларға назарын, ықыласын аударудың алғашқы қозғау салушы факторлары болып табылатын сәттерді білуге тиіс затты немесе құбылысты-ашық түсті картинкаларды, кітапшаларды, ойыншықтарды, мерекелік көріністерді қабылданған кездегі баланың терең эмоциялық тебіреністері көбіне осындай факторлардың бір қызметін атқарады. Мүсіндеу сабақтарында белгілі бір тақырыптық композицияларды, ұжымдық әдісті пайдаланып орындауға болады. Мысалы, “Наурыз тойы” тақырыбына топтық композиция құрастыру тапсырылады. Ол композицияда Қазақстанды мекендеген ұлт өкілдерін сомдап, ортақ тақырып жүйесін жасайды. Мұнда оқушылар бір-бірімен саналы түрде ақылдасып, ынтымақтастықта жұмыс істеп, тақырыптың, композицияның идеясын ашады. Ол оқушыларды ұжымдыққа, ынтымақтастыққа тәрбиелейді. Оқушылар суретшілердің өз туындыларын жасауда тақырып мазмұнының тереңдігіне, эмоционалды әсеріне, көркемдік шешіміне жету жолдарын танып түсінеді. Оқушыларды үнемі өнер шығармаларымен таныстыру эстетикалық тәрбие беру құралының бірі болып табылады. Суретші көзқарасымен бейнеленген өмір шындығымен танысу оқушылардың өздерін қоршаған ортаға жаңаша көзқарасын қалыптастырып, оның сұлулығын тани білуге тәрбиелейді.

Әрбір адам өнердің игілікті күшін бала кезден бастап сезінеді. Ол біздің рухани жағынан жетілуімізге ықпал етеді, жеке бастау және қоғамдық өмірде кездесетін мәселелердің шешімін табуға, тіпті кей жағдайда өмірден өз орнында табуға көмектеседі. Мектеп оқушыларының талғампаз болуы сурет салу, қолөнеріндегі сұлулықтарды түсінуі олардың рухани азығын молықтырады, адам баласы жасаған мәдени мұралармен таныстырып, соны терең түсінуге тәрбиелейді. Осылайша оқушылар бейнелеу өнерінің қызықты білім мазмұнын бірнеше жылдар бойы жинақтайды, нәтижесінде олардың өмірінде рухани, мәдени атмосфера орнайды.

Мектеп оқушыларына бейнелеу өнері пәнін оқыту арқылы ұлттық мәдениетті дамыту негіздері мынадай міндеттерден көрініс табады:

- бейнелеу өнерінің мәнерлеу тілін үйрену;
- сурет салу өнерінің заңдылықтарын меңгеру арқылы қоршаған ортаға қарым-қатынасты қалыптастыру;
- қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда бағалауға қажетті білім мен дағдыны қалыптастыру;
- бейнелеу өнері сабақтарында оқушының шығармашылық іс-әрекеттерін жетілдіру;
- оқушылардың ұлттық өнерге деген мақтанш сезімін арттыру.

Мұндай міндеттерді шешудің мүмкіндігі бағдарламалардағы берілген тапсырмалардың мазмұнындағы ұлттық мәдени мұраны тиімді пайдаланғанда ғана артады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. 2018ж. // akmoedu.kz.
2. Қазақстан – 2030. "Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы". Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. // <http://adilet.zan.kz>.
3. Курбаналиев Б.У. Бейнелеу өнері сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастыру. Автореферат. Шымкент .2010. – 25 бет.
4. Боталиева, А. Сызба. Нәрсеге қарап сурет салу. // Мектептегі өнер. – 2012. – № 4. – Б. 4.
5. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.// <http://www.akorda.kz>.

3 СЕКЦИЯ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ: ЖЕТІСТІКТЕРІ, БАСЫМДЫҚТАРЫ МЕН БАСТАМАЛАР

СЕКЦИЯ 3: ВНУТРЕННЯЯ И ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ДОСТИЖЕНИЯ, ПРИОРИТЕТЫ И ИНИЦИАТИВЫ

ӘОЖ: 94(574)

Б.К. Какимов

Жалпы білім беретін орта мектеп, Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы,
b1986kakimov@mail.ru

КЕМЕҢГЕР ЕЛБАСЫ

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Отыз жылдан астам уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік – біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады [1].

Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. келді. 1991 жылдың 17 желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болып өтті. Жиналған сан мыңдаған адамның алдына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын... Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де мольнан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» [2].

Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары мойындады, екінші болып айдаһардай айбарлы Қытай, сонан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Иран – Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекеті. Ал «Тәуелсіздігімізді ең алғаш болып бауырлас Түркия мемлекеті мойындады» деген сөздің ақиқат еместігін білгеніміз жөн. Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілін ашты, бірақ тәуелсіздігімізді мойындауда он жетінші болды. Бұл деректі еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған, елдің сыртқы саясат тұжырымдамасы авторларының бірі болған Вячеслав Гизатов келтірген. Алғашқы күндері әлемнің салмақты елдері мойындап, кейіннен басқа да елдер мойындап жатты. Осылайша әлемдік саясат аренасында ҚАЗАҚСТАН деген мемлекет тәй-тәй басты. Небары бірнеше аптаның ішінде әлемнің көптеген беделді елдері Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қатынастар басталды [3].

АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Германия, Франция, т.б. ірі-ірі мемлекеттер Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылдың соңына дейін мойындады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-на кірді. Сонымен қоса Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкісіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көпжақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң қабылданғаннан кейін ғана халқымыз өз мемлекеттігін, шынайы тарихы мен мәдениетін қайта түлетуге жігерлене құлшыныспен кірісті, елдің ішкі және сыртқы саясатын, өзіміз бұрын өмір сүрген қоғамнан түбірінен өзгеше жаңа, демократиялық қоғам құру принциптерін дербес айқындады. Әрине, ең алдымен бұрынғы жүйенің құлауының зардаптарын, әлеуметтік-экономикалық күйреу мен дағдарысты бастан кешірдік. Соған қарамастан Қазақ мемлекеті өркендеуде өз жолын таба біліп, өркениетке өз үлесін қоса бастады.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты, сол уақыттарда тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш үкіметінің мүшесі, Премьер-Министрдің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, халқымыздың сеніміне кірген қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов өзінің 2005 жарық көрген «Серпінді кезең» атты еңбегінде еліміздің даму қарқынына былайша баға береді: «Қуатты саяси, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық қайта құрулар көп ғасырлық тарихымыздың қойнауында өткен заманның ешбір кезеңінде болмаған мүлде жаңа үрдіс, тың құбылыс жағдайында дамып келеді. Біз саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны нығайта түсуге және өзіміздің қазақстандық ұлтаралық келісім үлгісін жасауға қол жеткіздік. Тоталитарлық жүйенің құлдырауымен бірге КСРО-ның ұлттық саясатының тым идеологияландырылып жіберілген, түбірімен қате ұлттық стратегиясын 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі аяусыз әшкерлеп берген болатын. Сондықтан аяғынан енді ғана тұрған Қазақстан мемлекеті үшін мүлдем жаңа ішкі саясат жүргізуі тиіс еді. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын қалыптастырды. Біздің Республика этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді. Ұлтаралық түсіністіктің қазақстандық моделі қалыптасып, нәтижелі жұмыс жасап келеді. Әрі оған басқа мемлекеттер де қызығушылықтарын білдіріп отыр. Бұл бір экономикалық формациядан басқа, үлкен экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік проблемаларға өтудің кезіндегі кедергілерге қарамастан адамдар арасындағы бір-біріне деген сенімнің болғандығының жарқын көрінісі болып табылады» [4].

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Республиканың саяси басшылығы өз азаматтарының құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге айрықша назар аударды. Кеше ғана 30 тамызда қабылданғанына 26 жыл болған еліміздің Конституциясында адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, нәсіліне, діни көзқарасына байланысты ешқандай кемсітуге болмайтындағы анық айтылған.

Елімізде Президент қызметінің енгізілуі қоғамдық – саяси өмірде терең саяси реформалар жүргізуге мүмкіндік берді. Қазақстанда бір партиялық жүйенің орнына көппартиялық жүйе қалыптаса бастады. 1996 жылдың 30 қаңтарынан бастап екі палаталы парламент жұмыс жасап келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарына еркіндік берілді. Тауар тапшылығы жоғалып, өнім сапасы жақсарды. Қазақстан Республикасының азаматтары экономикалық еркіндіктің арқасында меншік иелеріне айналды. 1993 жылы 15 қарашада Ұлттық валюта – теңге айналымға шықты. Осы күнде теңгеміз тұрақты, сенімді қаржы бірлігі болды. Жаңа Тәуелсіз Қазақстан Республикасы халықтың жаңа тиімді тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі экономикалық реформаларды өте сәтті жүзеге асыра алды. Мұндай орасан зор өзгеріс оңайшылықпен келген жоқ еді. Жетпіс жылдан астам қалыптасқан сананы, дүниетанымды өзгерту міндеті де оңайға соқпады. Меншікке қатысты көзқарастың өзгеруіне өмірдің өзі түрткі болғандықтан, жаппай жекешелендіру экономикалық қайта құру жолындағы алғашқы батыл қадам болды. Сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыруға және елді дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне енгізуге бағытталған сыртқы экономикалық қызмет реформасы табысты жүргізілді. Банк жүйесі батыл түрде реформаланды, халықтың банкке деген сенімі арты және жеке тұлғалардың банк жүйесіндегі салымдары тұрақты түрде өсті.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің Қарулы Күштерін құрды. БҰҰ-ның шешімімен тарихқа «Бейбітшілік миссиясы» ретінде енген, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларға қол жеткізді.

Еліміздегі аса өзекті әрі кезек күттірмес басты мәселеміздің бір болып саналатын – тіл саясатын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз парасатты байыптылық танытып жүргізіп келе жатырмыз. Дегенмен, Қазақстан халқы мынаны түсінулері керек: қазақ тілі осы мемлекеттің негізгі қолданыс тілі. Бұл тіл осы мемлекеттен басқа ешбір елде дами алмайды, бұл тілдің басқа

Отаны жоқ. Мемлекеттік саясатта бұл тілге алдағы уақытта да басымдылық беріледі. Қазақстанды өз Отаным деп есептейтін әрбір азамат бұл тілді білуге міндетті. Тіпті қазақстандық патриотизм бізді осыған жетелеуі қажет.

Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек. 2030 жылға дейінгі даму стратегиясындағы ұзақ мерзімді жеті басым бағыттың ішінде ұлттық қауіпсіздіктен кейінгі екінші орында көрсетілген. Барлық қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттік принцип пен ұлтаралық татулық санасын қалыптастыру маңызды. Ол үшін Қазақстанда бірінші қазақ халқының түпкілікті ұлттық мүдделері дұрыс шешілгенде ғана өзге ұлттар мен этностық топтардың дамуына жол салынады. Әр бір азамат Қазақстан – менің Отаным, менің елім деген ұранның маңайына топтасуы керек.

Тәуелсіз даму кезеңінде ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайтудың өз елімізге ғана тән үлгісі қалыптасты. Осыған орай Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекше ролі туралы айтпай кетуге болмайды. Ол шын мәнінде 26 жылдық уақыттан бері өзінің басты міндеті, ұлтаралық қатынастарды үйлестіру үшін барлық этностық топтардың мүддесін сәйкестендіретін қызметті жүзеге асырып келе жатқан құрылым болып табылады. Қазақстан Халқы Ассамблеясының беделі айтарлықтай жоғарылап, конституциялық ұйымға айналды. Парламентке өз өкілін жіберуге мүмкіндік алды. Сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі халықаралық қоғамдастықтың тарапынан жоғары бағаланатынына ешкімді де таң қалдырмасы анық. 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на табысты төрағалық етуіне жәрдемі тиген негізгі деректермен, дәйектердің арасында еліміздің ұлтаралық және дінаралық келісім тәжірбиесі болғаны құпия емес. Халқымыздың толеранттылығы мен даналығына негізделген салмақты мемлекеттік саясаттың нәтижесінде бізге өткен жылдар бедеріндегі қандай да бір қиындықтарға қарамастан, елімізде ұлтаралық келісімді сақтауға мүмкіндік берді және бұл сөз жоқ, біздің маңызды стратегиялық ресурсымыз. Тек бірлік пен тұрақтылық жағдайында ғана келешек дамуымызға қатысты кең ауқымды міндеттер қоя аламыз.

Болашақта еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттердің қатарынан орын алатынына барлық қазақстандықтар күмәнсіз сенеді. Осындай секіріс жасау үшін барлық қоғамдық ресурстарды топтастыру мен жұмылдыруға тура келеді. Бай да бақуатты Қазақстан идеясы ел кеңістігіндегі ішкі ұлттық ынтымақтастықпен тиімді біртұтас рухани, мәдени, экономикалық және саяси жүйенің желісін айқындап, олардың қалыптасуына оң ықпалын тигізеді. Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге арналған стратегиялық дамуы жоспарын таңдап алған елдің бірі болды. 1997 жылдың 11 қазанда «Қазақстан – 2030» атты ұзақ мерзімді дамуы стратегиялық бағдарламасын қабылдады. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен көршілес шет елдермен екі арадағы шекараны дәйектілікпен бекітті. «Қазақстан – Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттаманы бекіту» заңына сәйкес 1999 жылы мемлекет басшылары шекаралық мәселелерді толық реттеп, құжатқа қол қойды.

Бұл келісім-шарттың тарихи маңызы ерекше зор еді. Себебі Қытай 15 мемлекетпен шектеседі. Олардың бізден басқа бір де біреуімен Қытайдың толық шекаралық келісімі әлі жоқ. Ғасырдан ғасырға созылған шекаралық дауға соңғы нүкте қойылды. Енді 1782 шақырымдық шекара сызығындағы белдеу халықаралық деңгейде мойындалған заңмен қорғалады. Ал 2005 жылы 18 қаңтарда әлемдегі ең ұзын шекаралық белдеу болған Қазақстан-Ресей шекарасы анықталып, БҰҰ тарапынан мойындалды. Қазақстан – Ресей шекаралары құрлықтағы ең ұзын шекара болып табылады. Оның ұзындығы – 7591 шақырымды құрайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны межелеу сияқты саяси салмаға ауыр мәселе әлемдік халықаралық құқықтық тәжірибеде өте сирек кездеседі, соған қарамастан қысқа уақыт аралығында шекара сызығының барлық нүктелері келістірілді. Қазақстанның Республикасының мемлекеттік шекарасы белгіленді [5].

Елімізде индустриалдық – инновациялық даму бағдарламасы қарқынды түрде жүзеге асырылып жатыр. Қазақ елінің дәл жүрегінен, Еуразия кіндігінен барша қазақстандықтардың мақтанышы әрі ұлттық жетістігіміз – Астана қаласы бой көтерді. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасын және оның Елордасы-Астананы бүкіл әлемге паш етті. Елордамыз – республиканың бас қаласы – Астана күннен – күнге көркейіп қанат жайып келеді. Оның бүгінгі бейнесінің өзі – ақ көз алдымызға Еуразияның келешектегі жұртқа мәшһүр шаһарын елестетеді [6].

Табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақстан Республикасы БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ секілді беделді халықаралық ұйымдардың салмақты мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда да еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғаларға, тарихи кезеңдерге де бастамашы болды. 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында Қазақстан Республикасының төрағалығымен ЕҚЫҰ-ның 56 мемлекетінің басшылары елордамызда бас қосып, Астана доктринасының бірауыздан қабылдады.

Мұндай тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі талассыз беделінің арқасында келгенін және қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақ елі Елбасы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болдық.

Тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани-мәдени жаңғыруға қол жеткізілді. Қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Республикамыз Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларға да реформалар жүргізілді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010. – 448 б.
3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 608 б.
4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. – Алматы: Атамұра, 2006. – 392 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – № 21 – 18 қаңтар. – 2008.
6. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. – Алматы: Қарасай, 2006. – 216 б.

ӘОЖ: 37.013.88

Б.А. Абдикалыков, Б.И. Кыдырбаев

Центрально-Азиатский инновационный университет,
Институт академика Мардана Сапарбаева, Шымкент, aika040187@mail.ru

ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЫ

В настоящее время в нашей стране происходят существенные изменения в национальной политике образования. Определяются они стремлением к переходу на позиции личностно-ориентированной педагогики. Это становится возможным лишь при условии реализации вариативности образовательных процессов, в связи с чем появляются различные инновационные типы и виды образовательных учреждений, которые требуют глубокого научного и практического осмысления. Нововведения, или инновации, характерны для любой профессиональной деятельности человека и поэтому, естественно, становятся предметом изучения, анализа и внедрения. Инновации сами по себе не возникают, они являются результатом научных поисков, передового педагогического опыта отдельных учителей и целых коллективов. Этот процесс не может быть стихийным, он нуждается в управлении. Поэтому и возникает большой интерес к данной теме, теме внедрения и применения инновационных технологий в процессе образования в современных школах и получения высоких результатов от их использования.

В словаре С.И. Ожегова приводится такое определение: «новый – впервые созданный или сделанный, появившийся или возникший недавно, взамен прежнего, вновь открытый, относящийся к ближайшему прошлому или к настоящему времени, недостаточно знакомый, малоизвестный [1]. Термин «инновация» происходит от латинского «novatio», что означает «обновление» (или «изменение»), и приставки «in», которая переводится с латинского как «в направлении», если переводить дословно «Innovatio» – «в направлении изменений». Само понятие innovation впервые появилось в научных исследованиях XIX в. Новую жизнь понятие «инновация» получило в начале XX в. в научных работах австрийского и американского экономиста Й. Шумпетера в результате анализа «инновационных комбинаций», изменений в развитии экономических систем.

Инновация – это не всякое новшество или нововведение, а только такое, которое серьёзно повышает эффективность действующей системы [2]. А значит, инновация – это, с одной стороны, процесс реализации, а с другой – это деятельность по внедрению нового в определенную социальную деятельность.

В своем исследовании Е.Е. Кучко приводит классификацию инноваций, которые можно разделить по ряду признаков и выделить определенные подразделы в каждой из них [3].

Для соблюдения таких пропорций в достижении целей и необходимо применение инновационных технологий. Вот как трактует понятие «инновационная технология» Е.Е. Кучко: «инновационная технология – совокупность приемов и методов, направленных на изучение, актуализацию и оптимизацию деятельности, в результате которой создаются и материализуются нововведения, вызывающие качественные изменения в различных сферах жизнедеятельности, ориентированные на рациональное использование материальных, экономических и социальных ресурсов».

Об инновациях в образовательной системе заговорили с 80-х годов 20 века. Именно в это время в педагогике встает проблема инноваций и, соответственно, её понятийное обеспечение. Это стало предметом специальных исследований. Термины «инновации в образовании» и «педагогические инновации», употребляемые как синонимы, были научно обоснованы и введены в категориальный аппарат педагогики.

Педагогическая инновация – введение нового в педагогическую деятельность, изменения в целях, содержании, методах и формах обучения и воспитания, целью которых является повышение эффективности совместной деятельности учителя и учащегося [2].

Педагогическая инновация – это нововведение в области педагогики, целенаправленное прогрессивное изменение, вносящее в образовательную среду стабильные элементы (новшества), улучшающие характеристики как отдельных ее компонентов, так и самой образовательной системы в целом.

Педагогические инновации могут осуществляться как за счет собственных ресурсов образовательной системы (интенсивный путь развития), так и за счет привлечения дополнительных мощностей (инвестиций) новых средств, оборудования, технологий, капитальных вложений и т.п. (экстенсивный путь развития).

В настоящее время большое внимание уделяется способности учеников находить необходимую информацию, обрабатывать ее и делать определенные выводы. В то же время приобретаются навыки социального взаимодействия с группой сверстников и умение заводить друзей [3]. В результате изменений целей и задач, ставящихся перед школами, встает необходимость применения инновационных технологий в образовательном процессе.

Инновационные технологии в образовании представляются комплексом из трех элементов:

1. Содержание, которое передается ученикам. Оно направлено на формирование компетенций, адекватных современному миру. Это содержание должно быть хорошо структурировано, наглядно представлено в форме мультимедиа и передаваться посредством современных коммуникаций.

2. Метод обучения, который должен быть направлен на активное привлечение учащихся. Знания должны усваиваться не пассивно, а при непосредственном участии детей.

3. Средства обучения, включающие информационную, технологическую, организационную и коммуникационную составляющие.

К основным целям современных образовательных технологий можно отнести:

– формирование у учащихся фундаментальных знаний, которые позволят им в дальнейшем получать новые знания, работать и переучиваться;

– формирование креативного типа личности, способностей к групповой и аналитической работе, толерантности, формирование проектного мышления.

Итак, становится понятным, что применение инновационных методов в образовательном процессе необходимо. Но в таком случае возникают вопросы: какими должны быть эти технологии и кто их должен воплощать?

Конечно, ответ на второй вопрос напрашивается сам собой. Людями, внедряющими инновации в образование, должны стать учителя. Но как люди, не получившие такого образования, которое требуют современные условия, могут привнести в образовательный процесс что-то новое? Значит, необходимо первоначально проводить переобучение преподавателей. В современной школе, на наш взгляд, весь педагогический состав должен проходить переподготовку или проходить всевозможные курсы, позволяющие знакомиться с новыми веяниями. В настоящее время среди учителей проводится множество конкурсов на местном, региональном и всероссийском уровнях,

стимулирующих их к внедрению инновационных методов в образование. В телекоммуникационных сетях проводятся различные семинары.

Психолого-педагогическое сопровождение внедрения инновационных технологий. Данный принцип подразумевает научно-педагогическое обоснование внедрения в образовательный процесс тех или иных инноваций. Введение их в действие сначала обсуждается на педагогических советах. Помимо этого, можно консультироваться со специалистами в этой области и работниками, уже использующими такие инновации, изучать зарубежный опыт их применения.

В соответствии со стандартами в итоговую оценку ученика должна быть включена накопленная оценка, характеризующая динамику индивидуальных образовательных достижений на протяжении всех лет обучения в школе [5]. Оптимальной системой сбора такой информации является портфолио. Технология портфолио включает в себе много функций: мотивирование, целеполагание, диагностику, содержательную, корректирующую, обучающую.

Итак, общие инновационные технологии включают в себя целый арсенал методов. В большинстве своем они основываются на применении достижений науки и техники. В основе их использования лежат принципы технологизации и информатизации процесса обучения. Неотъемлемой целью является развитие творческих способностей всех участников образовательного процесса и вариативности мышления.

Инновационные педагогические технологии зачастую несут в себе личностный подход. Обосновывается это тем, что к современной системе образования предъявляются новые требования, перед школами стоит задача воспитать индивидуума. Поэтому любая технология ориентирована на развитие личности, ее творческого потенциала. Для применения таких технологий педагог должен быть высококвалифицированным. Важными задачами края и региона являются: подготовка квалифицированных кадров, способных к творческой и инновационной деятельности. Каждый учитель в современной школе должен быть в душе небольшим, но психологом, чтобы уметь общаться с каждым учеником в отдельности, находить индивидуальный подход к каждому. В помощь педагогам с этой целью создается большое количество литературы, которая ориентирует их, помогает справляться со сложными ситуациями.

Введение в действие образовательных стандартов повлекло за собой колоссальные изменения в образовании. Названия предметов были изменены, подверглись корректировке цели и задачи обучения. И как следствие, стало необходимо внедрение инновационных технологий в процесс образования. Ярким примером всех произошедших изменений стал предмет «Окружающий мир» в начальной школе.

Основной целью образования в настоящее время является формирование личности, быстро ориентирующейся и подстраивающейся под изменения окружающего мира. При решении одной из задач нами был представлен педагогический опыт применения инновационных образовательных технологий на примере предмета «Окружающий мир». Существующий опыт учителей в применении инновационных технологий в образовательном процессе показывает, что этого невозможно достичь, применяя лишь традиционные методы обучения в школах. Использование на уроках новых форм преподавания позволяет решить ряд проблем: формировать у учеников активную гражданскую позицию; изменить характер взаимодействия субъектов образовательного процесса (ученик и учитель рассматриваются как сотрудники); повысить мотивационную составляющую учащихся.

Необходимость инновационных технологий бесспорна. Уроки с их применением становятся более интересными и яркими. Учащиеся заинтересованы в достижении определенных результатов обучения, что в итоге позволяет повышать качество образования.

Литература

1. Трайнев В.А., Трайнев И.В. Системы и методы стратегии повышения качества педагогического образования. – М: Дашков и К. – 2006. – С. 295.
2. Полат Е.С. Моисеева М.В., Петров А.Е. и др. Педагогические технологии дистанционного обучения: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / под ред. Е.С. Полат. – М.: Академия, 2006. – 400 с.
3. Захарова И.Г Информационные технологии в образовании. – М., 2006. – 192 с.
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. Е.С. Полат. – М., 2006. – 272 с.
5. Педагогика: педагогические теории, системы, технологии / под ред. С.А. Смирнова. – М., 2006. – 512 с.

Г.Т. Касенова, К.Мыргыясова
«Quantum Stem School» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., gulmira.kassenova@quantum.edu.kz
k.myrgyassova23@quantum.edu.kz

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Интеллектуалды әлеует – адамның білім-ғылым және мәдениет сияқты салаларға құштарлығын және ынтасын негіздейтін қасиет. Оның маңыздылығын ҚР тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев 2013 жылы «Интеллектуалды ұлт – 2020» бағдарламасында атап айтты. Ел басының айтуынша, зияткер ұлт мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, дамыған елдердің қатарына енуіне зор ықпал жасайды. Сонымен қоса, интеллектуалды әлеуетті интеллектуалды капиталға айналдыру өте өзекті мәселе болып табылады, себебі ол мемлекеттің экономикалық дамуын жеделдетеді. «Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен кенен ғылымда» деген ой мағынаны ашатын сияқты. Алайда, интеллектуалды әлеуетті жеке құрамдас бөліктері арқылы бағалау керек. Оларға білім-ғылым жүйесі, мәдениет, ноу-хау ретіндегі интеллектуалды меншік және тағы басқасы кіреді. Мақалада мемлекеттің білім беру жүйесі мен мәдениет салаларына интеллектуалды әлеуеттің негізгі құраушылары ретінде басым назар аударылады.

Білім беру жүйесіне тоқталсақ, «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасы бойынша Н.Назарбаев оны мемлекет дамуының кілтті аспектісі деп санайды. Қазақстан, worldpopulationreview.com сайтына сүйенсек, орта және жоғарғы мектеп бітіру бойынша Оңтүстік Корея және Жапония сияқты елдермен алдыңғы қатарда орналасқан. Сонымен қоса, unicef жүргізген 2014 жылғы сауалнамасы бойынша 14-39 жас аралығындағы адамдардың 63,13%-ы білім беру жүйесінің деңгейіне ризалығын білдірген екен. Осы жетістіктерге Қазақстанның 2010 жылы Болондық процесске қосылып, отандық білімнің еуропалық стандарттарға жақындап, мамандар дайындаудың 3 сатылық жүйесі «бакалавр-магистр-доктор PhD» енгізілуі де кіре алады. QS Ranking парақшасына сүйенсек, 2020 жылы Қазақстанның Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық жоғары оқу орны әлем университеттері ішінде сәйкесінше 207 және 418 орындарды иеленеді. Алайда, PISA – оқушылардың ойлау қабілетін зерттейтін бағдарламасы – нәтижелеріне назар аударсақ, 2018 жылы Қазақстан 77 мемлекет ішінде 62 орында тұрды. Соңғы нәтижелері орта мектеп оқушыларының сыни ойлау, яғни жоғары деңгейде ойлау дағдысының дамымағандығын көрсетеді [1].

Мәдениет саласын қарастырап болсақ, рухани тәрбиелеу – «Интеллектуалды ұлт – 2020» бағдарламасының басты мақсаттарының бірі. Бәсекеге қабілетті, жаһандану үрдісінің қатеріне төтеп бере алатын адамның ұлттық, рухани құндылықтары бойына сіңірген болуы керек. Бұл арқылы сондай азаматтар ұлт мүддесі үшін жұмыс істеп, елдің дамуын тездетеді. Мысалға, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында прагматизм және патриотизм сияқты құндылықтар арқылы азамат болашақта қоғамға өз үлесін тигізе алатын тұлға болатынын көрсетеді. Соңғы жылдары мәдениет дамуы аса байқалады. Рухани жаңғыру аясында жұмыс істейтін патриотизмді дамытуға бағытталған «Туған жер» жобасының нәтижесінде 2017 жылы 735 нысанға абаттандыру және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Ал қазақ мәдениетін бүкіл әлемге паш етуге арналған «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы арқылы Dalatunes музыкалық онлайн-ресурсы және Dala sazy радиосы іске қосылды [2].

Қорытындылай келе, білім және мәдениет салаларын дамыту үшін жобалар және бағдарламалар іске асуда. Мәдениет саласында елімізді бүкіл әлемге танытатын жетістіктер мен тұлғалар бар екені сөзсіз. Алайда білім-ғылым саласын әлі дамыту керек, себебі PISA-ның соңғы нәтижелері еліміздің білім саласында өзгертулерді енгізу керектігін білдіреді. Оқушылардың сыни ойлау қабілеттеріне басты назар аударылуы қажет.

Білім беру саласын өзгерту үшін Сингапур сияқты дамыған елдерден үлгі алып, олармен тәжірибе алмасу керек. Сонымен қоса, PISA рейтингінде әр 3 жыл сайын ең жоғары көрсеткіштерді көрсететін Финляндия мемлекетінің білім беру жүйесін үлгі ретінде алуға болады. Татьяна Долганенко, «HAPPY LAND» халықаралық даму орталығының басқарушысының пайымдауынша, финляндиялық білім беру жүйесі тек теориялық білімге негізделмей, оны тәжірибеде қолдануға да бағытталған. Оқушылар үйге берілген тақырыпқа ақпарат іздейді, оның шынайылығын зерттеп, сыныпта оны талдайды. Сонымен қоса, 8-9 сынып оқушыларында еңбек практикасы оқу бағдарламасына енгізілген. Ол арқылы балалар өзіне ұнайтын саланы таңдап, онда жұмыс орнын іздеп, тәжірибе алады. Жоғарғы сыныптарда оқушылар тек өзіне керекті пәндерді оқиды. Назарбаев

Зияткерлік мектептерде де 11-12 сыныптарда оқушылар болашақ мамандығына сәйкес пәндерді оқиды, бірақ жалпы орта мектептерде ол практикаға енгізілмеген. Сонымен бірге, әр бір оқушының психо-эмоционалдық жағдайы ескеріліп, ұстаз білім алуға қолайлы атмосфераны қалыптастыруы керек. Білім беру жүйесі инновациялық оқыту әдістерін қамтуы керек, мысалы *phenomen based learning*, *active learning* және тағы басқа. Алайда қазіргі таңда осы әдістер біздің елімізде аса қолданылмайды. Мәдениет саласына тоқталсақ, Қазақстан шетелдік өнер академияларымен байланыс орната алады. Қазақстанның талантты жастары көп және осы жастарға шетелде актерлік шеберлік, фильм мен фото түсіру сияқты өнер салаларын оқып, тәжірибе жинастыруға мүмкіндік беру керек. Мәселен, Ресейдің театр мен балет мектептері және өнер университеттері бүкіл әлемге танымал, сол себепті Қазақстан үкіметі осы жоғары оқу орындарында білім алуға гранттар берсе, кейін сонда оқыған білікті жастар Қазақстан мәдениет саласын дамытатынына күмән жоқ.

Еліміздің интеллектуалды әлеуетін арттыру үшін білім-мәдениет салаларын күшейту керек. Оларды жетілдірудің бір жолы ретінде халықаралық тәжірибені жинастыруды қарастыруға болады, бірақ ұлттық ерекшелікті есеру маңызды. Мемлекетіміз білім және мәдениет салалары бойынша озық мемлекеттерді, мысалға Финляндия және Ресейді, үлгіге алып, олардың реформаларын еліміздің дүниетанымына, мәдениетіне сай болатындай енгізе алады.

Өз ұлттың потенциалын аша білген, оны капиталға айналдыра алған мемлекет даму бойынша алдыңғы қатарда тұрады. 2019 жылдың *Global Competitiveness Report* нәтижелеріне сүйенсек, бәсекеге қабілеттілігі бойынша дүние жүзіндегі 141 мемлекеттердің ішінде Қазақстан 55 орынды иеленді. Ал Еуразия аймағында ол Ресейден кейін және Әзірбайжан елінің (58 орын) алдында тұрған болатын [3,2]. Осыған қарап, біздің көрсеткішіміз орташа екенін көруге болады. Алайда мемлекетіміздің осы рейтинг бойынша бірнеше орынға көтерілуі мүмкіндігі бар деп ойлаймын, тек алдымызда бірнеше кедергілер бар.

Бірінші кедергі – әлеуметтік теңсіздік. Ол тек отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайлары ғана емес, мектеп пен оқу орындарының қаржыландыру мәселесі де болып табылады. Кейбір отбасылардың басқаларға қарағанда мүмкіндіктері аз болатыны мәлім. Дегенмен отбасының жағдайына немесе мектептің деңгейіне қарамай, мемлекеттегі әрбір баланың сапалы білім алуға құқығы бар. Осы құқық бірдей техникалық жағынан жабдықталған, жаңа кітап саны оқушы санына сәйкес, мұғалімдері жеткілікті мектептер арқылы жүзеге асады. Мысалы, XX ғасырдың 70 жылдарында Финляндия бүкіл мектептерге бірдей қаржыландыруды енгізді, яғни балалар өзінің жанұясының әлеуметтік жағдайына, өмір сүру жеріне қарамай, бірдей білім алады [4].

Екінші кедергі – жемқорлық. *Trading economics* сайтында Қазақстан жемқорлық көрсеткіші бойынша 180 елдің ішінде 113 орында, яғни бұл мәселе біздің елімізде өте өзекті. Сыбайлас жемқорлық еліміздің бүкіл өмір салаларында кездеседі және ол тек дамытуды тежемей, ұлттық қауіпсіздікке де қауіпін тигізеді. Мысалға алсақ, шын бағаның орнына ақшалай жалған баға мен диплом алған маман, болашақта жан-жақты адамдарға, өз еліне нұқсан келтіреді. Оқуды бітіруге, дипломды алу үшін заңсыз әрекетке жүгінген медицина немесе педагогика мамандарын алсақ, болашақта біреулер адамдарға көмек көрсетудің орнына, керісінше денсаулығын одан әрі әлсіретеді, болашақ «ұстаздар» еліміздің болашағы саналатын балаларға ақыл-білім, мәдени құндылықтарды бере алмайды. Денсаулығы жоқ, білім беру жүйесі нашар ұлттың болашағы жоқ. Сондықтан да осы мәселені жедел түде шешу керек. Әрине, Қазақстан 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы туралы» заң қабылдады, бірақ оны тек жазалау шараларын қатайту, мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын жасырын түрде қадағалайтын комиссияны құру сияқты шаралармен біртіндеп шешуге болады.

Үшінші кедергі – еліміздің білім беру саласына аз қаржы бөлуі. *World Bank* мәліметтеріне жүгінсек, Қазақстан 2018 жылы ЖІӨ-нің 2,6%-ын білім беру саласына бөлді. Ол Финляндия (2017 жылы ЖІӨ-нің 6,4%) және Швеция (2017 жылы ЖІӨ-нің 7,6%) сияқты дамыған елдердің көрсеткіштерінен 2-3 есе аз [5,1]. Білім беру саласына қаржыны көп бөлетін мемлекеттер шын мәнінде дамыған елдер екені белгілі. Сондықтан, еліміздің толықтай потенциалын ашуда әлеуметтік теңсіздік, жемқорлық және білім саласына аз қаржы бөлінуі кедергі болып отыр. Осы мәселелер аз уақытта шешілмес. Алайда оларды бірте-бірте шешіп, басқа да адами капиталдың құрамдас бөліктері болып табылатын денсаулық сақтау, ғылым, қауіпсіздік, мәдениет пен өнер сияқты салаларға да мән беріліп, сай қаржы бөлінсе, еліміз жақын болашақта дамыған елдердің қатарына енетініне үміт бар. Білім беру жүйесінің артылықшылықтарына тоқталайық. Біріншіден, елімізде 1993 жылы қабылданған «Болашақ» бағдарламасы әлі күнге дейін жұмыс істеуде. Осы бағдарлама 26 жыл ішінде 13870 жастарға әлемнің үздік жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндік берді. Еліміз Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Еуропа және басқа дамыған елдермен берік қарым-қатынас орнатып, білім

саласындағы тәжірибемен алмасады. Осы бағдарлама стипендианттары білікті мамандар ретінде елге оралып, елімізді болашаққа кенелтеді. Сонымен қоса, отандық университеттерде академиялық мобильділік кең таралған. Ол студенттердің көзқарастарын кеңейтіп, шет елдерден тәжірибе алып, сыни ойлауға және халықаралық коммуникация дағдыларын, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Еліміз 2010 жылы Болон процессіне қосылып, Еуропа білім кеңістігінің толық құқықты мүшесі болып табылады. Болон процессі және академиялық мобильділік центрінің мәліметі бойынша, 2018 жылы академиялық мобильділік бойынша 1732 қазақстандық студенттер көбінесе ТМД және Еуропа елдерінде оқыды. Білім беру жүйесінің тағы бір жетістігі ретінде QS Ranking-ге 2019 жылы отандық 10 жоғары оқу орын кірді. 2016 жылдан бастап қазақстандық мектептер НЗМ тәжірибесі бойынша жаңартылған оқу бағдарламасына көше бастады. Осы реформа арқылы жалпы орта мектептерде оқушылар тек тақырыптарды меңгермей, оларды өмірде қалай қолдануға болатынын, мәселені екі жақтан қарап, оған шешім іздеуге үйренеді. Осыған қарап үкімет жастардың халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және потенциалды ашуға бағытталған шараларды жүргізіп жатқанын көруге болады.

Ал осы мәселеге екінші жақтан қарасақ, сапалы білім алуға және әрбір оқушының потенциалын арттыруға кедергі келтіретін бірнеше факторлар бар. Мемлекет президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйекте болған жолдауында біркелкі емес қаржыландыру мәселесін және жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық пен диплом сату сияқты проблемаларды қозғады. Шынымен де, ауылдық мектептер мардымсыз қаржыландырудан зардап шегеді, себебі олардың материалдық-техникалық базасы мен мұғалімдер құрамы және саны қала мектептеріне қарағанда бірнеше есе төмен. Ал осы мәселе ұзақ мерзімді перспективада мемлекеттің білім беру жүйесінің сапасыз болуына әкеліп соқтырады. Жоғары оқу орындарындағы жемқорлық мәселесіне назар аударсақ, strategy2050.kz сайтында «Таза сессия» акциясы нәтижесінде сауалнамаға қатысқан студенттердің 12,5%-ы оладың жоғары оқу орындарында жемқорлық мәселесі бар екені туралы шындығын айтты. Танымал оңтүстік-африкандық Стелленбош университетінде мынадай сөздер ілулі тұр: «Кез-келген ұлтты жою үшін атом бомбалары немесе алыс қашықтықтағы зымырандар қажет емес». Тек білім сапасын төмендетіп, емтихандарда алдауға рұқсат ету қажет. Науқастар осындай дәрігерлердің қолынан көз жұмады. Ғимараттар осындай инженерлердің кесірінен құлайды. Ақша мұндай экономистер мен бухгалтерлерден жоғалады[6,1].

Осындай оқиғаларды болдырмау үшін үкімет білім саласын басым бағыт ретінде дамытып қаржыландыруы керек. Жоғары айтылған мәселелерді тек тиімді реформалар мен жемқорлықты жоятын заңдарды қатал ету мен жемқорлықпен күресетін арнайы комиссия құру арқылы шешуге болады. Орналасу жеріне қарамай бүкіл мектептерді біркелкі қаржыландыру керек. Сонымен қоса, ұстаздардың қоғамда беделін көтеру қажет. Оған педагогикалық мамандыққа түсу үшін ҰБТ нәтижесін көтеру және Жапонияда секілді арнайы «teacher entrance exam» құрастыруы арқылы жетуге болады. Осы арқылы шынымен мұғалім болуға ынтасы бар жастар жоғары оқу орнына түсіп, балаларға сапалы білім береді. Тағы бір шара ретінде Финляндиядағы болған реформаларды алуға болады. Мәселен, 90-жылдары олар бюрократия мен стандартизацияның көп бөлігін алып тастап, мұғалімдерге оқыту әдістерін еркін таңдауға рұқсат етті. Қазір финдік мұғалімдер дайын ақпаратты бермей, керісінше оқушыларға білім алу технологияларын және әдістерін үйретіп жатыр, яғни ойлаудың шығармашылық және сыни қабілеттерін дамытып жатыр. Осы реформалар арқылы еліміз болашақта даму рейтингі бойынша алдыңғы қатардағы елдердің бірі болады. Біздің жастарымыздың потенциалы үлкен. Оны тек ашу үшін тиімді әдістерге жүгіну керек.

Қорытындылай келе, XIX ғасырда қоғам адамның күшіне тәуелді болса, XX ғасырда ақшаға тәуелді заман болды. Ал XXI ғасыр білім мен интеллект заманы болмақ. Сондықтан көштің басында болып, елімізді дамытуды интеллектуалды әлеуетті жетілдіруден бастаған жөн. Дегенмен, мемлекетіміздің экономикасын, әлеуметтік әлеуетін және саясатын интеллектуалды адам капиталы айқындайды.

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев 2013 жылы «Интеллектуалды ұлт – 2020» бағдарламасы, <https://egemen.kz/>
2. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017 жылы.
3. Ш.Т. Таубаева, К.Ж. Кожаметова, А.К. Мынбаева, 2013 жыл. Концептуальные подходы к определению сущности понятий интеллектуального потенциала и капитала личности.
4. Жаслан Нурбаев Сельские школы – дискриминирует ли государство учеников?, 2019 жыл.
5. Образование: обеспечить качество на всех уровнях. <https://www.kazpravda.kz/>
6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2019 жыл.

Ә.С. Нұрпейісова

«Қызылорда медициналық жоғары колледжі», nurpejsovae@list.ru

ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РОЛІ

Қазіргі Қазақстанның жетістіктері еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атымен тығыз байланысты. Бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша посткеңестік мемлекеттер арасында көшбасшы болып табылатын дамушы ел бүгінде танымал беделге ие, әлемдік саясатта толық құқықты белсенді субъект болып саналады. Мұның барлығы ел азаматтары үшін мақтаныш және қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастырудың мағыналы негізі болуы мүмкін. Ел басына ауыр екіталай жылдары, мемлекеттілікті сақтау туралы сұрақ аса шиеленіскен кезде келіп, Н.Ә. Назарбаев саяси білімпаздық пен стратегиялық көрегендік таныта отырып, ел болашағы үшін жауапкершілік алып қана қоймай, сондай-ақ, мемлекеттік құрылыстың қазақстандық моделін әзірлеуде және Жаңа Қазақстандық Патриотизм – Мәңгілік Елдің идеялық негізін негіздеуде шешуші роль атқарды. Ұлы тұлғалардың өмірлік іс-әрекеті тарихын зерделеу қазақстандық патриотизмді қалыптастыру негізі бола алады деген идея модельдің уәждемелік негіздемесі болып табылады. Қазіргі Қазақстан үшін ондай тұлға – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Тұңғыш Президент, тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы, батылдық, ақылдылық және өз Отанына шексіз беріліп қызмет ету оған шынында Ұлт Көшбасшысы, шынайы патриотизм өнегесі, жастардың қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеудің ықпалды үлгісі болуға мүмкіндік берді.

1990 жылдың 25 қазанындағы Республиканың жоғарғы кеңесімен «Қазақ КСР-дың мемлекеттік егемендігі туралы декларацияны» қабылдауы, Қазақстанның өздігімен ішкі және сыртқы саясатын жүргізуге және даму белгілерін анықтауға мүмкіндік ашқан бірінші актісі болып табылды. Декларация мазмұнында, «Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің, Қазақстан халқының еркіндігін білдіре отырып, Республиканың барлық азаматтары үшін өмірдің абзал және тең шарттарын қалыптастырып, Республикада тұратын халықтың абзал нығайтуының мақсатын және халықаралық достықты күшейтуді есепке ала отырып, қазақ халқының тағдыры үшін көтеретін жауапкершілікті түсініп, адам құқының және ұлттың өзін-өзі еркін анықтау құқының жалпыға бірдей декларациясын мойындай отырып, адамгершілікке негізделген, демократиялы құқықтық мемлекетті құру туралы шешім қабылдау мақсатымен мемлекеттік егемендікті жариялауы» туралы мәлімделді [1].

Декларация мазмұны ынтымақтастық, бірлі және егемендік алу мақсатымен толыққан-ды. Декларацияның 1 және 2 бабында, «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы өз еркімен өзге мемлекеттермен егеменді республикалар Кеңесіне біріге отырып, олармен шартты негізде қарым-қатынас құруы» жайлы айтылады. Соымен қатар, Қазақ КСР кеңестен еркін шығу құқығын сақтап отырады. Қазақ КСР ұлттық мемлекетті нығайтуға және қорғауға арналған шарттарды жүзеге асыра алады. Алғашқы дәстүрдің, тілдің, мәдениеттің қайта жаңғыруы мен дамуы және Қазақстанда тұратын қазақ пен басқа да ұлттардың ұлттық ар-ожданын күшейту Қазақ КСР мемлекеттілігінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылды [1].

Республика тәуелсіздігінің негізгі қағидалары Декларацияның 6 және 8 бабында тұжырымдалған: «Қазақ КСР-дың мемлекеттік билігі – Кеңестік келісім-шартпен бекітілген республиканың ішкі және сыртқы қарым-қатынастар шегінде үстемдік пен дербестікке ие. Қазақ КСР мемлекеттік ұйым мен басқару ұйымдарының құзыры мен құрылымын, сонымен қатар, республика рәміздерін анықтай отырып, республикадағы экономикалық, саяси, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылысқа және әкімшілік-жергілікті құрылғыларға қатысты барлық сұрақтарды өз бетінше шешеді. Қазақ КСР территориясында барлық мемлекеттік ұйымдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен, мемлекет азаматтары мен азаматтығы жоқ халықтың қатаң сақталуы және қолданылуына міндеттелген Конституция мен Қазақ КСР заңдары үстемдік етеді. Қазақ КСР өз территориясындағы егеменді Республиканың құқықтары мен Конституциясын бұзатын заңның және Кеңестің басқа да жоғарғы актілерін тоқтату құқысына ие» [1].

Бұл құжаттың маңызды сипаты Қазақстан халқының биліктілік ой-мақсатының енгізілуі болып табылады. Қазақ КСР Конституциясы өкілдік органдар арқылы және Қазақ КСР өздігінен жүзеге асыратын, дәл Қазақстан халқы, оның азаматтары (олардың ұлттық ерекшелігіне тәуелсіз) – Қазақ КСР мемлекеттік билігінің егемендігінің тасығышы және қайнар көзі болып табылады. Декларация ерекшелігі мемлекеттің әлеуметтік негізін анықтауда кластық тіл табысудан бас

тартуында болды. Республика территориясында тұратын азаматтарға, олардың ұлттық және партиялық айырмашылықтарына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, діні мен жынысына, мекен жайына, кәсіп түріне қарамастан, КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясында қарастырылған барлық құқықтар мен еркіндіктер кепілдендірілді. Осы ретте азаматтық және ұлттық теңдікке қол сұғушылық заң бұзушылық болып жарияланды. Құжатта Қазақстанның халықаралық құқықсубъектілігін жүзеге асыру қажеттілігін бекітетін жағдайлар мазмұндалды. Сол арқылы Қазақстан, «Қазақ КСР-дың мемлекеттік егемендігі жайлы Декларацияға» сәйкес, халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде әрекет ету, сыртқы саясатты анықтау және сыртқы экономикалық іскерлік сұрақтарын дербес шешу құқығына ие болды.

Мемлекеттік егемендік жайлы Декларацияны қабылдау мүмкіндігі, 1990 жылдың 24 сәуірінде Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесімен құрылған президенттік институтының Қазақстанда әрекет етуімен маңызды деңгейде байланысты болып, Жоғарғы Кеңестің өзі, жоғарғы құқық бекітуші ұйым ретінде, 1990 жылдың 24 сәуірінде Қазақ КСР-ның алғашқы Президенті ретінде Н.Ә.Назарбаевты сайлады.

1991 жылдың 10 желтоқсанында, республиканың көпұлтты халқының тәуелсіз, құқықтық және демократиялық мемлекет құру жолында, қоғамның саяси, экономикалық алуантүрлілігіне негізделген, құқықтың мызғымастығының және адам бостандығының ұстанымын есепке ала отырып, Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі бекітті:

1. Қазақ Кеңес Социал Республикасын Қазақстан Республикасы деп өзгерту.
2. Қазақ КСР-нің Конституциясына (Негізгі Заң) және Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясына, Қазақ КСР-нің мемлекеттік ұйымдарының заңдары мен өзге де актілеріне сәйкес өзгерістер енгізу [1].

1991 жылдың желтоқсан айында мемлекеттік егемендіктің құрылуы мен күшеюі жолында маңызды рөл атқарған Қазақстан Республикасында екі оқиға өтті:

1. Бүкілхалықтық сайлау негізінде 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің сайлануы. Қазақ КСР-ның «Қазақ КСР Президентінің сайлануы туралы» Заңның 24 бабына сәйкес Н.Ә. Назарбаев тағайындалды.

2. 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңның қабылдануы.

Конституциялық Заңның қабылдануы, олардың өзін егеменді, жаңа Қазақстанның азаматы ретінде сезінуге бағыт болған, қазақстандық халықтың жаңа ерекшелігінің қалыптасуына ықпал етті.

1992 жылдың 2 наурызында Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына еніп, халықаралық құқықтың толыққанды субъектісі болды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңды қабылдаған күннен бастап Қазақстан өмірінде жаңа кезең бастау алды – мемлекеттің даму стратегиясын қалыптастыру мен соған сәйкес заңдардың қалыптасуын талап ететін тәуелсіз дамудың кезеңі.

Қазақстанның мемлекеттік егемендікке ие болуы нарыққа ауысудың республикалық тұжырымдамасын қалыптастырды. Президент қарамағында Жоғарғы экономикалық кеңес ұйымдастырылды және олардың қатарына шет ел мен отандық экономистерден құрылған эксперттік топ, мемлекеттік меншік Комитеті, Антимонопольді комитет және т.б. енді.

1992 жылдың мамыр айында Президент Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде негізгі ерекшеліктерін анықтап, «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде құрылуы мен даму стратегиясын» жариялады:

Осылайша, Қазақстан дамуының концептуалды моделі қоғамның ашық түрінің, демократиялы, бейбітшіл мемлекеттің қалыптасуын қарастырды [2].

1992 жылдың 7 мамырында ҚР Президентінің қаулысымен Қазақстан Республикасының Қарулы күштері құрылды, ал 1992 жылдың 4 маусымында егеменді мемлекеттің Мемлекеттік рәміздері бекітілді. 1992 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Халқының Форумы өтті. Елдің ішкі саяси дамуының басты мақсаты ұлтаралық келісім мен саяси тұрақтылықтың сақталуына бағытталған. Тарихи отанның шегінде тұрақтанған этникалық қазақтармен рухани-мәдени, ғылыми-білім беру және кәсіпкерлік салаларына байланысты қалыптастыруды негізгі мақсат тұтатын Бүкіләлемдік қазақтар ассоциациясы құрылды.

Елдің нағыз тәуелсіздік жолында маңызды қадамы 1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу болып табылды. Елдің егеменді дамуы заңнаманың жаңаруын ғана емес, сонымен қатар Конституцияның (Негізгі Заң) қабылдануын талап етті.

1993 жылдың 28 қаңтарында Республиканың Жоғарғы Кеңесі сессияның XII-ші шақыруында Қазақстан Республикасының бірінші Конституциясы қабылданды. Мемлекеттік биліктің жаңа ұйымдарын қалыптастырып, Республиканың мемлекеттік тәуелсіздігін күшейту жолында үлкен маңызға ие болды.

Сонымен қатар, 1993 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы өз тарапынан жаңа және ескі саяси құрылғылардың арасындағы ымыраны сақтау мақсатында билік өкілдіктерінің екі орталығын – Президенттік институт пен Жоғарғы Кеңес құру барысында қарама-қайшылықтар тудырды. Мұндай диспропорция мемлекеттік машинаның тиімсіз қалыптасуын, билік бұтақтарының арасындағы дау-дамайдың пайда болуын және елдің құқықтық ұйымдарының аса баяу жұмыс істеуін тудырды [3]. 1990 жылдардың орта кезінде ел экономикалық дағдарысты бастан кешіріп, құқықтық ұйымдардың қызметі тоқтап қалу салдарынан мемлекет экономикалық реформаларды жүргізуге бағытталған маңызды заңдарды қабылдай алмады және 1995 жылдың наурыз айында Жоғарғы Кеңес ыдырауын тудырды. Осы кезеңде Президенттің көптеген құқықтық актілерді қабылдауы әлеуметтік – экономикалық реформаларды байыпты үдемелеуге мүмкіндік туғызды. Сол тарапта 1993 жылдың Негізгі Заңнамасының кемшіліктерін жоятын жаңа Конституцияның қабылдануы туралы сұрақ туындады.

1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдумда ҚР-ның жаңа Конституциясы қабылданды. Соған сәйкес Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет деп бекітті. Жаңа Конституцияның 2 бабына сәйкес «Қазақстан Республикасы президенттік билік түріндегі унитарлы мемлекет болып анықталды. Республиканың егемендігі оның барлық территориясына бағытталған. Мемлекет өз территориясының біртұтастығын, қорғанысын және бөлінбестігін қамтамасыз етеді. Республиканың әкімшілік – территориялы құрылғысы, мекені және астанасының беделі заңмен анықталады. Қазақстан Республикасы мен Қазақстан атауы тең мағыналы» [4].

XX ғасырдың барлық көрнекті көшбасшылары, әрқайсысы өз уақытында өзінің ұлты мен елі үшін белгілі бір стратегиялық мәселені шешуге лайықталған. Сонымен, мысалы, Рузвельт АҚШ-тың Ұлы депрессиядан шығуын қамтамасыз етті, Ататүрік Түркияның одан әрі дамуының негізгі бағыттарын жасады, Ли Куан Ю Сингапурдың жаңғыртуға ұмтылыс бағдарламасын жүзеге асырды, Дэн Сяопин қытайдың «толқу» кезеңінен кейін қайта өрлеу мәселесін шешті. Нұрсұлтан Назарбаевтың қызметінде және Қазақстанның дамуында сол параллельдерді – елдің және оның халқының барлық болашақ дамуы үшін маңызы бар кешенді стратегиялық мәселелердің: маңызды экономикалық, сондай-ақ саяси, әлеуметтік және мәдени-адамгершілік шешімін көреміз. Н.А. Назарбаевтың еңбегі, елдің дамуының жай басты бағытын ғана әзірлеп қоймауынан тұрады. Ең бастысы – өзі жариялаған сол қарапайым және табиғи құндылықтар жылдар бойы өз бетіндік құндылықтарға және қазақстандық қоғам басымдықтарына, қазақстандық сәйкестік факторларына рәсімделді. Олар қоғамдық идеология іргетасы болды. Н. Назарбаев – бұл тұрақты даму, этника аралық және конфессия аралық келісім, ұлттық бірлік фактісін белгілеуге болады. Қоғам осы құндылықтарды сіңірді, ол бізбен бірге өмір сүреді. Нақ осы базалық құндылықтарға бұлжымастық қазақстандық қоғамды біріктіруші фактор болды. Сондықтан Н.Ә. Назарбаев Қазақстан үшін – ең алдымен оның біріктіруші бастауы ретінде өз ұлтына қажетті көшбасшы.

Әдебиеттер

1. Қазақ КСР егемендігі туралы Декларация. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Хрестоматия \ Б.Аяған. – Алматы : Раритет, 2010. – 560 б.
2. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. – Алматы: Дәуір, 1992. – 55 с.
3. Бурханов К.Н. История и современность основного закона казахской государственности// Сборник материалов научно-практической конференции «Конституционные инициативы Президента страны – фактор дальнейшего развития демократии. – Астана, 2009. – 120 с.
4. Конституция РК (с изменениями и дополнениями от 21 мая 2007 г.). – Алматы: Жеті Жарғы, 2007. – 136 с.
5. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» // Казахстанская правда, 2014, 18 января.

Г.С. Беделова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, gulzhanbedelova@gmail.com

РАССЕЛЕНИЕ КЫРГЫЗОВ НА ТЕРРИТОРИИ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА

Казахстан – полиэтническое государство, в котором проживают представители более 130 этносов. С точки зрения культуры, языка, религии есть схожие группы, но рядом, бок о бок живут и этносы с совершенно другими языками, исповедующие разные религии. Объединяет все эти этносы единственная система – это общее государство, общие законы, общий образ жизни.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында мемлекеттік тілдің басымдылығына тереңнен тоқталды: «...Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді» [2].

Ата Заңның 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі», – деп айқын көрсетілген. Ата заңының баптарында, сонымен қатар, «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы Заңда» айтылған басты мәселе, мемлекеттік тіл – қазақ тілін дамытуға бағытталғаны баршамызға мәлім.

Ата Заңда мемлекеттік мәртебесі бекітілген қазақ тілінің өрісі тарылмай, қолданысының ауқымды болуы бүгінгі өскелең ұрпақтың патриоттық сезімімен тығыз байланысты. Алдыңғы толқын ағалар мемлекеттік тіліміздің арнасының барынша кеңеюіне ат салысты. Ендігі кезек кейінгі толқын инілердің еншісінде болмақ.

Әр қазақ баласының өз ана тілінде бала бақшада ұлт өнегесімен сусындап, мектептерде білім, жоғарғы оқу орындарында ғылымды игергені көңілге қуаныш ұялатты. Бұл егемен елдің жемісі болды.

Мемлекет басшысының мақаладағы сүбелі ойына сүйенер болсақ: «...Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде,

бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты.» деген шешімді пікір білдірді.

Тіл – татулықтың белгісі. Отан атты киелі ұғымды жүрегінде сақтай білген әр азамат мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға ат салысары сөзсіз. Бүгінгі таңда шұрайлы ана тілімізді шұбарлап жатқан қазақ баласының қатарының артқаны қынжылтады. Бұл мәселені дау-дамайдың емес, ұлттың ұйытқысы деп танығанымыз абзал.

Тілге құрмет отбасы ошақ қасынан басталатыны маңызды. Тілді меңгертуде ата-ананың рөлі ерекше. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» дегендей, тілге құрмет танытпаған, ана сыйлап жарытпас.

Бұл орайда тілі былдырлап жаңа шығып келе жатқан бүлдіршіндерді қазақ ертегісіндегі кейіпкерлердің тілімен, әрекетімен тәрбиелеу қажеттілігі орасан. Тілді үйретуде де, үйренуде де бірінші талап – ниет.

Қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі ғана емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Қазақстанды – қастерлі мемлекетім деп таныған әр азаматтың жүрегінен берік орын алатынына сенімдіміз.

Мақаладағы тұщымды пікірдің келесі легі қазақ балалар әдебиетінің маңыздылығына бағытталған.

«...Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары» деп орынды атап өтті.

Кітап – адамның ішкі мәдениетін қалыптастырып, рухын асқақтататын құрал.

Бала тілін дамытып, қиялын самғататын балалар әдебиетін бүгінгі заман тынысына сай жандандыру, тың шығармалар жазу ісін қолға алу кезек күттірмес мәселе деп санаймыз. Шетел әдебиеті туындыларының қазақ тіліне аударылуы жахандық көшке ілесуімізге мүмкіндік беріп, даңғыл жол ашпақ.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін бар бояуымен төгілтіп түсіретін тіл – қуатты тіл, қазақ тілі – сондай тіл» – деп көркем ана тіліміздің кемелділігіне ерекше мән бере тоқталған.

Президентіміздің тапсырмасымен білім ошақтарында іске асырылып жатқан «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасының да тиімділігі зор. Жобаның мақсаты отбасылық кітап оқу дәстүрін жандандыру әрі білімді ұрпақ тәрбиелеу, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру.

Көреген басшы қазақ жастарына мемлекеттік тілді игеруге үндеу тастап, азаматтық борышын саналы түрде орындауға шақырады. Салиқалы да салмақты ойға назар салсақ:

«... Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек» [2].

Ана тілімізді кеңінен қолдану – басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылады деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала береді. Жастарымыз бірнеше тіл білу арқылы өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал».

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Осы орайда үштілділік саясатының онтайлы жүргізілуі, ұлыстар арасындағы бірлікті барынша нығайтары сөзсіз. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше, ана тілімізге деген сүйіспеншілік, мемлекеттік тілге деген құрмет, ұлтымызға деген сенім, отбасымызға деген мейіріміміз артқан жағдайда ел іргесі берік, аспанымыз ашық, тәуелсіздігіміз тұғырлы болмақ.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы Алматы 2012. /Назарбаев Н.Ә. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>(Өтініш берген күні – 26.11.2021 ж).
2. Қасым – Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы, «Егемен Қазақстан» газеті, 05 қаңтар, 2021 жыл. / Қ.Ж. Тоқаев. – egemen.kz: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (өтініш берген күні – 26.11.2021 ж.).

Б.С. Тепышева

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Семей қаласы бойынша
білім бөлімінің «№ 11 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, tepysheva68@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Тәуелсіздік – асыл қазына. Бабалар мен аға толқынның ерік-жігерімен келген Тәуелсіздік бәрінен қымбат! Тарих еншісіндегі ширек ғасырдан сәл асатын уақытта елдігімізді сақтап, мемлекетіміздің абыройын асқақтата білдік. Тәуелсіздік бір күннің немесе бір жылдың жемісі мен жеңісі емес. Ол – ғасырлар бойғы үздіксіз күрестің нәтижесі. Тәуелсіздікке жету жолында «талай тар жол, тайғақ кешуді» басынан өткерген еліміздің тарихына көз жүгірткеніміз абзал болмақ.

КСРО – дағы қайта құру үрдісінің тығырыққа тіреле басталуы, әлеуметтік – экономикалық қиыншылықтар және өзге де тамыры тереңге жайыла бастаған күрмеулі себептер социалистік жүйенің ғұмыры ұзаққа созылмайтынын аңғартты. КСРО –ның ыдырауы мен күйреуінің басты себебі – экономикалық дамудың кенжелеп қалуы еді.

КСРО сынды алып мемлекеттің шатқаяқтап тұрған шағында 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстан өзінің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдап, қысылтаяң шақта еліміздің жарқын болашағы үшін ұтқыр шешімді қабылдай білді. Арада ұзақ уақыт өтпей-ақ түрлі саяси оқиғалар орын ала бастады. Солардың екпіндісі 1991 жылдың 18-21 тамыз аралығында орын алған «Тамыз бүлігі» еді.

Бұл Кеңес Одағындағы ескі мемлекеттік билік пен қоғамдық қатынастарды сақтап қалу мақсатында Мәскеуде ұйымдастырылған төңкеріс болатын. Бұл төңкеріс 20 тамызда қол қойылуға тиіс «Егеменді мемлекеттер одағы туралы шартқа» қарсы бағытталды.

1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республика Президентінің бүкіл халықтық сайлауы өтті. Халықтық демократиялық жолмен өткізілген сайлауда Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті болып тағайындалды. «Қазақстандағы тұңғыш бүкілхалықтық президент сайлауы 1991 жылы 1 желтоқсанда өтті. Бұл – Кеңес Одағының ақтық демі таусылар кездің қарсаңы болатын, оның экономикасы да біржола күйреп жатты» [1].

1991 жылғы 16 желтоқсан республиканың Тәуелсіздік күні ретінде барша әлемге жария етілді. Ғасырлар бойы қазақ елі аңсап келген тәуелсіздік таңы атты.

Жоғарыда мәлімделген саяси маңызы бар оқиғалардың тарих қойнауына енгеніне міне, бүгінгі таңда тұп-тура 30 жыл толды. «Тәуелсіздікті алғаннан сақтап қалу қиын...» дегендей мемлекетіміздің жарқын болашағына бағдар көреген көшбасшының сұңғыла саясатының негізінде жүзеге асқаны сөзсіз. Бұл орайда сөзіміздің дәйегі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласына жүгінгеніміз абзал болмақ.

«Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз...»

Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр».

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз мақаласында мемлекетіміздің жүріп өткен жолдарын саралай келе, әр кезеңдегі атқарылған істерге салмақты баға берді. Егеменді еліміздің 30 жылда жеткен жетістіктері мен еңсерген биіктерін тізбектеп берді. Мемлекетіміздің басшысы осы 30 жылды үш онжылдыққа бөліп, әр кезеңде атқарылған мемлекеттік, қоғамдық маңызы бар істерді жеке-жеке атап өтті. Мақалада: «...Мен азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атап едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нысандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

«Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық.

Жастар әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді» [2].

Мақалада қазіргі қоғамның беталысы нақты сипатталған. Ең бастысы, Мемлекет басшысы айтқандай: «Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез келген істе әділдік қағидатын басшылыққа алсақ, бұған анық қол жеткіземіз.

Мақалада тізбектелген ірі де игілікті қадамдарға тереңдей тоқталып, олардың жас ұрпақ үшін маңызын екшелеп, санасына сіңіру абзал болмақ.

Ұлттық валюта – кез-келген тәуелсіз егемен елдің рәміздерінің бірі. Бұл кез-келген елдің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ететін, экономиканы басқарудың негізгі құралы.

Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің жасалу тарихы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы 1993 жылы 12 қарашада № 1399 «Қазақстан Республикасында ұлттық валютаны енгізу туралы» жарлығымен басталды. 1993 жылғы 15 қарашадағы құжатқа сәйкес елде ұлттық валюта – теңге енгізілді. Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстанның өзінің ұлттық валютасын айналымға енгізу туралы шешімі тәуелсіз Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа деңгейінің негізі болды. Теңгенің айналымы Егемен Қазақстанға ұлттық нарықтық экономиканы құру үшін қажетті алғашқы қадамдарды жасауға мүмкіндік берді.

Ықылым заманда еліміз бен жерімізді батыр бабаларымыз «ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен» қорғап келгені аян.

Ел шетінен жүгірген аң, ұшқан құс өткізбес үшін әлбетте қырағы қорғанысты нығайту қажеттілігі айтпаса да аян еді. Осы мезетте кезек күттірмес жауапты міндет қорғаныс қабілеттің арттыру болды.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992 жылы 7 мамырда "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы", "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы" Жарлыққа қол қойды. Бұл күн тарих бетінде Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері құрылған күн ретінде қалды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – Қазақстан Республикасының Ата Заңы. Ағымдағы Конституция 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданды.

Конституция мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізін қалыптастырушы құжат болып табылады. Ол мемлекеттілік тетік, қоғамдық, саяси институттар ретінде қызметтің негізі боларлық принциптерін орнықтырды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады.

Қазақстан-2030 Стратегиясы – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы 1 қазанда қабылдап, Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған арнауында баяндалған. Стратегияда көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату.

Аласапыран заманда тарыдай шашылып кеткен қандастарымызды туған елге қайтару мәселесі де кезек күттірмеді. «Нұрлы көш» – Қазақстанның мемлекеттік бағдарламасы. «Нұрлы көш» бағдарламасы арадағы үзіліп қалған тінді жалғап, тиылып қала жаздаған көштің тиегін қайта ағытты. Жоғарыда баяндалған маңызды шаралардың барлығы мемлекеттіміздің тәуелсіздігін сақтауға, республика халқының бірлігін нығайтуға, оның әлеуметтік-тұрмыс жағдайын, денсаулығын, тіршілік сапасы мен деңгейін арттыруға бағытталғанын жан-жақты ашып көрсетеді. Осының барлығына біздің қолымыз Ата Заңымызда көзделген тарихи ережелерге сүйене отырып, Президентіміз белгілеп берген басымдықтарды жүзеге асыру, атап айтқанда, қоғамның экономикалық, саяси және рухани жаңғыруын қамтамасыз ету, ғылым мен білімнің инновациялық жүйесін дамыту арқылы жетіп отыр. Қорыта келгенде, мемлекет басшысының өскелең ұрпаққа сенім білдіре кемел келешекке үндеген сөзімен түйіндемекпін.

«Барша отандастарыма, әсіресе, жастарға айтарым: кең байтақ Қазақстанды асқақ армандарың мен батыл жоспарларыңды емін-еркін жүзеге асыра алатын, табысыңа марқайып, әрдайым тілеуіңді тілейтін қасиетті Отаның ретінде бағаландар! Мен жаңа Қазақстан патриотизмінің жасампаздық күдіретіне сенемін.

Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен немесе мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі

жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. Осы айнымас ақиқатты берік ұстануымыз қажет.

«Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген бір ауыз сөз мәңгі ұранымызға айналуы тиіс.

Ұлтымыздың ұлы ұстыны – қастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін!»

Бабалар ерлігімен, қайсар қазақтың рухымен келген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!».

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.
2. Президент Қ.Ж. Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы. 05 Қаңтар, 2021 ж. Қазақстан/Қ.Ж. Тоқаев. – egemen.kz: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (Өтініш берген күн – 23.11.2021 ж).

ӘОЖ: 372,8:81 (574)

А.Ш. Ибраймова, К.К. Мухамедьярова

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Семей қаласы бойынша білім бөлімінің
«№ 11 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ, anara__77@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК – МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ

Сан ғасыр арман болған Тәуелсіздігімізге мерейлі 30 жыл. Еліміз осы ширек ғасырдан сәл асатын қысқа мерзімде Ұлы даланың аспанындай көк Туымызды көкке көтеріп, елдіктің көшін түзеп, жүзжылдықтардың еншісіндегі тарихи үдерістерді абыроймен өткерді деп зор сеніммен айта аламыз. Тәуелсіздіктің әрбір таңын қуана қарсы алып, әр күнін қажырлы еңбекпен, еңселі ерлікпен өрнектеген еліміз жаһан жұртшылығына алуан ұлттар мен ұлыстарды бір шаңырақта ұйытқан жерұйық мекен ретінде танылды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Тәуелсіздік – халқымыздың бостандығы мен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі» деп атап көрсеткендей, тәуелсіздік бізге тарту еткен сыйлық емес, тарих қойнауына енген ғасырлардың атқан таңы мен батқан күні куә болған талай тар жол мен тайғақ кешулер, еркіндік үшін күрес жолындағы қажыры мен қайратының көрінісі болмақ [1].

Ер жүрек, рухы биік халқымыз ежелден алпауыт елдерге тәуелді болып, жалтақтамау үшін күресті сонау сақ дәуірінен бастады десек артық айтқандық болмас. Талай зұлматты басынан кешкен қайсар қазақ елі тарих бедерінен жұтылып кетпеу үшін, тарих сахнасынан ойып тұрып орын алып, егемендікке жету жолында күш біріктірді. Сөзіміздің дәйегі ретінде, жоңғар шапқыншылығымен болған қасіретті жылдарды атағанымыз жөн болмақ. Халқымыз «қасірет келсе, жалғыз келмейді» дегендей, жоңғар шапқыншылығы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» нәубәтімен жалғасты.

Бостандыққа деген күрес жолы өз дәуірінде Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістен бастау алып, Исатай Тайманұлы, Кенесары Қасымұлы көтерілістерімен ұштасты.

Бұл орайда қазақ елінің тарихында өзіндік бедерімен қалған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің де маңызының ерен болғаны баршамызға мәлім.

Жоғарыда аталған көтерілістер патшалық Ресейдің отарлау саясатына табандылықпен қарсыласқан ұлт-азаттық қозғалыстар еді.

Кеңес билігі тұсында Алаш қозғалысының көсемдері бабалардан қалған сара жолды жалғап, халқын патша өкіметінің отарлық езгісінен құтқару мақсатында ұлттық-демократиялық, саяси «Алаш» партиясын құрды.

Кеңестік дәуірдегі ұжымдастыру мен тәркілеу саясаты «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген ұранға айналдырған шолақбелсенділер де қазақты қынадай қырып, шетелдерге босқын қылса, қанды репрессия жылдары алаштың зиялы қауымы жойылды. Қазақ елі көш бастар қайраткерлерінен айырылып, ұлттық рухы пәс көңіл болып басылып, жалтақтап қалған еді.

Ал XX ғасырдың соңында тәуелсіздікке ұмтылудың нәтижелі талпынысы болып 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы орын алды. Жылдар бойы шиленіскен келеңсіздіктер – қоғамдық, әлеуметтік өрескел кемшіліктер қазақ жастарын бас көтеріп, батыл шешім қабылдауға итермеледі.

Кеңестік билік жастардың бейбіт шеруіне қатігездікпен жауап қайырып, аяушылық танытпай, жауыздық әрекеттерін іске асырды.

Ызғарлы желтоқсан оқиғасы бүкіл Кеңес Одағына жаңа еніп келе жатқан жас демократия үшін күрестің басы болды.

Қазақ халқы сан ғасырлық жанкештілік күрестерді басынан өткеріп, тәуелсіздік таңы атқан 90-шы жылдарға да келіп жетті.

Тәуелсіздікке қол жеткізген 30 жылдың ішінде халық игілігіне бағытталған орасан игі істер атқарылды.

Осы орайда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласын зерделегеніміз орынды болмақ.

«Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып-жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр» [2].

Мемлекет басшысы өз мақаласында атап көрсеткендей, Қазақстан мемлекеті үшін жаңа даму дәуірі қарқынды түрде алға басты.

Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерімізді тізбектейтін болсақ, ұлттық валютамыз теңгенің айналымға түсуі еліміздің экономикасы мен Отандық бизнесіміздің қарыштауына мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылып, көрші мемлекеттермен шекара мәселесін шешуде келіссөздер жүргізілді. Ел іргесі берік түрде бекіді.

Ата заңымыз қабылданып, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Бәсекеге қабілетті елдермен тереземіз тең болып, еліміздің бағдарлы дамуы үшін «Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданды.

«Нұрлы көш» бағдарламасы аясында зұлмат заманда тарыдай шашылып кеткен бабалар ұрпағы елге оралды.

Осындай игі істердің бірегейі Есіл өзенінің жағасында әсем де айбынды астанамыздың бой көтеруі болды. Еліміздің астанасы – тәуелсіз еліміздің бойтұмары, халқымыздың мақтанышына айналды.

Әлемдегі дамыған алпауыт мемлекеттер Қазақстан болашағына сеніммен қарай бастады. Қазақстан атты мемлекет халықаралық қауымдастыққа өзінің бейбітсүйгіш ел екенін, басқа қатынастарға дайын екендігін, өз елінде ұлтаралық келісім мен ішкі ұлттық бірлігін сақтай білетіндігін, демократиялық даму жолының туын берік ұстап, әлем қорындағы парасат пен құндылықтарды жоғары бағалап қана қоймай, оларды дамытуға ат салысып, ашық демократиялық қоғам құрып жатқан ел екендігіне олардың көзін жеткізе алды.

Еліміздің мұратына айналған «Мәңгілік ел» идеясы күрес жолы арқылы емес, келісім жолы арқылы қазақ жерін мекен еткен 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың бір елге – бір тағдырға айналу идеясын көздейді. Халықтар бірлігін сақтап қалу үшін алауыздық болмау керек. Алауыздықты болдыртпау үшін халыққа біртұтас идея, алға жетелейтін бағыт, айқын мақсат-мұрат керек.

Мәңгілік ел болу – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арманы тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу. Бұл армандар ақиқатқа айналды. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті.

Ойымды тұжырымдай келе, бүгінгі күні ірі мемлекеттермен тереземіз тең, іргелі елміз. Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде өтпелі қиын кезеңдерден өтіп, қалыптасқан елге айналдық. Дамудың осы қарқынынан таймай, тәуелсіздігіміздің тұғырын биік ұстаған, мәңгі өшпейтін, «Мәңгілік елге» айналайық!

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б. ISBN 978-601-06-4715-2.
2. Президент Қ.Ж. Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы. 05 Қаңтар, 2021 ж. Қазақстан/ Қ.Ж. Тоқаев. – egemen.kz: <https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat> (өтініш берген күн – 24.11.2021 ж.).

К.А.Тулентаева

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., k-abiken@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ: ӘЛЕМ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СЫНДАРЛЫ САЯСАТ

Біріккен Ұлттар Ұйымы өз бастауын бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталысымен құрылған халықаралық бейбітшілікті мақсат тұтқан Ұлттар Лигасынан алады. 1919-1920 жылдардағы Версаль келісімі бойынша құрылған Ұлттар Лигасына кезінде 58 мемлекет кірген болатын. Алайда бұл ұйым екінші дүниежүзілік соғыс өртінің алдын ала алмады. Сөйтіп, қырғын соғыс 1939 жылдың 1 қыркүйегінен 1945 жылдың 2 қыркүйегіне дейін созылған еді. Келешекте Жер бетін соғыс отына шалдырмау мақсатымен Ұлттар Лигасының орнына тың тұрпатты жаңа ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды.

Сан-Францискода 1945 жылдың 26 маусымында 51 мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын (Декларациясын) қабылдады. Конференция барысында 24 қазанда аталған ұйымға мүше 51 мемлекет, соның ішінде Қауіпсіздік Кеңесінің Ұлыбритания, КСРО, Қытай, АҚШ, Франция сынды бес тұрақты мүшесі, Біріккен Ұлттар Ұйымының Декларациясына қол қойып, оны ресми түрде мойындады [1]. Декларацияның ратификацияланып, күшіне енуімен байланысты 24 қазан бүкіл әлемде Біріккен Ұлттар Ұйымының күні ретінде аталып өтеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының ең басты және негізгі құжаты оның Жарғысы болып табылады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының бас органы болып саналатын Бас Ассамблея халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау ісіндегі ынтымақтастықтың ортақ қағидаларын талқылауға, осы мәселелер бойынша мүдделі мемлекеттерге және Қауіпсіздік Кеңесіне ұсыныстар жасауға өкілетті. Бас Ассамблея Ұйымның бюджетін қарап бекітеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының тағы бір маңызды органы – оның Қауіпсіздік Кеңесі. Жалпы Қауіпсіздік Кеңесі 15 мемлекеттен тұрады; оның бесеуі – тұрақты (жоғарыда атап өткен мемлекеттер) және оны – тұрақты емес мүшелер. Тұрақты мүшесі болып табылатын 5 мемлекет вето қою құқығына ие, яғни бес елдің біреуі қарсы болған жағдайда шешім қабылданбайды. Ал Қауіпсіздік Комитетінің тұрақты емес мүшелерінің вето қою құқығы жоқ. Бұлар БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында екі жыл мерзімге, жыл сайын бір бестікпен сайланып тұрады.

Қазақстан Республикасы БҰҰ-на 1992 жылдың 2 наурызында қабылданды [2]. ҚР сол жылдан бері халықаралық қауымдастықтың тек бір мүшесі болып қана қоймай, Ұйым жүйесінде өзінің лайықты орнын да таба білді.

1992 жылғы қыркүйектің басында Қазақстан БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 47-сессиясының жұмысына қатысты. Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің сөзінде белсенділік танытып, «әлемдік теңсіздік формуласын» тиімді шешудің жолын ұсынды. Бұл формула бойынша дүниежүзінің 20%-ын құрайтын ең бай адамдар (Солтүстік және Батыс елдерінде) әлемдік жалпы кірістің 83%-ын, ал 20%-дан тұратын ең кедейлер (Оңтүстік және Шығыс елдері) тек 14%-ын пайдаланады екен. Осыған байланысты 1+1 формуласы, яғни барлық үкіметтердің соғыс бюджетін жылына 1%-ға қысқарту, сөйтіп, оны БҰҰ-ның бейбітшілік орнату және нығайту жолындағы қорының пайдасына шешуді ұсынды [2].

Жоғарыдағы форумның мінбесінен ҚР Президентінің тарапынан Еуразиядағы бейбітшілік және қауіпсіздік проблемасы екінші мәселе ретінде көтеріліп, Азия Кеңесін шақыру туралы бастама ұсынылды және оның кезең-кезеңді қамтитын болашақтағы қызмет бағдарламасы перспективасы баяндалды [3].

1995 жылғы қазанның 22-29 жұлдызында Нью-Йоркте БҰҰ-ның арнайы мерекелік сессиясы болып өтті. 50-сессияның 1-жұмыс күніндегі отырысында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев жақын он жылдықтардағы БҰҰ-ның міндеттері мен перспективалары туралы бағдарламалық сөз сөйледі [4]. Мұнда жалпы әлемдік ауқымдық және аймақтық қауымдастыққа байланысты нақты ұсыныстар айтылды.

Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының 58-сессиясында ұйымды реформалауға қатысты ұсыныстар енгізді. Елбасы мұнда қазіргі халықаралық қауіпсіздіктің жүйесі түгелдей өзгерген жағдайда Біріккен Ұлттар Ұйымының рөлін арттыру мәселесін көтерді. Әлемдік қауымдастықтың жаһандық жаңа қауіптерге, оның ішінде ұлтаралық және дінаралық жанжалдарға, халықаралық

лаңкестікке, ұйымдасқан қылмысқа, табиғат пен гуманитарлық апаттарға кешенді қарсы тұрудың жолдарын іздестірудің маңыздылығы ерекше атап өтілді.

2003 жылы Қазақстан Алматы қаласында Орталық Азиядағы алдын-алу дипломатиясы мен жанжалдарға қарсы тұру Орталығын құру туралы бастама жасады.

Қазақстан үшін айтулы оқиғаның бірі Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2011 жылдың наурыз айынан 2013 жылдың қазан айына дейін БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ-ның Женева бөлімшесінің директоры қызметін атқаруы болды.

Елбасының Қазақстанның БҰҰ-мен сан қырлы ынтымақтастық мәселесін жіті назарда ұстағандығының дәлелі 1992-2015 жж. аралығында Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ штаб-пәтерінде 7 рет ресми сапар жасауы, Ұйымның Бас Ассамблеясының жұмысына 6 рет қатысуы болып табылмақ.

2015 жылдың 24 қазанында Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 70 жыл толды. БҰҰ-ның 70 жылдығы қарсаңында Ұйымның Бас Ассамблеясы өзінің 70-сессиясын ресми түрде 2015 жылдың 15 қыркүйегінде бастап та кетті. 28 қыркүйекте әлемнің бас мінбесінде жалпысаяси пікірталас ашылып, оның барысында БҰҰ-на мүше 193 мемлекеттің өкілдері сөз сөйлеу құқығына ие болды.

БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның шақыруымен мерейтойлық сессияға қатысқан ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев маңызды да түйінді мәселелерді талқыға салып, бастамалар көтерді және ұсыныстар жасады [5]. Біріншіден, Елбасы ХХІ ғасырда адамзаттың ең басты міндеті әлемді соғыс қатерінен мүлде арылтатын және оның себептерін жоятын стратегияны жүзеге асыру болуға тиістігін алға тартып, Біріккен Ұлттар Ұйымының 100 жылдығына Жаһандық стратегиялық Бастама – 2045 жоспарын әзірлеуді ұсынды.

Екіншіден, БҰҰ-ның Экономикалық және Әлеуметтік кеңестерін Жаһандық даму кеңесіне айналдырып, оған дүние жүзіндегі экономикалық реттеуші міндеттерін жүктеуді ұсынды.

Үшіншіден, Жаһандық орнықты даму мен өсіп-өркендеудің мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін ұлтүстілік валюта әзірлеу бағытындағы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдердің күш-жігерін біріктіру қажет деп санайтындығын мәлімдеді.

Төртіншіден, ядролық қарудан азат аймақ құру мақсатында Жаһандық антиядролық қозғалыс қалыптастыру қажет деп мәлімдеді.

Бесіншіден, халықаралық ақпарат құралдарында «алысты болжаған батыл бастама» деп танылған БҰҰ хатшылығын Азия құрлығына көшіру мүмкіндігін қарастыру туралы ұсынысы, басқаша айтсақ, БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб-пәтерін Азияға ауыстыру туралы бастамасы.

Алтыншыдан, Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен «Жаңа Болашақ» (NEW FUTURE) тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынды.

Жетіншіден, Жер бетінде кедейшілік деңгейінің жоғары, яғни миллиардқа тарта халықтың аштыққа ұшырап, миллиондаған адамның сауатсыздықта күй кешіп, жыл сайын балалар арасындағы өлім көрсеткішінің 40 миллионға жетіп отырғандығын алға тарта отырып, Елбасы бай елдердің кедейлерге көмектесуге тиістігін пайымдады.

Сөйтіп, Көмек Формуласын негіздеді; барлық мемлекеттердің әскери шығыстарының 1 пайызын Мыңжылдық мақсаттарды жүзеге асыру ісіне бөлуді ұсынды. Бұл жерде айта кететін жайт – Елбасы мұндай ғаламдық ұсынысты сонау 1992 жылғы қыркүйектің басында өткен БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-сессиясында-ақ айтқан болатын.

Бүкіл қазақстандықтар үшін БҰҰ-ның мерейтойлық сессиясының айшықты тұсы Н.Ә.Назарбаевтың Ұйымның мінбесінен елдің мемлекеттік тілінде алғаш рет сөз сөйлегендігі болды. Аталған соны құбылыс жөнінде Елбасы: «Менің мемлекеттік тілдегі сөзім, оның Ұйымдағы барлық ресми алты тілге ілеспе аударылуы да жақсы нышан болды», – деген-ді. Мұндай оқиға елдің, тілдің мерейін тасытып, қазақ тілі тәуелсіздік тарихының алғашқы ширек ғасырының өзінде әлем төріне шығып үлгерді деген үміт отын ұялатты.

2010 жылы Қазақстан 2017-2018 жылдар аралығында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес лауазымына өз кандидатурасын ресми түрде ұсынды [6]. Осы ұсынысты ілгерілету бойынша айтарлықтай кең көлемді жұмыстар жүргізілді. Сөйтіп, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің іс-қызметіне атсалысқан уақыты да туды.

2016 жылдың 28 маусымында Қазақстан Республикасын БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне 2017-2018 жж. төрағалық ету сайлау үрдісінде (БҰҰ мүшелерінің-193 мемлекеттің) 55 дауыс алған Тайланд мемлекетін артқа тастап, ҚР үлкен басымдықпен – 138 дауыс жинаған болатын. Бұл – бүкіл әлем жұртшылығының Қазақстанның аймақтық және жаһандық тұрақтылықты қамтамсыз етудегі салмақты да сүбелі үлесін мойындауының айғағы.

Біріншіден, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелік Қазақстанның әлемдік ауқымдағы рөлін арттырып, елдің халықаралық келіссөздерде жаһандық процестердің тұрақты және жауапты қатысушы ретіндегі позициясын нығайтты.

Екіншіден, Н. Назарбаев 2017 жылы «... Осы заманның түйінді проблемаларын шешуге қатысу біздің алдымызда көптеген елдермен және өңірлермен қатынастарымызды дамыту үшін мүмкіндіктер ашады», – деп мәлімдеген болатын. Ендеше бүгін Қазақстанның халықаралық байланыстары Еуропа, Азия және Солтүстік Американың көшбасшы елдерімен шектелмей, мемлекетіміз шартараптың әр бұрышымен диалог жүргізіп, әріптестікке қол жеткізді (мәселен, Эритрея, Фиджи делегаттары Қазақстанға іссапармен келсе, Латын Америкасының бірқатар мемлекеттеріне визасыз режим жасалды және т.б.).

Үшіншіден, Қазақстан Орталық Азия проблемаларын, өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға, терроризм мен экстремизмге қарсы күресуге, экономикалық, экологиялық және гуманитарлық мәселелерге әлемдік қауымдастықтың назарын аударды.

Төртіншіден, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына ену ҚР дипломаттары үшін баға жетпес тәжірибе болды. Бұл дипломатиялық қызметтің ғана емес, бүкіл мемлекеттік аппараттың кәсіптік деңгейін арттыруға ықпал етті.

Сонымен, Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі 2017-2018 жж. төрағалық қызметін табысты аяқтады. ҚР әлемдік қоғамдастық ауқымында өзара сенім мен келісімді нығайту, ықтимал қауіп-қатерлердің алдын алу сынды күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелерді шешуге қатысты көптеген игі істердің ұйытқысы болды. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен тұжырымдасақ: « ... Орталық Азияның бұл мәртебелі қызметтегі бірінші мемлекет ретінде біз өңіріміздегі халықтардың Дүниежүзілік ұйымның осы маңызды «үніне» айналдық ...». Бүкіл адамзатты толғандырып келе жатқан жаһандық түйткілдерді оңтайлы шешу ісіне белсенді араласып келе жатқан Қазақстанның 2017-2018 жж. органның төрағасы ретінде қызметі еліміздің сыртқы саясаттағы бедерлі белестерінің бірегейі болып қалары сөзсіз.

БҰҰ-ның қызметіне қатысты сын пікірлер және жаңа жаһандық жағдайда оны реформаға ұшырату мәселесі жиі айтылып жатқаны белгілі. Бірегей ұйымның алдында бітімгершілік саясатымен қатар, бүкіләлемдік қауымдастықтың шешуіне тура келетін проблемалар да тұрғандығы айғақ. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев «Беласу» кітабында «Біріккен Ұлттар Ұйымы: адамзаттың еркі мен үміті» атты арнайы тарауын арнап, «Бұл, тіпті, проблемалар емес, осы заманғы әлемнің қайшылықтары деуге болады», -дей келе, оларды саралап талдауға ұшыратты [7]. БҰҰ-ы реформалану үстінде және оған ыждақатты дайындықпен келуіміз керектігін алға тарта отырып, Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ең бастысы: барлық халықтар БҰҰ-ның өмір сүру қажеттілігіне еш күмәнданбайды. Ол адамзатқа қажет. Оған қазірде де, таяу келешекте де балама жоқ», -деп тұжырым жасайды.

Әлемдік қауымдастықтың еркін білдіруші ретінде БҰҰ Бейбітшілікті сақтау, халықаралық қауіпсіздікті нығайту және адам құқығын қорғау сынды бүкіладамзаттық мүдделік мақсаттармен астасатыны сөзсіз. Ендеше аталған адами құндылықтарды берік ұстанған Қазақстан да 1992 жылдан осы ұйымның құрамына мүше болып кірген сәтінен-ақ, оның сан-салалы қызметіне жан-жақты атсалысып отырғанын көреміз.

Әдебиеттер

1. Қазақ Совет Энциклопедиясы. Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы. Алматы қаласы, 1973 ж., 2-том, Ә – ВЕНГРЛЕР. Сурет және карталармен қоса. – 640 бет.
2. Президент Н.А.Назарбаев и современный Казахстан. Том III. Н.А.Назарбаев и внешняя политика Казахстана: сборник документов и материалов в трех томах / Отв.ред.Б.К.Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – 340 с.
3. Арыстанбекова А.Х. Объединенные Нации и Казахстан – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 432 с.+ вкл.24 с.
4. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы. 1994-1995 жылдар. – Астана: Деловой Мир Астана, 2013. – 600 б.
5. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы. 2015 жыл. – Астана: Деловой Мир Астана, 2016. – 400 б.
6. Внешнеполитическая деятельность Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в 2010 г. /Под ред.Б.К.Султанова. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2011. – 524 с.
7. Тоқаев Қ. Беласу. Алматы7 – ЖШС РПБК «Дәуір», 2008. – 552 бет.

Д.Е. Оспанова

«Қарабұйрат орта мектеп-бақшасы» КММ, ШҚО, Үржар ауданы, Қарабұйрат ауылы,
aiala_09@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТЕРЕҢ ТАРИХ

Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі күндеріне көз салсақ, тарих ата жадына тоқыған талай тағылымды істерді көрер едік. Қазақ тарихының осындай белесті асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған бұл ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып келеді.

Тәуелсіздік – ұлтымызға туа біткен түсінік емес, жүре біткен әлеуметтік ұғым. Заманалар сарыны, тарих толқыны талайыны Мұстафа Ататүрік айтқандай, «шынжырларды балқытып, тәжбен тақты күйрететін күшті нұр – ұлттық егемендігімізге қолымыз жетті». Халқымызға ғасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Тәуелсіздік қазақ халқының сан ғасырлық асыл арманы. Қазақ тамырын тереңге жіберген, осынау қасиетті даламыздан табан аудармаған халқымыз ғой. Тәуелсіздік – терең тарих. Көне дәуірдегі сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, ата жұртта қара шаңырақты сақтап қалған да халық. Халқымыз сол заманнан бері-ақ, елінің елдігін, жерінің байлығын сақтап қалу жолында талай ержүрек, ақылды, шешен де білгір азаматтарының бастауымен «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген қағидаларды сақтап, «Абылайдың ақ жолы», «Нұрсұлтан ағамыздың нұрлы шапағатына» ұласып отырғанын, дамудың даңғылды соқпағы салынғандығын көріп отырмыз. Н.Ә. Назарбаев: «Біздің туысымыз – тәуелсіздік, тілегіміз – бейбітшілік, тыныштық. Күш қолдану мен жан-жал атаулыны болдырмауға бар ерік-жігерімізді аямаймыз. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлттар өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіруіне мүдделейміз» [1], – деген болатын. Ия, қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» [3]. Ашу емес, бәрін ақыл шешу керек. Елбасымыз Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап әлеуметтік қақтығыстарды тоқтатуға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге белсенді атсалысып келеді [2]. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік саяси тәуелсіздігі туралы конституциялық заң қабылданды. Заңда: "Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде күллі аумақта бүкіл үкімет билігіне ие болады, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес анықтап, оны жүзеге асырады. Дербес мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы халықаралық деңгейге шығады, өзінің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасын халықаралық құқық нормалары негізінде құрады", – деп жазылған. Тәуелсіздік жарияланғаннан соң, бұрынғы Қазақ Республикасының аумағы тәуелсіз жаңа мемлекеттің аумағы деп танылды. Бұл аумақ бөлінбейді және оған ешкім қол сұға алмайды. Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттың азаматтары біртұтас Қазақстан халқы болып табылады. Барлық азаматтар ұлтына, шыққан тегіне, қызметіне, мекеніне қарамастан тең құқықтар мен бостандықтарға ие болды. 1993 жылы 28 ақпанда тәуелсіз Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. 1995 жылы 30 тамызда Конституция уақыт талабына сай қайта қаралып, оның жаңа нұсқасы қабылданды. Конституцияның бірінші бабында: "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары" [5], – деп жазылған. «Тәуелсіздікке қол жетті, басқасының бәрі болады» деп қарауға болмайды. Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық тіл мен ұлттық рух – бұлардың барлығы ұлттың ең негізгі сипаттамалары ғана емес, Тәуелсіздіктің бір-бірінен ажырағысыз компоненттері екенін есте ұстағанымыз абзал. Тәуелсіздігіміздің арқасында ұлттық рәмізіміздің – Елтаңбамыз елдік еңшімізді ерекшелеп, Көк байрағымыз биікке көтерілді, Әнұранымызды әлемдегі қауым тыңдап құрметтеді.

Осы рәміздерді үшеумен шектемей киелі жеті санына шоғырландырып талдайық: Еліміздің алғашқы рәміздерін (Ту, Елтаңба, Әнұран) жасаған топтың (Шәкен Ниязбеков, Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева) жеті адам екені де кедейсоқ емес екен.

Ал енді жетілік белгілерге тоқталайық:

1. **Ту.** Көрген жерден ақ шымқай түс, жылы ырғақ, көк көңіл, кеңпейіл кеңістікке кенелетін, ерке сезімдерді көкжиексіз көкте күнді құшқан қыранмен қатар қалықтап көтерілген сайын көкірек кернеген кереметтей екпін дарынын, жігерінді жебеп тұратын, тұтастық пен бірліктің, ынтымақ пен

адалдықтың ізгі ниетімен ұштасып, біз деген бірегей ұғым көгілдір көзін көнеден тартқан құдіретті белгі.

2. **Елтаңба.** Тағдырдың тар жол, тайғақ кешуіне дес бермей өтер қажыр қайраты, қаһармандығы, бірлік берекесі біте қайнасқан ұлы ұлағатты ұрпаққа ұластырушы, жаны таза, пиғылы пәк, жұлдызы жанған өршіл, халықтың өзіне тән, басқаға ұқсамайтын дара болмысын бойына сіңірген бедер. Төбемізге көтеріліп, төрімізге іліп, төсімізге қадап жүрер ұлттық нышанымыз.

3. **Әнұран.** Халықтың мұңы мен мұратын, қайғысы мен қуанышын, қуаттылығы мен құлшынысын, қаһарман қажыр-қайратын, шайқалтпас текті айбатын, теңіздей тебіреністерімен ойлы толғансытарын, аңсаған арманын, абырой ар-ожданын, бірліктің берекесін, ұлттың ұйтқысын, ұлылықтың жаратылысын, құдыретті сөздермен өлең шумақтарына екшеп, естіген жерден елең еткізер отаншыл, ұлтжанды рухынды асқақтатып, алпыс екі тамырына тәңірлік күштің қуатын буырқандырып, тік тұрып, қарсы алып, қасқайып тұрып тындайтын, шабыттана жан дүниенмен беріле шырқайтын сұлу саз. Әлгі қасиетті сөздермен қосылып айтылатын халықтың жан дауысы, құдіретті әуен.

4. **Төлтұмар.** Төлқұжат – жүрек лүпілі мен ырғағын сезіп тұратын тұстан орын берілетін азаматтығына кепілдік болып, еңкейгенде еңсенді көтерер күш-қуатың көз-кені, елі екенін әр қадам сайын сезіндіріп, естен шығармай тұратын, арқаланар, арқа тұтар алтын дінгегі барлығына марқайып, көңілге шалқыма қуат орнатар, мемлекетке қажетті, еліне тәуелді екенінді сездіретін анықтама айнасы, ұлыс пен адам ара байланысының аса үздік дәнекері, еліне, жеріне, тартып тұрар тартылыс күші.

5. **Елұран.** Жігерінді жанып, қажырынды қайрап, қуатынды қоздата, жүрек отын маздата, найзағай намыс жарқылдап, жадыңнан жалын жандырап құдырет күші, айбарынды асқақтатып әкелер рух. Ата-бабаша шақырып, ұран тастау – тамыры сонау бөрілі байрақты Көктүріктен де әріде жатқан ұлы дәстүр. Атойлап ұран салып, айғай шыққанда арқасы қозбайтын жан болсашы қазақта. Бүкіл қазақ «Алаш» деп ұрандады. «Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын», Ұранға «Алаш» деген атты аламын, – деп саңқылдаған сұңғыла Сұлтанмахмұт, дана ақылгөй хан Абылай, дарабоз Қабанбай атын ел ұранына айналдырған. Ұран ұлттық мерекелер, әскери шерулер кезінде айтылса, оның тәрбиелік-тағылымдық мәні арта түсер еді. Елұран – біздің ұлттық ерекше нышанымыз болып қала береді.

6. **Елтеңге.** Тәуелсіздігі қолына тиген елдің ең бір айрықша белгісі ақша. Ақша асыл қазына, халық байлығы – ел еңбегі. Еліміз тәуелсіздігін жариялаған тұста бұрынғы экономикалық байланыстардың үзілу салдарынан тап болан тығырық, рубльдің құнсыздануы мен Ресейдің Қазақстанды рубль аймағынан қайткенде де итеріп шығару әрекеттері, төлем тәртібінің ретке келмеуі жас мемлекетімізді өте қиын жағдайды бастан кешуге мәжбүр етті. Төл валютамыз – теңгені айналымға ендіру 1993 жылы осындай күрделі шақта жүзеге асырылды. Теңге – дербестік тірегі, экономикалық, дербестіктің кепелі деген – егемендіктің елең алаң шағында, тәуелсіз Қазақстанның қанаты жаңа-жаңа қатайып қаз басқан кезеңінде осы бағытта алғашқы ақшолтай қадам жасауымыз әрбір Қазақстандықтың жүрегіне мақтаныш сезімін ұялатқаны анық.

7. **Ұлтжазу.** Көрген жерден көзіңе оттай басылып, өн бойынан жан сыры ашылатын, бүкіл бітім болмысынан исі аңқып тұратын, кім екенінді айтпай айқындап беретін ұлтжазудың орны бөлек. Араб әліпбиі мен кириллица да саясат құралы. Ана тіліміз – қазақ тілі, оның мәртебес – адам, халық мәртебесі, мерейі түптұқияннан жетпіс жеті атадан келе жатқан қасиетті мұра. Сондықтан да, ол – тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бүгінгі таңда ғұлама ғалымдарымыздың алдында еліміздің ең асыл мәртебесі, көрінісі ұлтжазуымызды жетілдіру мәселесі тұр [6].

Қаз дауысты Қазыбек би:

– «Біз қазақ мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Басымыздан құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік. Н. Назарбаев: «...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін». Парасатты көреген саясатының нәтижесі – Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында болып отыр.

Кешегі Алаштың бағдарламасы мен бүгінгі Тәуелсіз 30 жылдағы ұқсастықтар, сәйкестіктер мен сабақтастықтарға тоқталсақ, ұлт тарихы – ұзын сонарлы, түрлі кезеңдерден, жолдардан өткен, қилы-

килы замандарды бастан кешкен тарих. Ал Алаш тарихы, Алаш қозғалысы, бұл – ұлт тарихының тамаша кезеңі. Олардың бірінші қойған мәселесі – ұлтты сақтау. Ал ұлтты сақтау үшін оның жерін сақтау керек. Жерсіз ұлт та, қоғам да болмайды. Алаш қозғалысы қазақ жерін сақтаудан бастау алады. Өйткені ХХ ғасырдың басында Ресей империясы тарапынан қазақ жерін отарлау үрдісі жүріп жатты. «Переселение» саясаты жүріп, ең құнарлы жерлер соларға кетті. Міне, осыған қарсы бас көтерген қозғалыс болатын. Алаштықтардың көтерген ең басты мәселесі – мемлекеттілікті қалпына келтіру. Демек, жерді сақтау үшін халықтың мемлекеттілігі және оның жүйесі, күші болуы керек. Бұлар болмаған жағдайда, жер «тістегеннің аузында, ұстағанның қолында» кетеді. Мемлекеттілік дегеніміз – жер үшін, оның асты-үстіндегі байлығын болашақ ұрпаққа қалдыру үшін күрес. Сондай-ақ, жерді сақтау үшін қазақтың мәдениеті, қазақтың тілі керек. Біз қазақ болып қана осы жерді сақтай аламыз. Басқа жол жоқ. Басқа жолды Алла біздің тағдырымызға жазбаған. Осыны анық түсінуіміз керек. Байтақ жерімізді ағылшын, қытай немесе орыс тілінде сөйлеп сақтай алмаймыз. Бабаларымыздан қалған негізгі байлығымыз, берекеміз, мұрамыз – атамекеніміз. Атамекенімізді қазақ болып қана сақтай аламыз. Бұл – басы ашық нәрсе. Қазір елімізде ұсақ-түйек емес, іргелі мәселе – елдік үшін күрес жүріп жатыр. Тіл, ауызбірлік, тарихты білу – түптеп келгенде елдік үшін, болашақ үшін күрес. Мындаған жылдар қордаланып қалған, өзінің шешімін таба алмай отырған мәселелер – осылар [7].

